

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

ӘОЖ 130.2(574)

Қолжазба құқығында

ЕРЖАНОВА АЙДАНА ЖЕҢІСҚЫЗЫ

**Қазақстанның мәдени-өркениеттік дамуындағы келісім концептісі
(әлеуметтік-философиялық талдау)**

8D02202 – Философия

Философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Отандық ғылыми кеңесші:
философия ғылымдарының докторы,
профессор С. Нурмуратов

Шетелдік ғылыми кеңесші:
Әлеуметтік ғылымдар саласындағы
жоғарғы зерттеулер мектебі
жетекші ғылыми қызметкері, PhD доктор
Гзавье Аллез (Франция)

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2023

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	3
1 КЕЛІСІМ МӘСЕЛЕСІН ЗЕРТТЕУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ- ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ	15
1.1 Зерттеу тәсілдері: әдіснама және дүниетаным.....	15
1.2 Келісім ұғымы: мағыналық мазмұны және концептуалды контекстер.....	29
1.3 Батыс, Шығыс пен Қазақстандағы мәдени-өркениеттік топтардағы келісім стратегиялары.....	42
2 ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДАМУ ТАРИХЫНДАҒЫ КЕЛІСІМ КОНЦЕПТІСІ	57
2.1 Ұлы даланың мәдени байланыстары және келісім концептісінің тарихи бастамасы.....	57
2.2 Қазақ философиясы ауқымындағы келісім концептісі: мәні және генезісі.....	68
2.3 Қазақстан халқының бірлігін қалыптастырудағы келісім принциптері мен тарихи факторлары.....	82
3 КЕЛІСІМ КОНЦЕПТІСІ: ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТӘЖІРИБЕСІ	97
3.1 Қазақстан Республикасының зайырлы дамуы қоғамдық келісім факторы ретінде.....	97
3.2 Қазақстанның азаматтық қоғамындағы қоғамдық пікір негізіндегі келісім концептісі.....	112
3.3 Заманауи Қазақстан дамуындағы қоғамдық келісімнің мәдени- өркениеттік әлеуеті.....	127
ҚОРЫТЫНДЫ	140
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	145

КІРІСПЕ

Жұмыстың жалпы сипаттамасы. Диссертациялық зерттеу жұмысында келісім құбылысы, оның түрлері мен әлеуметтік мүмкіндіктері қарастырылды. Келісім мәселесіне тарихи-мәдени материалдар, ең алдымен дәстүрлі қазақ философиясы ауқымындағы ойлар тарихы негізінде мазмұнды логикалық тұрғыдан талдау жасалды. Қазақ мәдениетіндегі келісім концептісінің ерекшеліктері ашылып, Жаңа Қазақстанға қатысты келісімнің тарихи тәжірибесінің әлеуметтік-мәдени және этикалық-педагогикалық келешегі туралы қорытынды жасалды.

Зерттеу жұмысының өзектілігі. Адам табиғатын ойлау тарихында әртүрлі жолмен түсіндіреді. Алайда, адам туралы қандай тұжырымдаманы ұстансақ та, адам әлеуметтік болмыс екендігі айқын. Бұл сипаттамасыз, бұл сапасыз адам қалпынан алыстай береді. Сәйкесінше, оның басты міндеттерінің бірі – басқа адамдармен келісімде болу, әйтпесе ол өз өміріне де, басқа адамдардың өміріне де қауіп төндіреді. Философиялық мазмұндағы көне мәтіндердің көпшілігі, мәтіннің шыққан аймағына қарамастан, келісімнің қажеттілігі аксиологиялық мәселе ретінде бірінші дәрежелі маңызы бар екенін атап өтеді [1]. Келісімге келудің түрлі жолдарын іздестіруде өркениеттер мен аймақтар арасында өзгерістер болуы мүмкін, сондықтан әлеуметтік мінез-құлық формаларын құрайтын матрицалар мен белгілі бір концепциялардың қалыптасуына әкелді. Бүгінгі таңда келісімге ұмтылу ниеті әмбебап деп айтуға да болмайды, өйткені кейбір өркениеттер келісім ұғымын мойындамайтыны белгілі [2,3]. Мысалы, тарихи шолудан бұрынғы қазіргі таңдағы өте өзекті мәселе Украина мен Ресей арасындағы соғыс, бұл қандай келісімге алып келетіні белгісіз, мәжбүрлі келісім бе, әлде Украина өз жерінің тұтастығынан бас тарта ма, әлде Ресей бейбіт келісімге келе ме? Бірақ, бір ғана факт әлем бұрынғы қалпына оралмайтыны анық, адамдар арасындағы ұлтқа негізделген жеккөрушілік, ыза-кек сақтала ма? Егер, бұл әлем өзінің дамуында қазіргідей тендецияны алға қойса, әлемнің ары қарай өмір сүріне қауіп төнеді. Бұл соғыс тек екі елге қатысты емес, ол Жер шарындағы барлық мемлекеттер мен адамдардың өмірін қатерге тігеді, неге десеңіз ядролық қарумен сес көрсету фактісі де осы соғыс алаңында тіркелді.

Келісім бүкіл халықтарға қатысты болса, мәселе одан да өткір болады. Қазіргі уақытта бұл мәселе теориялық және практикалық мағынасында әсіресе өзекті болып отыр. Бұл Жердегі халық санының тез өсуіне, жаппай қырып-жою қаруларының жетілуіне және таралуына, эпидемиялар мен індеттердің жиілеп кетуіне, қалыпты, үздіксіз жұмыс істейтін экономикалық және мәдени алмасулардың қажеттілігіне және т. б. байланысты.

Қазіргі таңда әлемде әртүрлі мәдени және өркениеттік парадигмалардың келісіміне және планета көлеміндегі әрекеттердің үйлесімділігіне қол жеткізуден басқа өзекті мәселені табу қиын. Әлем жаһандық дағдарыс жағдайында тұр, өзгерістер мен құлдырау орын алуда. Сондықтан, бүгінгі күні адамдар мен халықтар арасындағы келісім, іс-әрекеттердің үйлесімділігі, өзара

көмек қажет: олардың құндылығы дүниежүзілік соғыс жылдарындағыдай бірнеше есе артты. Соңғы елімізде орын алған 2022 жылдың қаңтар айындағы «Қаңтар қасіреті», кейбір өңірлерде орын алған ұлтаралық қақтығыстар, атап айтқанда, 2020 жылдың ақпан айында Жамбыл облысы Қордай ауданы Масаншы ауылында, 2020 жылдың шілде айында Түркістан облысы Шорнақ ауылында, одан ерте орын алған ұлтаралық қақтығыстар 2018 жылы Қарағанды қаласындағы «Ежелгі Рим» мейрамханасы, 2016 жылы Жамбыл облысындағы Бұрыл ауылы, 2015 жылы Оңтүстік Қазақстан облысындағы Бостандық ауылындағы жағдайлар тіркелген. Бұл қақтығыстардың аты шулы, резонансты болғандықтан білеміз. Ал, Қазақстанда біз білмейтін қандай ұсақ ұлтаралық қақтығыстар орын алып жатыр?

Мәдениет пен өркениетті тарихи дамудың сатысы ретінде немесе өркениеттік тәсіл аясында қарастыруға мүмкіндік береді. Бірақ, екі жағдайда да қазақ мәдениеті – түркі және әлемдік өркениеттің бір бөлігі болып саналады. Қазіргі заманғы технологиялық өркениет мәдениеттер арасындағы айырмашылықты жоюға тырысуда, және әлемнің кез-келген елі, соның ішінде Қазақстан үшін, өзінің дәстүрлі мәдениетін жоғалту қаупі бар екенін ұмытпауымыз қажет.

Бір, жалғыз идеологияны ұстана отырып, дүниетанымды біріктіру арқылы жалпыға ортақ келісімге қол жеткізу әрекеті қауіпті жол. Мұндай стратегия адамның индивидтік қасиеттерінің жоғалуына, ақырында, мұндай жағдай әлеуметтік жарылысқа, жаппай наразылыққа әкелуі мүмкін. Бірақ, жалпыға бірдей бостандық, адамдарға «жағалаусыз еркіндік» беру, екеуі де бірдей қауіпті үрдіс. Плюралистік сипаттағы бұл либералды доктрина жалпы алауыздыққа, адамның коммуникативті қасиеттерінің жоғалуына себеп болатыны анық.

Осылайша, келісім тақырыбы теориялық және әлеуметтік-практикалық тұрғыдан да өткір мәселе. Ол сондай-ақ этникалық, азаматтық, діни және т.б. бірегейлік мәселесімен тығыз байланысты болғандықтан өзектілігі жоғарылай түседі. Бірегейлік адамның өз болмысы мен өзінің мәнімен, айналасындағы адамдармен, өзін-өзі байланыстыратын топпен және тұтастай қоғаммен келісумен және қабылдаудан басқа ештеңе емес дегенді білдіреді. Бүгінгі таңда тез өзгеру үстіндегі әлемде бірегейлік көптеген сынақтарға ұшырайды және бірегейлікті сақтау аясында келісім тұжырымдамасын әзірлеу өте маңызды.

Ұлы Абай өзінің алтыншы қара сөзінде «**Бірлік – ақылға бірлік**» дегені белгілі [4]. Еліміздің Президенті Қ.–Ж.Тоқаев 2019 жылғы 2 қыркүйектегі Қазақстан халқына Үндеуін: «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» деп атаған еді. Қазақстан Республикасы өз тәуелсіздігінің барлық жылдарында қоғамдық қатынастарда келісім мен тұрақтылықты сақтап келеді. 2020 жылы коронавирустық пандемия, 2022 жылы «Қаңтар қасіреті» біздің Республика үшін үлкен сынақ болды, соңғы орын алған оқиғаларға сәйкес қоғамда келісімді сақтау міндетіне оданда жоғары жауапкершілік танытуға мәжбүр етті.

Еліміздің Президенті Қ.–Ж.Тоқаев 2020 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Үндеуінде халықтың біріге артқан жүгіне ризашылығын білдірді, және үйлесімділік, келісім, бірлік жөнінде атап өтті:

«Елімізде жер-жаһанға зор қауіп төндірген пандемияға қарсы күрес әлі де жалғасуда. Біз азаматтардың өмірін және денсаулығын қорғау үшін бар күш-жігерімізді біріктірдік. Осындай сын сағатта ынтымағы жарасқан халқымыз жұдырықтай жұмылды.

Індетпен күрес дана халқымызға тән асыл қасиеттердің арқасында жүзеге асты. Өзгеге қолұшын созып, тілеулес болу, тосыннан келген кеселге қарсы тұру маңызды екені анық байқалды.

Дәрігерлерге, құқық қорғау органдарының қызметкерлеріне, әскери қызметшілерге, еріктілерге, кәсіпкерлерге және осындай шақта бейжай қалмаған барша азаматтарға шын жүректен алғыс айтамын. Сіздер айрықша табандылықтың және зор жауапкершіліктің жарқын үлгісін көрсеттіңіздер.

Бірлігіміз бен ынтымағымыз мығым болса, барлық қиындықты жеңіп, мақсатымызға жетеміз» [5].

Жер шарын жайлаған індет әртүрлі мемлекеттер ішіндегі халықтардың бірлігі мен бүкіл адамзат тіршілігіне қауіп төндірді. Мысалы еуропалық және жалпы батыс қоғамдастығында белгілі бір бөлінудің пайда болуымен расталады. Ынтымақтастық, көптеген батыс сарапшыларының пікірінше, шындықтан гөрі ұран сипатын алды (дегенмен, шынайы өзара көмек көрсету жағдайлары да тіркелген). Еуропалық Одақта вирусқа байланысты ұлтшылдық, мемлекеттердің бөліну үрдісі алдыңғы қатарға шыға бастады. Кейбір үкіметтердің, тіпті әрқашан еркіндік пен демократияны қолдайтын мемлекеттерде де тоталитарлық сипат белгілері пайда болды. Кейбір американдық сарапшылардың пікірінше, «коронавирустық індетке байланысты туындаған дағдарыста жаңа азаматтық федерализмнің тұқымын себуі мүмкін, онда штаттар мен аудандар әлдеқайда көп күшке ие болады, өйткені, инфекциямен күресте сәттілікке жету үшін үкімет, азаматтық қоғам мен жеке сектор көшбасшылары ортақ игілік үшін жанқиярлыққа күш біріктірген мемлекеттерге тиесілі болмақ. Соңында, коронавирустың әсерінен *Occuoy Wall Street 2.0* жаңа саяси көтерілісі, бірақ бұл жолы әлдеқайда ашулы және 130 есе көлемді, үлкен болмақ деген болжамдар бар. Наразылық білдірушілердің мақсаты – «қаржы элитасының қылмыстарына» қоғамның назарын аудару және экономикадағы құрылымдық өзгерістерге шақыру үшін Нью-Йорктің қаржы орталығындағы Уолл-стритті ұзақ уақыт басып алу, саяси, экономикалық теңдікті талап ету» [6].

2020 жылғы індетке байланысты оқиғалар: әлем бұдан былай бұрынғыдай қалыпта бола алмайтындығының тікелей айғағы болды. Сонымен қатар, адамдардың әлеуметтік өмірі – олардың қарым-қатынасы, өзара келісімі мен бірлігі сыналды. Бірақ, қазіргі адамзат қоғамында нарықтық экономика мен либералды демократияның әмбебаптығы арқасында ғана емес, сонымен бірге жер тұрғындарының планетарлық өзіндік санасының өсуі арқылы бірігу үрдісі орын алды. Қазіргі өркениетті адам жергілікті-ұлттық шектеулерді жеңу

үстінде және әлемдік тарихи тұлға ретінде өмір сүреді, өйткені, ол рухани және материалдық өндірістің, ғылымның және мәдениеттің арқасында өмір сүреді. Сондықтан, келісім адамзат тарихының әлеуметтік-экономикалық және рухани өзгерістерге, ескі құндылықтарды қайта бағалауға және жаңа құндылықтарды құруға байланысты сындарлы кезеңіне өтумен талап етіледі. Тарихтың қозғаушы күші – билік, күрес және соғысқа деген дүниетанымдық көзқарас консенсусқа, өзара адалдық пен бейбіт ынтымақтастықты іздеуге, орнатуға алмастырылуы қажет.

Зерттеудің нысаны: Келісім концептісінің логикалық және әлеуметтік-тарихи аспектілері.

Зерттеу жұмысының пәні. Қазақстанның мәдени-өркениеттік даму аясындағы келісім концептісінің қазақстандық моделі.

Зерттеу жұмысының мақсаты. Диссертациялық жұмыстың мақсаты – жаһандық мәдениеттер сұхбаты стратегияларын ескере отырып, Қазақстанның тарихи және қазіргі заманғы дамуындағы келісімнің теориялық концептісін әзірлеу және оның қазақстандық қоғамдық кеңістіктегі экспликациясы көзделеді.

Диссертациялық зерттеудің мақсатына сәйкес келесідей **міндеттер** қойылады:

- келісім құбылысының әртүрлі жағдаятты әлеуметтік көріністеріндегі нақты сипатын анықтау;
- келісім өз мәнінде және мағыналық ядросында жағымды және жүйелік құбылыс екенін айқындау;
- келісімнің қызметі қарама-қайшылықтарды жеңе отырып, бірлікті қалыптастырудағы ішкі негіз ретінде қарастыру;
- келісімнің негізгі түрлерін көрсету;
- келісім түрлерінің тарихи-мәдени сәйкестігін негіздеу;
- келісімнің түрлері, соның ішінде қазақтың дәстүрлі мәдениеті мен қазақ философиясы ауқымындағы үйлесімді синтездің әлеуетті мүмкіндіктерін дәлелдеу;
- Қазақстан тарихындағы қазақ келісім концептісі қалыптасуы мен оның басты принциптерін дәйектеу;
- қазақ дәстүрлі келісім концептісінің үлгісі негізінде өскелең ұрпақты тәрбиелеу қажеттілігін дәлелдеу;
- зайырлы және әділетті Қазақстанның мәдени-өркениеттік даму келешегінде қазақ философиясы ауқымындағы ойлар тарихынан алынған келісім стратегияларының үлгісін қолданудың орынды екенін ашып көрсету.

Зерттеу жұмысының дереккөздері мен материалдық негізі.

Зерттеу көздері ретінде өткен және қазіргі ойшылдардың келісім мәселесіне және онымен байланысты құбылыстар мен ұғымдарға арналған еңбектері қарастырылды. Автор өз диссертациялық зерттеу жұмысында жетекші отандық және шетелдік ғалымдардың зерттеу жұмыстарының нәтижелерін негізге алды.

Диссертациялық зерттеуде қолданылған әдіс-тәсілдер. Диссертациялық жұмыс алдына қойылған мақсатты жүзеге асыру үшін интегралды дүниетаным,

өркениеттер серіктестігі және мәдениеттер диалогының әдіс-тәсілдерін дайындауға мүмкіндік беретін, философиялық әдістер мен пәнаралық тәсілдер жиынтығы негізінде жүзеге асырылды.

Тұтастық принципі келісім концептісінің логикалық мазмұнындағы маңызды қырларын анықтауға көмектесті.

Зерттеудің нақты әлеуметтік-философиялық мазмұнын ашуға логикалық және тарихилықтың бірлігі принципі мүмкіндік берді.

Әр түрлі мәдени және өркениеттік топстардағы келісім типтерін анықтауда өркениеттік тәсіл мен мәдени-тарихилық принципі маңызды рөл атқарды, атап айтқанда, зерттеуді әлеуметтік-мәдени контекстер және кейбір дәуірдің қажеттіліктерін қарастыру арқылы философиялық тұжырымдамаларды уақыт сынақтарына жауабын өзектендіруді қажет етті.

Осы диссертациялық жұмыстың міндеттерін жүзеге асыру үшін компаративистикалық талдау әдісі үлкен маңызға ие болды, өйткені, дәл осы тәсіл Шығыс пен Батыс мәдениеттеріндегі келісімнің алуан типтерін, түрлерін салыстыруға, олардың органикалық үйлесімділігін таба отырып, Қазақстан Республикасының келісім, келісу рәсімдерінде қолдануға мүмкіндік береді.

Диссертациялық зерттеуде контент-талдау әдісі, сондай-ақ қазақстандық философтар, дінтанушылар, саясаттанушылар мен әлеуметтанушылардың бірқатар нақты әлеуметтік зерттеулерінің нәтижелері қолданылды.

Зерттеудің теориялық-әдіснамалық негіздері. Келісім құбылысы белгілі бір дәрежеде философиялық ой тарихында үнемі қарастырылып отырған. Келісім туралы ойлар, идеялар мен пайымдаулар ежелгі Антикада, Орта ғасырлар және Жаңа дәуір философтары, атап айтқанда Гераклит, Платон, Аристотель, Сюнь-цзы, Әл-Фараби, Ибн Сина, Гегель, З.Фрейд, К.Юнг, Э.Фромм, Ж.-Ж.Руссо, Бердяев және тағы басқа ғалымдардың еңбектерінде кездеседі. Сонымен бірге, келісім идеясы оны табиғи құқық ретінде түсіндіремесінен бастап, Жоғары Рухани Күштердің нұсқаулығына және әлеуметтік келісімге дейінгі даму жолынан өтті.

Келісім идеясы – батыстық философиялық ойдың негізгі идеяларының бірі, атап айтқанда конвенционализм мәселесін дамытатын зерттеулер, яғни, ғылыми қоғамдастықтың ақиқаттың түсіндірмесі мен оның критерийлері туралы белгілі бір келісімге келу ретінде түсіндіруге болады. Мұнда ХХ ғасырда ғылыми білімнің ішкі үйлесімділігі – когеренция тұжырымдамасы қалыптасты. Осы тұжырымдаманың негізгі өкілдерінің жазбаларында: кез-келген ғылыми жүйе – бұл таным эволюциясындағы нақты тарихи кезең мен таным эволюциясындағы алдын-ала нәтижені көрсететін нақты идеялар, негіздер мен ұғымдардың белгілі бір бірлігі. Көрсетілген принциптер логика, ішкі үйлесімділік идеалдарына жауап беруі қажет.

Келісім идеясы бүгінгі күннің жаһандық және жергілікті (ұлттық) мәселелерін зерттейтін қазіргі заманғы философия саласында ұсынылған. Мұнда негізінен халықтар мен мемлекеттер арасындағы қатынастардың теориялық модельдері құрылады. Бұл тақырып ешқандай әсірлеуді қажет етпейтін, қазіргі заман талаптарында өзіндік өзектілігін арттырды, өйткені

көптеген дағдарыстар, соғыстар, жанжалдар, дәлірек айтқанда, түрлі дағдарыс адамзатқа қауіп төндіріп отыр. Сондықтан, егер біз мәселеге объективті қарайтын болсақ, онда қазіргі адамзаттың маңызды міндеттерінің бірі – қоғам дамуының әртүрлі модельдері мен адамның одан әрі даму жолдары арасындағы келісімді іздеу және оған қол жеткізу.

Ғылыми әдебиеттерде шаруашылық жүргізудің алуан түрлі нысандарын үйлестірудің, индивидуализм мен коллективизм принциптерінің, мемлекет пен азаматтық қоғамның, этномәдени және конфессиялық бірлестіктердің өзара қарым-қатынасының әлеуметтік-философиялық және философиялық-саяси мәселелері терең талданады. Келісім философиясының мәселелерін зерттейтін теориялық сипаттағы бірқатар еңбектерге американдық философ Джон Ролздың (Rawls) «Әділеттілік теориясы» атты әйгілі кітабын жатқызамыз [7]. Дж.Ролздың әділет теориясының негізгі идеясы, автордың пікірінше, ақыл-ойды еркін және саналы түрде қолдану арқылы мүдделі тараптар өз ынтымақтастығының негізгі принциптерін келісіп, анықтай алады. Осы қағидаттардың негізінде барлық келісімдер жасалады және бекітіледі, олар болашақ ынтымақтастықтың түрін және белгілі бір билік құрылымдарын белгілейді.

Келісімге қол жеткізудің маңызды формасы ретінде коммуникативті рационалдық мәселесіне арналған Юрген Хабермастың еңбектері бар [8]. Қазақстан дамуының аймақтық және әлемдік контекстерге байланысты келісім концептісінің жекелеген аспектілері, автордың шетелдік ғылыми жетекшісі Гзавье Аллез еңбектерінде талданады [9].

Ресейде келісімнің жекелеген теориялық мәселелерінің қойылуына алғашқы әрекет жасаған зерттеушілердің бірі В.И. Бакштановский мен Ю.В. Согомоновтың «Саяси этика: бәсекелестік пен ынтымақтастық рухы» атты мақаласы еді [10]. Авторлар «консенсология» деп атаған қорытынды бөлімінде келісім тұжырымдамасының кейбір маңызды мәселелері қарастырады, мысалы, келісімге қол жеткізудегі ымыралардың, «келісім институттарының» және т.б. рөлін зерттеу міндеті қойылған. Бұл ретте авторлар өз жұмысында негізінен саяси-этикалық бағытты алға тартады.

Келісім концептісімен тығыз байланысты сұхбат концепциясын зерттеу маңызды орын алады. Бұл мәселені зерттеуші, классик маман М.М.Бахтин [11]. Қазақстандық зерттеушілердің арасынан диалог мәселесіне біршама назар аударған зерттеуші А.Т.Құлсариева [12].

Этикадағы келісімнің типтері А.С.Арсеньевтың, В.А.Лекторскийдің [13], А.А.Гусейновтің [14], Р.Апресянның [15] еңбектерінде қарастырылады.

Келісім мәселесі аясында М.Т.Степанянцтың жақында ғана шыққан монографиясы бар [16]. Бұл зерттеу жұмысы – мәдениетаралық философия мәселелері бойынша алғашқы ресейлік кітап. М.Т.Степанянц «мәдениетаралық философия» деген не деген сұраққа философиялық анықтама ұсынды, оның генезисін салыстырмалы философияның дамуымен органикалық байланыста талдады, оның мәдениеттегі алғышарттары мен келешегін ашып көрсетті. Монографияның басты идеясы – мәдениетаралық философияны таным

әдіснамасы тұрғысынан зерттеу, сондай-ақ рационалдылықты басқаша түсінудің жаңа мүмкіндіктері талданды. Кітапта мәдениеттер дискурсы, қазіргі заманның жаһандық мәселелері, соның ішінде адамзат мәдениетінің экологиялық дағдарысы, экономикалық мүдделер мен моральдық қасиеттер арасындағы апатты алшақтық, модернизация векторларын іздеу, философия мен ғылымның шекарасын кеңейту, қоғамның этикалық моральдық сауығуы және тұлғаның рухани жетілуі аясында түсіндіріледі.

Келісім концептісінің саяси аспектілерін О.М. Михайленок [17], М.Г. Алиев [18] және т.б. қарастырды.

Қазақстан Республикасындағы ғылыми ортада келісім құбылысына байланысты ұғымдар мен мәселелер зерттеліп келді. А.Н. Нысанбаевтың кітабында өзара түсіністік философиясы талданады [19]. Т.Х. Ғабитовтың монографиясында диалог мәселелері зерттелді [20]. Ж.Н. Байтенова еңбектерінде келісім мәселесінің этносаралық, дінаралық, саяси шекаралары ұсынылған [21], ал Р.К. Қадыржанов [22], А.Г. Косиченко [23], М.С. Орынбеков [24] келісім концептісінің әртүрлі қырларын зерделеді.

А.Р. Масалимова мен Ж. Досхожинаның мәдениетаралық коммуникация мен мәдениеттің компаративистік талдауы [25], А.Д. Құрманалиева [26], Ғ.Қ.Құрманғалиева, Н.Л. Сейтахметова және тағы басқалар философия тарихы тұрғысынан келісім мәселесіне талдаулар жасайды [27]. Мәдениеттерді салыстырмалы талдау мен коммуникацияның жаңа мүмкіндіктері мен келісім мәселелері С. Қондыбайдың «Қазақ даласы және герман тәңірлері» атты танымал кітабында орын алған [28].

Қазақстанның мәдени-өркениеттік дамуына келетін болсақ, бұл тақырып қазақстандық тәуелсіздіктің үш он жылдығында жазылған және жарық көрген белгілі қазақстандық философтар еңбектерінде, атап айтқанда, С.Ақатай, Ж. Молдабеков (Қазақтану саласында), Д. Кішібеков, Б. Нұржанов, А. Қасабек, Г. Барлыбаеваның еңбектерінде негізгі зерттеу нысаны болып табылады.

М.С-А. Шайкемелевтің қазақ бірегейлігі туралы іргелі жұмысын да атап өткен жөн, өйткені бірегейлік пен келісім өзара байланысты ұғымдар [29].

Әлеуметтік-философиялық және рухани-практикалық тұрғыдан алғанда Г. Нұрышева, Ж. Амребаева және А. Амребаевтардың бірлескен авторлықта жазылған және шетелдік беделді басылымда жарияланған антиядролық қозғалыс контекстіндегі қазақ этикалық дәстүрі туралы мақала үлкен маңызға ие болып отыр [30].

Келісім мәселесімен тығыз байланысты Ғ. Есім [31, 32], С. Нұрмұратов [33], С. Колчигин [34], А. Сағиқызы [35], И.Б. Цепкова [36] сияқты авторлардың руханият мәселесіне арнаған еңбектерінде қарастырылды.

Алайда, өзінің тікелей мазмұнында келісім ұғымы Қазақстанда жүйелі түрде зерттелмеді. Аздаған еңбектердің ішінен Г.В. Малининнің «Межнациональное согласие в Казахстане: проблемы, противоречия, перспективы» атты монографиясында ұлтаралық келісім туралы түбегейлі зерттеуін атап өтуге болады, бірақ зерттеу жұмысы ширек ғасыр бұрын жарық көрді [37].

Сонымен бірге, келісімнің мәні мен мағынасын түсіну арқылы ғана оған жақын басқа ұғымдарды ұтымды зерттеуге болады, дегенмен, логикалық тұрғыда бұл тізбекті керісінше қарайтын болсақ, дұрыс нәтиже береді: тек осы ұғымдарды зерттей отырып, келісім концептісін жақсы түсінуге болады.

Диссертациялық зерттеу жұмысында келісім концептісі Қазақстанның мәдени-өркениеттік дамуы аясында талданды, бұл да келісім мәселесін зерттеуде айтарлықтай жаңа аспект.

Зерттеу жұмысының теориялық және ғылыми-тәжірибелік маңызы. Зерттеудің теориялық және ғылыми-тәжірибелік маңызы келісім концептісі әлеуметтік-тәжірибелік тұрғыда, ең алдымен – қазақстандық ішкі саясаттағы тұрақтылықты сақтау және нығайту. Қазақстан Республикасының сыртқы байланыстарын табысты дамыту тұрғысынан алғанда жұмыстың маңызы Қазақстанның қазіргі заманғы мәдениетінің гуманистік бағдарларын нығайтуда тиімді қолдануға мүмкіндік беретін келісім табиғатын әлеуметтік-философиялық және теориялық-әдіснамалық талдаудан тұрады.

Автордың зерттеу барысында қол жеткізген нәтижелерді кең көлемдегі философиялық мәселелерді, еліміздің әлеуметтік өмірінің жекелеген аспектілерін терең зерттеуде қолдануға мүмкіндік береді. Келісімді философиялық талдау гуманитарлық білімнің әртүрлі салаларында, атап айтқанда, этносаралық және басқа да қоғамдық қатынастардағы келісімнің нақты тараптармен, қатынастармен, және оның қасиеттерімен айналысатын әлеуметтану, саясаттану, мәдениеттану үшін әдіснамалық маңызы зор.

Негізгі ғылыми-тәжірибелік нәтижесі әртүрлі мәдени-өркениеттік топтардағы тәжірибелерді қамтитын келісім концептісін негіздеу.

Зерттеу жұмысының практикалық құндылығы. Әлемдік-тарихи және ұлттық үдеріс аясында келісімді кең және тар мағынада философиялық түсіну парламент, үкімет, саяси партиялар, қоғамдық ұйымдардың мемлекет ішінде және халықаралық істерде бейбітшілік пен келісімге қол жеткізу концепциялары мен бағдарламаларды дайындау және оны жүзеге асыру барысында қажетті танымдық құрал ретінде қолдануға болады.

Диссертациялық зерттеу жұмысының қорытындылары мен нәтижелері мемлекеттік органдар, қоғамдық бірлестіктер, заңды және жеке тұлғалардың келісім-шарт жасасуда, конвенцияларды дайындау, талқылау және қабылдауда, оқушылар мен студенттер, дипломатиялық қызметкерлерге білім беру мекемелерінде оқыту және тәрбиелеу үрдісінде, қайшылықтар мен жанжалдарды шешу, келісім мен қиянатсыздық технологиясын әзірлеу кезінде пайдалануға мүмкіндік береді.

Диссертациялық зерттеудің идеялары мен қорытындыларын «Әлеуметтік философия», «Мәдениет тарихы мен теориясы», мәдениеттер сұхбаты мен өзара әрекеттесу мәселелерін дамыту бойынша арнайы курстардың негізі ретінде қолданыс таба алады, ал зерттеу барысында қолданылған материалдарды, идеяларды философия, мәдениеттану, әлеуметтану, саясаттану бағытындағы білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру мақсатында пайдалануға болады.

Диссертациялық жұмыстың ғылыми жаңалығы.

Жұмыстың ғылыми жаңалығы зерттеу нәтижесінде қол жеткізген, келісім философиялық рефлексия пәні – теориялық тұжырымдар мен қорытынды жиынтығынан тұрады.

– келісім құбылысының амбивалентті сипаты, белгілі бір жағдайда келісімнің жағымды мәні (қандай мақсат «үшін» бірігу) немесе жағымсыз мәнінің (кімге немесе неге «қарсы» бірігу) қайсы бірі алдыңғы орынға шығатынына байланысты әрекет ететіні анықталды;

– келісімнің екіұшты сипатына қарамастан, оның маңызды және ұғымдық өзегінде жағымды мәнінде әрекет ететіні, сондықтан келісімнің кез келген көрінісі тұтастықты бұзатын келіспеушілік пен үйлесімсіздік формаларына қарағанда тұтастық пен даму мүмкіндігін беретін белгілі бір форма ретінде айқындалды;

– келісім жалпыға ортақ байланыстың жүйе құраушы қыры, бірліктің ішкі негізі және қайшылықтарды жеңуге бағытталған әрекет ретінде көрініс табатыны айшықталды;

– келісімнің қарама-қарсы екі түрі ажыратылып көрсетілді: коммуникативті-рационалды (немесе шартты, сыртқы жағдайлармен анықталатын) және сезімдік-бейнелі (ішкі, тікелей);

– келісімнің қарама-қарсы екі түрі мәдениет тарихында тиісті көрініс табады: Батыс философиясы мен дүниетанымына негізінен келісімнің коммуникативті-рационалды сипаты тән болса, ал Шығыс философиялық дүниетанымының негізі келісімнің сезімдік-бейнелі түрінен бастау алатыны дәлелденді;

– тарихта Қазақстан алыс-жақын елдермен түрлі қарым-қатынасқа түсу барысында қалыптасқан қазақстандық келісім концептісі дискурсивті коммуникация мен келісімнің стихиялы, сезімдік-бейнелі түрлерін синтездеуге қабілетті екені көрсетілді;

– қоғамдық келісімнің типке, не түрге ажарытылуынан басқа әр түрлі деңгейлері – горизанталды және вертикалды болатыны анықталды;

– қоғамдағы келісім мен тұрақтылықты сақтау жас ұрпаққа лайықты тәрбие беру қажеттілігін талап ететіні, оның үстіне қазақ мәдениетінде қалыптасқан ерекше, дәстүрлі келісім концептісі сезімдік-бейнелі сипатқа ие, ал баланың ішкі жан дүниесіне сезімдік-бейнелі сипатта әсер ете отырып, рационалды-теориялық әсерге қарағанда әлдеқайда ұтымды нәтиже беретіні негізделді;

– қазақ философиялық ой ауқымы тарихынан алынған келісім стратегиясының үлгісін қазіргі егемен Қазақстанның мәдени-өркениеттік даму кезеңінде оның әлеуметтік стратегиясы мен әлеуметтік-философиялық ой ауқымының мүмкіндіктерін кеңейту үшін орынды қолдануға болатындығы анықталды.

Қорғауға ұсынылатын тұжырымдар.

1. Келісім – екіұшты құбылыс. Келісім өз көріністерінде екіжақты, амбивалентті қасиеттермен сипатталады, келісімнің жағымды жағы, немесе

жағымсыз жағының қайсы бірі алдыңғы орынға шығуына байланысты айқындалады. Келісімнің осы немесе басқа да сипатын келісім қандай жағдайда, қандай мақсатта жүзеге асырылатынына байланысты анықтауға мүмкіндік беретін нақты көзқарас қажет.

2. Келісімнің екіжақты, амбивалентті сипатына қарамастан, өзінің ұғымдық өзегінде жағымды түрде көрініс табады. Келісімнің кез келген көрінісі, тіпті мағыналық мәнінде теріс реңктері басым, түрленген, өзгертілген және тіпті бұрмаланған түрде болса да, белгілі бір үйлесімділік формасы ретінде әрекет етеді. Келісімнің антиподы – тұтастықты бұзатын келіспеушілік пен үйлесімсіздік, ал келісім тұтастық пен даму мүмкіндігін беретін белгілі бір форма ретінде айқындалды.

3. Келісім жалпыға ортақ байланыстың жағымды қыры және жүйе құраушысы, сол байланысты үйлесімді, берік ететін ішкі негіз ретінде көрініс табады. Келісім бірліктің ішкі негізі, қайшылықтарды жеңуге және жанжалдарды шешуге, қарама-қайшылықтарды біріктіруге бағытталған қызмет атқарады.

4. Логикалық және мәдени-тарихи тұрғыдан келісімнің екі формасы ерекшеленеді: коммуникативті-рационалды (немесе шартты, сыртқы жағдайлармен анықталған) және сезімдік-бейнелі (ішкі, тікелей). Қоғамда келісімнің екі түрі қатар болғанымен, өзара байланыс құрады және идеалды тұрғыда өзара үйлесімділікте болуды қажет етеді. Осы үйлесімді байланыс пен бірлік ішкі-сезімдік, тікелей келісім логикалық және экзистенциалдық біріншілікке негізделген болуы қажет.

Келісім орнатудың рационалды формасы келісімге ұмтылатын тараптардың қаржылық мүдделері, саяси ойлары және т.б. ерекшеліктеріне байланысты негізінен күрделі қоғамдық қатынастарда орын алады. Келісімнің екінші формасы – рухани, сезімдік-бейнелі, тікелей және стихиялы сипаты тұлғааралық қатынастарда орын алады.

5. Келісімнің қарама-қарсы екі түрі мәдениет тарихында лайықты көрініс табады: Батыс философиясы мен дүниетанымына негізінен келісімнің коммуникативті-рационалды сипаты тән болса, ал Шығыс философиялық дүниетаным негізі келісімнің сезімдік-бейнелі түрінен бастау алады. Соңғы жүз жылдық өркениет бұл айырмашылықтарды теңестіреді, алайда классикалық Шығыс пен Батыс мәдениеттерінде екі нақты айырмашылық айқын көрінеді. Келісім концептісі жаһандық-өркениеттік тұрғыдан өркениеттік бірегейлікті сақтай отырып, жаһандық бірлікті қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

6. Тарихта Қазақстан алыс-жақын елдермен түрлі қарым-қатынасқа түсу арқылы келісім концептісі қалыптасты, ал ол өз кезегінде қазақ халқының одан әрі табысты дамуы мен өмір сүруіне елеулі әсерін тигізді. Егер сауда мәдениеттер арасындағы өзара түсіністік пен танымның негізі болса, онда қарым-қатынас жасайтын халықтар арасында берік келісім жасалғанда ғана, мүмкін болатын жанжалдардың алдын алуға және шешуге мүмкіндік береді. Қазақстанда келісім концептісінің қалыптасуына Ұлы Жібек жолы және қазақ жүздерінің біртұтас мемлекетке бірігу принциптері ерекше рөл атқарды.

Келісім кең ұғым немесе концепт ретінде қазақ халқының дәстүрлі қоғамында адамның қоғамдық өмірінің ең жоғары игілігі ретінде түсінілді. Сонымен қатар, келісімнің коммуникативті рационалдылық пен сезімдік-бейнелі түрлері бір-біріне қарама-қарсы, бірақ осы себепті олар өзіндік үйлесімді синтезді қажет етеді. Мұндай үйлесімді синтез үлгісін қазақ философиясы ауқымындағы ойлардан табуға болады, онда ақыл-ойдың лайықты мәртебесі жағымды ойлау арқылы жоғары адамгершілік принциптерін жүзеге асырғанда ғана танылады.

7. Қоғамдағы келісім біртұтастықтың идеалды-типтік үлгісі ретінде қабылданады, себебі қоғам әртүрлі қабаттардан, таптардан және әлеуметтік топтардан тұрады. Сондықтан, келісім құбылысының типке, не түрге ажарытылуынан басқа әр түрлі деңгейлері бар. Горизанталды деңгейдегі келісім дегеніміз – халықтың әртүрлі топтары арасындағы өзара түсіністіктің қалыптасуы, ал келісімнің вертикалды деңгейі – халық пен биліктің, сондай-ақ төменгі және жоғары деңгейлердің бірлігін білдіреді.

Нақты қоғамда барлық мәселелер бойынша түпкілікті толық келісімге қол жеткізу мүмкін емес: ол принциптер мен шарттарды жасап шығару үрдісін талап ететін ең ұзақ, әрі қиын жолды білдіреді. Келісім субъектілердің мүдделерін толық үйлестіруді білдірмейді, бірақ ол осы мүдделерді іске асыруда зорлық-зомбылықты қолданудан бас тартады және мүдделерді жүзеге асыру жолдарын өзара реттеуге әкеледі.

8. Қоғамдық келісім мен тұрақтылықты сақтау жас ұрпаққа лайықты тәрбие беру қажеттілігін көрсетеді. Қазақ мәдениетінде қалыптасқан ерекше, дәстүрлі келісім концептісінің балаларды оқыту мен тәрбиелеу үрдісінде тәрбиелік мәні зор. Қазақ мәдениетіндегі келісім концептісі ерекше белгілер мен ерекше сипатқа ие. Ол қосбірліктің бітімгершілік қыры бейнелі-эмоционалды сипатта, яғни рационалды-логикалыққа қарағанда экзистенциалды-адамгершілік реңкі басым болған. Қазақ мәдениетіндегі келісім концептісі баланың ішкі жан дүниесіне сезімдік-бейнелі сипатта әсер ете отырып, рационалды-теориялық әсерге қарағанда әлдеқайда ұтымды нәтиже береді.

9. Келісім концептісі өркениеттік бірегейлікті сақтай отырып, жаһандық бірлікті қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Мәдениеттің алуан түрлілігі біріншіден, адамның индивидуалды шексіз әртүрлілігімен байланыстырылады; екіншіден, ландшафттың әртүрлілігімен, яғни, халық пен олардың мәдениеттерінің «шығу тегіне немесе даму орнына» байланысты. Келісім – әртүрліліктің бірлігі. Қазақ философиясы ауқымындағы ойлар тарихындағы келісім стратегиясының үлгісін қазіргі кезеңдегі мәдени-өркениеттік дамуда әлеуметтік философия мен қоғамдық практиканың әртүрлі салаларындағы мүмкіндіктерді кеңейту үшін қолдану орынды болар еді.

Зерттеу жұмысының нәтижелерінің сыннан өтуі.

Зерттеу жұмысында қамтылған негізгі мәселелер мен зерттеу нәтижелері отандық, халықаралық және республикалық конференцияларда (2019-2023), сонымен қатар, республикалық басылымдарда: ҚР ҒЖБМ ҒК Философия,

саясаттану және дінтану институтының «Әл-Фараби», «Адам әлемі» журналдарында (2019-2023), шетелдік (Украина, Ресей) және басқа да басылымдарда баяндалып жарыққа шықты. Аталған мақалалар мен жарияланымдарда зерттеу жұмысының мазмұны толықтай қамтиды.

Зерттеу жұмысының талқылануы мен мақұлданыуы.

Зерттеу жұмысының негізгі ғылыми нәтижелері мен қорытындылары отандық және шетелдік басылымдарда, халықаралық ғылыми-теориялық және тәжірибелік конференцияларда 20 аса ғылыми мақала жарияланды. Оның ішінде Скопус (Scopus) мәліметтер базасында «Consent Strategies: Cultural and Civilizational Paradigms for Communicative Rationality and Axiological Identity» (*Philosophies*. 2022; 7(6):129. <https://doi.org/10.3390/philosophies7060129>) 1 мақала, РИНЦ базасында 1 мақала, шетелдік, халықаралық конференциялар жинағында 5 мақала, отандық республикалық, халықаралық конференцияларда 10 мақала, ҚР Білім және Ғылым министрлігі білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті (БҒСБК) ұсынған тізімге енетін журналдарда 4 мақала жарияланды.

Диссертация Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті саясаттану және философия факультетінің философия кафедрасында талқылаудан өтіп, қорғауға ұсынылды.

Диссертациялық жұмыстың құрылымы. Диссертация құрылымы белгіленген мақсат пен міндеттерге сай құрылды.

Бірінші бөлімде зерттеудің әдіснамалық негіздері айқындалады, келісім ұғымына жақын сұхбат (диалог), өзара түсіністік, бірлік, ымыраға келу және басқа да сабақтас ұғымдар аясында «келісім» ұғымының мәні ашылады. Шығыс пен Батыс мәдениеттеріндегі келісімнің негізгі стратегиялары зерттеледі.

Екінші бөлімде қазақ дәстүрлі қоғамында келісім концептісінің тарихи қалыптасу алғышарттары мен принциптері, қазақ философиясы ауқымындағы ойлар тарихындағы келісім идеясының философиялық негіздемесі туралы мәселе қарастырылады; біртұтас қазақ мемлекетін құруға мүмкіндік берген принциптер нақтыланды.

Диссертацияның соңғы, үшінші бөлімінде Қазақстанның өткен ғасырдағы, әсіресе тәуелсіздік дәуіріндегі мәдени және өркениеттік дамуы туралы мәселе көтеріледі; қоғамымыздағы келісім мәселелеріне қатысты әлеуметтанулық материалдар талданады; республикадағы мәдениетаралық келісімді дамытудың әлеуметтік-тәжірибелік келешегін негіздейді.

Зерттеу жұмысы кіріспеден, үш тараудан, қорытынды мен пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Бет саны – 154 бет.

1 КЕЛІСІМ МӘСЕЛЕСІН ЗЕРТТЕУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ-ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗДЕРІ

1.1 Зерттеу тәсілдері: әдіснама және дүниетаным

Келісім құбылысын қалай зерттеуге болады? Әлбетте, тақырыпқа сәйкес, әркім зерттеудің қорытындыларымен келісетіндей келісім қажеттілігі бар екені анық. Сонымен, бұл зерттеу дәлелденген пайымдауларға негізделуі керек пе? Бірақ, біздің ой-толғауларымыз логикалық форманы қалай анықтайтынымызға байланысты, ал оны қалай анықтайтынымыз контекстке, когнитивті және коммуникативті міндеттерімізге байланысты.

Жалпы, кез келген мәдениеттің бірдей құбылыстарды түсінуінде үлкен айырмашылықтар бар. Ең алдымен, әрбір мәдениет өзіндік негіздерге, тұптамасына сүйене отырып, даму жолын таңдайды.

Сондықтан парадоксалды түрде логика әрдайым қисынды бола бермейді. Бұл құбылыстың өзегі көбінесе – құндылықтарға негізделген дүниетаным екені белгілі. Сол себепті, біздің зерттеуімізде аксиологиялық тәсілге, құндылықтық сипаттағы өлшемдерге сүйену әдіснамалық тұрғыдан дұрыс болмақ деген ойдамыз.

Біз атап өткендей, әр түрлі мәдениеттерде әр түрлі құндылықтар, кем дегенде формасы бойынша ерекшеленеді, сәйкесінше, бұл диссертациялық жұмыста салыстырмалы талдау мен өркениеттік тәсіл (формация тұрғысынан айырмашылық) қажет.

Енді осы тезистерді барынша тарқатып, анықтап қарастырайық.

Өздеріңіз білетіндей, философияның негізгі, іргелі мәселелері бойынша үнемі пікірталастар тудырады. Жекелеген философтар және тұтас философиялық мектептер арасында тек негізгі ғана емес, сонымен қатар екінші деңгейдегі мәселелер бойынша да толық келісімді табу қиын. Бұл мәселе барлық қоғамдық-гуманитарлық пәндер өкілдеріне қатысты. Философтар ымыраға әкелетін дәлелденген рационалды ережелерге жүгінеді, бірақ, бұл философия саласындағы адам мен қоғамның болмысын зерттеудегі үздіксіз жаңаратын пікірталастарға көмектеспейді. Сократтың әдісі, яғни «ақиқат диалогта танылады» деген ұстанымды алға тартамыз.

Келісім ұғымын терең түсіну үшін қандай әдіснаманы қолдану керек?

Зерттеу нысанына байланысты негізгі қағидалар, әдістер, негізгі идеялар жалпы түсінікті қарастырамыз. Келісім – бұл тұтастықтың, бірліктің, көзқарастардың бір-біріне сәйкес келу белгілерінің бір түрі. Сәйкесінше, келісім ұғымын адекватты түсіну үшін тиісті принциптер мен әдістер қажет. Олардың ішінде жалпыға бірдей байланыс, жеке мен көптіктің өзара әрекеттесу категорияларының ілеспе принциптерімен байланысты тұтастық принципі, сонымен қатар, компаративистикалық зерттеу әдісі қолданылады. Бұл әдістерді қолдану дұрыс және зерттеу жағдайында жоғырыдағы әдістемелік аппаратты пайдаланудан аулақ болу мүмкін емес және тіпті түбегейлі абсурдқа әкеледі.

Келісім феноменінің философиялық мәнін түсіну үшін тағы бір маңызды аспект. Маңызды аспект, келісім – бұл құндылықтық ұғым, соңында,

дүниетанымдық. Келісім ұғымын зерттеуде әдіснама мен дүниетанымның арақатынасы мәселесімен айналысу қажеттілігін білдіреді.

Әрине, бұл қарапайым сұрақ емес. Дүниетаным өзінің қалыптасу барысында әдіснамаға (дәлелдерге, жүйелілікке және т.б.) негізделуі қажет екені анық, бірақ сол сияқты әдістеме де дүниетанымға негізделуі керек. Адамдар арасында дүниені түсінудегі бірлік болмаса, дәлелдеу мен сендірудің кейбір әдістерін қабылдауда немесе бас тартуда бірлік болмайды.

Бір ойды сәл басқаша жеткізуге болады. Бөлшектерді кең контекст негізінде ғана түсінуге болатындықтан, бөліктерден бұрын тұтас бірінші танылады. Сонымен бірге, танымда тұтастық нақты, дифференциаланған түрде емес, тек зерттеу барысындағы гипотеза немесе интуитивтік бейне ретінде болуы мүмкін.

Әдіснама мен дүниетанымның арақатынасы да осы ережеге бағынуы керек. Зерттеу нысанына сәйкес қандай әдісті таңдауға болады? Бұл нысанның не екенін алдын ала білу арқылы (бірінші түсінікті игере отырып) мүмкіндік береді. Егер, алдын-ала зерттелетін нысан туралы ешқандай білім болмаса, қажет әдісті іздеу ұзақ уақытқа созылады.

Кез келген танымдық процесс негізінен зерттеуші саналы немесе бейсаналы, айқын немесе жанама түрде сүйенетін дүниетанымға байланысты. Олай болса, таным процесінің бастапқы негіздері, оның барысы, нәтижелері және олардың түсіндірмесі танушының бастапқы дүниетанымдық бағдарларынан туындайды. Басқаша айтқанда, парадокс туындайды: объективтілікке ұмтылуы керек таным, шын мәнінде әлемде бұрыннан бар түсініктер негізінде жүзеге асырылады; өз кезегінде, дүниетаным таным процесі нәтижелерінен шығуы тиіс, бірақ күтілетін нәтижелерді мәнін алдын ала анықтайды. Бұл сұрақтарды құрастырудағы белгілі жағдайды еске түсіреді: жақсы тұжырымдалған сұрақ – дайын жауап.

Мұндай тұжырымға қарсылық келтіруге болады: дүниені танудың бастапқы кезеңдері дүниені қандай да бір дайын түсініктен шыққан жоқ. Бұл тұжырым дұрыс па? Әзірге, таным мен дүниетаным әрқашан бір-бірімен тығыз байланысты екені ғана анық. Сондықтан, екеуінің қайсысы бірінші орын алады деген мәселені қарастыру өте маңызды.

Мұндай сұрақты танымдық процестің басталу мәселесі тұрғысынан түсіндіру қажет: таным қай жерден, қай сәттен немесе элементтен, қандай негіздерден басталуы керек.

Бұл әдіснамалық шарт төмендегідей нәтижені анықтауға көмектеседі. Таным мен дүниетаным шынымен де тығыз байланысты, бірақ бұл абстрактілі қатынас емес. Кез келген білім, ең соңында, дұрыс дүниетанымды (және одан әрі – шығармашылық дүниетанымды жүзеге асыру) қалыптастыру үшін қабылданады. Сонымен бірге, танымдық процесс дүниетаным негізінде, кем дегенде әлі шектеулі, интуитивті, тіпті қарапайым күнделікті тәжірибе негізінде жүзеге асады. Таным процесі дүние туралы түсініктің орын алмай, басталуы да, жүзеге асырылуы да мүмкін емес. Ол ең болмағанда «табиғи көзқарастарға» сүйенеді (Э. Гуссерль терминін қолдансақ), олар жиі айтарлықтай берік, игі,

бастапқы тіректер ролін атқара алады. Мысалы, қарапайым, архаикалық деп аталатын дүниетанымның бәрі қате емес. Ой-толғаудан мынадай қорытынды жасауға болады: дүниетаным – құрылымдық бірлік, сол себепті ол когнитивтік процестің бастапқы нүктесі мен нәтижесі, ал таным бұл процесс.

Осы пайымдаудың барлығы таным мен дүниетанымды салыстырғанда дүниетаным біріншілік болып көрінетінін, сонымен қатар, қоршаған дүниені дұрыс, адекватты түсінуге ұмтылсақ, таным логикасы ең маңызды мәселе екенін дәйектейді.

Сәйкесінше, логика және эпистемология сияқты пәндерді тиімді дамыту үшін, иедалды түрде оларды бұрынғыдан шынайырақ, қандай да бір жаңа дүниетанымға негіздеу қажет. Әйтпесе, мысалы, көптеген заманауи қақтығыстарда шешу логикасын қолдану өте қиын. Мұны бүгінгі күні қандай негізде жүзеге асыруға болады: жанжалға қатысушы қай тараптардың дүниетанымы негізінде? Қазіргі таңдағы күрделі әлемде террористер мен антитеррористер, діндарлар мен атеистер және т.б. Олардың арасындағы қайшылықтарды шешу құралы ретінде қандай дүниетаным таңдау керек?

Шынайы, адекватты дүниетанымға тек рационалды және логикалық конструкциялардың көмегімен келу мүмкін емес. Логиканың көптеген сыртқы аспектілері бар. Олардың ішінде танушының субъективті қызығушылығы, оның бейсаналы қалауы мен дағдылы ұғымдары мызғымас аксиома болып көрінеді. Одан әрі, зерттеушінің ғылыми қызығушылығын тудыратын пәнге қатысты материалдар мен фактілердің барлығы дерлік болуы мүмкін емес. Әрине, логикаға жүгіну арқылы бұрыннан бар дүниетанымды дамытуға болады және ол – қажеттілік. Дегенмен, бұл жалғыз дұрыс дүниетанымға қол жеткізуге мүмкіндік бермейді.

Таным дүниетаным арқылы жүзеге асады, сондықтан логика, рационалды тәртіптер бейтарап. Олар шын мәнісінде, қатаң және толық мағынасында ақиқатты аша алмайды: бұл үшін логика басқа нәрселерге сүйенуі керек. Басқаша айтқанда, рационалдылық өз мазмұнының нақтылығын негізінен бейсаналы түрде дүниетанымды басшылыққа алады.

Бүгінгі таңда танымдық мәселелер интегралдық типтегі философияның принциптері негізінде шешілуі керек. Бұл логиканың талаптарына толық жауап берер еді. Кем дегенде қоғамдық келісім, бірлік, өзара түсіністік т.б. құбылыстарды зерттеу саласында қолдануға болады. Дүниені тұтастай түсінуге, яғни интегралды философияға, өздеріңіз білетіндей, Владимир Соловьев шақырды және ой тарихында оның «жалпы бірлік» идеясы классикалық үлгіге айналды.

Адам көп деңгейлі және әмбебап тіршілік иесі болғандықтан, таным да көп өлшемді болуы керек. Таным процесінде, егер ол өзіне қатысты емес мақсаттарға ұмтылмаса, сонымен қатар оның нәтижелерінде адамның әр түрлі шығармашылығы, оның креативтілігі көрінеді. Таным процесі параллельді және жиі қиылысатын әртүрлі формалар түрінде қозғалады, олардың арасында ғылым, философия, дін, өнер және т.б. формалар рационалды-ұғымдық ғана емес, сонымен бірге эмоционалды-бейнелі түрде көрініс табады. Бұл

формалардың барлығы өзінің терең мәнінде бір нәрсені: адам санасы мен шығармашылық қызметінің әмбебап, жалпыға бірдей сипатының көріністерін білдіреді.

Жоғарыда айтылған пайымдаулар өте перспективті болып көрінетін тұжырымға әкеледі, атап айтқанда, ғылымның, өнердің, философияның және т.б. терең сәйкестігі пен бірлігін айқындайды. Осыған сәйкес дүниетанымның перспективалары оның формаларының үйлесімді синтезінен, дүниетанымдық әмбебаптар келісімінен көру қажет. Мұндай синтездің мүмкіндігін олардың табиғатынан – дүниенің сан алуан бірлік ретіндегі көріністерінен туындайды. Біртұтас дүниені түсінуде дүниетанымның барлық формаларының ерекшелігі сақталады және олардың әрқайсысы бір-бірін толықтырады. Сонымен қатар, бұл формалардың ешқайсысы жекелеген түрде абсолютті және біртұтас, барлығын қамтитын рөл атқара алмайды.

Бірақ екі немесе одан да көп дүниетанымды белгілі бір бірлікке қалай келтіруге болады? Оларды ортақ келісімге қалай біріктіруге болады?

Бұл жерде диалогтық принципі әдіснамалық тұрғыдан маңызды.

Диалогтық принцип классикалық дамуын М.М. Бахтиннің диалогтық философиясынан бастау алады. Бахтиннің диалог табиғаты туралы көзқарастары әсіресе, Достоевский шығармашылығы мен поэтикасына арналған зерттеулерінде айқын ашылады. Ұлы жазушы шығармашылығының қайталанбас ерекшеліктері М.М. Бахтинге (Достоевскиймен ерекше диалогы) адамзаттың тамаша суретшісі шығармашылығының идеялық-көркемдік ерекшелігін ашып қана қоймай, диалогтың парадигматикалық тұжырымдамасын жасауға мүмкіндік берді.

Бахтиннің пікірінше: «бір дауыс ештеңені аяқтамайды және ештеңе шешпейді. Екі дауыс – аз ғана өмір, аз ғана болмыс» (түпнұсқасында: «Один голос ничего не кончает и ничего не разрешает. Два голоса – минимум жизни, минимум бытия») [38, б. 294]. Диалог – бұл шын мәнінде «болмыс оқиғасы», ол тірі процесс, сәйкесінше, принципіалды аяқталмаған «тірі» оқиға. Сондықтан, диалогтың процессуалды табиғаты адамның әлемге ашықтығымен, нақты еркіндік пен шығармашылық белсенділікке деген ұмтылысымен анықталады.

Бахтин тұжырымдамасында адам өмірінің әмбебап тәсілі бар және оның дуалды мәні Мен және Басқаның «бөлінбейтіндігі-біріктірімеуінен» және бұдан басқа сыртқы және ішкі жақтарының үйлесімді өзара байланысы мен өзара толықтырылуынан, үстірт және терең диалогтардан тұрады. Бахтиннің диалогтік тұжырымдамасы адамның «мәндік табиғатын» және «маңызды құрылымын» терең және толық көрсетеді, адамның негізгі өмірлік қатынастары мен «мәндік мүмкіндіктерін» ашады.

Диалог тұжырымдамасы В.С. Библердің жұмысында қызықты түсіндірмеге ие болды. Атап айтқанда, XX ғасырда типологиялық тұрғыда әр түрлі мәдениеттер бір санада, адам өміріндегі бір кеңістікте өзара әрекеттестікте болатындығын көрсетті. Мәдениетті тарихи мұрагерлігін зерттей отырып, В.С.Библер келесідей қорытынды жасады: мәдени мұрагерлікті «өрлемелі

баспалдақ» сияқты жеңілдетілген сызба ретінде түсіндіруге болмайды, онда келесі саты алдыңғылардан жоғары болады, ал адам алыптардың иығында тұрған өзін ергежейлі сияқты сезінеді. Көркемдік шынға шығу емес, мұрагерлік механизмін көрсететін, драмалық туындының даму логикасы неғұрлым қолайлы келеді. Бұл логикалық сызбада кез-келген жаңа мәдени-тарихи форма алдыңғыға оларды тастамай немесе өзгертпестен қосылады. Бейнелеп айтқанда, оны келесідей білдіруге болады: «Төртінші құбылыс. Баяғыдай және Софья да солай» – дәл осы бізмезгілдік және қосалқылық логикасы бойынша өткен ғасыр мәдениетінің жалпы кеңістігінде өнер, философия, мораль мен ғылымның тарихи түрлері қатар өмір сүрді. Библердің пайымдауынша, әртүрлі мәдени формаларды жалпылау емес, диалог және қарым-қатынас схемасы. Бүгінгі әлем үшін мәдениеттердің барлық тарихи түрлерінің (ежелгі Антика дәуірі және орта ғасырлар, Батыс пен Шығыс және т.б.) диалогы тән. В.С. Библер, «қазіргі әлемдегі кез келген мәдениет мәдениеттер тоғысында, яғни бір мезгілде басқа мәдениеттермен диалог құру барысында дами алатындығын көрсетеді. Бұл тұрғыда әр мәдениет «құбылмалы Янус» болып табылады, оның беті басқа мәдениеттерге бұрылады және сонымен бірге, өз болмысын өзгертуге және байытуға тырысады. Осындай қарым-қатынастың уақыты – осы шақ, формасы – шығарма. Сәйкесінше, мәдениет тағдыры адам тағдырымен тығыз байланысты. Көптеген тұлғалардың бірлескен, келісілген іс-әрекетінде мәдениет шығарма, қайта көрген және қайта жаратылған «алғашқы әлем» ретінде ұсынылады» [39, б. 31-42].

Диалог – мәселенің бір жағын емес, екі жағын меңгеруге және қабылдауға ұмтылу екенін баса айту керек. Демек, диалог жүргізіліп жатқан тақырыпты бір өлшемді емес, тұтас қамту мақсатын көздейді. Сәйкесінше, келісім мәселесіне қатысты тағы бір маңызды әдіснамалық негіз – тұтастық принципін зерттеу барысында қолдану маңызды.

М.Ш. Хасанов атап өткендей, «бүтін және оның бөлік категориялары объектінің белгілі бір қасиеттерін, байланыстарын объект ретінде ғана емес, сонымен қатар субъект ретінде де бейнелейді, сондықтан олар қоғамдық қатынастарды сипаттайды деген тривиальды емес идеяны алға тартады» [40, б. 8].

Қазақстандық философтардың «Диалектикалық логика» атты іргелі еңбегінде атап өткендей, дұрыс ойлау пайымдау мен бейнелеуге тікелей берілген беткі қабат, қалыптасқан қарым-қатынас қабатын нақты және адекватты жаңғыртады, оның басты сипаттамасы өзара іс-қимыл, оның барлық бөліктерінің өзара детерминациясы. Мұндай өзара әрекеттесудегі әрбір бөлігі барлық басқаларының алғышарты және нәтижесі ретінде бір мезгілде және дәйекті түрде әрекет етеді. Өзінің дамыған деңгейінде бұл ойлау тәсілі тұтасты бөліктердің қатынасы ретінде және тіпті өзін үнемі қайта жаңғыртып отыратын, соңғы бөлігі өзінің қозғалысын жаңартып, алғашқы күймен түйісіп циклдік процесс ретінде көрсете алады. Бірақ, шындық деңгейінің және осыған сәйкес ойлаудың маңызды кемшілігі – үрдісте әрбір бөліктің нақты анықталғандығы көрінбейді. Бұл жерде олардың барлығы өзара тең сияқты: олардың барлығы

бірдей анықтамаларға немесе сипаттамаларға ие. Демек, бір бөліктен екіншісіне өтуді логикалық түрде елестету, яғни бір бөліктің екінші бөлікке айналуы ретінде бөліктердің қозғалысын логикалық түрде жаңғырту мүмкін болмайды. Бұл жағдайда қозғалысты жаңғырту фиксация, мазмұны жоғалған форманың қозғалыс сипатын алады.

Нақты бүтін жай ғана бөліктердің өзара әрекеттесуі емес, өмір сүру мен дамудың барлық формаларын тудыратын, біртұтастық ретінде өзін тудыру және құру үрдісі. Бүтін, сондай-ақ әрқайсысы мүлде бір-біріне ұқсамайтын әртүрлі негіздерден, басқалардан тәуелсіз пайда болуы мүмкін эквивалентті бөліктердің өзара шартталуы арқылы жасалған формация емес. Егер, бұл пайымдау дұрыс болса, әрбір нақты бүтіннің пайда болуы кездейсоқ жағдай болып, даму сатылары болмас еді. Бұл жағдайда бөліктер бүтін қозғалысының әрбір циклін аяқтау үшін қажетті нысанды құра алмай, нақты біртұтас болмысты дамытудың қажетті әдістері бола алмайды. Себебі, барлық бөліктердің біртұтас болмысы немесе табиғатының ең адекватты формасы әдетте солардың бірі ретінде көрініс табады. «Сандық және көлемдік критерийлерді негізге алатын бұрынғы идеяларға (мысалы, «бүтін бөліктердің қосындысынан үлкен» және т.б.) диалектика олардың мазмұнын түбегейлі өзгертетін ережені енгізеді: бүтіннің құрамында әрқашан шын мәнінде бүтінге тең болатын, белгілі бір бөлік болады» [41, б. 250].

Бұл тұжырымды келісім мәселесі контекстінде қарастырып көрейік, келісімге ұмтылған екі тараптың диалогында екі тараптың да өзара мүдделеріне сәйкес келетін үшінші нәрсені (бөлікті) табу қажет дегенді білдіреді. Диалог қатысушы екі тарапқа медиация немесе тараптардың әрқайсысының шектеулі ұстанымдар шегінен шығу қажет. Тұжырым нәтижесіне сәйкес, «үшінші» элементтің ашылуы осылайша әдіс тұрғысынан өте тиімді.

Дүниетанымдық синтез, әртүрлі дауласушы тараптарды келісімге келтіру барысын құндылықтық құрамдас бөлігінсіз елестету мүмкін емес. Ақыл-ой, әрине, маңызды компонент. Дегенмен, дүниеде және адам өмірінде рационалды емес өлшем де бар. Сондықтан, дүниетаным ақиқатының негізгі критерийлерінің бірі этикалық құндылықтар болып табылатынын түсінуден бастау керек.

Теориялық және практикалық тұрғыда келісім құбылысын зерттеу мен түсінудің маңызды әдіснамалық принципі «Мен және басқа» қарым-қатынасын зерттейтін көзқарастан басталуы тиіс. Мәселен, бір тарап екінші тарапты толығымен қабылдап, сол арқылы осы екінші тараптың бір бөлігіне айналғанда ғана шынайы келісімге қол жеткізіледі.

Бұл тақырыптың әртүрлі параметрлері бар: тұлғааралық және мәдениетаралық. Бұл келісім мәселесінде кем дегенде екі тараптың қатысуымен түсіндіріледі (егер бір адам жөнінде және оның өз-өзімен, яғни ішкі келісімі немесе белгілі бір мәдениеттің бірегейлігі мен өзін-өзі сәйкестендіруі туралы сөз болса да). Сондықтан, келісім мәселесін зерттеудің теориялық тұрғыдан ең іргелі тәсілдерінің бірі салыстырмалы (компаративистикалық) талдау әдісі болып табылады.

Оның негізінде әртүрлі гуманитарлық ғылымдарда дәстүрлі түрде қолданылатын салыстырмалы зерттеу әдістері жатыр. Сонымен, лингвистика саласындағы салыстырмалы талдау деп жақын туыстас тілдерді олардың анағұрлым көне күйін қалпына келтіру мақсатында жүргізілген зерттеуді атайды. Құқықтану ғылымында салыстырмалы құқық немесе компаративистикалық зерттеулер – бұл әртүрлі мемлекеттердің құқықтық жүйелеріндегі құқық институттары мен құқықтық жүйелерін, сондай-ақ олардың құрылысындағы негізгі принциптерін салыстыру арқылы зерттеу әдісі. Философия саласындағы тарихи-философиялық салыстырмалы зерттеулер («салыстырмалы философия») немесе компаративистикалық философия деп аталады, ол өз бастауын Батыс пен Шығыстың философиялық мұрасын салыстырудан, олардың философиялық тұжырымдарын, жүйелерін, ұғымдарын салыстырмалы талдаудан алады.

Келісім концептісін зерттеу жағдайында салыстырмалы зерттеулер бір жағынан салыстыру, екінші жағынан салыстыру принциптерінің өзін логикалық оқшаулауды және тиімді нәтиже ретінде келісімнің өзін білдіреді. Сонымен бірге, салыстырмалы талдау осы контекстінде мәдениет пен өркениеттің әртүрлі стратегияларын зерттей отырып, олардың ымыраға келу мен өзара бірін-бірі толықтыру мүмкіндіктерін салыстыру арқылы анықтауға мүмкіндік береді.

Қазіргі ғылыми дискурста салыстырмалы талдау әмбебап, пәнаралық зерттеу әдісінің бір түрі ретінде маңызды рөл атқарады. XX ғасырдың екінші жартысындағы ақпараттық төңкеріс тудырған әлеуметтік-мәдени өзгерістер шекаралары нақты белгіленген классикалық ғылыми пәндердің мәселелерін қарастырудағы пәндік жиынтық сәйкес келмейді, және оларды түсінудің басқаша әдісін, рационалдылықтың жаңа түрін талап етеді.

Салыстырмалы зерттеулер интегративті типтегі пәнаралық білімнің қажеттілігіне жауап бере алатындай және бұдан басқа ғылымдар тоғысында және мәдениеттер диалогы кезінде пайда болатын мәселелерді анықтауға мүмкіндік береді. Мәселен, салыстырмалы зерттеулердің эвристикалық мүмкіндіктері ешбір жағдайды тікелей салыстырмалы талдаумен ғана шектелмейді.

Қазіргі салыстырмалы зерттеулердің негізінде белгілі бір пәннің тар шеңберінен шығу жатыр. Бұл қазіргі әлем шындығына қатысты ерекше ұстанымды алға тартуға мүмкіндік береді. Бұл жеке ұстанымдардың көзқарастарын синтездеу немесе үйлестіру емес, керісінше, олардың әрқайсысының нақты мәселенің барлық ерекшеліктерін, байланыстары мен сілтемелерін көрсету үшін теориялық толық болмағандықтан қажеттілік тудырады. Осы когнитивтік процедуралардың арқасында күнделікті өмір шындығы бұдан былай айқын және түсіндіруді қажет етпейтін нәрсеге ұқсамайды.

Компаративистикалық талдауды парадигмалар қақтығысын ушықтыру немесе жұмсарту кезінде негіз ретінде қарастыруға болады. Теориялық ұстанымдардың құндылықтық сәйкестігі жағдайында пәнаралық тәсілді пәннің

ішкі әдістеріне қарағанда оңай қалыптасады. Мұнда компаративті тәсіл негізінен аксиологиялық ұсатынымдарды салыстыруға және үйлестіруге қатысты болады, содан кейін – осы негізге сәйкес мәдениетаралық немесе пәнаралық теориялық модельді әзірлеуге қатыстылғы көрініс табады.

«Мен және Басқа» қатынасы тұрғысынан қарастырылатын салыстырмалы әдіс келесідей түсіндіріледі.

Постмодернизм әмбебап айырмашылық идеясына ұмтылады, әртүрлілік бірліктен маңыздырақ, ал бірлік тек конфигурациялар, констелляция өрісінде тұрады. Басқаша айтқанда, Мен және Басқа біреу емес, өйткені, олар әртүрлі. Дегенмен, біздің ойымызша, оларды біртұтас ететін өзіндік айырмашылық емес. Егер, бірлік қатып қалған емес, біріктіруші емес болса, басқа мәселе деп ойлаймыз.

Көрнекті француз ойшылы Эммануэль Левинас өз еңбектерінде Басқа парадигмалы фигурасы арқылы көрсетілген этикалық мәселелерге назар аударады. Тұтастай алғанда классикалық метафизика дағдарысы және атап айтқанда, классикалық субъектінің эмпирикалық Мен мен трансцендентальды Мен бірлігі ретінде, имплицитті және эксплицитті түсінілген Меннің өзіндік теңдігі қазір күш сынағына төтеп бере алмайды және енді субъектінің бірегейлігінің кепілі ретінде қызмет ете алмайды. Гуссерльдің феноменологиялық жобасын қоса алғанда трансцендентальды сананың бар екендігі туралы түсініктер, Левинас көрсеткендей, біршама иллюзорлы (бұлдыр). Оның пікірінше, «трансцендентальдылықтың бірден-бір мүмкін формасы диалог болып табылады. Демек, Басқа – менің өзіндік Меннің мүмкін болуының жалғыз кепілі» [42, б. 195].

Ең алдымен, «Басқа» ұғымына жалпы не кіретінін анықтау қажет. Бұл мәселе бойынша көптеген пікірлер бар, бірақ бұл тұжырымдаманың ең танымал түсіндірмелердің бірі – Басқа маған таныс емес басқа әлемнің, мәдениеттің өкілі, өзімнен мүлдем ерекшеленетін басқа адам.

Басқамен өзара әрекеттесу адамның бірегейлігін (немесе мәдениетін), ең алдымен өзіне деген қарым-қатынасын қалыптастыру үшін қажет. Басқаға жүгіну өзімізді жеке тұлға ретінде де, топтың мүшелері ретінде де түсінуге көмектеседі. Ерікті немесе еріксіз түрде біз өзімізді Басқамен салыстырамыз және өзіміздің Менімізді «Мен емес», Басқа арқылы ғана жете түсіне аламыз. «...Басқа – жат емес, ал бұл – мен өзім» [43, б. 257].

Адамдардың, этникалық топтар мен мәдениеттердің терең және әмбебап туыстық байланысын гуманистік тұрғыдан түсінуге негізделген Басқаның ерекшеліктері мен табиғатын зерттеу тек таным тәсілі ғана емес, сонымен бірге қандай көлемде немесе қандай дәрежеде орын алса да, адамдардың бөлінуіне, алшақтауына, бір-біріне деген дұшпандылыққа, мәдени оқшаулануға және жекешелендіру, агрессия мен зорлық-зомбылыққа қарсы тиімді құрал.

Басқамен диалог пен өзара түсіністіктің біріншілік негізгі факторы мендегі басқа сияқты немесе басқаша ойлау. Өзара түсініспеушіліктен, өзара жаттану қабырғасын еңсеру үшін Басқаға қатысты стереотиптер мен соқыр сенімнен бас тарту қажет. Белгілі бір өзіндік сын көзқарастарда орынды. Бұл әдіснамалық

бағдар адамдар мен мәдениеттер арасындағы келісімге келу үрдісінде басымдылық танытатын маңызға ие.

Көпшіліктің пікірі бойынша, келісімнің маңызды шарттарының бірі – толеранттылық. Біздің ойымызша, толеранттылық, әрине, айтарлықтай гуманистік мазмұнға толы, бірақ толеранттылық мағынасы әсіреленіп, абсолюттенген жағдайда ол қарама-қайшы ұғымға айналады.

Толеранттылық дегеніміз мейірімді қарым-қатынасқа ұмтылу және әдеттегі, «қалыпты» адам түрінен қандай да бір түрде ерекшеленетін немесе дәстүрлі түсінікке сәйкес келмейтін, жалпы қабылданған мінез-құлық стереотипіне сәйкес келмейтін адамдармен жақсы қарым-қатынасты сақтау. Толеранттылық – қиын және сирек кездесетін жетістік ретінде қарастыруға болады. Себебі, кез келген қауымның өмір сүріп, қызмет етуінің негізі – тектік сана. Адамдар бір тілде сөйлейтін немесе бір этникалық немесе мәдени топқа жататын, нанымдары ортақ адамдармен белгілі бір қауымдастыққа бірігеді. Дегенмен, адамдар әдетте «бөтен адамдарға», осы қоғамның негізгі тобырынан ерекшеленетін жандарға, қырғи қабақ танытады немесе қорқып қарайды.

Бірақ, бұл жерде мәселе дәл осында жатыр, практикалық тұрғыда барлық қазіргі халықтар бұрынғыға қарағанда тілдік, мәдени, діни және басқа да қатынастарда көптүрлі. Мәселен, бұрынғы дәстүрлі қоғамдар ғасырлар бойы өзгермейтін дәстүрлердің арқасында өз бірлігін сақтай алған, салыстырмалы түрде жабық қоғамдар деп атауға болады. Әлемде, әсіресе Батыста кең тараған бүгінгі плюрализм толеранттылық құбылысын тудырды. Қоғамның бірлігін сақтау үшін толерантты плюрализм, парадоксалды түрде қазіргі заманғы аралас адамдар қауымдастығы жағдайында қажеттілік болып отыр. Толеранттылық, біріншіден, нарықтық индивидуализмнің шарасыз салдары, екіншіден, оның тұрақты дамуының факторы ретінде анықталды.

Басқа ұлт өкілдеріне деген толеранттылық көзқарас әр түрлі айырмашылықтарға қарамастан, түбінде адам тегінің бірлігі жатқанын түсінуді талап етеді. Сенімдері немесе қалаулары бойынша бізге ұқсамайтын адамдарға төзімділік білдіру, ақиқаттың бір мәнді және тік сызықты емес екенін түсіндіреді: ол көп өлшемді, біздің тәжірибемізде жоқ нәрсені түсіндіре алатын қабілетті басқа да көптеген көзқарастар мен пікірлер бар. Болмыстың әртүрлі қырлары мен аспектілерін және болмыс туралы ақиқатты меңгеру, бүгінде біз көз жеткізген ақиқаттың толық еместігін түсіну қабілеті таным айналысатын мәселелерді саналы және шыдамдылықпен қарастыру жолында көрінеді. Осы тұрғыдан алғанда, «кейінге қалдырылған келісім» Басқамен диалог барысында үлкен рөл атқарады, мысалы, біраз уақытқа пікірталас пен өзара түсініспеушіліктен бас тартып, бұл мәселені басқа уақыт пен жағдайларда сабырлы түрде түсінуге және қайта қарауға мүмкіндік береді.

Толеранттылық бізден қандай да бір белгілермен ерекшеленетін адамдармен бірлік орнату және оны сақтау қабілеті қайырымды қасиет ретінде қарастырылуы керек сияқты, бірақ оның кем дегенде екі жағымсыз қыры бар. Олардың біріншісі – біздің наным-сенімдерімізге негізделген құндылықтарға деген немқұрайлылық. Екінші кемшілік – белгілі бір моральдық нормаларды

енгізу қажеттілігі, бұл ережелерді бұзу қоғамдастық үшін қолайсыз және қоғамдастықты фанатикалық, экстремистік ағымдардан қорғау қажет. Толеранттылық саласында төзімсіздікке төзбеушілік қалыпты жағдайға айналуы мүмкін, сондықтан өлшемді, тепе-теңдікті сақтау өте маңызды. Әйтпесе, дәстүрден кез келген ауытқу осы қауымдастықтың негізгі құндылықтарына деген опасыздық болып саналады. Философия, саясаттану және дінтану институтында, 2009 жылы «Қазақстандық қоғамда толеранттылық сана қалыптастыру шарттары» атты ғылыми жобасы аясында жүргізілген зерттеулерде толеранттылық мәселесіне талдау жасалып, сыни тұрғыда да баға берілді: «Толеранттылық принципіне қатысты сындарды екі қарама-қарсы ұстаным негізінде көрсетуге болады. Әртүрлілік (айырмашылықтар) философиясы тұрғысынан толеранттылық айырмашылықтар мен автономды ұстанымдарды тегістеуге ұмтылудың көрінісі ретінде көрінеді (постмодернистік идея), осылайша плюрализмнің болу мүмкіндігі мен толыққанды диалогты жоққа шығарады. Коммунитаризм өкілдері (Сандал, Макинтайр) толеранттылықтан релятивизм және мінез-құлық, қарым-қатынастың әмбебап адамдық нормаларын қабылдамау қауіпін меңзейді» [44, б. 46]. Толеранттылық жанжалдарың алдын алу жолдарының бірі ғана, және қоғамда немқұрайлылық, яғни нигилистік көзқарасты қалыптастырады. 1995 жылы ЮНЕСКО қабылдаған «Толеранттылықтың принциптері декларациясы» қоғамда қалыптасып жатқан бұл тенденцияларға қарама-қайшы. Диссертациялық жұмыс толеранттылық мәселесіне арналмаған, бірақ толеранттылықтан туындайтын мәселелерді, және толеранттылыққа күші келмейтін жүкті арту дұрыс емес деп ойлаймыз.

Қазіргі әлемдегі плюрализм мен толеранттылық жалпы әлемдік идеология деңгейіне көтерілді, ал бұл тұжырымдардың өзі біздің заманымызға тән символикалық идеологияға айналды. Олар жоғары шиеленіс пен қақтығыстармен сипатталатын өте маңызды дәуірді толығымен көрсетеді, сондықтан мемлекетаралық, конфессияаралық, мәдениетаралық қатынастар жүйесінде қолданылатын нормаларды жедел жетілдіруді талап етеді.

Әрине, плюрализм мен толеранттылық адамзат қоғамдастығында өмір сүру принциптері эволюциясының тарихи кезеңі және біршама жоғары деңгейі екенін жоққа шығару мүмкін емес. Демократиялық реформалар, либералдық еркіндік, мәдениеттегі өзіндік құбылыстардың қайталанбас құндылықтары экзистенциалды ғана емес, құқықтық мәртебеге ие әртүрлі көзқарастарды білдіруге мүмкіндік берді.

Толеранттылық – бұл дауласушы тараптардың әрқайсының немесе бір тараптың жалғыз ақиқат мәртебесіне деген менмендік талаптарынан жоғары принцип. Мұндай шағымдар міндетті түрде басқа тараптардың наразылық әрекеттерін оятады және халықтар, мәдениеттер мен мемлекеттер арасындағы қатаң қарама-қайшылықты тудырады.

Бірақ біздің дәуірімізде толеранттылықты тек оң принцип ретінде қарастыруға болмайтыны уақыт өткен сайын анық бола бастады. Толеранттылық өзінің мәні бойынша адамдардың басқа адаммен қарым-

қатынасында белгілі бір үлгі бола алмайды: ол тек жеке адамдар мен халықтар бейім болатын бір немесе басқа жағымсыз көріністерге кедергі келтіреді, өйткені олардың әрқайсысы өзінің «ақиқатын» қорғайды.

Сонымен қатар, толеранттылық, немесе төзімділік – басқа адамдар мен идеологияларға қатысты жасанды ізгі ниеттен басқа ештеңе емес. Біреудің пайдакүнемдік мүддесін қозғау жеткілікті – ал толеранттылық фанатикалық төзімсіздікке, экстремистік көріністерге және ашық террорға айналады. Ал адам мүддесі үнемі қозғалатынын ескерсек, әр адам, әдетте, өз пікірінде қалатынын мойындау керек. АҚШ және батыс елдері жүргізетін саясаттың бетпердесі деген де баға беруге болады.

Сондықтан, мәселенің мәні бір-біріне түбегейлі төзбейтін адамдар арасында бір-біріне деген төзімділікті тәрбиелеу мүмкін бе, әлде шындыққа жанаспай ма? Алайда толеранттылыққа шақыру сенімсіздеу жол сияқты болып көрінеді, оны кейде әртүрлі дүниетаным өкілдерінен конференцияларда және басқа форумдарда естуге болады, мысалы, мен мұндай дүниетанымға төзіммен қараймын, бірақ, мен оның негіздері, идеялары мен практикалық қорытындыларымен келіспеймін. Негізінде толеранттылық принципінен күтуге болатын максимум: бұл принцип қалыптасқан жағдайды сақтауға бағытталған, ол ақиқатқа, шынайы әлеуметтік мұратқа қарай жылжуды білдірмейді. Ал егер форум тектес іс-шаралардың қорытынды құжаттарының мәнін түсінетін болсақ, онда олардың жалпы нәтижесі тавтологиядан басқа ештеңеге әкелмейді: егер біз келісімге қол жеткізуді қаласақ, бір-бірімізге деген іштей қарама-қайшылықтарға қарамастан біз келісімде өмір сүруіміз керек. Бұл, маңызды нәтижелердің бірі бола алады, өйткені ол өзін және басқаны түсінуді талап етеді, бірақ, дәйектілігі жеткіліксіз деп те қарастыруға болады.

Мәселе, шын мәнінде, өте күрделі және оны шешу өте қиын. Толеранттылық принципі аксиологиялық тұрғыдан дұрыс және қажетті болып көрінетіндіктен, кейде абсурдтық және патологиялық көріністерге айналады. Ал «толеранттылық» ұғымының өзі дертке дағдылану дегенді білдіретін медициналық терминге барып тіреледі. Толеранттылықтың жиі заманауи түсінігінде барлық патологияларды норма деп жариялау тәсілі болып табылатыны таңқаларлық емес. Және бұл үрдіс орын алғаннан кейін патологиялар өзін-өзі айқындай бастайды. Олар енді өзін патология емес, олар жай ғана «ерекшеліктер», «сирек кездесетін жағдай» ретінде қалыптаса береді. Сәйкесінше, олар қалыпты көріністерге қарағанда «жақсырақ» болып көрінеді. Ал толеранттылыққа бағытталған бірлік идеясы құрдымға кетіп, ыдырайды.

Сондықтан, толеранттылық принципі бүгінде жүзеге асырылып жатқандай, сырттай руханилық, мейірімділік, адамдарды құрметтеу, адамдар арасында өмір сүре білу принципімен бірдей, бірақ толығымен абсурдқа әкелді.

Адам ұстана алатын жоғары құндылықтар бар, бірақ жоғары құндылықтарға еліктеу көрінісі басымырақ. Мысалы, қоғамның азғындалған, өзін жүзеге асыра алмаған, моральдық жағынан сынған жандарға жаны ашып, көмегін насихаттап, жарнамалап, дәріптеуді мүлде білдірмейді. Оларға өте бақытсыз адамдар ретінде қарау керек, бірақ ешқашан жана ұрпақтың бойында

азғындалуға деген сүйіспеншілікті тәрбиелеуге болмайды. Ницшенің «Антихрист» еңбегіндегі басты идеяны алға тартып көрелік. Егер әлсіз адамға үнемі көмектесе берсек, онда оны одан сайын әлсіз күйге ұшыратамыз, ал, керісінше, оған қолына балық ұстайтын қармақ берсек, оны адамдар қатарына қайта қосуға мүмкіндікке қол жеткіземіз.

Адамзат ең жоғары идеалдар мен оның шындықтағы епсіз немесе бұрмаланған көріністері арасында жүр. Бұл көптеген факторларға байланысты, бірақ сайып келгенде қазіргі өркениетте көп кездесетін эгоцентристік көзқарастармен байланысты.

Ал егер жаһандық үдерістердің әсерінен көп қырлы топтық мүдделер шегіне бастаса, онда тоталитарлық идеология бүкіл ғаламшардың ауқымында жеке және жалған жүйе ретінде сөзсіз үстемдік етеді, демек, ол басқа идеологияларды және басқа дүниетанымды жаншып, шығарып тастауға тырысады.

Дегенмен, көптеген өзімшілдік мүдделер мен топтық құндылықтар өзара тең құқықты бола отырып, бірге өмір сүруге ұмтылса, бұл жаһандық плюралистік көлемде өзін-өзі сақтауға бағытталған дәл осындай тенденция болады. Біреуінің өзімшілдігі басқалардың өзімшілдігіне қарсы тұрақсыз тепе-теңдікте, бұл қарама-қарсы тараптардың өзін-өзі жою бағдарламасын іске қосу қаупін тудырады. Ақырында, егер жаһанданудың эгоизмін жүзеге асыруға кедергі болуды қалайтын көптеген заманауи ағымдар мен көзқарастардың өкілдері руханилыққа – қандай да бір трансконфессиялық сенімде бірігуді шешсе, онда олар өздерінен бас тартуға мәжбүр болады. Ал мұны істеу ғана емес, ойлаудың өзі қиынға соғады, өйткені, адамдар бірлігі олардың дүниетаным бірлігін талап етеді.

Ең дұрысы, келісімге «алтын ереже» деп аталатын әдіс арқылы қол жеткізу. Ол жеке тұлғаның адамгершілік мінез-құлқының негізі, адамзат ерте заманнан бері түсінген гуманизм принципіне жұмылдырылған көрінісі. Алтын ереже бүгінде өмірдің барлық салаларындағы адамдар арасындағы қарым-қатынастың өзекті әмбебап принципі.

Қытайды б.з.б V-VI ғасырларда Конфуцийдің моральдық «алтын ереже» формуласы ең алғашқы тұжырымдарының бірі: «Өзіңе тілемегенді өзгеге жасама». Моральдың «алтын ережесі» киелі кітап Інжілдің екі бөлігінде де – Ескі және Жаңа өсиеттерінде кездеседі.

Иммануил Кант «Практикалық зердеге сын» атты еңбегінде алғаш рет моральдық ереженің терең теориялық тұжырымдамасын жасап, жүзеге асырды. Кант мораль принципін категориялық императив деп санады, яғни барлығына міндетті, бірдей мәжбүрлеуді білдіреді. Алайда, мұндай мәжбүрлеуге түрткі болатын сыртқы зорлық-зомбылық емес, ішкі сезім – парыз деп пайымдады.

«Қақтығыстың тарихи дамуы адамзат өркениетінің бүкіл өмірінде орын алады. Мемлекеттіліктің ерте формаларында және тіпті мемлекетке дейінгі тайпалық бірлестіктердің қалыптасуында адамдар арасындағы этникалық, мәдени және діни айырмашылықтарға байланысты үлкен, кіші қайшылықтар болып отырды. Қазіргі кезде планетаның әртүрлі аймақтарында қарапайым

элеуметтік топтарды антропологиялық зерттеулер деңгейінде зерттеушілер пікірлерлерінің сыни қақтығысын көруге болады және сонымен қатар, алғаш рет келісім мен бірге өмір сүру стратегияларын іздестіруді атап өтуге болады» [45].

Тайпалық қауымдық дәуірде адамдар қанды жауласудың жалпыға бірдей әдет-ғұрпын ұстанды. Мысалы: «қанға қан, жанға жан...» және т.б. Талион принципі мазмұнында тең жазаны білдіреді: бір рудың мүшелеріне келтірілген зиян, екінші бір рудың мүшелеріне келтірген зиянына тең болуы керек. Басқаша айтқанда, талион принципінің мағыналық мазмұны рулардың араздығын азайтуға бағытталды, өйткені заң қатаң әділеттілікті, тең жазаны талап етті, сәйкесінше, жазалаудың белгілі бір шекарасын белгіледі.

Тайпалық байланыстардың ыдырауы адамды қандай да бір рудың өкіліне жатқызу қиынға соқты. Рулық емес экономикалық қатынастар көбінесе қандас туыстардан да маңыздырақ бола бастады. Ру мүшесі енді туыстары үшін толық жауапкершілікті өз мойнына ала алмады. Өзгерістер жағдайында талион принципі өзінің бастапқы мағынасын жоғалта бастайды. Қоғамдағы жеке адамдар арасындағы қатынастарды реттейтін кейбір жаңа заңның тарихи қажеттілігі туындады. Жаңа заң бұдан былай адамның белгілі бір руға жататындығына байланысты болмауы керек еді.

Бәріне белгілі, моральдың «алтын ережесі» тұжырымында былай делінген: «Адамдардың өздеріне қандай қарым-қатынас жасағанын қаласаңдар, сендер де олармен сондай қарым-қатынас жасаңдар» (Луканың өсиеттерінен 6:31). «Алтын ереже» осылайша өзін басқаның орнына ойша қою мүмкіндігін анықтайды. «Алтын ереженің» біріншісіне өте жақын Жаңа өсиетте тағы бір формуласы жазылған: «Жақыныңды өзіңді сүйгендей сүй». Алтын ереже басқа адамға құрал ретінде емес, тек мақсат ретінде қарауды талап етеді.

Талион принципін, моральдың алтын ережесін және Інжілдегі сүйіспеншілік туралы өсиетін бірге қарастырсақ, моральдың біріншілік нормативтік мазмұны шығады. Жалпы, ол үш кезеңмен сипатталады:

- ол адамның басқа адаммен қарым-қатынасын реттейді: талион принципі өтемдік зиянға шек қояды;
- алтын ереже адамның басқа адамдар арасындағы барлық қарым-қатынасында теңдікті және өзара сүйіспеншілікті білдіреді;
- сүйіспеншілік туралы өсиет адамға мейірімді қамқорлық пен жақынына шын жүректен жылы ілтипат көрсету қажеттілігін талап етеді;
- алтын ереже мен махаббат өсиетінің негізі – адамның өз-өзіне деген қатынасы, ол басқа адамға қатынас өлшемінің қызметін атқарады;
- махаббат өсиетінде басқаға және өзіне деген көзқарас түптеп келгенде ең жоғарғы онтологиялық және этикалық принцип – Құдаймен анықталады.

Дегенмен, адамдардың моральдық көзқарастары бір мәнді емес. Өздеріңіз білетіндей, Иммануил Кант моральдық императивтердің екі негізгі түрін анықтады. Ең алдымен, бұл гипотетикалық императивтер. Олар гетерономды этикаға тән, яғни мінез-құлықтың сыртқы мотивтеріне бағытталған. Мысалы, егер сіз өз тұтынушыларыңызды жоғалтқыңыз келмесе, саудада әділ болыңыз.

Қоғамның гүлденуінен өз пайданды көргің келсе, ғылымның дамуына ықпал етіңіз. Ал жалпы: егер басқа адамдар саған пайда әкелетін істерді жасауды қаласаңыз, оларға да пайдалы бола білуіңіз қажет.

Бұл типтегі істердің ішінде өзі мақұлдауға лайық істер болуы мүмкін. Мақұлдауға ұмтылу, сондай-ақ жазалы болудан қорқу сезімдері бірдей, өз кезегінде, гипотетикалық императивтер деп аталатын шешуші шарттың мәніне ие болуы мүмкін. Бұл шарт Канттың ойынша, «тіпті «парызға сәйкес» әрекет етуге дайын болуы мүмкін» [46, б. 407], өйткені, басқалар дәл солай жасайды. Жалпы алғанда, бұл өзін-өзі айыптауға болмайтын, мораль тұрғысынан олар рұқсат етілген немесе «заңды» әрекеттер.

Бірақ, неміс ойшылы мораль ұғымының жоғары мағынасында адамгершілікке жататын мұндай әрекеттерді ақтайтын этиканы жақтайды. Олар адамгершіліктің априорлық заңдарына негізделеді. Олардың априорлығы олардың сөзсіз қажеттілігі мен әмбебаптығында деп түсіндіріледі. Бірақ, адамдар бұл қағиданы толық түсінеді, немесе, оның үстіне, әрқашан оны ұстанады деген сөз емес. Моральдық іс-әрекеттер Канттың ойынша, «ең жоғарғы принципке – категориялық императивке, шын мәнінде, біздің ішіміздегі Құдайға қайтып оралады. Бұл императив сөзсіз бұйрық болып табылады, ол ешқандай «егер» дегенді мойындамайды және басқа, түбінде, жеке мақсаттар үшін емес, адамгершіліктің өзі үшін моральдық тұрғыдан әрекет етуді талап етеді.

Канттағы заңдық және моральдық әрекеттердің, гипотетикалық және категориялық императивтердің арасындағы қатынас адамның дәл осындай әрекеті, мысалы, суға батып бара жатқан адамды құтқару, егер оның мотивтерін есепке алмағанда (сыйақы алу мақсатында немесе жай ғана парыз сезімге негізделген риясыз көмек әрекеті), заңды да, моральды да болып шығуы мүмкін» [46, б. 450].

Құқықтық және моральдық әрекеттердің арасындағы шекара олардың мотивтеріндегі айырмашылықтар негізінде жүзеге асады. Кант бойынша, маңыздысы іс-әрекеттің моральдық парызы мен сыртқы кейпінің сәйкестігі емес, және қайырымды адам ретінде көріну, өзіне деген жанашырлық сезімін ояту немесе басқалардан моральдық артықшылығын қанағаттандыру, басқаларға ұнау үшін емес, оны ұстануға деген ішкі ұмтылыс, ішкі парыз сезімдері екенін атап өтті.

Канттың бұл идеялары келісім идеясымен, келісім концептісімен тікелей байланысты, біз диссертацияның келесі бөлімдерінде келісімнің екіұшты, амбивалентті сипаттарын қамтуға және кем дегенде екі түрін, екі типін көрсетуге тырысамыз.

Диссертациялық жұмыстың осы тарауындағы **жалпы қорытынды ретінде** төмендегідей тұжырымдарды жасауға болады.

Келісім тақырыбын ашып көрсетуде бір-бірімен тығыз байланысты және бірін-бірі толықтыратын әдістер мен принциптердің тұтас кешені қажет, өйткені философиялық зерттеулер тақырыптың жан-жақты және тұтас түсіндірілуін қажет етеді. Осыған байланысты диалогизм принципінің

маңыздылығы жоғарылайды, өйткені ол екі қарама-қарсы бағытталған, бірақ өзара, орталыққа бағытталған қатынасты біріктіруді білдіреді. Сонымен қатар, салыстырмалы (компаративистикалық) талдау, оның әртүрлі қолданыстағы түрі қажет екені анық. Осылайша, ол адам болмысының әртүрлі кезеңіндегі келісімнің әртүрлі түрлерін салыстыруға, мысалы, «Мен және Басқа» мәселесі тұрғысында немесе этикалық императивтің екі түрлі контекстінде түсінуге мүмкіндік береді.

1.2 Келісім ұғымы: мағыналық мазмұны және концептуалды контекстер

Келісімді концепт ретінде қарастыратын болсақ, ең алдымен «концепт» терминіне қандай мағына беретінімізді нақтылау қажет.

Сөздіктер мен энциклопедияларға қарағанда концепт – көп мағыналы термин. Мысалы, шығармашылық мағынаны қамтитын креативті идеяны білдіруі мүмкін. Философия мен лингвистика салаларында концепт ұғымның мазмұны, есімнің немесе белгінің семантикалық мәні. Әлеуметтік концепт немесе әлеуметтік конструкт – адамдар осы құбылыс бар сияқты әрекет етуге немесе басқа шартты ережелерге бағынуға келісетіндіктен ғана өмір сүретін белгілі бір мәдениеттегі немесе қоғамдағы құбылыс.

«Концепт» терминінің бірнеше негізгі компоненттерін бөліп көрсетуге тырысайық.

Біріншіден, бұл «ұғым» терминінің синонимі, бірақ синоним оның мағынасын толық қамти алмайды. Керісінше, концепт кеңейтілген, іштей сараланған ұғымның аналогы.

Екіншіден, Ж.Делез бен Ф.Гваттаридің пікірінше, «философия концепттер шығармашылығы. Олар ерекше қасиеттері бар философиялық ұғымдарды «концепт» деп атады. Бұл ұғымдардың әрқайсысы басқа концепттерден тұрады және олардың барлығы бір-біріне сілтеме жасап, желіні немесе желілік құрылымды құрайды. Сонымен қатар, концепттер тарихи мазмұнға толы, олар бұрынғы философиялық мәселелер мен доктриналарға қайтып оралады, сонымен қатар өзіндік «жеке қолтаңбасы» бар» [47, б. 12]. Осы көзқарасты ұстанатын болсақ, концептерге келесі қатарды жатқызуға болады, мысалы, аристотелдік субстанция, декарттық *cogito*, Лейбниц монадасы, Канттың априорилары, шеллингтік потенция, бергсондық қызмет, және т.б.

Формальды логикада «концепт» «мағына» ретінде анықталады, ең алдымен «мағына» сөздік белгінің оның мәнімен, денотациясымен тығыз байланысты мазмұндық қырын білдіреді. Бұл сөздің негізін құрайтын мағыналық өзегі – «резервуар, сақтау орны». Бұл оны «байланыс, қосынды, жиынтық» мағынасына жақындатады.

«Концепт» тек «ұғыммен» ғана емес, «концепция» сөзімен де тығыз байланысты. Бұл талдауда да концептінің мәнін ұғым, мағыналы көзқарас, түсінік. Концепт кеңейтілген ұғым ретінде ұғым-термин, бейнелік ұғым және концепция (идея, гипотеза, теория) арасындағы жүйеленген білімді білдіреді. Сәйкесінше, концепті гипермәтіннің бір түрі ретінде көрсету қисынды сияқты.

Сөздің кең мағынасында гипермәтін – бұл мәтіннің мағыналық бірліктері әдеттен тыс, сызықты емес реттілікпен берілген мәтінді құру тәсілі. Гипермәтін әр түрлі мәтін бірліктерінің бағыну режимін, олардың мүмкін болатын комбинацияларының мағыналық бірлігінің іске асуын білдіреді. Диссертациялық жұмыста «гипермәтін» термині «келісім» концептісінің мазмұнын ашудағы маңызды белгіні білдіреді, ол бұл концепт оған қатысты басқа ұғымдардың тұтас жүйесін қарастырмай ашуға мүмкін еместігін көрсетеді. Шын мәнінде, «келісім» бірқатар ерекше «субкатегорияларды» үйлестіруді, оларды біртұтас жүйеге келтіруді немесе «желіні» білдіреді.

Келісім дегеніміз не, немесе батыстық әдебиеттерде оны қалай атайды, консенсус, әлде басқа атауы бар ма?

Алдымен «келісім» ұғымының тарихына қатысты қызықты фактіні атап өтейік. Ежелгі Рим мифологиясында келісім және неке құдайы Конкордия (латынша Concordia – келісім) болған. Ол сол қолында мүйізді мүсін, оң жағында зәйтүн бұтағы немесе тостақанмен бейнеленген. Конкордия Рим азаматтары арасындағы келісім мен бірліктің қамқоршысы болды, сонымен қатар отбасы мүшелерінің бірлігін, туыстар, әсіресе ерлі-зайыптылар арасындағы ынтымақтастықты қорғады. Рим мифологиясындағы Конкордия-Келісім ежелгі грек тіліндегі Гармонияға сәйкес келуі де қызықты фактілердің бірі. Басқаша айтқанда, ерте заманның өзінде келісімді үйлесімділік, сәйкесінше, үйлесімсіздікке, келіспеушілікке, хаосқа қарама-қарсы жоғары игілік екендігі анық түсінілген.

Келісім ұғымын әдіснамалық тұрғыдан дұрыс түсіну үшін келісімді өзіне жақын әмбебаптар ұғымдармен салыстыруды және жұптастыруды білдіреді, олардың бір мезгілде мәні басқа, мазмұны және сапасы әртүрлі болуы мүмкін. Келісім мағынасы жағынан үйлесімділікке, теңгерімділікке, тепе-теңдікке, сондай-ақ сәйкестікке, теңдік ұғымдарына және т.б. жақын, бірақ олардан белгілі бір өзіндік ерекшелігімен өзгешеленді және болмыстың әмбебап сипаттары арасында өзіндік, сапалық жағынан қайталанбас орын алады. Дегенмен, бұл келісімнің басқа әмбебап ұғымдармен жақындығын жоққа шығармайды: келісім олардың көрінісі және толықтыру формасы ретінде әрекет етеді. Сондықтан, кейбір жағдайларда келісім болмыстың басқа бастаулары мен қасиеттері бойынша салыстыру кезінде екінші орында тұрса да, кейбір жағдайларда бірінші орынға шығады.

Келісім (ынтымақтастық, келісім, ымыра) – өзгені (басқаны, бөгдені, бөтенді, жатты) өзіміздікі ететін, қабылдайтын, мойындайтын, бар немесе болатын нәрсеге "иә" деп айтатын нәрсе. Шындығында, бұл табиғат пен сананың үйлесімде болуының, болмыстың ажырамас бірлігін сақтаудың, қалыпты өмір сүрудің бірден-бір ұтымды жолы.

Диссертациялық жұмыстың бірінші бөлімінде атап өткеніміздей, келісімді төзімділік ұғымымен шатастыруға болмайды. Төзімділік немесе толеранттылық адамның белгілі бір дәрежеде қабылдамай қалуы мүмкін екенін білдіреді. Келісу – қабылдау деген сөз.

Келісім концептісінің мәжбүрлі тәуелділікке қатысты бой ұсынушылық сияқты мағынасы да болуы мүмкін. Демек, құлдық жағдайында бір адам монастырлықты, дүниеден безуді және тәннің ауыртпалығын саналы түрде қабылдаған әулие сияқты бойсұнады, ал екіншісі қожайынына деген ашу мен кек сезімін сезінеді.

Келісім ұғымының әртүрлі тілдерде көптеген синонимдері бар. Мысалы, ағылшын тілінде бұл мағынасы жағынан бір-біріне өте жақын сөздердің үлкен тобы: *acceptation*, *assent*, *alliance*, *unanimity*. Бірақ, олардың арасында ең көп таралғаны *consensus* ұғымы. Батыстың әйгілі философиялық сөздіктерінің бірінде оған былайша анықтама берілген:

«“Consensus” is a direct borrowing from the Latin, which means “agreement, unanimous judgment” (from *cum*, with, together, and *sentire*, perceive, feel, think, judge), and translates the Greek *sumpatheia* [σὺμπάθεια]... It was used in particular by the Stoics to designate agreement, conspiracy... and it was adopted by physiology to designate the interdependence of bodily organs... But “consensus” is also, at least in English and French, a good translation of Greek terms such as *homonoia* [ὁμόνοια] (literally, identity of thought, whence unanimity, concord), and even *homologia* [ὁμολογία] (identity of discourse, whence agreement)... In contemporary usage, “consensus” designates not only agreement but the human community that is based on it beyond its divisions, whether the unifying element is civil or religious» [48, б. 87].

[«Консенсус» – латын тілінен тікелей алғанда, ол «келісім, ынтымақты шешім» дегенді білдіреді (*cum*, және *sentire* деген сөзден, қабылдау, сезіну, ойлау, соттау) және грек тілінен аударғанда *sumpatheia* [σὺμπάθεια] . Атап айтқанда, бұл терминді стоиктер келісімді білдіру үшін пайдаланды... және дене мүшелерінің өзара тәуелділігін білдіру үшін физиологияда қабылданды... Бірақ, «консенсус» сонымен қатар, кем дегенде, ағылшын және француз тілдерінде *homonoia* [ὁμόνοια] (сөзбе-сөз: ынтымақтық, келісім туындайтын ой бірегейлігі) және тіпті *homologia* [ὁμολογία] (келісім туындайтын дискурс бірегейлігі) сияқты грек терминдерінің аудармасы... Қазіргі қолданыста «консенсус» тек қана келісім емес, сонымен бірге, келісімге негізделген адамзат қауымдастығы].

Бұл сөздік дефинциялары келісім ұғымының қаншалықты көп мағыналы болуы мүмкін екенін анық көрсетеді. Ол шын мәнінде, өзара байланысқан мағыналар желісін құрайды, олардың әрқайсысының өз реңктері бар.

Мәселен, біз жоғарыда диалогизм немесе диалогтық принцип туралы сөз қозғадық. «Диалог» ұғымының өзіне аздап толығырақ тоқталып, диалогтың келісім ұғымымен қаншалықты сәйкес келетінін және ымыраға келудің жолдарын дамытуға қаншалықты ықпал ететінін түсінуге тырысайық.

Егер біз келісімге қол жеткізуді қаласақ, диалогтың маңызды тұсы келесі пайымдауларда. Егер қандай да бір тақырыпты талқылауға ортақ келісім болса, тақырып бойынша әртүрлі дәлелдерге мүмкіндік беретін болса, онда, әрине, мұндай қарым-қатынасқа түсу қалыпты және қажет. Дегенмен, мұндай жағдайларда жағымсыз ақпаратты жағымды жағына қарай өзгерту әрекеті, кімге қатысты болса да, немесе керісінше әрекеттен қарағанда әрқашан

маңыздырақ, құнды болып есептеледі. Басқаша айтқанда, диалог процесінде сұхбаттасушыны айыптау ұстанымын алға тартып, келісімге әкелетін жолдарды іздеудің орнына қарсы тұруға көшу дұрыс емес.

Диалог мәселесіне қатысты негізгі идеялар, Мартин Бубердің «Я и Ты» атты атақты еңбегінде баяндалған. М. Бубер бұл шығармасында «Мен – Сен» және «Мен – Ол» қарым-қатынасын қарама-қарсы қояды, мұнда біріншісі – махаббат «диалогы», жанды тұлғааралық қарым-қатынас болса, екіншісі – күнделікті утилитарлық қатынас. М. Бубер концепциясы бойынша, «қарым-қатынастың екі түрі, дүниенің қарама-қарсы екі бейнесін тудырады; адам үнемі «Мен - Сен» қарым-қатынасында бола алмайды, бірақ сонымен бірге, тек қана Ол арқылы өмір сүретін адам, адам емес» [49, б. 29].

Бұл диалогтың өте күрделі үрдіс екенін және басқаша болуы мүмкін емес екенін анық көрсетеді. Адамдар бірегей индивидуалдықтың ең бай реңкін бейнелейді, бұл олардың материалдық мүдделері мен әлеуметтік жағдайындағы айырмашылықпен толықтырылады. Сондықтан, диалогқа қақтығыстар, соның ішінде диалог барысында туындайтын жан-жалдар үнемі кедергі жасайды.

Тарих – әртүрлі мәдениеттер мен діндер арасындағы үздіксіз күрес алаңы. Бұл бүкіл дүниежүзілік тарихтың өзіндік құндылық жүйесі, өзіндік өмір салты мен ерекше даму жолы бар елдер мен халықтардың өзара әрекеттесу үрдісі ретінде түсіндіріледі. Халықтар арасындағы бұл қарым-қатынастың негізгі модустары бар: бір жағынан, іскерлік ынтымақтастық болса, екінші жағынан, бәсекелестік болып табылады. Дегенмен, олардың табиғаты өте кең ауқымда өзгеруі мүмкін. Мысалы, бәсекелестік кейде бақталастық түрінде жүзеге асырылады, бірақ кей жағдайларда ол барлық жағымсыз салдарларды ескере отырып, тікелей қарсыласу сипатын алуы мүмкін. Сәйкесінше, елдер мен халықтардың өзара ынтымақтастығы әртүрлі формада болуы мүмкін. Халықтардың өзара әрекеттесу сипаты өмірлік маңызды экономикалық және мемлекеттік мүдделермен анықталады, бірақ көбінесе бұл мүдделер астында тереңірек сипаттағы факторлар, атап айтқанда, рухани және мәдени құндылықтарды жасырады. Оларды ескермей, түсінбей, халықтар арасындағы өзара тату көршілік қарым-қатынасқа қол жеткізу және болашаққа жоспар құру өте қиын, тіпті мүмкін де емес.

Мәдениеттердің өзара әрекеттесуі қазіргі заманның жаһандық мәселелер аясында өте өзекті тақырып болып табылады. Мұндағы мәселе мәдениеттің белгілі бір тұтастығында, сондықтан белгілі бір мәдениеттің басқа мәдениеттермен ішкі және сыртқы байланыстары неғұрлым көп жүйелі болса, соғұрлым ол өзінің дамуында жоғары дәрежеге көтеріле алады.

Мәдениеттердің қазіргі диалогына келесідей факторлар тән деп саналады:

- Шығыс пен Батыс өркениеттері арасындағы диалогты тұрақтандырудың шарты – әлемдік геосаяси ландшафттың биполярлық ұйымының сарқылуы;
- халықаралық қатынастардың әлемдік институттарының (халықаралық құқық, БҰҰ және т.б.) реттеуші рөлінің әлсіреуі;

- БАҚ пен коммуникациядағы ақпараттық төңкеріс, парадоксалды түрде диалогтан (шындыққа жанаспайтын, шындыққа ұқсас бейнелерге сендіру, иландыру) алшақ, коммуникативті тәжірибенің ерекше түрін қалыптастыру;
- әлемнің мәдени әртүрлілігін кеңейту және көпұлтты, көпмәдениетті бұқаралық қауымдастықты дамыту;
- дүниенің прогрессивті десекуляризациясы және іргелі идеологиялардың таралуы;
- жеке тұлғаның өзін-өзі бірегейлендіру – этникалық, діни және мәдени-өркениеттік топ қатарына жату рөлінің айтарлықтай артуы.

Қазіргі жағдайда ақпарат алмасудың ауқымы мен нәтижелері айтарлықтай артып келеді, мәдениетаралық коммуникациядағы көптеген кедергілер жойылуда, әлеуметтік-мәдени өмір салты біркелкі болуда және т.б. Сәйкесінше, мәдениеттердің өзара әрекеттесуінің алуан түрлі формалары бар: интеграция (конвергенция, инкорпорация, ассимиляция), өзара оқшаулану, үздіксіз қақтығыс, өзара бірін-бірі толықтыру, дамудағы параллельділік, диалог – белсенді қарым-қатынас, алмасу процесі.

Өркениеттер диалогы – өз мәні бойынша олардың идеологиялық негіздер, бастапқы нышандары және айналасында күрделі мәдени формациялар құрылатын қасиетті құндылықтар туралы диалог. «Өркениет – ашық жүйе. Ал ашық жүйе әрқашан жаңа ақпаратқа ие, ал ақпаратты өңдеу үзіліссіз үрдісті талап етеді. Өркениеттің негізгі қызметтерінің бірі – қарым-қатынас, коммуникация қызметі. Өркениет өзінен басқа келесі бір өркениеттермен әрдайым түрлі деңгейлерде қарым-қатынас құрады. Қарым-қатынас – өркениет болмысының міндетті шарты, тіршілік ету көзі... Бірду-дырдудан көз аспаған алмағайып әлемде бейбітшіліктің мамыражай күйін орнатар жалғыз мүмкіндік – мәдениетаралық диалог. Мәдениет қашанда мәдениеттер шекарасында, олардың біруақыттылығында, олардың диалогының арқасында өмір сүреді әрі дамиды. Әрбір мәдениет басқа бір мәдениеттің сұранысының жауабы ретінде, сол бір басқа мәдениеттің қажеттілігі ретінде туындайды. Мәдениеттің "пешенесіне" өзінің болмысынан тыс басқа әлемде өмір сүру жазылған, диалог – мәдениеттің тағдыры», – деп пайымдайды А. Құлсариева [12, б. 74-77].

Диалог философиясы, дәл осы кездесетін қиындықтарға байланысты, барлық мәдени-өркениеттік қайшылықтар мен қақтығыстарды шешудің кепілі бола алмайды.

Диалог құбылысы сөзсіз құнды және қажетті. Диалог пайда болған немесе бұрыннан келе жатқан мәселелерді талқылау және нақтылау ретінде өте маңызды; мәдениеттер, конфессиялар, елдер мен халықтар арасындағы диалог өте қажет; диалог адамдар арасындағы терең қарым-қатынас ретінде де өзекті және т.б. Бірақ, адамдардың өзара келісімге келуі үшін диалогизм принципі әрқашан жеткілікті бола бермейді. Диалог әлі де адамзаттың үйлесімді даму жолында айтарлықтай ілгерілеуіне алып келмегендіктен, бүгінде диалог парадигмасының бірқатар негізгі тармақтарын жаңаша түсінуді талап ететіні анықталды.

Мысалы, монолог, диалог, полифония арақатынасын түсіндіруде кейбір қарама-қайшылықтар бар. И.И. Евлампиев: «... Бахтин... бір мезгілде монологизмнің барлық мүмкін болатын формаларын жоққа шығарады, диалогизм феноменалды деңгейде тек жоққа шығарып қана қоймайтынын ескермей, тіпті мән деңгейінде «монологизмді» (яғни, көркемдік шындықтың метафизикалық негіздері) – тұлғалық орталықтардың плюрализмін жеңіп, полифонияны мазмұндық мағынасында елеске айналдыратын көркемдік дүниенің маңызды орталығы ретінде болжайды» [50].

Сонымен қатар, диалог арқылы түсінісу концепциясы, әдетте, рационалистік дискурс негізінде құрылады. Бірақ, диалог барысындағы әрбір пайымдау, әрбір аргумент және әрбір болжам әрқашан ішінара, яғни диалогқа түсетіндердің дүниетанымының бір бөлігін ғана білдіреді. Сәйкесінше, бір-бірін түсіну үшін алғашқы сөзден соңғы сөзге дейін деп аталатын, өзіндік дүниетанымын біртұтас түрде өзара жеткізуі тиіс. Бірақ, бұл көп уақытты алады, егер осы шартқа сәйкес әрекет етсе ғана адамдардың бір-бірін түсінуіне мүмкіндік бар. Оның үстіне, егер бір тараптың ақиқаты екінші тараптың ақиқатынан басымырақ түсетін болса, сонда ғана мүмкіндік жүзеге асады. Шынайы нәтижелі диалогта тараптардың толық және абсолютті теңдігі болуы мүмкін емес: біріншісі екіншісіне қарағанда әлемді әлдеқайда негізі берік және қатаң дүниені түсінуі керек. Демек, біріншісі екіншісінің (немесе басқаның) ұстанымын қабылдау мүмкіндігі сияқты, өзара түсіністік жүзеге асуы мүмкін.

Бүгінгі әлем біртұтас болып, жаһандану процестері қарқынды дамып, саяси, экономикалық, әлеуметтік, мәдени өлшемдердің жалпы маңызды стандарттары кеңірек таралуда. Сонымен қатар, елдердің мемлекеттердің тәуелсіздік алуына мүмкіндігі артып келеді, оны жүзеге асыруға халықаралық құқық пен халықаралық ұйымдар тетіктерінің жұмыс істеуі ықпал етеді. Бұл жаңа мемлекеттердің қалыптасуына әкеледі, бұл шын мәнінде әртүрлі халықтардың өзіндік болмысын, мәдени және рухани болмысын көрсетуге ықпал етеді. Басқаша айтқанда, біз әлемнің әртүрлі мемлекеттері мен аймақтарындағы әрараптандыру үрдістері аясында бірлік пен бірігу қатар жүріп жатқан көп бағытты үдерістердің куәсі болып отырмыз. Бұл көрнекі құбылыстар диалог, өзара түсіністік және келісім мәселесін өзектендіре түседі.

Қазіргі таңдағы өркениеттер диалогының әлемдегі мемлекеттер арасындағы қарым-қатынастардың тез өзгеретін үлгілеріне қарамастан өз маңызын сақтайтын терең негіздері бар. Қазіргі заманда әлемнің жаһандануының қарқынды дамып жатқан процестерінің нәтижесі әртүрлі елдер, мәдениеттер, әлемді қабылдау нормалары және т.б. арасындағы жаһандық стандарттарды біріктіру ғана емес, сонымен бірге «өзінің» және «бөтеннің» түсінігінің өзгеруі де бар. Жаһандық стандарттардың жалпы таралуы белгілі бір үлгінің орташа деңгейінің қалыптасуына әкеледі, олардың кейбіреулері міндеттіліктер қатарына қосылады, мысалы, жалпыға міндетті бастауыш және орта білім беру, мемлекеттің әлеуметтік міндеттер және т.б. Мұндай стандарттар жергілікті дәстүрлерге қайшы келмейтіні күмән тудырмайды және тарихи қалыптасқан негіздермен қатар өмір сүре береді.

Өркениеттердің конструктивті диалогының қиындықтары, ең алдымен, өзіне жат мәдени үлгілерді қабылдаудан бас тартуға негізделген. Бірақ, қалай болғанда да, «қазіргі адамның дүниетанымы басқа мәдениетке деген қызығушылығының артуына байланысты физикалық әлемді тану басқа адамдардың әлемі туралы білімнің өсуімен қатар жүрмей қоймайды. Адамдар туралы білім диалог арқылы пайда болады, содан кейін олардың арасында бөгде, бөтен, жат ұғымдар, түсініктер жоғалады» [51, б. 112].

Ғаламдық планетарлық адамзат қауымдастығының дамуы оның мүшелерінің барлық – саяси, экономикалық, әлеуметтік, мәдени мүдделерін әділ және тең есепке алуды талап етеді. Халықаралық өмірде мұндай әділеттілікті орнату міндеті әртүрлі әлеуметтік жүйелерде әртүрлі тәсілдер арқылы жүзеге асады. Мысалы, мәдениетте – жалпыға бірдей гуманитарлық стандарттарды бірыңғай енгізу және жергілікті, аймақтық этникалық мәдениеттердің ерекшеліктерін сақтау мәселесі ретінде, экономика саласында – экономикалық үрдісте тең бөлініс және тең қатысу міндеті ретінде, саясатта – әлемдік саяси жүйедегі тең құқықтар мен демократия мәселесі ретінде айқындалады.

Заманауи жаһандық әлемнің этикасы синтетикалық және көп деңгейлі құрылым болып табылады, ол уақыт өткен сайын күрделене түседі. Бұл үрдіс білімнің табиғи өсуі мен жинақталуы ретінде ғана емес, моральдың этика ғылымының пәні, трансформациясы ретінде жүзеге асады. Классикалық, нормативтік этика түрлері өзгеріске ұшырады, ол өзінің қолданбалы салаларының есебінен кеңейді, мысалы, іскерлік (бизнес) этика, БАҚ этикасы, құқықтық және саяси этика және т.б.

Жаһандық әлемдік қауымдастықта моральдың өзгеруі адамға жеке тұлға және белгілі бір жергілікті қоғамның мүшесі ретінде қазіргі заманғы қауіп-қатерлер мен сын-қатерлермен анықталады. Бүгінгі таңда жеке тұлғаның және қоғамның этикалық даму деңгейі саясат, экономика, ғылым немесе дін болсын, барлық әлеуметтік саладағы субъектілердің бәсекеге қабілеттілік, тиімділік және өміршеңдік өлшемімен анықталады. Жаһандық мәселелер этиканың негізгі: антропогендік, социогендік және мәдениетті тудырушы сияқты рөлдерін тануды талап етеді. Осы контекстті ескере отырып, қазіргі әлемдегі моральды тек адамның мінез-құлқын реттеу тәсілі ретінде қарапайым түрде түсіндіруге болмайды.

Қазіргі қоғамдағы моральдық жағдайдың жалпы көрінісі құндылықтар жүйесінің күйреуі, моральдың күйреуі немесе дәрменсіздігі, моральдың құлдырауы және т.б. ұғымдармен бағаланады және сипатталады. Бұл жаһанданушы әлемнің бүкіл құндылық-нормативтік жүйесін жаңғыртудың ұзақ мерзімді және күрделі үрдістің нәтижесі.

Қоғамды біріктіретін негіздер мен принциптерді іздестіру және оның динамикасын зерделеу барысында мынадай орынды сұрақ туындайды: постиндустриалдық дәуірде, жаһандану мен толық инновациялар дәуірінде әлеуметтік этика мұндай бірігудің негізі мен тәсілі бола ала ма?

Дүниетанымның іргетасы жаһандық, планетарлық этика, яғни өзара түсіністік пен келісім философиясы бола алады деп болжауға болады.

Дүниежүзілік адамзат қауымдастығының қалыптасу үрдісінде мораль дамуында планетарлық этиканың пайда болуы маңызды белгілердің бірі. Планетарлық этиканың басты мәні – қоғамды біріктіруге қабілетті күшке ие болуында.

Жаһандық этика қоғамда стандарттардың көптүрлі болу салдарынан, отбасының жаңа формаларының пайда болып жатқанына байланысты, көптеген конфессиялар мен деноминациялар қатар өмір сүретін және шекаралары анық емес көптеген қауымдастықтар жағдайында, білім саласының нақты белгіленген стандарттардың жоқтығымен, субмәдениеттердің үлкен санының артуына байланысты және т.б. маңызды орын ала бастайды. Бұл, жалпы айтқанда, бүгінгі постмодернистік, жаһандану қоғамдастығының шынайы көрінісі, белгілі бір дәрежеде жаңғыру үстіндегі Қазақстанда да мұндай үрдістерден қалыс қалған жоқ.

Жаһандық, планетарлық этика деп біз құндылықтарды біріктіру, мызғымас стандарттар мен принциптер, жеке ұстанымдар бостандығы туралы негізгі келісімді түсінеміз. Егер этикада келісім болмаса, онда әрбір бірлестікке хаос немесе диктаторлық режимдер, сонымен қатар, индивидуалдылық сипаттардың жойылу қаупі төнетін еді. Дегенмен, кез келген адам жасына, жынысына, терісінің түсіне, физикалық және интеллектуалдық қабілетіне, тілі мен дініне, саяси көзқарасына, азаматтық ұстанымына, ұлтына қарамастан, адамның ажырамас құқықтарына, сәйкесінше адамдық қадір-қасиетке ие.

«Жаһандық этика» ұғымының мазмұны бүкіл жер бетіндегі планеталық өркениет үшін ортақ мәдени кеңістіктің негізі бола алатын құндылықтар жүйесін қамтиды. Жаһандық этика барлық мәдениеттерде бар, барлық халықтарға, әлеуметтік топтарға, әртүрлі конфессиялардағы діндарлар мен атеистерге түсінікті, бір-біріне жақын, жалпы адамзаттық құндылықтарды табуға қабілетті теория болуға міндетті. Қазіргі ғылыми этика теориясындағы мақсат пен ізденістің негізгі бағыты ғаламдық (әмбебап, жалпыадамзаттық) этика.

Планеталық неогуманизм деп аталатын бағыт өмірлік маңызды принциптер мен құндылықтарды ұсынады. Неогуманизм декларациясына АҚШ, Ресей, Үндістан, Канада, Египет, Сербия және әлемнің басқа елдерінің көптеген ғалымдары, университет оқытушылары мен қоғам қайраткерлері қол қойды.

Декларация мәтінінен үзінді: «Ұлттық мемлекеттер ауқымында азаттық, бостандық және теңдік үшін ұлы шайқастар өтті. Бүгінгі күні тең құқықтар мен барлығына жақсы өмір сүру науқанының шегі жоқ. Бұл – біздің биік мұраттарымызға жауап беретін әлем халқының ортақ мақсаты. Электронды ақпарат құралдары мен Интернеттің пайда болуымен адамдар ешбір шекараны сақтамай және кедергісіз сөйлесе алады. Осылайша, біз барлығымыз жаңа идеялар мен құндылықтар бірден таралатын жаһандық елді мекеннің азаматы боламыз. Егер біз өзара ынтымақтастықта болсақ, бұл асқақ мұраттарға қол

жеткізе алмайтынымызға ешқандай себеп жоқ. Адамдар арасындағы ынтымақ деген ежелден келе жатқан арманды жүзеге асыру үшін біз ынтымақтастық туралы шешім қабылдауымыз керек. Енді біз өзіміздің ортақ мекенімізде, Жер планетасында өмір сүріп жатқанымызды және әлемдегі бар өркениеттер кез келген келіспеушіліктерді еңсеруге жауапты екенін, олар шынайы планетарлық қауымдастық идеясын жүзеге асыруға ұмтылу керектігін толық түсінеміз... Әлемге ортақ құндылықтарды іздеу үшін үздіксіз конструктивті диалог қажет» [52].

Қоғамдағы жалпы келісім, оның бірлігі көптеген әртүрлілікпен салыстырғанда бірліктің басымдырақ идеясына негізделген. Қалай болғанда да, жоғарыдағы қатынастың классикалық түсіндірмесі. Әртүрлілік тек бірлікке (тұтастыққа) қатысты болуы мүмкін деген формула ежелгі дәуірдегі антикадан өз бастауын алады. Бірақ, бұл формула керісінше жүзеге аспайды, логикалық қате пайымдаудан, қате тұжырымға әкеледі, өйткені, бірлік әртүрлілікті бір немесе басқа тұтастыққа байланыстыра алады. Қазіргі замандағы өзгерістерге келетін болсақ, бүгінде постмодернизмде қарама-қайшы көзқарасты ұстанады: айырмашылық бірлікке (тұтастыққа) қатысты салыстырғанда ең бастысы және «алшақтатылған, бөлектенген», толық «айырмашылықты» білдіреді. Бұл жағдайда, бірлік констелляциялар деп аталатын қатаң емес байланыс арқылы қалыптасады. Постмодернистік және классикалық ойлау көзқарастары арасындағы түбегейлі айырмашылық анық, мұнда кез келген айырмашылық салыстыруға болатындар арасындағы айырмашылық, яғни кейбір байланыстардың болуы; ал байланыс бар жерде бірлік бар.

Әйгілі сопылық автор Идрис Шах, «адамдар басты нәрсе ретінде қосалқыны негізгінің орнына, ал әртүрлілікті айырмашылық деп қабылдауына байланысты көптілік туындайды» [53, б. 341]. Сондықтан, келісім концептісі, қатаң айтқанда, постмодерндік тақырып емес. Дегенмен, айырмашылық, әртүрлілік, дисперсия идеясы келісім тақырыбын зерттеуге түрткі болатындай көрінеді. Бір нәрсе абсолютті мәнге ие бола бастағанда, еріксіз түрде қарама-қайшылықтарды теңгерімдеу, теңдестіру қажеттілігі туындайды.

Логикалық мағынада келісім әртүрлілікпен салыстырғанда бастапқыны, біріншілікті, бірлікті білдіреді. Алайда, қоғамдағы шынайы қатынастар жүйесінде ол бастапқы (яғни, адамдардың өзара түсіністік ғимаратының іргетасы болуы мүмкін), және қосалқы орынды алуы мүмкін. Оппоненттердің жеткілікті ұзақ және өзара қажетті диалогы болған жағдайда келісім біріншілік, яғни негізгі орынға шығуы мүмкін, содан кейін, бірлік келісімнің нәтижесіне айналады.

2020-2022 жылдар аралығында халықты коронавирусқа қарсы жаппай вакцинациялау туралы және пациенттердің мұндай араласуға келісімі немесе келіспеушілік мәселелері қызу пікірталасқа түсті. Бұл сұрақ – ерекше, ол біздің зерттеуіміздің мақсаттар мен міндеттеріне кірмейді, дегенмен, жалпы алғанда, келесідей мәселені атап өту қажет. Ақпараттандырылған ерікті келісім принципі бар. Бұл доктрина медициналық этикада және медициналық құқықта медициналық араласу үшін, әсіресе егер ол адам өміріне қауіп төндіретін болса,

пациенттің келісімін алу қажет және мұндай келісімді алу белгілі бір талаптар мен шарттарға сәйкес келетін доктрина болып табылады. Ақпараттандырылған ерікті келісім пациенттің негізгі құқықтарының бірі болып табылады. Бұл пациентті тексеру немесе емдеу үшін дәрігер ұсынған медициналық араласуды орындамас бұрын, емделушінің келісімін алу міндетті шарт болып табылады. Келісімді пациенттің өзінен немесе оның заңды өкілінен алу керек. Ол ерікті болуы керек, ал бұл жағдайда еріктілік мәжбүрлеудің қандай да формасының болмауы, авторитарлық пікірдің басқа қоғам мүшелеріне таңу немесе ақпараттық айлалардың қолданылуы арқылы анықталады. Келісім алдағы медициналық араласудың ықтимал асқынулары, процедураларды өту нұсқаулығы және оларды жүзеге асыру шарттары туралы түсінікті ақпаратқа негізделуі керек. Ақпараттандырылған ерікті келісім пациенттің ғана емес, дәрігердің де құқықтарын қорғау механизмі ретінде қызмет етеді. Бұған қоса, психологиялық немесе медициналық эксперименттерде, клиникалық зерттеулерде немесе адамға жүргізетін эксперименттердің басқа да түріне өз еркімен қатысу шарты болуы мүмкін.

Келісім ұғымы келісушілік ұғымымен тығыз байланысты. Бұл жерде екіншісі іске асыруға, келісімді жүзеге асырудың практикалық актісіне жатады. Сонымен қатар, келісім субъективті мағынаға ие: мұнда санасы бар акторлар қатысады. Жүйелілік жағдайында ойланбайтын акторлар да әрекет ете алады, мысалы, тірі және сау ағзаның үйлесімді (келісімде) жұмыс істейтін барлық элементтері.

Шиеленіс қатынасының екі жағы «консенсус» және «жанжал» ұғымдарын кұрайды.

Әлеуметтік жанжалдар – жеке адамдар өмірінің барлық аспектілеріне және мекемелер, ұйымдар мен кәсіпорындардың және жалпы қоғамның жұмысына қатысты ең өзекті және күрделі мәселелердің бірі. Конфликтогенділік бүгінгі әлемде адам өмірінің тым кең таралған ортасына айналды және ол үнемі агрессияның жаңа кезеңдерін қоздырады. Олардың ауқымы бойынша жанжалдар бүкіл елдер мен аймақтар арасында туындайтын, (мысалы, этносаралық және саяси қақтығыстар) және жеке ұйымның, бейресми бірлестіктің, отбасының және т. б. шекараларында орын алуына байланысты бөлінеді.

Жанжалдардың себептерін зерттей отырып, қақтығысты жағдай қарсыластардың тікелей соқтығысуына дейін де болуы мүмкін екенін түсіну керек. Сондықтан, қақтығыстардың негізгі кезеңдері мен формаларын әлеуметтік шиеленістің қалыптасуы мен дамуын зерттеу сатысында анықтау керек.

Қазіргі әлеуметтанудың теориялық және практикалық мағынада маңызды мәселесі әлеуметтік жанжал пен қоғамдық келісімнің арақатынасы. Біртұтас қоғам жанжалсыз немесе толық, абсолютті келісімге келуі мүмкін емес, және қажеттілік болып табылмайды. Қоғамда жанжалдардың толығымен болмауы дамудың стагнациясын, тоқырауды білдіреді. Сонымен қатар, әлеуметтік келісімнің шекарасы қандай екенін анықтау қажет. Егер қоғам мүшелерінің

барлығы өзара барлығымен келісімде болса, бұл шынайы қоғамдық келісім емес. Мұны, керісінше, бітімгершілік деп атаған жөн, өйткені қылмыстық қауымдастықтармен, экстремистермен және т.б. келісімге келу мүмкін емес.

Әлеуметтік келісімді оның әр түрлі деңгейлерінде талдауға болады: жаһандық геосаяси, мемлекетаралық, ұйымышлық, тұлғааралық және тұлғаишілік. Конфликтология қақтығыстарды шешу және реттеу туралы ғылым ретінде салыстырмалы түрде қоғамдық келісімнің белгілі бір кезеңіне жету механизмдерін құру мақсатында пайда болды. Әлеуметтік келісім мен қоғамдық үйлесімділікке қол жеткізу үшін жеке адамдардан тұратын қоғамда индивид деңгейінен, тұлғалық үйлесімділікті орнатудан бастау керек деген кең таралған көзқараспен де келісуге болады.

Нақты практикалық нәтижелерге қол жеткізу тұрғысынан тек келісім туындауы мүмкін бастапқы және эвристикалық негізде алға қойылған міндетке негізделген әлеуметтік келісімге келу тәсілін қолдану қисынды. Қоғамдық келісімді тек нәтиже ретінде ғана емес, сонымен бірге, үрдіс ретінде түсіну өте маңызды. Өйткені, келісім бір мезетте, кейде күтпеген жағдайларда өзінің қарама-қайшылық ұғымына айналуы мүмкін. Себебі, жанжал мен келісім, әдетте, өзара байланысты үрдіс, ал әлеуметтік топтар жанжалдың бір немесе басқа формасы арқылы келісімге келеді.

Қақтығысты саясат әлемінің маңызды сипаттамаларының бірі ретінде бірауыздан дерлік мойындау оның әмбебап сипатының пайдасына айтарлықтай салмақты дәлел бола алады. Бұл заңдылық жолы, егер адамдардың кез келген қауымы, әсіресе жоғары ұйымдасқан қауым, әртүрлі қоғамдық және саяси күштер, институттар, ережелер және т.б. мүдделерін біріктіреді және ал мұндай әрекет өз кезегінде әртүрлі қарама-қайшылықтарды, қақтығыстар мен тараптар арасындағы жанжалдарды білдіреді.

Осыған орай, саясат билік қатынастарына қатысу немесе, ең болмағанда, билік бөлінісіне әсер ету әрекетін білдіретінін атап өткен жөн. Сонымен қатар, саясат белгілі бір саяси топтың, қозғалыстың, партияның ұстанымдарын негіздеу, қолдау және қамтамасыз ету ғана емес, қажет болған жағдайда олардың саяси қарсыластарының ұстанымын дискредациялап, нұқсан келтіруді де мақсат етеді. Сәйкесінше, саяси әлемді әртүрлі саяси күштер өкілдерінің билік үшін, осы күштердің атынан үндеу жасап, әрекет ету құқығы үшін бәсекелестік пен күрес алаңы ретінде түсіндіру қисынды. Ең алдымен, біз саясатта қоғам иелігіндегі маңызды резервтердің бірі, бедел мен әлеуметтік ықпалдың негізгі көздерінің бірі – билік туралы айтып отырмыз.

Бұл жанжал аясы тар мақсаттардан бас тарту сипатында әрекет жасау нәтижесінде қарсылас тараптар арасында шиеленісті қарама-қайшылық әлеуметтік революцияға, әскери төңкеріске және азаматтық соғысқа дейін ұласуы мүмкін. Егер қоғамдағы әртүрлі көзқарастар мен мүдделерді көздейтін тараптар бір-бірімен мүлдем келіспейтін болса, адамдар бірге үйлесімді өмір сүре алмайтыны да анық. Адамдар басқа адамдармен бірге өмір сүруге деген ортақ мұраттарының сәйкес келуіне байланысты қоғамдастыққа бірігеді. Мысалы, азаматтық қоғамның мақсаты – әртүрлі әлеуметтік күштер мен

мүдделер арасындағы бірлікті қамтамасыз ету. Ол іштей белгілі бір нормаларды, ережелерді және шекараларды қамтиды, оларды бұзуға болмайды және әртүрлі күштердің күресі арасындағы деструктивті тенденцияларға тосқауыл қоюға қабілетті. Оның үстіне, бұл тенденцияларды өзгерту арқылы оларды жасампаз, оң бағытқа бағыттауға мүмкіндігі бар.

Сонымен бірге, азаматтық қоғамның мемлекетке қарамастан, жеке тұлғаны жалпы қабылданған ережелер мен заңдарды сақтауға мәжбүрлеуге арналған өзіндік құралдары мен мүмкіндіктері бар деп айта аламыз. Сондықтан, азаматтық қоғам отбасы, мектеп, қоғамдастық, ерікті ұйымдар немесе одақтар сияқты институттар атынан өзіне жүктелген қызметті тиімді атқара алады.

Мемлекетке мұндай рөл тән емес, ол азаматтық қоғам құрылымдары өз қабілетсіздігін анық көрсеткен жағдайларда ғана оны жүзеге асыруға жүгінеді. Алайда, саяси құбылыс өзінің маңызды мақсаты мен міндеті ретінде әлеуметтік топтар, әлеуметтік институттар, адам қызметінің жеке және қоғамдық аймақтарының жалпы байланысы мен өзара әрекетін белгілейді. Басқаша айтқанда, олардың болмысы мен дамуының факторлары, формалары мен шектері туралы сараланады, онсыз ешбір жүйе, оның ішінде саяси жүйе де өмір сүре алмайды.

Осы пайымдаулар мен талдаулардан саясат мүмкіндігінше адамзат қоғамында туындайтын қайшылықтар мен ашық қақтығыстарды бейбіт және үйлесімді шешу, тараптардың татуластыру, белгілі бір мемлекет немесе қауымдастықтағы барлық азаматтардың біркелкі және қарама-қайшы мүдделерінің үйлесімде болуын қамтамасыз ететін тәсілдерді іздестіру керек деген қорытынды шығарамыз.

Азаматтық қоғам – бұл көптеген қақтығыстар және тікелей қарама-қайшы мүдделердің соқтығысуы мен өзара әрекеттесу саласы. Ал, саяси әлемді қарастыратын болсақ, ол қоғамның барлық мүшелерін біріктіретін принциптердің бастамаларын қамтиды. Саяси идеяның ең толық көрінісін ұсынатын және, осылайша, жалпыға бірдей ерік-жігердің іске асу механизмдерін көрсететін мемлекет, қоғамдық-саяси жүйенің барлық салалары бойынша іргелі мәселелердің келісімге қол жеткізу жағдайларын қамтамасыз етуге міндетті. Сонымен бірге, мемлекет мәселені шешу үшін кез келген адамзат қоғамына тән құралдар мен тетіктерді ғана емес, мемлекеттік билік, заңнама, құқық және басқа да бірқатар сыртқы формаларды, механизмдер мен институттарды пайдалануға құқылы.

Сонымен қатар, саяси әлемнің негізгі қызметі – көп бағытты мақсаттарға, қоғамның сан алуан топтары мен қабаттарына бөлінген қоғамның бірлігін қамтамасыз ету.

Саясат қақтығыспен тығыз байланысты. Міне, сондықтан да саяси философиядағы басты мәселелердің бірі, мүдделердің сөзсіз бәсекелестігінен туындайтын жанжалды, тәртіп пен қоғамдық келісімді сақтау талаптарымен қалай үйлестіруге болады деген сұрақ, онсыз кез келген адамзат қоғамдастығының қалыпты өмір сүруін елестету мүмкін емес.

Келісімнің басқа қырлары да «Andressein – бытие в ином, бытие в другом, свое другое» (Гегель терминологиясында) бар екенін түсіну керек. Келісімнің бұл басқа жақтары келіспеушілік, конфликт (жанжал), сонымен қатар келісімнің гипертрофиясы – унификация және конформизм. Сондықтан, келісім құбылысы мен ұғымын түсінуде нақты тәсілдер қажет. Бұл идеяны В.Ю. Дунаев пен В.Д. Курганская өз еңбектерінде жақсы ашып, көрсетеді. Олар келісім, ынтымақтастық, бірлік сияқты ұғымдардың модификацияларын (түрлендірулер), әртүрлі трансформацияларын (өзгерістерін) көрсететін көрнекі кестелер мен диаграммаларды ұсынады. Бұл түрлендірулерде олар унификация, тұлғасыздандыру, конформизм, тоталитаризм түрінде көрінеді. Алайда, сонымен бірге, осы қарама-қайшылықты анықтамалардың барлығы бір-біріне рефлекс тудырады және қоғамдық дамудың нақты жағдайларында күрделі, таңқаларлық, бір мағыналықтан алыс бейнеге айналады. Осылайша, В.Ю. Дунаев пен В.Д. Курганская пікірінше, «әлеуметтік философияда теріс сенім қалыптасады: әлеуметтік-тарихи шындықты жалпы заңдар тұрғысынан талдау және оны тұжырымдамалар арқылы реттеу оның ерекше семантикалық құрылыстарындағы нақты жағдайды талдаудан гөрі мүлдем басқа ойлау процедурасы болып табылады деген сенім» [54, б. 316]. Авторлар бұл идеяны өз ойларын нақтылау үшін толықтырады: «Әлеуметтік онтологияның ерекшелігі оның жеке адамдар мен топтардың өзара әрекеттесу жағдайының белгілі бір ережелерімен сипатталатын пәнінің болуы. Бұл ережелерді ашуға болады, ал жағдаяттарды прагматикалық қатынастардың реттелген құрылым логикасына сәйкес олардың айналмалы және айқас қайта кодталу, мағыналық түрлену және ауысуларының қозғалысы арқылы типологиялық қалыпқа келтіруге болады» [54, б. 318].

Осы бөлімшеде жүргізілген талдау алдын ала келесідей **қорытындылар** жасауға мүмкіндік береді.

Келісім туралы тұтас түсінікті қалыптастыру үшін келісім құбылысының барлық ішкі реңктері мен сыртқы байланыстарын, оның басқа құбылыстармен және оған жақын ұғымдармен байланысын ескеруді талап етеді. Келісім, консенсус ұғымдарын бірлікке қол жеткізудің нәтижесі ретінде қарастырдық, оны ымыраға келу, конформизм ұғымдарының семантикалық мағынасынан ажырата білу қажет, ымыраға келу – шиеленісті, негізінен мәжбүрлі немесе жартылай келісім, ал конформизм – ойын ережелерін белгілейтіндермен үнсіз келісім. Бұл дихотомиялар келісімнің сыртқы байланысын (формальды, шартты және т.б.) немесе ішкі (терең-психологиялық, шынайы) байланыс ретінде әрекет ететінін анық көрсетеді.

Осылайша, терең зерттеу нәтижесінде келісімнің екіұшты құбылыс екені белгілі болды. Келісім өз көріністерінде екіжақты, амбивалентті қасиеттермен сипатталады, келісімнің жағымды жағы немесе жағымсыз жағы да бірінші орынға шығуы мүмкін. Келісімнің осы немесе басқа сипатын анықтау кезінде келісімнің бұл жағдайда кіммен және ненің атынан, қандай мақсатпен жүзеге асырылатынын анықтауға мүмкіндік беретін нақты көзқарас қажет. Келісімнің мотивын анықтау жағдайы канттық моральдылық мен заңдылық арасындағы

айырмашылықпен бірдей: келісімді тек сыртқы ұстанымдарға байланысты бағалау өте қиын, өйткені бір әрекет әртүрлі мотивтерден туындайды. Консенсус пайдаға ұмтылудың нәтижесі болуы мүмкін, немесе екі жақтың бірігуге және өзара әрекеттесуге ішкі, рухани-эмоционалдық бейімділігінің нәтижесі болуы мүмкін.

Ең дұрысы, келісімнің екі түрінің синтезі, яғни рухани-эмоционалды, сезімдік-бейнелі жағы рационалды келешек пен мүмкіндіктерді анықтайтын бірлікті құрауы керек.

Келісім өзінің мәндік мазмұны бойынша, нақты концептуалды мағынасында бірліктің ішкі негізі болып табылады. Келісімнің екіжақты, амбивалентті сипатына қарамастан, өзінің ұғымдық өзегінде жағымды көрініс табады. Келісімнің кез келген көрінісі, тіпті мағыналық мағынасында теріс реңктері басым болса да, түрленген, өзгертілген және бұрмаланған түрде болса да, белгілі бір үйлесімділік формасы ретінде қызмет етеді. Келісім белгілі бір өміршеңдік дәрежесі мен даму мүмкіндіктері бар, әрқашан тұтастық немесе бірлік формасы ретінде құрылады. Сәйкесінше, келісім концептісі бірліктің ішкі негізі, оның ішкі астары бола отырып, қарама-қайшылықтарды байланыстыру, қайшылықтарды еңсеру және жанжалдарды шешу қызметін атқарады.

1.3 Батыс, Шығыс пен Қазақстандағы мәдени-өркениеттік топстардағы келісім стратегиялары

Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдардағы зерттеу әдістерін таңдау, әдетте, тарихи материалдарды ескеруді талап етеді. Біздің жағдайда, бұл адамзаттың ой тарихында келісімді қалай түсінілгенін және оны мәдениет тарихында қалай жүзеге асырылғанын анықтау.

Келісім философиясы жаһандық бірлікті қамтамасыз ету және өркениеттік бірегейлікті сақтауға байланысты теориялық рефлексия ғана емес, сонымен бірге диалогтың нақты тәжірибесін де қамтиды. Теориялық интерпретация әдісі философиялық мәтіндерді түсінудің заманауи әдістерін жүзеге асыруға мүмкіндік береді, бірақ диалог мәдени коммуникацияның ұзақ тәжірибелік процесінде ғана шынайы жетілген жемісін бере алады.

Тағы бір қиындық ретінде, келісім концептісі әртүрлі мәдени-өркениеттік парадигмалардың тәжірибесін өзінің бойында шоғырландырады. Сонымен қатар, бұл әдіснамалық жағынан үлкен артықшылыққа ие, өйткені әртүрлі мәдениеттер мен мәдени-өркениеттік хронотоптардың тәжірибесі келісім мәселесін тереңірек және кеңірек қарастыруға мүмкіндік береді. Осыған байланысты келісім философиясы шекараны кесіп өте отырып, әлемдік ауқымда таралады, сонымен бірге ұлттық және аймақтық мәдениеттердің жетістіктері мен теңдессіз ерекшеліктерін сақтай алады. Және керісінше: ұлттық мәдени әлемдердің ең ауқымды жетістіктерін сақтай отырып, келісім философиясы оларды әлемдік кеңістікке шығарады.

Келісім мәселесінің оң шешімін табу үшін алдымен не қажет?

Енді осы бағыттағы кейбір маңызды қадамдарды белгілеп көрейік.

Көптеген мәдени-тарихи зерттеулер әлемдік мәдениеттің біртекті білім ғана емес, сонымен бірге екі қарама-қарсы бастаудан тұратынын жеткілікті түрде көрсетеді. Олардың бірі Батыс әлемінің көптеген мәдениеттеріне тән болса, ал екіншісі шығыстық кеңістіктегі мәдениеттерге тән болып келеді. Батыс мәдениеті негізінен рационалистік құрылымдармен ерекшеленеді, ал Шығыс мәдениеті иррационалдылыққа толы: діни, сезімдік-бейнелі, интуитивті және т.б. мәндері көрінеді.

XX ғасырда белгілі бір жалпыадамзаттық мән туралы түсінік, оны тудырған философиялық дәстүрде, яғни Еуропалық философияда жойқын сынға ұшырады. Ағарту идеалы, ойлау субъектісінің идеалы, оның санасында тәуелсіз және ешнәрсеге тәуелді емес, таза ақыл идеалы, XIX және XX ғасырларда Ф.Ницшенің, С.Кьеркегордың, экзистенциализм мен постмодернизм бағытындағы тұжырымдамаларда қайта қаралды. Басқа, еуропалық емес мәдениеттерде басқа заңдылықтар, басқа қасиеттер мен сипаттамалар бар екендігі анықталды. Мысалы, қытай, жапон, араб мәдениеттерінің ерекшеліктерін атап өтуге болады.

Бірақ, батыс және шығыс мәдениеттері арасында айтарлықтай айырмашылықтар анықталғанымен, Батыс ойшылдары батыстық дәстүрді әмбебап, жалпыадамзаттық деп санайды және осы дәстүрді жиі жалғастыратынын атап өткен жөн. Шындығында, бұл барлық басқа халықтар мен мәдениеттерге батыстың парадигмаларын барынша енгізуге (таңуға) алып келгенін байқаймыз. Оған дәлел ретінде заманауи вестернизация процесін көрсетуге болады, яғни батыстық құндылықтарды жалпы әлемге тарату мәселесі айқын көрініс бергеніне куә болып отырмыз. Шын мәнінде, біз мәдени тоталитаризмнің бір түрі, мәдени дәстүрдің біржақты экспансиясы, оның басқа мәдени топстарға таралуы туралы айтып отырмыз.

Батыс пен Шығыстық мәдениеттің шаруашылық жүргізудегі, оның құрылымдық жүйесіндегі айырмашылықтар жөнінде Б.Ф. Нұржанов «Город и степь» деп аталатын мақаласында қарастырады. «Мақалада қазақтың дәстүрлі мәдениеті, өмір сүру салты, оның тұрмысы мен болмысы көшпенділік сипатта, және көшпенді өмір салты өзіндік салт-дәстүрлер, әлеуметтік институттар мен адамгершілік, діни, құқықтық, ойлау қабілеті, ділі, және мәдени формалар мен өнер түрлерін қамтиды, және ол экономика мен техниканың күші немесе философиялық тілде айтқанада, техникалық-урбанистикалық болмыс модусына негізделген батыстық отырықшы мәдениетінен өзгеше деп түсіндіреді» [55, б. 41-49]. Өз зерттеуімізде қазақтың мәдениетінің сипатын ғалымдар құрып кеткен парадигма арқылы қарастырдық. Бірақ, европоцентристік, ориенталистік бағыттағы ойлармен келіспейтініміз, қазақ дәстүріндегі мифологиялық, діни, тарихи аспектілерді қарастыруымыз дәлел бола алады. Қазіргі кезде қалыптасқан екінші парадигма бар, қазақтар тек көшпенді өмір салтын ұстанған жоқ, сонымен қатар ортағасырларда отырықшылық мәдениет дамыды деген көзқарастар айтылып жүр. Тарих ғылымдарының докторы Уахид Шарикенов «Түріктердің отырықшы мәдениеті» кітап жазды, және ол түркілерді және олардың бір бұтағы саналатын қазақтарды көшпелі мәдениет қана бар дегенге

үзілді-кесілді қарсымын. Қазақтарда жартылай көшпелі, көшпелі, отырықшы мәдениет иегері ретінде қарастырады. Әрине, біз зерттеу тақырыбынан алшақтап бара жатқанымызды сеземіз, бірақ, қазаққа келісімнің стихиялы сипаты тән деген тұжырымдамамызды дәйектеу барысында белгілі бір түсінбеушіліктерге жол бермес үшін өзіміздің ұстанымымызды айқындап кетуді жөн көрдік.

Еуропалық философияның мәдениет пен рационалдылық бір полюсте, яғни ақыл-ойдың әмбебап екендігі, ақыл-ой адамның мәнін құрайтыны және бұл жалпыадамзаттық қасиет, ал мәдениет – жалпыадамзаттық ақыл-ойға қосымша нәрсе деген дәстүрлі идеясы. Тағы бір полюс – мәдениеттің өзі рационалдылықты анықтайды деген түсінік.

Бұл елдер мен қазіргі әлемнің күш орталықтары арасындағы қарым-қатынастың өзекті сұрақтарына тікелей қатысты мәселе. «Бұл қақтығыс *қазіргі дәуірдің негізгі қарама-қайшылығын* көрсетеді, көбінесе жаһандану дәуірі деп аталады – бір, локалды (еуропалық-американдық) мәдениет жасаған өркениеттік модельдің жалпыадамзаттық сипаты туралы тұжырым мен басқа да локалды мәдениеттердің (араб-мұсылман, үнді, қытай, орыс және т. б.) өзінің өркениеттік жобаларын ұсынған, тарихы мен қазіргі кездегі мәдени даму векторларының көптігі арасындағы қайшылық» [56, б. 23]. Бұл екі тәсіл идеялық және іс жүзінде бір-біріне қарсы тұратын ұстанымдар мен бағдарлар.

«Шығыс пен Батыстың жаһандық диалогының стратегияларын зерттеу, келісім концептісін негіздеу және ұлттық дискурста алынған тәжірибені экспликациялау интегралды дүниетанымды, өркениеттер серіктестігін және мәдениеттер диалогын дамытуға ықпал ететін философиялық әдістер мен пәнаралық тәсілдер негізінде жүзеге асырылуы мүмкін. Бұл тәсілдердің құрамында компаративті талдау әдісі ерекше рөл атқарады, ал оны жүзеге асыру тәсілі этносаралық келісімнің ұлттық модельдерінің матрицаларын қолдану, әсіресе қазіргі әлемде көптеген елдер полиэтникалық және көпконфессиялық құрылымдар болып келеді. Басқаша айтқанда, Шығыс пен Батыстың, әртүрлі діндер мен дүниетанымдардың кездесуі әрбір сондай елде, оның ішінде өзінің сипаттамасы мен ерекшелігі ретінде көрсетіледі. Бүгінде моноұлттық мәдениеттер азайып келеді» [57, б. 2-5].

Шығыстық келісім парадигмасында Құдайдың әлеммен, адаммен жан-жақты бірлігі туралы ежелгі үнді доктринасында жақсы сезіледі. Бұл доктринаны XIX ғасырда көрнекті орыс философы Соловьев В.С. дамытып, оны біртұтастық философиясы деп атады. Ол былай деп жазған еді: «Міне, осы құлдық пен бөліну елінде бірнеше жеке ойшылдар жаңа, ешкім естімеген сөзді жариялайды: барлығы бір <...> Барлығы бір – бұл философияның алғашқы сөзі болды және бұл сөз адамзатқа оның бостандығы мен бауырластық бірлігі туралы алғаш рет жарияланды <...> Егер барлығы бір болса, әрбір тіршілік иесін көргенде, мен өзіме айтуым керек: бұл сен (tat twam asi), касталардың бөлінуі қайда кетеді, брамин мен чандалдың қандай айырмашылығы бар. Егер барлығы біртұтас болмыстың өзгеруі болса, және мен бұл болмысты өз

болмысыма тереңірек үңіле отырып тапсам, онда мені басатын сыртқы күш қай жерде болады, содан кейін мен неге құлшылық жасаймын» [58, б. 377].

Упанишад мәтіндерінде жазылған бұл философия Атман мен Брахманның бірлігі, адам табиғатының құдайлық табиғатпен байланысы туралы негізгі идеядан туындады. Мұндай тұжырымдама әлемнің мифологиялық бейнесіне ғана тән, мұнда «барлығы бір, бәрінде бір» немесе «барлығы бәрінде» формуласы негізгі принцип болып табылады. Ең көне «Сен – Олсың» (Тат твам аси) доктринасы уақыт пен маңыздылық бойынша субъект пен объектінің, адам мен әлемнің, адамның және басқа адамның теңдігі туралы негіздің алғашқыларының бірін білдіреді.

«Бұл теңдік... бұлыңғыр гипотеза емес, – деп атап өтті ең ірі үнді философы Сарвепалли Радхакришнан, – барлық саналы ойлаудан, сезім мен ерік-жігерден қажетті қорытынды <...> Субъект пен объектінің осы бірлігі туралы, кең таралған және жан-жақты, бір орталық шындықтың болуы туралы ойлау басынан бастап сенушілер доктринасында құрылды». Діни мистицизм мен терең тақуалық ұлы диктумның ақиқатын куәландырады: «Онда сен барсың», «Тат твам аси» [59, б. 140-141].

Шығыс дәстүріндегі философиялық келісім тұжырымдамасының типологиялық сипаттамаларын зерттеу барлық адамдардың табиғатының маңызды бірлігі туралы конфуцийлік презумпцияны қолдану арқылы жемісті жүргізілуі мүмкін. Конфуцийдің принципті тұжырымы белгілі (Лунь юй, VII, 2): «адамдар табиғаты бойынша бір-біріне жақын, ал әдеттері бойынша бір-бірінен алыс» [60, б. 131]. Бұл адамның мәні мен жүре біткен қасиеттер арасындағы айырмашылықтарды меңзейді. Сонымен қатар, адамдар арасындағы айырмашылықтар адамның моральдық қасиеттері мен жалпы табиғатына қатысты емес.

Бір қызығы, әрі маңыздысы: Конфуций бойынша, адамдар табиғаты бойынша біртұтас, яғни, өзіндік табиғатына туындайтын рефлексия арқылы емес, бастапқыда адамдардың бірлігі мен айырмашылығы туралы кез келген рефлексияға дейін. Адамдардың біртұтас табиғаты оларды өздігінен қарым-қатынас жасауға, жақындасуға, бірлікке итермелейді.

Ежелгі Грекияда келісім тұжырымдамасының маңызды тұстарын Гераклит бейнелеген. Оның мәтіндегі фрагменттерінің бірінде:

«Дұшпандық байланыстырады.

Бөлінушіліктен–

Үйлесімділік ең әдемі.

Және бәрі Алауыздықтан туындайды» [61, б. 158].

Гераклит, бәлкім, қарама-қарсы дұшпандар өздерінің дұшпандықтарында біртұтас екендігі туралы қарапайым дүниені ғана емес, сонымен бірге үйлесімділік әрқашан дұшпандықты жеңу, бірікпейтінді біріктіру, қарама-қайшылықтарды қатаң емес бірлікке келтіруді меңзейді. Осыдан келісім белгілі бір тоқырау емес деген қорытынды жасауға болады. Келісім – бұл қозғалыс, бұл дамудың ішкі сәті және оған кейде өте күрделі және ұзақ жолмен қол жеткізеді.

Осы мағыналық тұрғыда Әулие Августиннің пікірін де атап өтеміз: «Зұлымдық – бұл жеке-дара алынғандағы бір нәрсенің екінші нәрсемен келіспеуі, бірақ оның өзі басқамен келіседі, демек, ол бұл жерде жақсы және ол өзінше алғанда жақсы болып шығады» [62, б. 199].

Жан-Жак Руссоның ең маңызды шығармасы – «Әлеуметтік келісім» («Contrat social»). Бұл XVIII ғасыр философиясының рухын түсіну үшін өте маңызды саяси трактаттардың бірі: ол сол дәуірдің ой-пікірін сипаттайтын қоғамға деген таза рационалистік және абстрактілі қатынастың үлгісі бола алады. Екінші жағынан, ол француз қоғамының саяси тәрбиесіне орасан зор ықпал етті және бұл трактаттың идеялары революцияның, әсіресе оның дамуының екінші кезеңінде жетекші принциптерге айналды. Шынында да, қоғамдық келісім негізі таза рационалистік. Руссоның пікірінше, «Адам еркіндікпен туылады, бірақ ол барлық жерде шынжырға байланған, ал қоғамдық тәртіп табиғатпен берілмейді, сондықтан ол келісімдерге (конвенцияларға) негізделген, нәтижесінде барлық мәселе олардың қандай келісімдер екенін анықтау» [63, б. 198-200].

Ортағасырлық араб әлемінде де келісім мәселесін түсінудегі қызықты тәжірибелерді кездестіруге болады. Мысалы, Әл-Фарабидің мәдениетаралық сұхбат доктринасы осындай.

«Қайырымды қаланың барлық тұрғындары білуі керек, жалпы нәрселер мыналар», – деп атап өтті ойшыл. Біріншіден, олар бірінші себепті және оның барлық атрибуттарын білуі керек; содан кейін – материядан бөлек өмір сүретін заттар және олардың әрқайсысына тән атрибуттар, сондай-ақ олардың әрқайсысының іс-әрекеттік ақыл-ойы мен қызметіне дейінгі сатыларды; әрі қарай, олар аспан денелерін және олардың әрқайсысына тән атрибуттарын білуі керек; әрі қарай – осы заттардың астында орналасқан табиғи денелер және олардың қалай түзіліп, жойылатыны...» [64, б. 338]. Қысқаша айтқанда, Әл-Фараби қайырымды қаланың тұрғындары біртұтас дүниетанымға ие болуы керек деп атап көрсетеді.

Біртұтас дүниетаным бөлек және ресми идеология ретінде жалпыға міндеттелетіндей дұрыс көзқарас болуы міндетті емес екендігі түсінікті. Керісінше, біртұтас дүниетаным басқа дүниетанымдарды органикалық түрде синтездеуге, оларды өз орындарына қоюға немесе адамның ізгі қасиеттерін дұрыс дамыту мен тиісті тәрбиелеу негізінде құрылуы міндетті. Осы мәселе жөнінде фарабитанушы Құрманғалиеваның Ғ.К. пікірі біздің интерпретациялық мәтінімізді айғақтай түседі: «Әл-Фараби қайырымды мемлекет құрудағы басты нәрсе мемлекет азаматтарының «дұрыс» адамгершілік қағидалары арқылы және «дұрыс» бағытта тәрбиеленуі, мұндай нәтиже тек «дұрыс» көзқарас болғанда ғана мүмкін деп есептейді. Осылайша, оның түсінігіндегі білім іс-әрекетке жол сілтеуші жұлдызға айналды, ал ақиқат білімге сәйкес орындалатын іс-әрекет – қайырымды әрекет. Сондықтан адамның бақытқа жетуі, ал қоғамның жалпы игілікке жетуінің басты шарты – ақиқат білімі бар және азаматтарды ең жоғарғы ақиқатты түсінуге талпындыра тәрбиелейтін қоғам қалыптастыру. Әл-Фарабидің пікірінше, адам бірінші кезекте, дұрыс іс-әрекет жасауға мүмкіндік

беретін білімге ие болуы қажет, ал адамдардың білімсіздігі салдарынан жасалатын зұлымдық пен әділетсіздікке жол берілмеуі қажет, өйткені «дұрыс» мемлекеттік құрылымда ағартушылық, білім беру және интеллектуалдық мәдениетті тәрбиелеу қағидалары басты рөл атқарады» [65, б. 44].

Әл-Фарабидің пікірінше, адамдар арасындағы байланыстың негізінде не жатыр? Қайырымды қала тұрғындарының көзқарасы туралы трактатта ойшыл былай дейді: «көп адамдар, адамдар арасында белгілі бір байланыс, сүйіспеншілік пен келісім бар деп санайды, бірақ олар осы байланыстың негізін түсінуде бір-бірінен алшақтайды деп ойлайды. Кейбіреулер адамдардың біртұтастығы бір ата-бабадан шыққан деп санайды, басқалары бұл байланыстың негізі неке қатынастары бойынша туысқандық байланыс екенін ескертеді, ал үшіншілері, байланыстың негізі ант, одақ және өзара келісім деген уәжді білдіреді. Байланыстың негізі моральдың, табиғи қасиеттердің ұқсастығы және тілдің ортақтығы деп санайтындар да бар және алшақтық осы белгілердің ұқсастығынан туындайды; сондай-ақ адамдар арасындағы байланыстың негізін үй, тұрғылықты жер деп санайтындар» [64, б. 349-351].

Әл-Фараби осы пікірлердің барлығын надан және адасқан қалалардың тұрғындарының көзқарастарына, бағалау жүйесіне жатқызады. Бұл тұрғындардың көзқарастарының кейбір дұрыс тұстары да жоқ емес, өйткені келісім мен бірлік үшін адамдар арасындағы келісімді сақтауға және нығайтуға ықпал ететін белгілі бір жағдайлар, белгілі бір факторлар болуы қажет. Сонымен қатар, Фараби бұл жағдайлардың барлығы сыртқы, формальды, адамдар арасында ішкі бірлікті тудырмайтын, шын жүректен шығатын келісімге әкелмейтінін көрсетеді.

Қайырымды қала туралы айтатын болсақ, әл-Фараби келесі ерекше аналогияны ұсынады. Ойшылдың пайымдауынша, «денені басқаратын және сонымен бірге дененің басқа мүшелерімен басқарылмайтын негізгі орган – бұл жүрек. Миға келетін болсақ, ол тек жүрекке қызмет етеді. Бірақ бейнелі мағынада жүрек ақылдан жоғары» [64, б. 271].

Философ келісімнің таза сыртқы формаларын қатаң сынға алады:

«Мұның бәрі қалаларда надан қалаларға тән көптеген көзқарастардың пайда болуына әкеледі. Сонымен, кейбіреулер адамдар арасында табиғи немесе ерікті байланыстар мүлдем жоқ деп санайды, әр адам басқа біреудің мүддесіне қысым жасауы қажет, әркім басқадан жаттануы керек, екі адам қажеттіліктен бірігіп, мұқтаждықтан келісімге келуі қажет және біріккен жағдайда бір адам әрқашан жеңімпаз болады, ал екіншісі жеңіледі.

Егер сыртқы әсерлер оларды біріктіруге және келісімге итермелесе, онда олар мұны қажет болған жағдайда ғана жасайды, өйткені оларды сыртқы әсерлер мәжбүрлейді. Бұл сыртқы әсерлер жойылғаннан кейін, олардың арасында жаттану міндетті түрде пайда болады және олар екі жаққа кетуге мәжбүр болады. Бұл адамзатқа тиесілі көзқарастардың ішіндегі жануарлық көзқарас» [64, б. 348].

«Әл-Фараби мұрасындағы бірлік пен үйлесімдік идеялары әртүрлі қатынаста қарастырылады. Ғарыштық бірлік идеясы әл-Фараби

философиясында басқа да қырынан көрінеді: ол ғаламдық үйлесімділік идеясына айналады, оған социум да бағынуы тиісті. Екінші ұстаз әлеуметтік-саяси мәселелерге арналған шығармаларында адам ағзасы, социум және ғарыштық әлем құрылымының біртұтас принципін негіздейді. Бірлік идеясы түп негіз болып келеді. Өйткені бақытқа жету адам өмірінің мақсаты болу үшін социумда ғарыштық болмыс принциптерін жүзеге асырғанда ғана мүмкін болады», – деп жазады Әлжан Қ.Ұ. [66, б. 59]. Демек, әлемнің өзіндік үйлесімділік пен үндестік жолы болғандықтан, қоғамдағы бірлік пен тәртіпті қамтамасыз ету үшін осы ғарыштық тізбек жобасын жүзеге асыруымыз қажет деген сөз. Үйлесімді қоғам жобасын әлем мен оның бөлшектерінің үйлесімділігін танып қана құруға болады.

М.С.Бурабаев үйлесімділік идеясын әл-Фарабидың музыка іліміндегі қатынастар жүйесінен қарастырады. Әл-Фарабидың «Музыканың үлкен кітабы» трактатын қарастыра отырып, «... үйлесімділік идеясы эстетикада жетекші орын алады. Әл-Фарабидің үйлесімділік объективті түрде тек табиғатта емес, сонымен бірге, поэзия, музыка, сәулет және де тағы басқа да өнер туындыларында өмір сүреді деген ойы өте құнды саналады...» [67, б. 292], әрбір адам әсемдікті тудырушы болғандықтан, мақсаттылық үш түрде, яғни пайдалы, жағымды және әсемдіктің үйлесімділігіне жетілген қабілеттер арқылы мүмкіндік алады. Әл-Фараби философиясындағы эстетикалық іліміндегі үйлесімділік мәселесін зерттеп жүрген А.Д. Құрманалиеваның [68], Н.Х. Жолмухамедованың [69] еңбектерін, мақалаларын атап кетуді жөн көрдік. Әрбір табиғатта бар, және адам ұмтылатын әсемдіктің өзінде бір реттілік немесе үйлесімділік тән, сәйкесінше, адамдар бірігуге, үйлесімділікке ұмтылу қабілеті анықталады. Дыбыстардың үйлесімсіз үндесуі жағымсыз әсер тудыратындай, қоғамда хаосты тудырады.

Алайда, біздің планетамыздың басқа Батыстың мәдени-өркениеттік даму кеңістігінде осы уақытқа дейін батыстық адамының еті мен қанына енген қарама-қайшы тұжырымдама басым болды. Ол жалпыға қарағанда жеке адамның басымдылығын атап көрсетуден тұрады. Мысалы, С.Кьеркегордағы жеке адам тәжірибесінің маңыздылығына баса назар аудару, Дж.Берклидің солипсизм интенциясы, М.Штирнердің ашық индивидуалистік көзқарастары. Индивидуализм (дарашылдық) АҚШ философиясында өте айқын түрде, әсіресе трансцендентализмнен көрінеді. Оның өкілдері утилитаризмге бой алдырған және осы қоғам үшін тек пайда табу объектісі ретінде құндылықты білдіретін адам тұлғасын бұзған қоғамды сынға алды; дегенмен, американдық трансцендентализмде трансценденталистердің өзіндік принциптерін шектейтін және бұзатын бірқатар тезистер болды. Сонымен, олардың жетекшісі Р.В.Эмерсонның ілімінде адамдардың қарым-қатынасына тым аз орын берілген. Бұл идеологиялық бағыттың басшысы адам дамуының заңы қарым-қатынаста емес, керісінше – жалғыздықта, қоғамнан жалтаруда ашылады деп сенді. Эмерсон «Қоғам және жалғыздық» атты эссесінде: «кооперация қысқа мерзімді екендігіне сендіреді, бұл кеме экипажының уақытша ынтымақтастығы сияқты деп түсіндіреді» [70].

Бүгінгі күнге келетін болсақ, бірлік әдетте постмодернизм рухында түсіндіріледі – бірлікте өмір сүру ретінде ғана емес, әртүрлілікте, айырмашылықта, алшақтықта. Бұл әдістің түрі, әр түрлі жеке элементтер бірліктің қатаң емес түрінен басқа ештеңе де емес екенін көрсетеді. Алайда, жіктемелей келгенде: постмодернизм, шын мәнінде, әртүрліліктің бірлігінен бас тартады, бірліктің нақты түрде жоқ екендігін көрсетуге ұмтылады. Бұл тәсіл әртүрліліктің барлық алдыңғы тарихи түсіндірмелерінің гипертрофиясын білдіреді деп айтуға болады. Постмодернизм философиясы күрделі және ғаламдық мәселені ашады: ол қазіргі кезде адамзат тап болған анархиялық жағдайдың белгілерін анықтайды, дегенмен постмодернизм тоталитарлық бірлік пен панлогизмнің талаптарын жоққа шығарған әрекеттерін мойындаудан бас тартуға болмайды.

Тіпті шығыстық және батыстық мәдени-өркениеттік парадигмалардағы келісім тұжырымдамаларына қысқаша шолу белгілі бір заңдылықтың болуын болжайды. Бұл парадигмаларда кейде тікелей, кейде айқын емес, кейде олардың біреуінде де, басқасында да болады. Нақтырақ айтсақ, бұл келісім мәселесінде екі қарама-қарсы стратегия немесе стратагемалар жұмыс істей алатындығы туралы қағидалы маңызды оймен тұжырымдаймыз.

Олардың біріншісі адамның жоғары күштермен және олар арқылы – басқа адамдармен бірігуінің діни-сенсорлық ішкі тәжірибесінен басталады, бұл ежелгі үнді философиясының мысалында айқын көрінеді.

Ал екінші стратегия атомизацияланған индивидтер қоғамында немесе қарама-қарсы мәдени топостар арасында сұхбат пен әртүрлі жолдар арқылы келісім орнатуға тырысу. Рационалды-логикалық дәлелдер негізінде келісімге қол жеткізуге және мәмілеге келуші екі жақты қанағаттандыратын қажетті сыртқы жағдайлар жасауға болатынын алға тартады. Бұл келісімнің ескі теориясына, әсіресе бүгінгі либералды дискурсқа тән.

Философия классиктері атап өткендей, әсіресе И.Кант, теориялық және практикалық ақыл-ойдың айырмашылығы олардың негізінде әртүрлі ақыл жатқандықтан емес, олардың әртүрлі қолданылуынан туындайды. Рационалдылық Батысқа тән, өйткені батыстық философия әлемге рационалистік көзқарастың бір түрі ретінде күшті дамыды, ал рационалды емес формалар шығыстық діни және мистикалық ілімдерде кең таралды.

Осылайша, келісімнің екі стратегиясы бар: бір жағынан стихиялы, сезімдік-бейнелі, діни-моральдық және мистикалық, ал екінші жағынан рационалистік, детерминистік, прагматикалық-утилитарлық.

Бұл екі стратагеманы келесі схемалар немесе «формулалар» түрінде көрсетуге болады.

«Келісімнің бірінші түрінің схемасы келесідей: келісім = иррационалды ұнату, махаббат – бір-біріне ашықтық – бір-бірін тану – бір бағытта алға қарай жылжу.

Келісімнің екінші түрінің схемасы басқаша: келісім = сұхбат– бір-бірін тану – сыртқы тежеу және марапаттау шарттары – сұхбаттың екі жағының да қалыптасқан жағдайды (status quo) сақтау» [71, б. 14].

Егер келісім философиясының екінші түрі барлығына белгілі болса және оны мәдениеттанушылар, әлеуметтік және саяси философия өкілдері кеңінен зерттесе, біріншісі әдетте елеусіз қалады және аз зерттеледі.

Келісімнің батыстық түрі коммуникативті рационалдылықта ұсынылған. Ол демократиялық рәсімдерді жүзеге асыруды қамтамасыз ететін және ең ақырында, жаңа әлемдік тәртіпті, жаһандық қайта құрудың жаңа жүйесін құру стратегиясын негіздейтін әдіс ретінде қызмет етеді. Сонымен қатар, осы тұжырымдама идеяларының классигі ретінде Юрген Хабермастың өзі тұжырымдаған тезисін қарастырайық: «...егер Дүниежүзілік ұйым өзінің қолбасшылығымен қарулы күштерді қолдана алса және полиция функцияларын жүзеге асыра алса, мемлекеттер өздерінің дәстүрлі сыртқы саясатын әлемдік ішкі саясаттың императивтерімен үйлестіре бастайды» [72, б. 310–311].

Коммуникативті рационалдылық, бұл неміс философтары Карл-Отто Апель мен Юрген Хабермастың философиясымен байланысты теория. Бұл көзқарас келісімге қол жеткізуге болатын нормалар мен процедураларды нақтылаумен байланысты. Коммуникативті рационалдылық теориясында ақыл-ойдың белгілі бір түрлерінің мүмкіндіктері коммуникацияның өзінде бар деп саналады. Осы тұжырымға сүйене отырып, Ю. Хабермас бұл мүмкіндіктерді сөйлеу және іс-әрекетке қабілеті бар субъектілерге тән терминдермен рәсімдеуге тырысты.

К.-О.Апелдің дискурсивті этикасы негізінен осы институттармен байланысты дәстүрлі институттар мен моральдық нормалар дағдарысы аясында этикалық нормаларды рационалды негіздеу мәселелеріне бағытталған. Осы себепті дискурсивті этикада рационалдылық орталық ұғым деп қарастырылады.

Консенсуалды-коммуникативті рационалдылық тілді қолдануға бағытталған. Маңыздылығы туралы әмбебап шағымдарды алға тарта отырып, ол адамның коммуникативті құзыреттілігін талап етеді, ол келісімге қол жеткізу үшін тілдік құралды ұтымды пайдалана білуден тұрады.

Келісім туралы дискурста олар әдетте коммуникативті рационалдылықтан, ақыл-ой түсінігінен туындайды: тығыз қарым-қатынас жасай отырып, біз бір-бірімізді жақсы тани бастаймыз, сондықтан келісімге келеміз. Алайда, қазірдің өзінде «консенсус» (мәміле) сөзі «сезімдердің сәйкес келуі» дегенді білдіреді. Бұл дегеніміз: егер адамдар мен мәдениеттерде бір-біріне деген алғашқы ұнатушылық, риясыз қызығушылық болмаса, олардың жоғары адами құндылықтарды түсінуде сәйкестік болмаса, онда сұхбат келісімге әкелмеуі мүмкін, ал таным консенсусты қамтамасыз ете алмайды. Бұл тіпті керісінше болуы мүмкін: бір-біріне ашылғанда, адамдар немесе мәдениеттер одан да көп келіспеушілік пен өзара жаттануды тудыруы мүмкін. Дипломатиялық декларация – сезінетін сезімдерден басқасының бәрі шын жүректен болатыны туралы мәлімдеме.

Әрине, коммуникативті рационалдылық кез келген объектінің кем дегенде екі жағы бар деген тұжырымы дұрыс. Нысан неғұрлым күрделі болса, яғни, ол неғұрлым көп элементтерден тұрады, оның барлық жақтары, қырлары, қасиеттері соғұрлым көп болады. Сондықтан, парадокс туындайды, дауласушы

тараптардың әрқайсысы әрқашан өзінше дұрыс, бірақ сонымен бірге әрқайсысы өз дұрыстығын шамадан тыс күшейтеді, нәтижесінде дұрыс емес болып шығады.

Жалпы, келісімді орнату үшін, әрине, барлық мүмкін шаралар қажет: әлеуметтік, экономикалық, мәдени. Біздің ойымызша, отбасында, қоғамда, адамзатта берік келісім мен тұрақтылыққа қол жеткізудің рухани, ішкі, терең-психологиялық себептері мен факторлары бірінші кезектегі маңызды деп санаймыз.

Бүгінгі таңда келісім мәселесі мәдени-өркениеттік даму стратегияларының бірі екіншісіне үстемдік етуге ұмтылуымен күрделене түсті. Қазіргі заманғы технологиялық өркениет мәдениеттердің барлық айырмашылықтарын теңестіруге тырысады, ал Қазақстан түркі өркениетінің бір бөлігі ретінде ерекше мәдени-өркениетті әлем ретінде өзінің дәстүрлі мәдениетін жоғалта отырып, қандай да бір жаһандық поцестерге жол беруде. А. Тойнбидің белгілі тұжырымдамасын ұстанатын болсақ, мәдениет ұлттық келбетін сақтап немесе түркі өркениетінің құрамдас бөлігі ретінде анықталуы тиіс. Оның пікірінше: «Мен өркениетті адамды тарихи материалдың кішкентай жиынтығына жүгіне отырып, өз елінің тарихын зерттеуге тырысатын адам деп түсінемін...» [73, б. 210].

Жоғарыда атап өткеніміздей, бүгінде «жалпыадамзаттық» деп Батыстың мәдениеті мен өркениетіне тән нәрселерді ғана жариялайды. Бірақ келісім бір адамның екіншісіне, бір мәдениеттің басқа мәдениетке бағынуы негізінде құрыла алмайды: олардың теңдігі, бірдей лайықты және еркін өмір сүру қажеттілігі туындайды. Келісімге қол жеткізудің белгіленген тәсілдерінің өзіндік негіздері мен артықшылықтары бар. Сәйкесінше, адамдар мен әртүрлі мәдениеттер арасындағы жаһандық-стратегиялық келісім идеалды және келешекте бұл әдістерге қарама-қайшы емес, бір жолдың екіншісіне үстемдігі емес, олардың органикалық байланысында көрініс табуы қажет.

Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық және әлеуметтік-мәдени дамуындағы міндеттерінің бірі халықаралық байланыстардың желісін кеңейту. Бұл міндет көптеген өлшемдер бойынша шет елдермен келісім жасау қажеттілігін болжайды. Міндет күрделі, бірақ оны республика басшылығы мен нақты ұйымдар мен мекемелердің өкілдері дәйекті түрде шешеді. ҚР ҒЖБМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институтының шетелдік сапарларын мысалы ретінде көрсетуге болады. 2021 жылы Түркияға, Еуропа, нақты Бельгия елдеріне сапарында, серіктестермен өзара ынтымақтастық туралы меморандумдарға қол қоя отырып, 2022 жылы осы келісім арқылы диссертант докторантура бағдарламасы бойынша белгіленген ғылыми тағылымдамасын Бельгиядағы Азия елдерін зерттейтін Еуропалық институттардың бірінде тәжірибе алмасып келді. Түркия елінде бірқатар, атап айтқанда Ахмет Ясауи халықаралық қорының, «ANKASAM» дағдарыстық жағдайлар мен саясатты зерттеу орталығы және т.б. қорлардың өкілдерімен кездесе отырып, ғылыми байланысын кеңейтті.

Осыған байланысты келісім философиясында оның мәмілеге келу әлеуетін анықтай отырып, қазақ мәдени типін зерттеу маңызды мәнге ие. Мұндай зерттеудің негізі, үлгі ретінде классикалық қазақ философиясындағы ойларға жүгіну мүмкіндігі арқылы жүзеге асады, өйткені қазақ философиясының орталық, құрылымдық жүйесі этикалық идея, ақыл-ойдың утилитарлық қызығушылықтан және жүректің ақыл-ойдан басымдылық идеясы болып табылады.

Қазақстан тарихындағы келісім тұжырымдамасы келешекте планетарлық этиканың қажеттілігіне орай ерекше қызығушылық тудырады. Келісімнің шынайы базалық қағидаттарын қалыптастыру үшін Абайдың «Адам бол!» концепциясы, адам мен Құдай арасындағы үйлесімділік тәжірибесін, батыстық рационалдылық пен жалпыеуразиялық мәдениеттің құндылықтары мазмұнында үйлестірген үндеуі үлкен маңызға ие. Қазақстанның мәдени-өркениеттік байланыстарын әлеуметтік-тарихи тұрғыда мүмкіндігінше терең және кеңірек зерделеу маңызды; Л.Н.Гумилевтің еуразиялық доктринасына жаңа көзқараспен қарау, онда Орман мен Дала арасындағы өзара іс-қимылының сындарлы сипаты баса айтылған. Қазақ әдет-ғұрып құқығындағы келісу рәсімдерінің негізгі қағидаттарын қарастыру, біртұтас қазақ мемлекеттілігін қалыптастырудағы келісім факторларын талдау, кеңес кезеңіндегі келісім идеясын оның барлық артықшылықтары мен кемшіліктерімен іске асыру туралы зерттеулер жүргізу маңызды болып еді.

Қазақ философиялық ойлар және қазақ халқының дәстүрлі мәдениетінің тарихы бүгінгі өркениеттік даму кезеңі үшін, әлеуметтік философия мен қоғамдық тәжірибені дамыту үшін өте құнды ақпараттар береді. Сонымен, келісімнің рухани-адамгершілік стратегиясын тиісінше жүзеге асыру үшін қазіргі білім беру саясатының бір бөлігі ретінде жастарды мәдени тәрбиелеу бағдарламасынан әлдеқайда байыпты және ауқымды бағдарлама қажет екені анық. Осыған байланысты Шәкәрім Құдайбердіұлы: «Адамды тәрбиелеу барысында ар-ұждан ғылымын енгізу қажет. Ғалымдар осыған қамқорлық жасауы керек. Олар бұл теорияны пән ретінде құрастырып, барлығына бірдей міндетті етуі керек. Адамдарды жастайынан жоғары адалдық, өзін-өзі бағалау сезімін тәрбиелеу керек, бұл жануарларға тән инстинктерден арылуға, зиянды құмарлықтарды жоюға көмектеседі. Сонда ғана адам мен адамзатты түзетуге үміт артуға болады...» [74, б.211-212].

Формалды келісім немесе мәжбүрлі келісім индивид үшін материалдық құндылықтардың басымдығына, оған күш көрсету, идеологиялық көзқарастармен және т.б. арқылы әсер етуге негізделген. Еркін, ерікті келісімге өзіншілдік қызығушылық немесе қорқыныштың болмауы сияқты сипаттар тән. Мұндай келісім бір-біріне және айналасына пайдалы болу қажеттілігінен туындайды.

Жалпы, адамның қоғамдағы қалыпты қарым-қатынасының негізгі белгілерінің бірі – қарым-қатынастық сипат. Егер екі тарап бір-бірін айыптамай, келемеждеусіз, орынсыз ирониясыз, бір-біріне тікелей немесе жанама айып тақпай, кез-келген тақырыптар мен мәселелерді сабырлы түрде

талқылай алатын болса, онда бұл олардың достық, махаббат, келісім қарым-қатынасында қалуға, оларды ары қарай дамытуға және нығайтуға дайын екенін білдіреді.

Шынайы жақындық дегеніміз басқа адаммен өз-өзіңмен сырласа алатындай, ашық және шынайы болу. Басқа адаммен үйлесімділікті және оны түсіну мен көмектесудің нақты мүмкіндігін дәйектейді. Мұндай өнегелі қарым-қатынас өзара сыйластық пен қағидалы келісім туралы айтады.

Осыған байланысты дәстүрлі қазақ отбасының бірқатар ерекшеліктерін қарастыруға болады. Дәстүрлі қазақ отбасының негізі келісім идеясы. Дәстүрлі қоғамда, әрине, жағымсыз сипаттағы отбасылық қақтығыстар да жоқ емес. Кем дегенде, қазіргі көзқарас тұрғысынан, теріс, жағымсыз сипат алған тұстары да баршылық. Мысалы, дәстүрлі қазақ отбасындағы келіннің орны күйеуіне ғана емес, оның ата-анасы мен туыстарына да байланысты болған. Қалың мал беру дәстүрі бар екенін және т.б. еске түсіруге болады. Бірақ дәстүрлі қазақ отбасындағы қарым-қатынастар мағыналық мәні жағынан өте берік болған. Бұл көбінесе үлкендерге құрмет көрсету дәстүріне және басымдығына байланысты. Осы дәстүрдің арқасында қазақ отбасында белгілі бір иерархиялық жағдай сақталды, бірақ бұл қорқыныш пен басқа сыртқы факторлардың туындысы емес. Отбасылық иерархия, субординациялық қағидат, балаларды ата-анаға және өзінен үлкендерге құрмет көрсету рухында тәрбиелеудің ғасырлар бойғы дәстүрінен туындады. Адамның жас шамасы тек өмір сүрген жылдарды білдіретін қарапайым сан ретінде емес, өмірлік тәжірибенің, білім мен даналықтың көрінісі ретінде түсіндіріліп келді.

Қазақтарда жас ұрпақты тәрбиелеу үдерісіндегі басты рөлдердің бірі – Шежіре түзу, яғни жеті атасына дейін ұрпақ сабақтастығын білу дәстүрі. Қазақ халқы әрқашан өзінің өткеніне, ата-бабаларының тарихына құрметпен қарайды. Мұндай қатынас Жеті атаны білу және меңгеру арқылы қалыптасты. Қазақ халқында «Жеті атасын білмеген жетесіз» деген сөз бар.

Қазақтар дәстүр бойынша отбасындағы ең үлкен балаларға қатысты кейбір басқа халықтардың да мәдениетіне тән әдет-ғұрыпты ұстанады. Бұл әдет-ғұрып отбасында ең үлкен баланы «ата-әжесіне беру». Нәтижесінде баланың мәртебесі психологиялық тұрғыдан өзгереді. Ата-әженің қолында тәрбие алған бала өзіне қажет ерекше қасиеттерін дамытады. Үйдің үлкені ретінде ол өзінің жаңа рөлін сомдауға дайын болады: ата-анасына, отбасы мүшелеріне мағыналы түсіністікпен, жауапкершілікпен қарау көрініс береді. Үйдің үлкенінде үлкен жауапкершілік пайда болады – өзінен кіші іні-қарындастарын тәрбиелеуге және барынша қолдау көрсетуге дайын болады. Заманауи немесе қазіргі қазақ қоғамында бұл әдет-ғұрып әлі де өмір сүреді, бірақ міндеттілік сипатынан айырылған.

Мысалы, М.П.Кабакова қазақ этносының өмірлік құндылықтарының әлеуметтік-психологиялық талдауы атты зерттеуінде, «қазіргі қазақтар үшін бұрынғыдай ең маңызды құндылықтар: отбасы, балалар, туыстары мен жақындарының амандығы мен денсаулығы деп көрсетеді. Отбасылық өмірде

олар үшін ең алдымен махаббат, балалар, ерлі-зайыптылардың өзара құрметі мен түсіністігі маңызды» [75, б. 288].

Г.Г. Соловьева «Қазақстандық отбасы – қоғам және мемлекет тірегі» мақаласында әлеуметтанулық материалдардың қорытындысына сүйене отырып, автор Қазақстанда отбасы дағдарысы емес, отбасы институтының трансформациясы, яғни қазақ халқының гендерлік тәжірибесін сақтай отырып, патриархалды үлгіден эгалитарлы үлгіге өту үрдісі жүріп жатқанын пайымдайды. Отбасының дәл осындай үлгісі қазақстандық қоғамының тұрақтылығы мен қауіпсіздігін нығайтуға айтарлықтай әсер етеді.

Мақала авторының пікірінше, отбасынан гөрі жеке, экзистенциалды ештеңе жоқ, сонымен бірге қоғамда отбасынан артық ештеңе жоқ. Қазіргі қазақстандық шындықта дәл осы эгалитарлы үлгідегі отбасында қазақ және республиканың басқа этностарының оң гендерлік дәстүрлері өмір сүруге серпін беруде. Г.Г.Соловьеваның айтуынша, «дәстүрлер тек жаңа ашылу, даму арқылы ғана өмір сүре алады, ал патриархалдық отбасында олар жабылады, құрғап, ескіреді, осындай сипатта сақталады. Сонымен қатар, өз ұлтының жарын таңдауға итермелейтін дәстүрді сақтай отырып, қазақстандық қоғамда жалпы жаһандану дәуіріне тән тенденция, атап айтқанда, ұлтаралық некеге тұру үрдісі күшейіп келеді. Қазақстан Республикасында бұл үрдіс мемлекеттік деңгейде және қоғамдық пікірде өзара түсіністік пен рухани келісім қағидаттарын қолдауға байланысты одан да айқын белгіленді»[76, б. 94-101]. Айта кету керек, автордың пікірі бойынша, ұлтаралық неке, әдетте, отбасылық мәмілеге келу және балаларды тәрбиелеу үшін үлкен, екі еселенген бірлескен күш-жігерді қажет етеді, өйткені мұнда кем дегенде екі мәдениет пен екі тіл кездеседі.

Қазақстандық отбасын зерттеу нәтижелері бойынша Қазақстанның академиялық қауымдастығының өкілдері ұжымдық монография жариялаған еді, онда отбасы тақырыбының осы және басқа да аспектілері жан-жақты қамтылғанын айта кету керек [77].

Дәстүрлі қазақ отбасының табиғатын қоғамдық тұтастықтың негізі ретінде зерттеу, бұл отбасында келісімнің екі түрі, келісімнің екі мәдени стратегиясы біріктірілген деген қорытындыға әкеледі. Бірі дәстүрге сырттай бағынуды талап етсе, екіншісі ішкі үйлесімділікті, қандай да бір пайданы табу үшін емес, жүректен шығатын бірлікті білдіреді. Дәстүрлі қазақ отбасында «келісімге деген ұмтылыстың арқасында келісімге қол жеткізілді» деген тұжырым дұрыс шығар. Бұл бір қарағанда тавтология сияқты көрінеді, бірақ терең мағынасында бұл шынымен де осылай болған: келісім отбасының амандығының негізі де, мақсаты да болды. Сондықтан, отбасы белгілі бір мәміленің қорытындысы бойынша құрылған және оның түпкі мақсаты отбасының тұрақтылығы мен өркендеуін қамтамасыз ету және балаларды дүниеге әкеліп, оларды тәрбиелеу.

Біз тағы да тақырыпты өрбіту үшін моральдың екі жақты табиғатына, этиканың екі бастауы туралы идеяға келеміз.

Осы мәселеге байланысты Ресей философиясының өкілі Р.Г. Апресянның ойлары қызықты. Ол өзінің философиялық дамуында өткір ішкі дискурсивті шиеленістерді бастан кешіргенін, соның арқасында моральдың таптық сипаты

туралы түсініктердің жеткіліксіздігін сезінгенін айтады. «...Мен моральдағы «жалпыадамзаттың» анықтаушы рөлін және «таптық» екінші рөлді түсіндім (енді мен бұл сөздерді тырнақшаға алар едім, өйткені олар сол кездегі сөз қорынан шыққан; бүгін мен мораль туралы мұндай терминдер тұрғысынан ойламаймын), мен моральды адамдардың тұтастығын растайтын «жалғыз мораль» болатынын, бірақ адамдар өз әлеуметтік мүдделеріне байланысты әр түрлі саналы түрде негізделетінін түсіндім, содан кейін мен моральдың таптық сипатына ғана емес, моральға тек функционалистік көзқарастың жеткіліктілігіне күмән келтірдім, өйткені, мораль индивидтің тиісті мінез-құлқын қамтамасыз ететін белгілі бір реттеуші механизмдердің жиынтығы ретінде түсіндірілді. Мен функционалистік тәсілге «субстанционалистік» деп анықтаған тәсілді қарсы қойып салыстырдым. Бұл әдіс арқылы ең алдымен моральдың құндылықтық мазмұнының айқындалуымен ерекшеленеді, мен бұл моральдың мазмұнында адамдарды бірлікке бағыттайтынын көрдім. Генеалогиялық тұрғыда (мен қазір айтар едім) пайда болған саяси қоғамдағы моральдың тарихи көрінісі адамдардың жоғалған табиғи бірлігін қалпына келтіреді; мораль бірлік идеалының айналасында қалыптасады. Менің ойымша, бұл идеал татуластық, теңдік, ынтымақтастық, серіктестік, адамгершілік, ізгі ниет, мейірімділік идеяларының үндестігінде өрбиді... Мен тіпті «мораль» және «адамгершілік» терминдерін концептуалды түрде бөлудің орындылығын мойындадым, біріншісін бірлік идеалына, ал екіншісін осы идеалдың әлеуметтік-нақты және мінез-құлық бейнелерін жүзеге асырушы ретінде бекітуге болады. Мен мұндай бөліністің жасандылығын сезіндім, оны басқа тілдерде жеткізу мүмкін емес сияқты» [15, б. 24-25].

«Мораль» және «адамгершілік» терминдері этиканы түсіндірудің жақсы жолы емес шығар, бірақ олар орыс философиясында кең таралған. Бұл Р.Г.Апресянның сұхбаты үзіндісінде осы мәселе қозғалған.

Этимологиялық тұрғыдан «мораль» термині латынның «mos» (көпше түрде «mores») сөзінен шыққан, «мінез, пейіл (нрав)» дегенді білдіреді. Бұл сөздің тағы бір мағынасы – заң, ереже, нұсқама.

Мораль адами қарым-қатынастың ерекше түрі ретінде ерте заманнан бері дамып келеді. Бұл қоғамның моральға деген қызығушылығын және қоғамдық сананың бір түрі ретінде қарастыру, оның маңыздылығын тамаша сипаттайды. Әрине, моральдық нормалар әр дәуірде өзгеріп отырды және оларға деген көзқарас әрқашан екіұшты қалыптасады.

Этикалық құбылыс бірімәнді болған жоқ және солай болып қала береді. Ол екі түрге немесе типке бөлінеді. Этиканың шартсыз, шартты, туынды түрлері бар. И.Канттың этикалық теориясында «мораль» мен «заңдылық» анық ажыратылғанын еске түсіру жеткілікті.

Мораль топтық сипатқа ие, ал адамгершілік әмбебап, дәлірек айтқанда, бірегей және шартсыз. Мораль – сыртқы этикалық нұсқау, ал адамгершілік адамның ішкі, терең түйсігінен шығады. Моральды құрал ретінде пайдалану қиын емес, ал адамгершілікті құрал ретінде пайдалануға келмейді. Моральдық әрекет қоғамдық пікір арқылы бағаланатын болса, адамгершілік адамның өз ар-

ұжданы мен санасының көмегі арқылы өзін-өзі бағалайды. Қорытындылай келе, мораль негізінен адамның ақыл-ойы арқылы, іс-әрекеттің жағымды және жағымсыз жақтарын рационалды түрде таразылаумен айналысады, ал адамгершіліктің тамыры адамның ішкі сезімдік әлемінде жатыр. Басқаша айтқанда, мораль сыртқы бағытталуға және рационалдылыққа жатады, ал мораль мүлде басқа салаға, ішкі дүниенің сезімдік-бейнелі модустарына, ішкі міндеттемелерге, терең, алғашқы рухани импульстарға жатады.

Осы бөлімде мәселені талдау келесідей **қорытындыларға** әкеледі.

Келісім концептісі, өзінің анықтамасы бойынша, әртүрлі мәдени-өркениеттік парадигмалардың тәжірибесін жинақтауы қажет. Сондықтан, келісім мәселесін ұтымды, жемісті шешу үшін Шығыс пен Батыстың жаһандық сұхбатының стратегемаларын зерттеу арқылы алынған тәжірибені ұлттық дискурста қолдану үлкен мәнге ие. Бұл зерттеулерде компаративті талдау әдісі негізгі рөлді атқарды, бұл өз кезегінде әлемдік аренада этносаралық келісімнің ұлттық модельдерін ілгерілетуге ықпал етеді.

Шығыстық келісім матрицалары тарихи түрде Ежелгі Үндістандағы адам мен Құдайдың бірлігі концепциясымен, барлық адамдар табиғатының мәнінің бірлігі туралы конфуцийлік презумпциямен, әл-Фараби шығармаларындағы мәдениетаралық сұхбат идеяларымен байланысты. Батыстың әлеуметтік-философиялық ойлары мен әлеуметтік тәжірибесінің тарихына келетін болсақ, онда индивидуализмге, адамдар мен мәдениеттер арасындағы түбегейлі айырмашылықтарға, сәйкесінше жеке адамдардың еркіндігін білдіретін қатаң емес бірлікке бағытталған үрдістер басым. Постмодернизмде бұл көзқарастар өзінің экстремалды көрінісін табады. Бұл жерде әртүрліліктің маңыздылығы туралы идея тоталитарлы бірлік формаларына қарсы қоя отырып, өзінің дұрыс мағынасын жоғалтқан.

Жалпы, келісімнің екі стратегиясының жолын бөліп көрсетуге болады: коммуникативті рационалдылық (шартты келісім, келісу) және басқаның көзқарасын сезімдік-бейнелі түрде қабылдау (ынтымақтық, құндылықтардың сәйкес келуі). Бұл келісімнің екінші түрі эмпатияға жақын.

Келісімнің екі стратегиясы этиканың екі қарама-қарсы түріне сәйкес келеді. Бір-біріне қарама-қарсы болғандықтан, олар өздерінің үйлесімді синтезін талап етеді, бұл идеалды модельді Қазақстандағы дәстүрлі философия ауқымындағы ойлардан көруге болады. Бұл дәстүрден ақыл-ойдың шынайы мәртебесі оның позитивті ойлау алуында және жоғары моральдық қағидаларды бойына сіңіру мәнінде жатыр.

2 ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДАМУ ТАРИХЫНДАҒЫ КЕЛІСІМ КОНЦЕПТІСІ

2.1 Ұлы даланың мәдени байланыстары және келісім концептісінің тарихи бастамасы

«Ұлы даланың жеті қыры» атты мақалада «Қазақстан өз тарихында бірегей өркениет болғандығы, ол осы өркениеттік қабілеті бойынша Ежелгі Үндістанда, Ежелгі Римде және т.б. өмір сүргендерге ұқсас болғандығы баяндалады. Ал оның көрнекті жетістіктері осы сайын далаға сырттан әкелінген жоқ, көп жағдайда қазақ жерінде туып, содан кейін ғана Батыс пен Шығысқа, Солтүстік пен Оңтүстікке тарады. Соңғы онжылдықтағы тарихи табылған заттар мен бұйымдар, біздің ата-бабаларымыздың өз заманының ең озық технологиялық жаңалықтарымен ажырамас байланысын растайды және Ұлы даланың жаһандық тарихтағы орнына жаңа көзқараспен қарауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, Қазақстан тарихы біздің территориямызда ұзақ уақыт тұрып келе жатқан көптеген этностардың өкілдеріне ортақ. Бұл біздің ортақ тарихымыз, оған әртүрлі этностардың көптеген көрнекті қайраткерлері де үлес қосты. Ортақ тарихты қалыптастыруда Ұлы Жібек жолы үлкен рөл атқарды. Қазақстанның ерекше географиялық орналасуы – Еуразия құрлығының қақ ортасында – ежелгі заманнан бері әртүрлі елдер мен өркениеттер арасындағы транзиттік «дәліздердің» пайда болуына ықпал етті. Біздің дәуірімізден бері бұл құрлық жолдары Үлкен Еуразияның Шығыс пен Батыс, Солтүстік пен Оңтүстік арасындағы сауда және мәдени байланыстардың трансконтиненталдық желісіне айналды. Ұлы Жібек жолы жаһандық тауар алмасу мен халықтар арасындағы зияткерлік ынтымақтастықты қалыптастыру мен дамытудың тұрақты тұғырнамасына айналды. Тіпті, дала белдеуі Қытай, Үнді, Парсы, Жерорта теңізі, Таяу Шығыс және славян өркениеттерін байланыстырды» [78].

Қазақтардың рухани әлемі көптеген ғасырлар бойы әртүрлі мәдени ықпалдарды өз бойына сіңірді, оларды дәстүрлі түркі дала тіректеріне сәйкестендіріп, ассимиляциялады. Шаруашылық пен мәдениеттің түрлері қазақ халқында ғасырлар бойы өзгеріссіз қалды. Бұл менталитеттің деңгейі мен сипатын сақтауға, әлемді қабылдаудың және халықтың мәдени жадының белгілі бір формаларын жаңғыртуға көмектесті.

Қазақстанның өзіндік мәдени торап болғандығы ел үшін маңызды рөл атқарды. Еуразия құрлығындағы көптеген сауда және көші-қон жолдарының қиылысында өмір сүрген қазіргі қазақтардың ата-бабалары көптеген халықаралық байланыстарға, соның ішінде Қытай, Византия, Иран және Египет сияқты ірі және бай елдермен өзара қатынасқа түсті. Әлемнің әртүрлі аймақтарының, көптеген және бірегей мәдениеттер мен өркениеттердің тұрғындарымен үнемі байланыста бола отырып, көшпенділер ізгі ниет, тату көршілестік қасиеттерін дамытты, қазіргі қазақ халқының әлеуметтік психикалық жүйесінде айқындаушы сипат болып қалыптасты.

Ұлы Жібек жолында жібек саудасының негізгі делдалдық буыны Соғдылар мен Персия тұрғындары, ал жібек маталардың негізгі сатып алушысы Византия

болды. Сонымен қатар, түркілер соғды саудагерлері арқылы өздерінің әскери олжаларын, сондай-ақ қытай патшалықтарынан өздерінің тәртіптеріне сәйкес алымдар алып отырды.

Ұлы Жібек жолы өзінің гүлдену кезеңінде барлық тармақтарын қоса есептегенде әлемдегі ең ұзын жол торабын құрады. Ол Испаниядағы Атлант мұхитының жағалауынан Қытайдағы Шанхайға дейін созылды. Бұл торапты меридиандық бағыттағы көптеген жолдар кесіп өтті, олар Орта Азияны Еуразия континентінің Оңтүстік елдерімен, ең алдымен Үндістанмен байланыстырды.

Ұлы Жібек жолы атауын сол дәуірдегі Батыс елдері үшін ең қымбат тауар жібек саудасы болғандықтан алды. Біздің дәуірімізге дейінгі II-III ғасырлардың басында жібек саудасы екі мәдени әлемді – Батыс пен Шығысты адамзат тарихындағы алғашқы континенталды жолмен байланыстырды. Алайда, әлемдік мәдениет тарихындағы Ұлы Жібек жолының рөлін тек жібек саудасына дейін тарылту дұрыс болмас еді. Оның мәні әлдеқайда кең, әрі тереңде, өйткені Ұлы Жібек жолы арқылы Шығыс және Батыс тауарларын тасымалдайтын сауда керуендері ғана емес, сонымен қатар, мәдени туындылар мен рухани құндылықтар да енді.

Ешқандай саяси және әскери катаклизмдер, табиғи апаттар сауда керуендерінің жолын бұза алмады. Жібек жолының құрылуы экономикалық қажеттіліктермен байланысты түсіндіріледі. Бүкіл континентті қамтитын сауданың негізгі ең ірі және қуатты ежелгі мемлекеттер: Қытай, Парсы, Византия, Үндістан, Түркі қағанаттары және т. б.

VI - VII ғасырда Қытайдан Жетісу мен Қазақстанның оңтүстігі арқылы өтетін жол ең жанданған тармақтардың бірі болды. X-XII ғасырларда Ұлы Жібек жолының бір тармағы бүкіл Іле алқабын диагональ бойынша кесіп өтті.

Саяси өмірде туындаған қайшылықтар Ұлы Жібек жолына кейбір әсерлерін тигізді. XIII ғасырда Оңтүстік Қазақстанның моңғол шапқыншылығына байланысты оның Сырдария бағыты іс жүзінде жұмыс істемей тұрды. Алайда, кейінгі Орта ғасырларда Ұлы Жібек жолы қайта гүлдене бастады. Қазақстан, Еділ және Шығыс Еуропаны біріктірген Алтын Орда аумағы арқылы оның дала аймақтары өтті. Қалалар қайта жанданып, гүлденді, сауда керуен сарайлары құрылды.

Тұтастай алғанда, Ұлы Жібек жолындағы осы және одан кейінгі үрдістердің маңызды ерекшелігі – Қазақстанды мекендеген халықтар, Таяу Шығыс пен Орталық Азия этностарымен, яғни адамзат өркениетінің ең көне ошақтарымен өзара байланысқа тартылды. Бұл мәдениеттердің өзара байыту мен өзара іс-қимылын орнатуға, демек, Еуразия континентінде тұрақтылықты қамтамасыз ету мүмкіндігі ретінде мәдениеттер сұхбатын орнатуға ықпал етті.

Бір қызығы, қазақ тіліндегі келісім сөзі мағыналық жағынан «келу» сөзіне де, «келесі» («ілесу») сөзіне де жақын. Басқаша айтқанда, қазақ тілінде «келісім» ұғымына Жолдың немесе, қозғалыстың (алдынан шығу) көшпелі мағынасын сыйдыруы мүмкін. Бұл жанның қарсы біреуге қарай қозғалыс арқылы ғана келісімге келуге болатынын атап көрсетеді. Салыстырмалық талдау үшін ағылшын тілінде келісім – consensus, сезімдердің, мағыналардың,

ойлардың бір-біріне сәйкес келуі деп тағы да айта аламыз. Орыс тілінде келісім ұғымында пікірталасқа, оппоненттердің дауыс санының сәйкес келуіне баса мән беріледі.

Келісімге жету жолдары, әрине, бір-бірінен біршама ерекшеленеді, бірақ келісім тұжырымдамасының ең бастысы – бұл тұрақты сұхбат құра отырып, екі тарапқа да ортақ дүниелерді іздеу, аралық мағынаны айқындау.

Ұлы дала кеңістігінде келісімге қол жеткізу және оны сақтау үшін түбегейлі қазақтың далалық дипломатиясының орны маңызды болды. «... қазақ даласында әлеуметтік иерархияның әртүрлі сатыларында тұрған топтардың өзара азаматтық татулығы мен әлеуметтік бірлік, үйлесімділігі тұрғысынан қарастыруға болады. Бұл тұстағы ұлттық философия неде дейтін болсақ, сөз қадірі арқылы өз қадірін өлшеген қазақ елі өзін бүкіл табиғат әлемінің құрамдас бөлігі екенін мойындап, бүкіл макроәлем мен микроәлемнің тұтастығын білген. Сол әлемдік тұтастықты сақтаудың, әлемдік гармонияны табиғатпен тіл табысу арқылы қастерлеген және оны көздің қарашағындай сақтауға тырысқан. Оның бұзылуы үлкен қасірет деп есептеліп, оны сақтаудың кілті адамзат татулығында, бірлігінде, ынтымағында деп білген», – деп тұжырымдайды Д.С. Раев [79, б. 129].

Бұл тарихта ортағасырлық Қазақстанда мемлекеттіліктің даму дәуірі ретінде айқындалады. Әрине, ол дәуірде Қазақстандағы саяси жағдай өте тұрақсыз болды: көптеген әскери қақтығыстар кейбір бірлестіктердің күшеюіне және басқалардың әлсіреуіне себеп болды.

Тарих ғылымы үшін бейбітшілік пен ынтымақтастықты орнатуға бағытталған ең маңызды келісім шарттардың бірі 1598-1599 жылдары Қазақ хандары мен аштарханидтер арасында қол жеткізілген келісім еді. Бұл келісім соғыстан кейін келісілді және бекітілді, онда қарама-қарсы тараптардың әрқайсысы Сырдария өзені бойындағы қалаларды әркім өз ықпалына түсіріп, кеңейтуге тырысты. Егер Қазақ хандығындағы мықты дипломатиялық келісімдер құрған тұлғалар туралы айтатын болсақ, онда Қасым хан, Хақназар хан, Тәуекел хан және Абылай хандардың саяси іс-әрекеттерін бағалауға болады. XV-XVIII ғасырлардағы әрбір тарихи кезеңде халықаралық қоғамдастықпен дипломатиялық және сауда-экономикалық байланыстардың қалыптасуында шешуші рөл атқарған сұлтандар мен хандарды бөліп көрсетуге болады. Сол кезеңдегі дипломатиялық практика қажеттіліктерге сәйкес дамыды. Мысалы, Тәуекел ханның тұсында 1598-1599 жылдары орын алған маңызды тарихи оқиға: Сырдария өзенінің бойындағы аумақтардың бір бөлігі Қазақ хандығының билігіне өтті. Бұл аумақтар қазақтар үшін өте маңызды болды, өйткені қазақтар көшпелі өмір сүру салтын ұстанғандықтан, жаңа жайылым жерлерге мұқтаж болды.

«Дала дипломатиясы Қазақ хандығының құрылуы мен қалыптасу кезеңінде ерекше рөл атқарды. Қазақ ұлтының дамуы мен қалыптасуына зор үлес қосқан хандар мен сұлтандар, билер мен жыраулар, батырлар мен ақындар. Солардың ішінде аузы дуалы ақылман билер мен шешен-ділмарлар жалпы жұртқа өнегелі сөздерімен: арнаулар, толғаулар, өсиеттер, баталар,

жоқтаулар, сын және мадақ жырларымен зор ықпал етіп, халықты ел болуға, берекелі бірлікке шақырды» [80, б. 113].

Жасалған келісім шарттардың талаптары қатаң сақталуы керек еді. Келісімшарттар жасау сакралды іс-әрекеттің бір түрі ретінде қарастырылды: ол белгілі бір рәсімдермен, Аллаға ант берумен, және қасиетті одақтың құрылуын білдірді. Келісімшарттың талаптарын бұзу Құдай алдындағы қылмыс ретінде бағаланды және қатыгез түрде, аяусыз жазаланды. Келісімшартты бұзған адам немесе тарап, әдетте, өз елінің тәуелсіздігінен айырылуға, алым-салық төлеуге мәжбүр болды және т.б. осыған ұқсас іс-әрекеттер орын алды.

Жалпы, бірқатар шарттарда «одақ» ұғымы «ант» ұғымымен біріктірілді. Басқаша айтқанда, екі билеуші қол қойған келісім бір-біріне берілген антты да білдірді. Сонымен бірге «бейбітшілік», «одақ» ұғымдары міндетті түрде мемлекеттердің ұзақ мерзімді бейбіт өмір сүруін білдірген жоқ.

Бұл диссертацияда бізді дипломатиялық келісімге қол жеткізудің негізгі қағидаларына қатысты алғышарттар сипаты қызықтырады.

Тарихи оқиғаларды талдау кезінде келісімге келудің үш түрін ажыратып, жіктелеуге болады.

Олардың біріншісі, хан әскери одақ құра отырып, саяси тұрғыда жауларды әлсірету мақсатында бейбітшілікке қол жеткізуді көздейді. Сондай – ақ, басқа одақ елге ішінара әскери қолдау көрсетеді, атап айтқанда, әскери қолбасшы немесе сұлтан басқаратын белгілі бір әскери бөлімді беруге рұқсат етілді.

Келісімдердің екінші түрі алым-салық төлеуді көздейді. Тарихи құжаттарда некеге тұру арқылы бейбітшілік келісімінің ерекше түрі туралы айтылады, ал алым-салық төлемдер болашаққа ауыстырылады.

Ең соңғы үшіншісі, шарттардың тағы бір түрі белгілі бір аумақтық жеңілдіктер немесе салық жинау құқықтары болды.

Келісімге қол жеткізу үшін әртүрлі билік дәрежесіндегі құзыретті тұлғалары келіссөздер жүргізді. Мемлекет атынан келіссөздерді хандар, сұлтандар, елшілер, хабаршылар, әскери басшылар жүргізген. Елшілер келіссөздерге әдетте екі кісіден, кейде алты-жеті адамнан тұратын топ құрып, барған; олар өздерімен бірге түйелер, жылқылар мен бағалы сыйлықтардың керуендерін алып барған. Шарттарда, әдетте, «елші» атағы бар лауазымды тұлға, хабаршылардың аты түрінде кездеседі.

«Елші» деп аталатындар бұл хан елшілері мемлекет атынан сөйлей алатын хандардың сенімді қызметкерлері лауазымында қызмет атқарды. Елшілердің міндеттеріне ерекше уәкілдік құқықпен билік жүргізушілерге, тәуелді билеушілерге, сондай-ақ Қазақ хандығымен достық қарым-қатынаста болған мемлекеттердің билеушілеріне маңызды хабарламалар немесе өкімдерді жеткізу жүктелді. Елші сапары түскен елді, жерді, оның дәстүрлерін, мәдениетін, сондай-ақ бүкіл құрылымын білуге міндеттелетін. Елші дипломатия ғылымында және әскери өнерде талғампаз, сұңғыла болуы керек еді. Ол сапарға баратын елдің тілін де меңгергені оның жеке басының ғана емес, сонымен қатар жалпы мемлекеттік мүдде тұрғысынан алғанда құптарлық қасиеттердің бірегейі саналды.

Мұның барлығы дипломатияның қазақ мемлекеттілігінің қалыптасу, дамуындағы маңызды буын болғандығын айғақтайды. Қазақ хандары пайда болған халықаралық дауларды шешудің дипломатиялық тәсілдерін мемлекет мүддесі үшін жан-жақты пайдалануға тырысты.

Дауларды шешудің дипломатиялық әдістерінен басқа, қоғамда келісімге қол жеткізуде келісім рәсімдері, олардың қағидалары, идеялары, дүниетанымдық негіздері маңызды рөл атқарды.

Келісу рәсімдері даулар мен жанжалдарды шешу құралы ретінде қазақ даласындағы құқық заңды құбылыс болды. Бұл дала заңның ерекшелігі дәстүрлі әдет-ғұрыпқа негізделген, қоғамдық қатынастарды әлеуметтік мәжбүрлеу арқылы түсіндіріледі. Әр түрлі тарихи кезеңдерде даулар мен жанжалдарды шешудің әр түрлі формалары болды. Бұл формалар соғысушы немесе қарсыласушы тараптарды қысқа мерзімді немесе біржола татуластыра алатын ықтимал шаралар мен әрекеттердің жиынтығын қарастырды. Кез келген қоғам қақтығыстарды шешудің бейбіт немесе мәжбүрлеу әдістерін қолданады, бірақ бұл әдістерді қолдану үрдісі бірдей бола бермейді.

Мұның себебін осы мәдениеттердің тарихынан және осы қоғам үшін дәстүрлі құндылықтар жүйесінен іздеу қажет. Жанжалдарды реттеудің мәжбүрлеу немесе бейбіт әдісін таңдауға әсер ететін жағдайларға отбасылық өмірді ұйымдастыру типі, осы адамдар қауымдастығының экономикалық жағдайы, осы қоғамның өміріне қауіп төнген кезде олардың бірігу дәрежесі, мемлекеттік билікті орталықтандыру шараларын жатқызуға болады.

Кейбір нақты институционалдық шаралар қақтығыстарды бейбіт жолмен шешуге жәрдемдесуге арналған, ал басқа шаралар немесе тиісті бейбіт шаралардың болмауы, керісінше, мәжбүрлеу, зорлық-зомбылық әрекеттерінің жиірек қолданылуын тудырады. Осылайша, жанжалды бейбіт жолмен шешуге шын мәнінде ықпал ете алатын (мұндай үшінші тарап бейресми медиатор-төреші, би бола алады) немесе тараптарды өзара бітімгершілік келісімін жасауға мәжбүрлейтін қандай да бір үшінші тараптың болуы қажет (мысалы, сот төрағасы, саяси билік және т.б.), келісімге келу рәсімдеріндегі жағымды жағдай ретінде қарастыруға болады.

Дәстүрлі қазақ қоғамының тарихи дамуында шиеленістерді шешудің сот және сотқа дейінгі формалары орын алды. Сотқа дейінгі әдістерді келісімге келу рәсімдері болжайды. Бұл келесідей жолмен жүзеге асып отырған. Бітімгершілік сот ісін жүргізу міндеті рудың ең беделді мүшесіне немесе ру ақсақалына жүктелді. Ру ақсақалы өмірлік тәжірибесінен немесе қоғамдық пікір қолдайтын құралдарды ғана пайдаланды. Келісім рәсімі қоғамдық сот сияқты формаға ие (КСРО кезінен бастап көпшілікке белгілі). Демек, қақтығысты, жанжалдарды келісім рәсімдері арқылы шешудің нәтижелері заңды жаза ретінде қарастырылған жоқ. Бұл қоғамдастық мүшелері тұлғааралық және ішкі даулардың барлық түрлерін шешуде тараптардың бірінің пайдасына шешуді осылайша заңдастыру, тікелей өткір қақтығысты әділ гуманистік бағытта шешу үшін әділ гуманистік бағытты ұстанды.

Мұндай әдістер тұлғааралық даулар мен қақтығыстарды шешудің рулық және отбасылық қауымдастықтардың бейбіт өмір сүруін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді, сондай-ақ сол дәуірдің діни, моральдық және басқа ойлау талаптарына толық сәйкес келді.

Қазақтың көшпелі қоғамында қоғамдық қатынастарды құқықтық реттеушілердің бірі – кісі өлтіру немесе руға зиян келтіру қылмыстарына қанды кек жазасы қолданылған. Бұл ретте ру ақсақалдары арасындағы келіссөздер арқылы істі бітімгершілікпен аяқтау мүмкіндігін жоққа шығаруға болмайды. Одан кейін Тәуке ханның «Жеті жарғысының» бірінші бабы «Қанға қан, жанға жан» деп өрнектелгенмен, қанды кек жаза түрін пайдалануға бірқатар шектеулер қойылды. Мысалы, оны төлеммен алмастыру мүмкіндігі баламалық нұсқа ретінде орын алып отырды. Қазақтардың әдет-ғұрып құқығы, сондай-ақ көптеген басқа халықтардың салт-дәстүрлері бойынша қылмыстық жазаны төлеу көбінесе толық бітімге келуге ғана емес, сонымен бірге бейбітшілік, туыстық, достық келісімге қол жеткізуге көмектесті.

Бүгін біз ұлттық дәстүрлерді еске түсіруіміз керек деп ойлаймыз. Мысалы, қазақтардың дәстүрлі әлеуметтік-құқықтық институты – билер сотының тәжірибесін пайдалану. Билер сотының құқықтық және адамгершілік құндылықтары қазіргі заңнамада, әрине, ескірген тұстары және жалпы өзгерген әлеуметтік-тарихи шындықтарды ескере отырып қолдануға болатын сияқты. Әрине, көне замандағы жүйелерді барынша идеалдандыруға және ескі дәстүрлерді тікелей көшірмелеуге, оларды автоматты түрде заманауи заңнамаға, әлеуметтік практикаға көшіруге болмайды.

«Заманалар бойы қазақ халқы өз тағдырларына қатысты талас-тартысты, даулы-дамайлы мәселелерін билерге өз еріктерімен сеніп тапсырды. Ұлы Даланың көшпелі жұртында түрме, зындан және т.б жазықтыларды қамап ұстайтын орындар болған жоқ. Тайпа, ру ішіндегі даулы мәселелер көбінесе құн төлеумен, айып салумен шектеліп отырған. Өлім жазасы құн төлеу арқылы өтелді. Рухани жетілген қоғамға тән осы көріністер мемлекет құрушы халықтың тұтастығы, ауызбіршілігі ұлттың ұлы қасиетінің арқасында ғана мүмкін болды», – деп жазды К.М. Қоңырбаева [81, б. 96]. Қалай болғанда да, Қазақстанда татуласу мен делдалдық тарихи нақты әлеуметтік институттар болғанын ескеруіміз керек. Олар ұлттық кодымызға, дүниені бейнелеу образдарына енгенін ұмытпағанымыз абзал. Билер соты сол заманның рухына толық сәйкес келіп, қоғамдық даулар мен жанжалдарды шешу қажеттілігін қанағаттандырды. Бұл ретте қазақ сот төрелігі заңды тікелей қолдану институты ретінде емес, дауласушы тараптардың келісім мен татуласу институты ретінде көбірек әрекет етті. Қабылданған шешімдерді орындаудың нақты жолы мен тетігінің жоқтығы тараптардың келісімге келуіне сұранысты күшейтті.

Дәстүрлі қоғамға тән жалпы рух, билер сотының шешімі өз пайдасына шығарылған тарап тіпті бұл шешімді орындатудан бас тарта алатындай мүмкіндігі болған. Ірі руаралық қақтығыстарды немесе қайшылықты істерді шешуде ру атынан айыптаушы билер мен қорғаушы билер сөз сөйлеген, сот

процесі «кеңес» және «жүгініс» мекемелерінде қабылданған қағидалар негізінде жүргізілді. Бірақ сот процесі басталғанға дейін және істегі барлық дәлелдемелерді зерделеуге дейін сот міндеттелді: 1) тараптарға бітімгершілік келісімге келуге – «бітім», «береке» ұсынуға; 2) тараптарға жанжалды кешіруге және оны ұмытуға, сәйкесінше, істі сот талқылауынсыз бітімгершілікпен шешуге мүмкіндік беру - «мәжіліс» арқылы жүзеге асты.

Кез келген жанжалды шешудің негізгі принципі тараптарды татуластыру. Бұл билер сотында ақыл мен ар-ұжданға жүгінетін және билер сотында шешілетін кез келген дау-дамайдың мәні бойынша келісім қағидаларын анықтайтынын айқын көруге болады.

Қазақтардың іс жүргізу құқығында және бұрынғы беделді билердің сот тәжірибесінде сот ісін шешудің түрлі әдіс-тәсілдері көрсетілген. Бұл әдіс-тәсілдердің мақсаты қарсыласушы тараптарды өзара татуласу қажеттілігіне сендіріп, иландыру және талап етуі еді. «Бітім», «жарасу», «тоқтам» – бітімгершілік келісімдердің алуан түрлері болатын.

Билер сотында қандай әдістер мен тәсілдер қолданылған? Көбінесе сот істері – жеңіл ғана емес, сонымен қатар аса ауыр, мысалы, қылмыстық істер де «қарындас», «бауырластық» негізінде шешілген. «Жартылай» істері бойынша тікелей немесе жанама дәлелдер жеткіліксіз болған жағдайда өз шешімін тауып отырған. Билер немесе айыптаушы тарап жауапкердің кінәсіздігіне сенімді болмаса және оның мүддесін қорғауға жеткілікті негіздер болмаған жағдайда, олар талапкерге «тарту» әкелуді, мойындауға кеңес беруге, осылайша сот ісін бітімгершілікпен аяқтауға құқылы болды.

Билер өз шешімдерін шығару барысында сан алуан символдық сипаттағы түрлі салт-дәстүрлерді, сондай-ақ қазақ қоғамының ескі нормалары мен дәстүрлі өмір салтын ескеріп отырған. Мысалы, «достық» салты осындай болды. Сол дәуірдегі қазақтардың санасында оның құқықтық мәні болды. Бұл рәсім әртүрлі тәсілдермен орындалды. Ертеде, мұрағат құжаттарында көрсетілгендей, жанжалдасушы тараптар бір-біріне «жалаңаш қылыш арқылы» құшақ жаяуға мәжбүр болған. Немесе қаруды төсіне қойып, достық антын берген. Көбінесе билер «тамыр» (жолдас) салты негізінде тараптарды татуластыру мақсатында әдет-ғұрып нормалары мен ережелеріне жүгінген. Би тараптарды татуласуға шақырады, ал кейбір жағдайларда, мысалы, сот ісін жүргізуден бас тартамын деп қорқытып, оларды мәжбүрлі түрде татуласуға шақырған. Сот төрағасы қарсыласушы тараптарды құшақтасып, бірін-бірі «достамыр», «жек-жатым» деп атауды ұсынған. Кейбір жағдайларда би тараптарға «қалауын» жасауға мүмкіндік берген. Бұл құқық алдымен айыптаушыға, одан кейін жауапқа тартылушыға берілді, сот төрағасы қысқа мерзімді уақытты, яғни осы уақыт аралығында реніштерін ұмытып, тараптардың бойындағы қызбалық басылып, тараптар татуласады деген үмітпен берген.

Ол рудың амандығын қамтамасыз етудің маңызды құралы ретінде қарастырылды. Бұл ретте ең алдымен би шешендік қасиетімен ерекшеленді. «Көшпелі қазақ қоғамы шешен сөзге ерекше мән берген. Қазақ шешендігі – моральдық-коррекциялық концепция жүйесі. Мұндағы мәселе шешендік сөз

өнері форльклорлық жанр ретінде адамның этикалық-моральдық құрылымына түзетулер енгізіп, рухани әлеміне коррекция жасап, тұлғалық болмысына ықпал еткен...» – деп санайды Д.С. Раев [82, б. 114]. Осы құқықпен бірге билерге ауыр жауапкершілік жүктелді, билерге қатаң шарттар қойылды. «Ердің күні екі ауыз сөзбен бітеді» - «Ер адамды өлтіргені үшін төленетін айыппұл туралы дауды екі ауыз сөзбен шешуге болады» дегені билерге үлгі болды. Данышпан билер дәл осылай іс жүргізді. Қазақтың дәстүрлі көшпелі қоғамының үстемдік құрған идеологиясына сәйкес билер төрелігінің ең жоғарғы мақсаты – жанжалдасушы тараптарды бітімге келтіру немесе олардың қарым-қатынасын қаншалықты күрделі, шиеленіскен болса да, бітімге келтіру болған. «Бұл үшін «Даудын түбі біту» - «Татуласу – сот ісін жүргізудің мақсаты мен аяқталуы» деген нормаларда болған» [83, б. 94-95].

Қазақ халқының шешендік сөз өнеріндегі әдеп философиясын қарастырушылар, оның адамгершілік нормаларын қалыптастырудың негізі ретінде қарастырады. Бір жағынан, тәрбиелік маңызы басымырақ болса, екінші жағынан, әдепке шақыра отырып, үйлесімділікті қалыптастырады деген идеяны ұсынады: «Шешендік сөз өнерінің басты ерекшеліктерінің бірі – адам мен табиғат арасындағы мінез тартысы барысында адам бойында адамгершілік, қайырымдылық, имандылық, тектілік сезімінің оянуы, мінездің табиғатпен үйлесімді даму идеясын ұсынуы. Бұл үйлесімділіктен адамның жан дүниесіндегі биік моральдық нормаларды үстемелеу, осы арқылы адамның этикалық болмысын, санасын байыту және оны қорғау идеясы туындайды» [84, б. 191]. Бітімгершілік рәсімдердің тарихи негіздері, біздің ойымызша, бүгінгі күні қазақстандық заң ғылымы мен тәжірибесін дамытудың ұстанымдары ретінде тиімді жұмыс істеуге қабілетті. Билер сотында дауласушы тараптардың келісіміне қол жеткізудің этикалық нормалары мен әдістеріне шығармашылықпен нақты-тарихи тұрғыдан қарай отырып, оларды қандай да бір дәрежеде мемлекетіміздің және еліміздің азаматтық қоғамының құқықтық қызметінде қолдануға болады.

«Тайпаларды ұлтқа, этносқа біріктірудің ең маңызды шарты, ең алдымен, шаруашылықтың, экономикалық қатынастар мен байланыстардың дамуы болып табылатынын барлығымыз білеміз. Көшпелі және жартылай көшпелі мал шаруашылығында отырықшы-егіншілік және қалалық мәдениет үстемдік еткен көрші аумақтармен экономикалық байланыстар жүргізу ерекше қажеттілік болып саналды. Бұл қажеттілік экономиканың осы салалар сипатындағы айырмашылықтармен байланысты. Осы аумақтарды мекендеген халық арасындағы тұрақты байланысы шаруашылық қатынаста құрылды, сәйкесінше, экономикалық, этномәдени, этносаяси қатынастарда дамыды. Тұрмыстық байланыстар тек бір-бірімен тығыз байланысты этностардың өкілдері арасында ғана емес, басқа этникалық топтардың өкілдерімен де орнатылды» [85, б. 138].

Рулар мен тайпалар даму тарихында Еуразия кеңістігінде ұлтқа, этносқа, содан кейін Еуразиялық суперэтносқа біріктірілді. Оның ерекшеліктері континенттің көптеген этникалық топтардың сипатынан көрінеді. Сонымен қатар, адамдардың суперэтностық қауымдастығының ауқымы неғұрлым кең

болса, бүкіл әлемнің келісімі мен үйлесімділігін қалыптастыру мүмкіндігі соғұрлым көп болады.

Еуразия халықтары арасында орыс еуразияшылдық классиктерінің бірі Н.С.Трубецкийдің пікірінше, тартымдылық пен жанашырлықтың болуын болжайтын бауырластық қатынастар үнемі болды және олар оңай орнатылды. Еуразиялық халықтардың бауырластық қатынасы бір-бірімен бір жақты белгілер тізбегі бойынша емес, тарихи тағдырлардың ортақтығы бойынша байланысты. «Еуразия – географиялық, экономикалық және тарихи тұтастық. Еуразия халықтарының тағдыры бір-бірінен ажырата қарауға болмайтын, берік байланысқан тұтас, үлкен кеңістік...» [86, б. 146]. Нәтижесінде Ұлы Дала халықтарының шежірелік байланысы туралы ғана емес, яғни олардың шығу тегінің бірлігі туралы ғана емес, сонымен бірге Н.С.Трубецкий мәдени-тарихи немесе типологиялық туыстығын көрсетеді [87, б. 60-62].

Л.Н.Гумилевтің еуразиялық доктринасында бұл идеялар орыс князьдері мен Алтын Орда арасындағы тығыз байланыс пен келісімді негіздеу түрінде өз жалғасын тапты. Бұл тақырып, әрине, жеке ой толғауды қажет етеді, бірақ оның негіздемелері түбегейлі шындық пен маңызды болып көрінеді.

Еуразиялық тұтастық алуан түрлі аспектілерде, кейде тіпті әдеттен тыс қырлары бойынша зерттеліп жатыр. Сонымен, И.Э.Сулейменов мәселені геобиофизикалық тұрғыдан қарастырды, яғни, жаратылыстану тұрғысынан, сол арқылы Л.Н. Гумилев ілімінің негіздерін дамытады [88, б. 7-19].

Мұндай көзқарастар әлі де болса жеткілікті пікірталас тудыруда, бірақ олар бір континенттегі халықтардың қалыптасуын тарихи және мәдени жағдайларға және олардың біртіндеп суперэтностық қауымдастыққа бірігуін негіздейді.

Ішкі Еуразия кеңістігі терең континенттілікпен, теңіздерден алшақтығымен сипатталады, оның үстіне мұз басуға бейім жер. Бұл ұзақ тарихи уақыт бойы Еуразия елдерін әлемдік нарықта бәсекеге қабілетсіз етті. Сондықтан, Еуразия провинциясының шаруаларын мұхиттың арғы жағындағы серіктестермен емес, көршілес елдермен тығыз байланыста болғандығын дәлелдейді. Сәйкесінше, Еуразия континенті сыртқы экономикалық байланыстарға қарағанда ішкі экономикалық байланыстардың басымдығы бар ішкі біртұтас жүйе ретінде ғана табысты дами алатын еді.

Диссертацияның алдыңғы тарауында келісімнің екі түрі осы тұрғыда талданды (бір жағынан – логикалық, рационалистік, екінші жағынан – рационалистік емес, сезімдік-бейнелі) Батыс пен Шығыстың экономикалық типтеріндегі осы түбегейлі айырмашылықпен байланысады. Батыс кәсіпкері, әсіресе қазіргі заманғы кәсіпкер, ірі халықаралық компанияның иесі болса, өзінің кәсіпкерлік қызметінің көптеген элементтер – банктік, транзиттік және т.б. арқылы қатысады, сонымен қатар, бұл кәсіп әлемнің көптеген елдерінде бір уақытта жүзеге асырылуы мүмкін. Батыстық типтегі кәсіпкердің қызметі неғұрлым ауқымды болса, соғұрлым кұрғақ есептеуге сүйенеді. Оның санасында абстрактілік, оны тірі адам өмірінен алшақтататын менталды бірлік басым бола бастайды. Трендке айналған «Бұл жай бизнес, жеке ештеңе жоқ»

деген афоризмді айтқан кезде, бұл жай ғана сөз емес: оның артында батыстық кәсіпкерлікке тән нақты жағдай мен өмірге деген шынайы көзқарасы мен қатынасын көрсетеді.

Ал еуразияшылға келетін болсақ, бұл жағдайда қазақ дәстүрлі қоғамның өкілі ретінде ол, біріншіден, басқару элементтерінің салыстырмалы аз түріне және эмпирикалық түрде байқалады. Екіншіден, өзінің сана-сезімінде өзінің тапқырлығына, сондай-ақ туыстық байланысына, ата-бабасының аруақ ықыласына, табиғаттың күш-қуатына сүйенеді. Оның ішкі әлемінде психоэмоционалды компонент басым.

Одан да кеңірек қарастыратын болсақ, онда төмендегі тұжырымдардың мағынасы тереңде. «...Дәстүрлі мәдениетте, мифопоэтикалық санада заттар өз еркі мен мінезі бар жанды заттар ретінде қарастырылады және олар бұл қасиеттерді адам болмысына қатыстылық сипаты арқылы иемденеді. Олар қажеттіліктерді қанағаттандыратын жансыз құралдар емес, ол адамның тәжірибесін, әлем туралы идеяларының жиынтығын сақтайды, өзінде терең ақпаратты сақтайды және таратады» [89, б. 395-397].

Сонымен қатар, этностар белгілі бір жағдайларға байланысты бір аймақта, бір дәуірде пайда болды және қалыптасты, демек, біртұтас тарихи импульстен туындайды. Олар көбінесе түрлердің, типтердің, мәдениеттердің, саяси құрылымдардың әртүрлі үйлесімділігін құрайды. Өз кезегінде, әр этнос бір-бірінен кейде тілдік жағынан, кейде наным-сенімдерімен, кейде қызмет түрімен ерекшеленетін шағын топтарға бірігеді, бірақ, әрқашан мінез-құлықтың белгілі бір стереотипімен ерекшеленеді. Л.Н.Гумилевтің пікірінше, «этникалық топтар бір суперэтностың өкілі ретінде бір-біріне ұқсамайды, бірақ басқа суперэтностардың этникалық топтарына қарағанда бір-біріне жақынырақ және ділі (менталитеті) де, мінез-құлқы бойынша сәйкестік байқалады. Мысалы, роман-герман әлемінің этностары және ұлттары: немістер, француздар, ағылшындар, итальяндықтар, поляктар, чехтар, шведтер және испандықтар. Олар ислам әлемінің өкілдері: арабтар, парсылар, түріктер, берберлер мен туарегтер немесе Еуразия этностары: орыстар, татарлар, якуттарға қатысты тұтастықты білдіреді» [90, б. 36].

Ішкі Еуразия кеңістігінде тарихи пайда болған және қалыптасқан этностар, дәлелді себептермен суперэтностқа жатады. Сәйкесінше, еуразиялықтардың суперэтнос ретінде сәйкестік сипаты қалыптасты. Тұрғылықты аумақтың бірлігі осы сипатқа өз ізін қалдырды; өте қатал климатқа төтеп беру қажеттілігі; тарихи тағдырлардың тоғысуы; жақын көршілестік. Өзара бірқатар айырмашылықтарға қарамастан, ішкі Еуразияның этникалық топтары көптеген қағидалы өлшемдер бойынша өте ұқсас. Оларға салт-дәстүрлер, өмір салтының сипаты, психологиялық қасиеттер, ділдің кейбір жалпы тұстары және т.б. жатады.

Еуразияшылдарға тән ортақ қасиет – көпшілдік, адамның адамға ашықтығы. Әдеттегі еуразияшыл қонақжай, ол берік отбасылық қатынасты бағалайды. Бұл идеяны көптеген ойшылдар мен зерттеушілер атап өткен.

Мәселен, Ф.М.Достоевский, Н.О.Лосский, Асан Қайғы, Бұқар жырау, Абай Құнанбайұлы, Ыбырай Алтынсарин, Шәкәрім Құдайбердіұлы және т.б.

Тарихи тағдырлардың ортақтығына және ортақ ішкі аумақта ұзақ тұруына байланысты, демек тұрақты экономикалық және мәдени байланыстар арқылы еуразиялық суперэтнос өкілдеріне ортақ психологиялық қасиеттер ғана емес, сонымен бірге тығыз жақындық, тіпті айқын туысқандық қатынас орнады. Оны генетикалық тұрғыдан да, тілдердің тығыз байланысынан да, шығармашылық қызмет пен өнерде де байқауға болады, мұнда ішкі Еуразияның әртүрлі халықтары арасында, әдетте, ауызекі шығармашылыққа, ою-өрнек өнеріне, және арнайы музыкалық ырғаққа және бір-біріне ұқсас музыкалық аспаптарды пайдалануға баса назар аударылды.

Еуразия өзінің ұзақ тарихында ыдырауды да, қайта бірігудің көптеген мысалдарын бастан өткерді. Скифтер, ғұндар, ежелгі түріктер, моңғолдар, славяндар, ежелгі дәуірден бастап Ұлы дала аумағында өмір сүрген барлық халықтар бір ырғаққа бейімделіп, біртұтас еуразиялық суперэтносты, біртұтас еуразиялық бірегейлікті құрды.

Сонымен қатар, барлық этностар үшін бір-бірінен ерекшеленбейтін біртұтас мәдениет қалыптастыру мүмкін емес және ақылға сыймайды. Әр этностың мәдениеті өзгеше, ерекше және дәл осы әртүрлілік адамзатқа сұлулық пен шексіз даму мүмкіндіктерін береді.

Еуразиялық біріктіруші идея рухани бастауды материалдық негізден жоғары қояды, коллективизмді, яғни ұжымшылдықты тұтынушылық идеологиясы бар индивидуализм апологиясына қарсы қояды және сол арқылы сарқылмас пікірлер мен мүдделердің алуан түрлілігінде белсенді және жасампаз ұстанымды қамтамасыз етеді. Әлем әр адамның, сәйкесінше мәдениеттің әр алуандығымен ерекше әдемі және үйлесімді қатынастарда. Мұндай көпқырлы негізде Еуразия өз тарихында, қазіргі кезеңдегідей, жүйелі тұтастық, халықтардың экономикалық және рухани жақындасуының факторы, тарихтың императивті ырғақтарымен астасып жатқан төл мәдениеттердің біртұтас орталығы ретінде көрінеді.

Осылайша, диссертацияда жүргізілген шолу мен талдаудан **теориялық сипаттағы кейбір қорытындылар** шығады.

Түркілердің мәдениеті екі түрлі: отырықшы және көшпелі мәдениеттерді біріктірді. Осыған байланысты, қазақтардың тарихы мен мәдениетіндегі негізгі категориялардың бірі – тараптардың дүниетанымындағы елеулі айырмашылықтарға қарамастан, келісімге келу қабілеті, ымырашыл менталитет (мәмілеге келу мәдениеті).

Сонымен бірге, келісімнің екі түрі, бір жағынан, логикалық, рационалистік, екінші жағынан, рационалистік емес: сезімдік-бейнелі және сакральды-мәдени, Батыс пен Шығыстың (әсіресе дәстүрлі қоғамда) шаруашылықты басқару түрлері келісімнің маңызды айырмашылығымен байланысты. Біріншісінде ақыл-ой есебі мен пайда табу мен кіріс туралы пайымдаулары басым болса, екіншісінде туысқандық қатынас, дәстүр, діни-мифологиялық дүниетаным басым келеді.

Пайда табуды көздейтін келісім мен дәстүрді сақтау үшін жасалған келісім бір-біріне сырттай ұқсайды. Алайда дәстүрді сақтау пайдаға ұмтылудан гөрі шынайы рухани келісімге жақын.

Негізінен бұл айырмашылықтар арқылы адам санасының құрылымдарының ұқсастығына қарамастан, оның қолданылуы әртүрлі мәдениеттерде айтарлықтай ерекшеленетінін түсіндіреді, қандай жағдай болса да тарихтың классикалық кезеңінде айқын көрініс табады.

Тарих көрсеткендей, әсіресе Ұлы Жібек жолының дамуына байланысты Қазақстан алыс-жақын елдермен түрлі қарым-қатынасқа түсті. Бұл бір жағынан басқа мәдениеттер мен халықтарды танып-білуге мүмкіндіктер туғызса, екінші жағынан, басқа халықтар мен мәдениеттер көптүрлі болғандықтан қазақтарға әрдайым жақын бола берген жоқ, демек, болашақ қақтығыстардың қауіпін төндірді. Бірақ екі жағдайда да келісім концептісі сөзсіз қалыптасты, бұл үдеріссіз қазақ халқының одан әрі өмір сүруі мен табысты дамуын елестету мүмкін емес еді. Егер сауда мәдениеттердің бірін-бірі тануы мен түсінісу үшін негіз болған болса, онда қарым-қатынас жасайтын халықтар арасында берік негіз – келісім жасалғанда ғана жанжалдарды шешуге мүмкіндік туар еді.

Бұл келісім концептісі кез келген тарихи, экономикалық жағдайларда және саяси басқару формаларында адамдардың қарым-қатынасы мен өмірін реттеудің міндетті, қажетті құрамдас бөлігі екенін көрсетеді.

2.2 Қазақ философиясы ауқымындағы келісім концептісі: генезисі және мәні

Қазақ мәдениетіндегі келісім идеясы жоқ жерден туындауы мүмкін емес еді. Оның терең тамырлары көне дәуірлерде, ежелгі көшпенділердің тұрмыс-тіршілігінде, рухани әлемінде жатыр.

Қазіргі қазақтардың ата-бабалары дүниетанымдық сипаттағы күрделі мәселелерге қатты қызығушылық танытты. Бұған, мысалы, қазақ халқының мәдениетінде әлемнің пайда болуы туралы көптеген мифтердің осы күнге дейін сақталғандығы дәлел бола алады. Сонымен қатар, бұл мифтер қазақтың ауызша поэтикалық дәстүрінде ерекше орын алады.

Ай мен күн, жұлдыздар туралы мифтердің мазмұнында аспан денелері апалы-сіңілілі немесе қыз бен жас жігіт бейнесіндегі көрінісі миф әлемінде ерекше маңызға ие. Қазақ дүниетанымында күн, ай және жұлдыздар адамдар кейпінде болған және қандай да бір себептермен аспан денелеріне айналды деген сенім болған. Қазіргі дәуірдің заманауи мифтері де әлі күнге дейін аспан денелерін адам бейнесінде сипаттайды. Қазақ мифтері адамның айға, күнге, жұлдызға қалай айналғанын түсіндірмейді, бірақ аспан денелері ертеде адамдар кейпінде болған және әлі күнге дейін адам ретінде әрекет етуді жалғастырады деген ой айқын көрініс табады. Аспан денелерінің қозғалысы мен адамдардың Жердегі іс-әрекеттері арасындағы үйлесімділікті, жеті қарақшы бейнесінде ұсынылатын жеті жұлдыз туралы «Жеті қарақшы» мифінің мысалында қарастыруға болады. Темірқазық жұлдызының жанында екі жұлдыз орныққан, бірінің аты «Ақ боз ат», екіншісінің атауы «Көк боз ат».

Әр түні жеті қарақшы тұс-тұстан жасырынып келіп, жылқыларды ұрламақ болған, бірақ таң атуына байланысты олар жасырынуға мәжбүр болған. Ежелгі адамдар қарақшылар жылқылардың біреуін ұрлап кетсе, «Ақыр заман» келеді деген сенімде болған. «Жеті қарақшы» жұлдызына қарай отырып, адасқан жолаушы жолдың дұрыс бағытын анықтаған, көшпенділер жайылымдық жерлерін ауыстырған. Бұл мифтердің мазмұнын талдау, адам мен табиғат арасындағы үйлесімділік пен байланысты қарастыруға мүмкіндік береді. Осы орайда зерттеуші-ғалым Ш. Ыбыраев: «Салыстырмалы зерттеулердің нәтижелеріне қарағанда, ең қарапайым және ең көне мифтердің қатарына аспан денелері – Күн, Ай, Жұлдыздар мен планеталар туралы айтылатын мифтер жататын көрінеді. Бұлардың әлем жұртшылығына кең таралғандығы және миф атаулының ішінде алатын орнының мән-мазмұны олар бір кезде адам болды деген түсінікті айшықтап көрсетеді. Күн сәулесінің өткірлігін оның мінезінің тік, өжеттігіне, Ай сәулесінің әлсіздігін оның жұмсақ мінезіне байланысты түсіндіру де олардың адам кейіпінде ұғынылғанын дәлелдейді» [91, б. 159], – деп ғылыми тұжырым жасайды.

Халық мифологиялық түсініктері бойынша әйелдерге түнде суға баруға тыйым салынады. Мойнында иінағашы бар қыз туралы мифте зұлым өгей шешесі өгей қызын түнде суға жібергені жөнінде айтылады. Бойжеткен суға жақындағанда, сымбатты жас жігіттің бейнесін көреді. Бірақ, бұл жай ғана айдың судағы көрінісі еді. Сонда қыз Ай кейіпіндегі жігіттен өзімен бірге көкке алып кетуін өтінеді. Ай-жігіт қыздың бұл тілегін орындайды. Содан бері, адамдар айға қарап, иінағашына шелек көтерген қыздың бейнесін елестеді.

Қазақ дүниетанымында, басқа да түркі халықтары сияқты Аспанның жаратушысы – Тәңір, ал Сібір түркі халықтарының мифтерінде Жердің иесі – Ұмай ана бейнесінде баяндалады. Мифтерде оларды ерлі-зайыптылар ретінде жұптастырады, бұл бүкіл ғаламдағы жүйелілік, әмбебап байланыс пен келісім идеясының тағы бір көрінісі болып табылады.

Қазақ мифтері көшпенділерге тән дүниетаным, өмір салтын, өмірді түсіну мен қабылдауды бейнелейді. Мысалы, төрт мезгілде жайылым жерлерін ауыстыру жоспарларын аспан денелерінің қозғалысымен анықтаған, өз жайылымын жыл мезгілдеріне (Үш Арқар, Қамбар, Үркер және басқа жұлдыздар) сәйкес өзгертеді. Темір Қазық, Шолпан немесе Құс Жолы сияқты жұлдыздар түнгі аспанда жолдың бағытын көрсетеді. Бұл мысалдар қазақтың көшпелі өмір салтының ерекшелік сипатын дәлелдейді.

Көшпенділер дүниетанымында әлем Аспан-Тәңірі құшағына алған үлкен кеңістік ретінде пайда болды, ал аспан барлығын біріктіретін болса, барлық табиғат өз тұтастығын сақтайды. Табиғаттағы барлық құбылыстар бір-бірімен тығыз байланысты, бірі екіншісіне өтіп, бір-біріне тәуелді болады. Көшпендінің киелі көлігі жылқы жануарынсыз өмір сүре алмайды, ал жылқы өзінің азығы шөпсіз өмір сүре алмайды, ал шөп күн жылуына малынып өседі. Күн шығады және батады, адам өмір сүретін уақыт шеңберін есептейді. Табиғатта барлық нәрсе заңды және үндестікте, яғни үйлесімде. Адам өзінің осы үйлесімділікпен бірлігін көреді және сезінеді. Су және мал-жан, құстар мен

жануарлар, жазықтың ауасы, күн сәулесі немесе жол көрсететін жұлдыздардың болмысы осы әлемде болмаса, адам ештеңе және ешкім екендігін түсінеді.

Осындай көзқарастың нәтижесінде көшпенділердің дүниетанымындағы мифологиялық типтегі түсініктері қалыптасты, атап айтқанда, жалпы трансформизм, адамдар мен жануарлардың, адамдар мен жұлдыздардың өзара байланысы негізінде өнерде «аң стилі» қалыптасты.

«Адам мен табиғат арасындағы ажырамайтын үйлесімділік» идеясы қазақтардың онтологиялық көзқарасынан этикалық салаға ауысты деген тұжырымдама жасау мүмкін болса, бұл идея қазақтардың этикалық көзқарастарында айқын көрініс табады. Ақындар, жыраулар шығармашылығының басты тақырыптарының бірі ретінде қоғамдық келісім туралы ойлар қарастырылды. Мысалы ретінде, қазақтардың жауға қарсы үш жүздің бірігуі, мемлекет арсасындағы келісімдер туралы кеңестерін, әділетсіз ханның іс-әрекетіне қарсы пайымдауларын өлең жолдарымен жеткізіп отырған. Өзіміздің ойларымызды айғақтай түсу үшін осы сала бойынша зерттеушілердің пікірлерін саралдық, біздің ойымыз «Қазақстанның қазіргі жаңғыру кезеңіндегі қазақ халқының философиялық-поэтикалық мұрасының рухани-мәдени әлеуеті» атты ұжымдық монография қорытындылармен үндесіп жатыр: «... Әлемді, ғарышты, болмысты мифтер арқылы осылай түсіну, ғарыш пен адам органикалық бірлікте деп есептейтін протоқазақтардың дүниетанымы мифологиялық сипатта болғандығының дәлелі. Демек, тарихи тұрғыдан протоқазақтардың алғашқы дүниетанымы мифологиялық (тәңірлік) болды, адам микрокосмос ретінде түсінілді, ал макрокосмос әлемі, олардың байланысы, бірлігі анық, тікелей берілген» [92, б. 10-11]. Мифологиялық сананы протоқазақтардың дүниетанымының ерекшелігі деп қарастырса, біз осы дүниетанымдағы бірлік пен келісім, үйлесімділікті айырықша белгі ретінде көрсетеміз.

Шығыс пен Батыстың философиялық дәстүрлерінде біз жалпы үйлесімділік пен тұлғааралық келісім туралы әртүрлі, бірақ мәні мен мазмұны жағынан ұқсас ойларды кездестіреміз. Мысалы, брахманизмдегі «Атман – Брахман, бір ұғым», сопылықта «Мен – Сен, бір ұғым», христиандардың «Мен – Менің әкем, бір ұғым», Табиғат пен Идеяның бірлігі ретіндегі гегельдік «рух» және басқа да абстрактілі, жалпылама тұжырымдамаларды атай аламыз. Қазақ философиялық дәстүрінде келісім идеясы негізінен сезімдік-бейнелік формада қалыптасты, мысалы, Тәңір мен Ұмай ананың бірлігі, Жер-Су және т.б. Қазақтардың әлеуметтік өміріндегі келісім идеясының бір көрінісін Асан Қайғының Жәнібек ханға үндеуінен табамыз. «Жыраудың шығармашылығын философиялық талдаудан өткізе отырып, XV ғасырға тән ыдыраушылық кезеңінде қазақ халқының ынтымақта болуы – өмір қажеттілігі, тарихи тұрғыдан алғанда енді ғана есін жинап біртұтас халық екенін сезіне бастаған әлеуметтік этникалық қауымдастық үшін, қазақ үшін бұл күрделі, бірақ оңай іс-қимыл емес екендігін алға тартады» [93, б. 18].

«Есенінде – тірінде,

Бір болыңыз бәріңіз» [94, б. 10].

Бұл өлең жолдарынан халықты бірлікке шақырады. Бірліктің түбінде береке барлығын меңзейді. Қоғамдық келісім, кез келген жеке тұлғаның игілігінен қарағанда жоғары тұрады. Бірлік ортақ мақсатты жоғары қойып, жоғарғы мақсаттарға талпыну. Осы үндеуді Әуезхан Қодар орыс тіліндегі аудармаларында, бытыраңқылық жағдайына байланысты азап пен уайым-қайғыны ғана емес, қысқа әрі, мазмұны тереңде жатқан дана ойды төмендегідей сипатта көрсетеді: «Келісім деген игілік» [95, б. 59].

Жоғырыдағы пайымдаулардан «қазаққа рационалистік ойлау тән емес және логикалық тұжырымдау қабілеті жат» деген ой-қорытынды жасауға болмайды. Кез келген адамға ойлаудың категориялық құрылымы тән. М.С.Орынбековтың пікірінше: «Тайпалық даму кезеңіндегі халық үшін ұжымдық мақсат ерекше маңызға ие болды, онда бірінші кезекте қоғамдастықтың немесе тайпаның мүдделері тұрды, ал ал жеке тұлға өзінің мүдделерін білдіре алатын дәрежеде маңызы болды. Сондықтан, қазақ даласында жеке тұлға «Меннің» болмауы мен жеке тұлға толығымен жоғары ұжымдық ой-пікірлерге толықтай бағындырылғандығы жөніндегі идея жақсы қабылданды. Бұл қазақтардың әлеуметтік психологиясында терең тамыр жайғаны соншалық, қазірдің өзінде қоғамда ұжымшылдық көзқарас, топтық мүдделер басымдылығы байқалады» [96, б. 126].

Мұндай тұжырымдамалар бізді тікелей Қазақстан тарихында басым болған этикалық мәселелерді ғылыми талдау арқылы қарастыруға ықпал етеді. Дәстүрлі қазақ философиясында келісім түсінігі қалай түсіндірілді?

Біріншіден, бұл жерде этика мен онтологияның, немесе бір жағынан, қоғамдық өмірдің этикалық бастауын, екінші жағынан, жалпы адам өмірінің жалпы болмыстық бастаулары арасындағы терең байланыстарды атап өткен жөн. Бұл онтология мен этика бірлігі, аңызға айналған Қорқыт Атаның өмірі мен шығармашылығында өзінің экзистенциалдық-психологиялық түсіндірмесін тапты.

Г.Г.Барлыбаеваның пікірінше, «Қорқыт Ата ұрпақ жадында түркі халықтарының іргелі этикалық құндылықтарының, олардың рухани және философиялық ізденістерінің, олардың саналарының жаңа биікке көтерілуінің экспонаты ретінде қалды. Бұл этикалық құндылықтар алғашқы діни жүйелерде пайда болды, олар тарихи үрдісте ұзақ уақыт бойы шексіз соғыстар мен төңкерістер әсерінен байыпталып отырды. Қорқыт Атаның этикалық идеялары бүгінгі күнге дейін сақталды, уақыттың өзі әмбебап сипатқа ие ізгілік пен әділдік мұраттарын тандап алды. Қорқыт философиясына сәйкес, өлім – басты зұлымдық және оған қарсы күрес, ойшылдың басты мақсаты – адамның шынайы өміршендігі үшін күрес. Қорқыт жасаған қобыз, мәңгілік символына айналды. Жер бетіндегі аңызға айналған музыка мен күйлердің әкесі Қорқыт, өз өнерімен адамзатқа қызмет ету жолында мәңгі өмірлік мәнді тапты. Физикалық өлімнен қашып, ол рухани өміршендіктің шыңына жетті, бұл өмірлік мәні бар күрделі сұрақтарға жауап іздеуге, табуға мүмкіндік береді» [97, б. 13-14].

Дәстүрлі қазақ философиясы ауқымындағы келісім ұғымын ашуда Қорқыттың өмірі мен шығармашылығы туралы аңыздарды қарастыру өте қызықты. Бұл аңыздарда адам мен әлем арасындағы үндестік, адамның өміріндегі үйлесімділік арқылы ғана жүзеге асады деген тұжырымдама бар. Өзіндік келісім ғаламдағы сфералар үйлесімділігіне ұқсайтын, музыкалық дыбыстар үндестігі арқылы жүзеге асады. Сәйкесінше, қобыз арқылы адам мен әлем, адам мен өмір арасында келісім жасалады, ал бұл келісім өз кезегінде музыканттың жан дүниесінде үйлесімділікті туғызады. Осы онтологиялық-психологиялық үйлесімділік нәтижесінде адамның рухани өресін дамытып, шығармашылық туындыларының мәңгілік адамзат мұрасына айналу мүмкіндігі пайда болады.

Қорқыт Ата ізденістер мен әлемнің екінші ұстазы әл-Фарабиға тән терең ойлар арасындағы таңқаларлық сәйкестікті көруге болады. Әл-Фараби философиясы туралы көрнекті қазақстандық ғалым А.Х.Қасымжановтың еңбектерінен: «Ойшыл құбылыстардың келіспеушілігінен, күнделікті өмірдегі қатыгездік пен трагедиядан, жоспарлардың ұлылығы мен батылдығынан оған «уақыт музыкасы» түсінетін және сезінетін үйлесімділікті болжайды» [98, 5 б.]. Мұнда, біз көріп отырғанымыздай, келісім құбылысының тағы бір жаңа қыры ашылады, атап айтқанда: екі ұлы қайраткерлер арасындағы «уақыт музыкасы» және біз атағандай, «ғаламның музыкасы» арқылы ортақ келісімге келеді.

«Қазақты музыкасыз елестету мүмкін емес», – деп М.Хасанов пен Ж.Каракузова дәлдікпен атап өтті. Бұл қазақ аңыздарындағы Біріншілік Жаратылыс актісіндегі анықтаушы аккорд, музыка болып табылады. Ежелгі адамдар үйлесімділік пен үйлесімсіздіктің алмасуынан сфералар музыкасының туындайтынын сезінген. Музыка – қазақтардың салт-дәстүрлерінің бөлінбейтін бөлігі. «Қазақтың халық музыкасының айырықша ерекшелігі – өзара байланыс, шілтер тәрізді бірлестіктер. Таңбалық музыкалық символика қазақтың ғарыштық идеяларымен, олардың мифологиялық дүниетанымымен байланысты. Музыка әуендік форманың қалыптасу ұстанымдарына сәйкес жасалады, яғни музыкалық тақырып толықтай ашылғанда, Хаос басқа түрге енеді, үйлесімділікті қалыптастырады. Музыка қазақтар үшін негізгі мәдени естелік, халықтың ділі мен мәдениетін қалыптастырған алтын қор болып табылады. Бұл үрдіске «қазақ» этнонимінің пайда болуы органикалық түрде сәйкес келеді» [99, б. 124-125].

Тағы да баса назар аударатын ой: қазақ мәдениетіндегі келісім концептісі, өзінің ежелгі бастауын (әлеуметтік-мәдени және онтологиялық сипатын) жалпы болмыстың үндестігімен адамзат қоғамының үйлесімділігінің айқын көрінісі ретінде музыкалық кодтардан, музыкалық рәміздерден алады.

Соңғысына келетін болсақ, яғни үйлесімділік – адамдардың әлеуметтік қатынастарда, қоғамның құрылымы мен сапасында көрініс табады, демек, дәстүрлі қазақ философиясы ауқымындағы үйлесімділікке сәйкес идеялар аз болмағанын айтып өту қажет. Көптеген ойшылдар идеалды қоғам құру, оған

жету жолында, ең басты мәселе ретінде қоғамдық келісімге жетелейтін ұстанымдарды қарастырды.

Осыған байланысты Абай философиясындағы қайырымды қоғам тұжырымдамасын қарастыру заңдылық.

Алдымен Абай ілімінің пайда болуының мәдени-тарихи алғышарттарын талдау қажет, яғни оны жалпы тарихилық тұрғысынан қарастыру орынды. Өйткені, Абайдың ілімін жалпы мағыналық жүйесін түсінуге мүмкіндік береді.

XIX ғасырдағы Қазақ даласындағы қоғам болмысы мен әлеуметтік-саяси өзгерістердің регрессивті гуманистік дүниетаным мен прогрессивті қоғам дамуының дуалдық нәтиже шарттарын көруге болады. Абай философиясындағы қайырымды қоғам тұжырымдамасын жүзеге асыруда басты объекті ретінде адам мәселесін шеше отырып, оның рухани, этикалық қырларын дамыту арқылы толық адам мінсіз қоғамды құрады деген ой-қорытындыға келеді. Абай өз заманындағы қазаққа тән теріс мінез-құлықты сынай отырып, өз ұлтынан осы сынға қарсы күрес күткен және ол сын айтумен шектелген жоқ, дәйекті дәлелдер мен жаңа заманға сәйкес келетін ағартушылық әрекеттер жүйесін ұсынды. Қазақ қоғамының болашағы ой жүйесі мен ісінің бірлігі туралы ойды алға тартты. Абайдың жаратушы мен білімге қатысты деистік көзқарасы әл-Фарабидың діни-философиялық ойымен сәйкес келеді, жаратушыны жаратқан дүниелер себебінен тану мүмкіндігіне білім арқылы ие болатын ойлары талданды. Қайырымды қоғам тұжырымдамасына Абайдың көпшілікке игі болатын білім тұжырымдасы арқылы жетуге болады деген ой ұсынылады.

Оның тұжырымдамасын толығырақ қарастырсақ.

Қазақ сөзінің этимологиялық анықтамасына зер салсақ еркін, кезбе деген мағына берсе, қазақтардың өмір салты ешқашан өзінің еркін қозғалысының шекарасын білмеген, бірақ туған жеріне, туған ауылына деген сан қатпарлы ойларды кездестіреміз. Қоғамның әлеуметтік болмысы дегеніміз әлеуметтік кеңістік пен әлеуметтік уақыт аралығында өмір сүретін қоғамның мәдени, тарихи, саяси үрдістерін бірегейлік сипатымен талдау.

Сондықтан, XIX ғасырдағы Қазақ халқының әлеуметтік болмысын осы сипат арқылы анықтаймыз, қазақ қоғамы өмір сүру салтында шынайы еркін болған, қазақтардың басым көпшілігі мал шаруашылығымен айналысқан, тебін тірейтін төрт жайылымдық орны бар (қыстау, күзеу, көктеу, жайлау), бұл сол кездегі қоғамның көшпенді өмір салтын айғақтайтын дәлелдер, сонымен қатар, жер шаруашылығымен, балық шаруашылығымен, қолөнер, саудамен татар көпестері арқылы айырбас саудамен айналысқан. XVIII-XIX ғғ. Кіші және Орта жүздегі хандық билік жойылды, Абылай хан қайтыс болғаннан кейін, әр жүзде жеке хандар сайланып, бытыраңқылық жүйе қалыптасты. XIX ғасырда Ресей патшалығы қазақтарды қыстау мен шабындық жерлерді пайдалану құқығын шектеумен қатар, жеке иеліктерді де тартып алумен айналысты. Мұның бәрі қазақ руларының қалыптасқан көшіп-қону жолдарының бұзылуына, мал шаруашылығының дағдарысқа ұшырап, жайылымдық жерлердің құлдырап, қоғамның әлеуметтік-экономикалық құрылымының бұзылуына әкелді.

Қазақ қоғамдық-саяси өміріндегі өзгерістер, хан-сұлтан-би-батыр-халық құрылымдық жүйесінен тұратын болса, енді нарықтық сауда қатынасының пайда болуымен жаңа әлеуметтік қабат байлар тобы пайда болды. Демек, қазақ қоғамы екі қарама-қарсы топқа бөлінді, біріншісінде хан, сұлтан, би, байлар болса, екіншісінде батырлар, қарапайым халық пен жатақтар, бақташылар болды. Осы уақыт аралығында халық батырларының бастауымен орын алған көтерілістер басқару жүйесіндегі өзгерістер есебінен орын алған. 1822-1824 жж. Сібір, Орынбор қазақтарын басқару туралы декрет, 1867-1868 жж. Түркістан облысын басқару туралы реформалар көшпенділердің патриархалды-феодалдық өмір салтын сілкіндірді, сұлтандар, билердің билігі бұрынғы жүйедегі ақсақалдардың билігімен қатарлас маңызға ие болды. Қазақ жері жеті округке, әр округ болыстар мен ауылдарға бөлінді. Генарал-губернатор – округтік приказдарды аға сұлтандар, болысты сұлтандар, ауылды ауыл старшиналары басқарды. Қазақтарға өз округінде ғана көшіп-қонуға рұқсат берілді, ал екінші бір округке рұқсат қағаз қажет етілді. Казақтарға, аға-сұлтандарға, сұлтандарға, тілмаштарға үлкен көлемде жер бөлінуі шаруашылыққа әсер етті. Жаңа әкімшілік жүйе қазақтардың дәстүрлі жер қатынасын күйретті, қарапайым халықты салықтармен (үшір, зекет, соғым, сыбаға, түтін) тығырыққа тіреді. Ресей патшалығы әміршіл-әкімшіл жүйедегі азшылықты тойдыра отырып, өзінің «құлағы мен көзі» етіп, азшылық пен халық арасындағы араңдатушылықты тудырды. Бұл жүйе көшпенді-қазақ дүниетанымындағы еркіндікті шектей отырып, санадағы надандық қорқақтықты, қорқақтық бағынушылық пен мойынұсынушылықты тудырды, араңдатушылық адамдар арасындағы қарым-қатынаста антигуманистік әрекеттерге жол ашты, сатқындық, алдау-арбау, жемқорлық, билікке құмарлық сезімдерді өршітті.

Бұл антигуманизм қазақ даласында бұрын-соңды болмаған деген ой-қорытындысынан аулақпыз, бірақ Ресей патшалығының кірігуі қоғамда осы теріс мазмұндағы ойлар мен әрекеттерді ашық түрде жасалуына қолғабыс етті. С. Асфендияров [100], Е. Бекмаханов [101], С. Зиманов [102] өз еңбектерінде дәстүрлі қазақ қоғамының жаңа империялық реформалардың нәтижесінде әлеуметтік-саяси құрылыстың өзгергерісі салдарынан қазақ элитасының Ресей патшалығының жоғарғы дворяндар табына интеграциялануы жөнінде жазған. ХХ ғасырдың басында С. Асфендияров, «... Ресей империясы қазақ ақсүйектерін өз тарапына шығару арқылы, қазақ даласындағы өз билігін нығайту саясатын жүргізе отырып, Орталық Азиядағы сауда жолдарына шығуын қамтамасыз етті...» - деп жазды [100, б. 251]. Қазақ ақсүйектеріне қалған әлеуметтік топтарға қарағанда бірқатар жеңілдік пен артықшылықтар берілгендігі жөнінде тарихи дәлелдер бар, ол әміршіл-әкімшіл жүйедегі сұлтандарға, болыстарға, ауыл старишиналарына қазыналық марапаттау, офицерлік және генералдық шендер, мундирлер мен айырықшалау белгілерін киюге, медальдар алу сияқты атрибуттар алуға мүмкіндік жасады, 1722 жылы қабылданған «Табель о рангах» заңы жоғарыдағы марапаттар алу құқығын

береді (мысалы, Б. Айшуақов, М. Баймухамедов және т.б. Ресей патшалығының генералы атағын алды).

Бірақ, қазақ қоғамындағы ақсүйектер тобы өзіне берілген артықшылықтарын дұрыс пайдалана алмағаны және жеңілдік пен артықшылық жөнінде барлық элита құлағдар болмағаны, сол элитарлы топтың білімділік деңгейінің төмендігін көрсетті, қазақ элитасына берілген атақтар Ресей патшалығындағы шендердің мәртебесіне сәйкес келмеді, сондықтан патшалық дворяндар тобына кіру үшін көп жылдар бойы еңбек сіңіруі қажет еді, басқарушылар тобында «қызметіне деген адалдық», «шынайылық», «білімділік» сияқты сипаттар жоғары бағаланды. Әміршіл-әкімшіл жүйедегі шенеуніктерге берілген артықшылықтардың бірін пайдалана отырып, балаларын жоғарғы оқу орындарында білім алу мүмкіндігіне ие болды және олар қазақ қоғамы Ресей билігін позитивті қабылдауына жәрдемдеседі деп есептеген, мысалы, Уәли ханның немересі Шоқан Омбы кадет корпусында білім алған, С. Шыңғысов бауырларын Паж корпусына (Ресей патшалығында ақсүйектердің балалары оқитын арнайы әскери оқу орны) оқуға түсірген. А. Каппелердің ойынша, метрополия мен перифериялық элитаның арасындағы қарым-қатынас патшалық биліктің жүзеге асуындағы негізгі кілттік формуласына сәйкес келеді [103, б. 17].

Жаңа толқындардың жағымды жақтары, дәстүрлі қазақ қоғамы өзінің даму бағытын анықтауға қадам жасады, еуропалық мәдениеттермен танысуға мүмкіндік туды. Басқарушы аппаратқа берген артықшылықтар есебінен, қазақ қоғамында ағартушылық үрдісі жүрді, қазақ-орыс мектептердің ашылуы, қазақ ақсүйектерінің балалары жоғары білім алып, оны адамзаттың игілігіне жұмсау жолында Ш.Уәлихановтың жүрген жолы айғақ, көшпелі шаруашылықтан отырықшылыққа өтті, жаңа ғасырдың талабына төтеп беретін индустриялық кезеңнің келуіне түрткі болды. Қазақ жеріне жер аударылған жандар қазақ зиялыларымен араласып, басқа әлемді тануға жәрдемдесті, мысалы Абай саяси жер аударылғандар Потанин, Михаэлис, Долгополов, Гросспен қарым-қатынаста болуы оның дүниетанымына үлкен әсер тигізді. Сауда қатынасында ақша айналымы жүрді, өздеріне қажетті тауар түрлеріне қол жетімсіздік жойыла бастады.

Абайдың шығармашылығы осы тарихи уақытпен сәйкес келді, дәстүрлі қазақ қоғамының жаңа деңгейдегі қоғамдық болмысқа көшу кезеңіне тұспа-тұс келеді. Жоғарыда келтірілген әлеуметтік, тарихи, саяси өмірдегі түбегейлі өзгерістер ғана емес, қазақ қоғамының санасында, психологиясында, мәдениетінде іргелі өзгерістер орын алды. Бұл өзгерістер, ойшыл-ақын Абайдың дүниетанымында орын алды және өз еңбектерінің өзекті мәселелер қатарына енгізді. Абай, қазақ қоғамы күрделі және қарама-қайшы әлеуметтік дағдарысқа ұшырағанын ұғынып, «қайырымды қоғам тұжырымдамасын» жасауға тырысты. Ол дәстүрлі қоғам болмысы түбінде құрыған және ешқандай даму болашағы жоқ екенін түсінгендіктен, қабылдай алмады, ол ескіге оралу қағидасынан аулақ еді. Қоғам да, Абай сияқты мықты тіреу мен берік сенімді

кажет етті. Абайдың ізденіс талпынысы өте қиынға соқты, ол мінсіз, бақытқа жету жолы адамның өзін-өзі жетілдіруде деп санады.

Абайдың қалдырған мұрасы, қара сөздері өз заманындағы қазақ қоғамының объективті бейнесін, сол кездегі қазақ халқына тән пендешілік қасиеттерді, адасқан адам баласының надандығын, еріншектігін, талапсыздығын әшкерелейді, қарапайым халық пен бишара халге түскендердің мүддесін қорғау мен күреске түсуі, қазақ даласында адамгершілік және ағартушылық идеяларды көтереді, өз заманындағы негізгі мәселелер - билікке құмарту, білім іздемеу, ұяттан безу, бос күлкіге салыну, оңай жолмен мал табу (барымта, ұрлық, алдау) сияқты тақырыптарды көтерді. Міне, Абайдың қара сөздері біздің қоғамымыз үшін пайдасы зор.

Жоғарыда сөз болған, қазақтың әлеуметтік-саяси құрылымдағы жүйені сипаттайтын, Абайдың үшінші қара сөзінде, «Қазақтың бірінің біріне қаскүнем болмағының, бірінің тілеуін бірі тілейспейтұғынының, рас сөзі аз болатығұның, қызметке таласқыш болатұғының, өздерінің жалқау болатұғынының себебі не? Һәмма ғаламға белгілі данышпандар әлдеқашан байқаған: әрбір жалқау кісі қорқақ, қайратсыз тартады; әрбір қайратсыз қорқақ, мақтаншақ келеді; әрбір мақтаншақ қорқақ, ақылсыз, надан келеді; әрбір ақылсыз надан, арсыз келеді; әрбір арсыз жалқаудан сұрамсақ, өзі тойымсыз, өнерсіз, ешкімге достығы жоқ жандар шығады...» [104, б. 21], қазақ санасындағы еркіндік қорқақтыққа ұласқаны, саяси шенге тартыстың осы білімсіздіктен келетіні жөнінде жазады, жаңа заманның талабына бейімделуге қарағанда, жалқаулықтың, надандықтың оңай жол екендігі, қоғамның дәстүрлі даму жолын жалғастырғысы келген қазақ, мал шаруашылығымен айналысып, малды басқа біреудің еңбегін пайдалана отырып, көбейтуге тырысқандығы, XIX ғасырдағы қоғамдағы өзгерістерге дайын еместігінің санадағы бейнесін көрсетті. Сегізінші қара сөзінде, «Болыс, би өзінің шенін ойласа, бай дүниенің соңына жете алмайды, сұм-сұрқия, залымдар насихат пен ақыл тыңдауға уақыты жоқ...» [104, б. 54] қоғамдағы әлеуметтік қабаттардың білім мен ғылымда шаруасы жоқ, өзінің жаны мен малын баққан бірліксіз ыдырауды көрсетеді. Жиырма екінші қара сөзінде де, осы әлеуметтік қабаттардағы адам бойындағы пендешілік қасиеттерді сынайды, би, болыс жалынып, жалбарынып алған билігінің ешбір қадірі жоқ, мырза мен бай өздерін құрметтеу үшін малын шашып, тойынған қуларды тойдырып бекершілікпен айналысып жүр, ғаріп-қасар бишараны жалқаулығын момындыққа санай алмаймыз деп жазады.

Абайдың алтыншы қара сөзінде, «...Бірлік қандай елде болады, қайтсе тату болады - білмейді. Қазақ ойлайды: бірлік - ат ортақ, ас ортақ, киім ортақ, дәулет ортақ болса екен дейді. Олай болғанда байлықтан не пайда, кедейліктен не залал? Ағайын құрымай мал іздеп не керек? Жоқ, бірлік - ақылға бірлік, малға бірлік емес. Малыңды беріп отырсаң, атасы басқа, діні басқа, күні басқалар да жалданып бірлік қылады! Бірлік малға сатылса, антұрғандықтың басы осы. Ағайын алмай бірлік қылса керек, сонда әркім несібесін құдайдан тілейді, әйтпесе құдайдан тілемейді, шаруа іздемейді...» [104, б. 89], бірлік ақылда, істің берекесі сонда болмақ. Адамдар бір-біріне көмектесу керек, бірақ несібесіне

ортақтасуда бірлік болмайтындығын көрсетеді. Жәрдем сұрағанға балық емес, қармақ бер, адал еңбек ырыс пен берекенің алды. Мінсіз қоғамды құратын адамдар арасында келісім, ынтымақ, бірлік болуы қажет емес пе? Сондықтан, қайырымды қоғам құрудағы басты шарт ретінде бірлікті қарастырамыз.

Абайдың пікірінше, тұтас, толыққанды адамды қалыптастырудағы басты нәрсе – жүрек (ар-ұждан, руханият). Осыған байланысты Абайдың қара сөздеріндегі Алтыншы қара сөзі ерекше орын алады. Бұл шын мәнінде қазақ рухани кеңістігіндегі келісім тұжырымдамасының квинтэссенциясы. Мұнда Абай ішкі, адамгершілік келісім адамдардың экономикалық жағдайдың теңдігінен туындаған сыртқы, формалды келісімнен әлдеқайда маңызды, нәтижелі және адамгершілікті екенін айтады.

Қоғам өмірінің негізгі салалары ретінде әлеуметтік, саяси, экономикалық, рухани өмір көрсетіледі. Абай осы салалардың ең негізгісі рухани өмір саласы деп санады. Ол Құдайдың жаратушы екенін мойындай отырып, оны тану үшін жаратқан дүниелер себебінен тану мүмкіндігін берді және оны тану үшін саған кеудеңе қуат берді. Ал қуатты дұрыс пайдалану үшін ақыл кере, жаратушыны білім мен ғылым арқылы тану мүмкіндігіне ие боламыз. Адамзатты соқыр сенімге шақырмай, танымға қадам жасауы – ағартушылық тұжырымдамасы мен адам бойындағы иман шарттарына сәйкес келеді. Құлшылық қылудағы екі шарттың өзінде танымның шексіздігі мен білімсіздіктің надандық жолында тұрмауы да осы тұжырымдамаға сәйкес келеді.

Әл-Фарабидің «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарасы» атты трактатында қоғамның құрылым жүйесін адам мүшелерінің орналасу жүйесімен салыстырады, сол кезде қала басшысы жүрекке теңдестіріледі, ал Абайдың он жетінші қара сөзінде, жүректен барлық мүшеге қан тарайды, жанның мекен ететін орны, ақиқатқа апарады деп, жүрекке алдыңғы қатарлы орын берген ғылымның, жанның түйсігі ақыл, қайрат, ғылымның жолын білетіндігінде. Жүрек адамның ағзасында қандай қызмет атқарса, басқарушы да қоғамда сондай рөл атқармақ. Егер адамды дұрыс қадамға бастайтын жүрек болса, сол адам қоғамды дұрыс даму жолына апарады.

Абай философиясындағы ең негізгі ой – «Адам бол!» концепциясы, адам барлық тіршілік атаулыдан ерекше, оның санасы мен сол санаға сәйкес іс-әрекетінде. Ол адамды адам атынан айыратын жаман қасиеттерді айтады – жалқаулық, оны ақтайтын қуаныш пен жұбаныш – біріншісі, елдің жаман іске душар болғанын естігендегі кейпі, ал екіншісі, өзін жұртпен салыстыра отырып ақтау, ар-ұяттан безу, еріншектік, надандық, білімсіздік, талапсыздық, алдау-арбау, жала жабу, білімді тәннің пайдасына жұмсау, ақылсыздық және т.б. Осы қасиеттер адамды адам атынан айыратын, ешбір қайыры жоқ істердің бірі. Бұл қазақ даласындағы ірі гуманистік идея. Қоғамның рухани саласын қоректендіретін негізгі элемент. Абайды қазақтың ұятымен теңдестіруі бекершілік емес.

Абай барлық мәселені ағартушылық тұжырымдамасы арқылы шешімін табуды жөн көрді. Балаңа білім бер, білім жолында мал аяма, балаңа ғылым мен білімді танытам десең, одан пайда көрем деп жол ашпа, қазақ білімді болса

қазаққа күзет болған орыстарды басқарар еді, орыстардың білімі мен ғылымын таныса, оларға бір табан жақын болып, қазақты басқарар күн туар еді деген ой-толғаныстар жасады. Демек, Ресей патшалығының бізге қатысты пайдаланған қаруын біле отырып, ақыл-кеңес берген, білімді дұрыс қолдана білу, өзге жұрттан ізгі және пайдалы дүниені үйрене отырып, терезенді тең қылып, өзіңе-өзің қожа болу әдісін ұсынды. Ресей патшалығы қазақ даласына көз салмас бұрын, экспедициялық топтарды жіберіп, қазақтар туралы көптеген деректер жинаған, қазақ қоғамның небір әлсіз тұстары білімсіздік пен бөлінушілікті пайдалана отырып, тұтастай жаулап алды. Қазақтың кезегі, үйрене отырып, сол қаруды өздеріне қарсы пайдалану еді. Бірақ, ғасырынан дара туған Абайды кім түсінді? Сондықтан, Абайдың пессимизмге салынуының салдары да осында.

Құдайды таныған адам, ар-ұжданы бар адаммен теңдестіріледі, демек ұяты бар адам, ол иманы бар адам, иманы бар адам, рухани бай адам, рухани бай адам міндетті түрде білім мен ғылымға жүгіне отырып, толық адамға айналады, ал толық адам мінсіз қоғамды құрады, мінсіз қоғам шынайы бақытқа жетеді.

Абайдың әлеуметтік болмысы өзара байланысты екі қабаттан тұрады. Бір жағынан, антропологиялық қабат, адамның тәрбиесі мен оның өзгеруі болса, екінші жағынан, адамның тұлғалық шығармашылық бастамасының дамуына, адамдар арасындағы жаңа қарым-қатынастың қалыптасуына мүмкіндік беретін әлеуметтік шарттардың пайда болуы жөнінде. Осы ойы әл-Фарабидың әлеуметтік болмысымен сәйкес келеді, адам өзін-өзі, өзінің әлемін жетілдіру арқылы қоғамды қалыптастырады. Абай қоғамының дамуында адамның рухани-адамгершілік қырларын алға тартады, ал қалған қоғамдық өмірдің салалары тек шарттар мен құрал ретінде түсіндіріледі.

Жалпы, дәстүрлі қазақ философиясы ауқымындағы негіздерді сараптай келе ашықтық, сенім, өзгенің орнына өзін қоя алу сияқты ерекшеліктер тән деп айта аламыз. Осы тұрғыдан алғанда, Қазақстан аумағында өзінің ұзақ тарихында тәңіршілдік, буддизм, христиан, ислам сияқты түрлі діндердің бейбіт өмір сүргендігі дәлел бола алады. «Конфессияаралық диалогтың жалғыз мағыналы тақырыбы, біздің ойымызша, сенім адамның ең үлкен қажеттілігі, жанның күйі және өмір салты ретіндегі сенім феноменінің өзі болуы мүмкін» [105, б. 112], - деген тұжырымдармен келісуге болады.

Конфессияаралық саладағы келісім құқықтық саладағы келісім мәселесімен толықтырылады. Адамның табиғи құқықтары (өмір сүру құқығы және т.б.) басқа адамның құқықтарымен қайшылыққа түседі. Сондықтан келісім концептісі осы жағдайларда өте маңызды рөл атқарады.

Қазақтардың жалпыға ортақ заң жүйесі қандай болды? Тарихи мұрадан бүгінгі күн үшін қандай тәжірибелерді қолдана аламыз?

Диссертацияның тақырыбы аясында қылмыстың салыстырмалы түрдегі жеңіл, гуманистік жаза түрлерін қарастыру қызықты. Қазақ құқықтық жүйесінде қылмыс ұғымын білдіретін арнайы термин болған жоқ. Оның орнына жаман іс, жаман қылық, күнә немесе айып ұғымдарын қолданды. Кез келген моральдық және материалдық зиян келтіру қылмыс болып саналды. Егер,

жәбірленуші тарап өз талаптарын айтып, сотқа шағымданбаса немесе арызды қайтып алса, кез келген әрекет қылмыс болып саналмайды.

Адам өлтіру және денсаулыққа ауыр зиян келтіру кезінде қолданылатын жазаның негізгі түрлерінің бірі құн төлеу болған. Бұл төлем құрбан болған адамның әлеуметтік мәртебесіне және қылмыстың ауырлығына байланысты анықталған. Қарапайым қоғамдастық мүшесін өлтіру 1000 қой, 200 жылқы немесе 100 түйе құнымен өтелген. Қатардағы сұлтандарды, билерді, батырларды өлтіргені үшін бір жарым немесе екі есе көп құн төлеуге міндетті болған. Беделді сұлтанды өлтірген жағдайда жеті есе көп құн тағайындалған. Еңбекке толық жарамсыздыққа әкеп соқтырған ауыр дене жарақаттары толық құнмен, көздері мен тілінің зақымдануы - жарты, оң қолы немесе аяғы – төрттен бір, ал сол қолы немесе аяғы – сегізден бір құн бөлігімен жазаланды. Құнның жартысын алты жақсы нәрсемен өндіріп алуға болатын. Ол алты жақсы: құлдар, қару-жарақ, аңшылыққа шығатын қыран бүркіт және таңдалған мал арқылы қалпына келтіруге рұқсат етілген. Сонымен қатар, қылмыскер құнды өзі ғана емес, өзі шыққан қауым мүшелерімен бірлесіп төлеген.

Мүліктік қылмыстардың көп бөлігіне және адамға қарсы бірқатар қылмыстар үшін айып тағайындалған. Бұл тоғыз айыппұл – тоғыз бас ірі қара мал немесе құнды заттар арқылы өтелген. Айыппұлдар келесідей түрлерге бөлінді:

1. Бас тоғызға түйе мен сегіз бас ірі қара мал кірді;
2. Орта тоғыз жылқыдан басталатын;
3. Аяқ тоғыз, бұқадан басталады;
4. Тоқал тоғыз, оған тек қойлар кірді;
5. Айып ат-шапан – ат және қымбат шапан.

Малдың орнына тең құнды заттарға немесе құлдармен ауыстыруға болатын. Әдетте, мал барымтасы үшін ұрланған малын қайтып берумен қатар, оның үш тоғыз айыппұл түрін төлеу міндеттелді, бірақ айыппұл мөлшері қылмыстың ауырлығына байланысты өзгеруі мүмкін.

Көріп отырғанымыздай, адам денсаулығына, оның мүліктік құқық бұзушылықтар үшін де мүліктік өтемақы тағайындалған. Демек, қоғам осы қылмыстар үшін тағайындалған жазалар түрімен толық келісіп, осы заңдарға бағынып отырған.

Қайырымды қоғам құру үшін қоғам заңдарды, дәстүрлерді, жаңашылдықтарды толықтай қабылдауы қажет. Егер қоғам мүшелері қабылданған заңдармен толық келіспейтін болса, қылмыс жасамайды деген тұжырымдамадан аулақпыз. Планетарлық этиканың қабылдануы, немесе қоғамдық құрылыстағы оң немесе теріс әрекеттерді анықтайтын көпшілік, бірақ сізде қарама-қайшы пікір туындауы мүмкін, қоғамның интеллигенциясы азшылық топқа жатады, ал сол интеллигенция жасаған этикалық нормалар көпшілікпен қабылданса, сол қоғамда заңды түрде өмір сүреді деген қорытындыға келеміз. Екіншіден, адамның табиғи құқығы мен заң аясындағы құқығы үйесімділікте болса, қоғамдағы келісімге қол жеткізуге болады (бұл қоғамда дау тудырмайтын заңдар жинағы негізіндегі қорытынды). Қоғамда

жанжалдарды шешудің бізге бір тәсілі екі тарапты қанағаттандыру, немесе ымыраға келтіру, заңның әділдік пен келісім категорияларымен тығыз байланыста екенін көрсетеді. Осы талдаудың нәтижесін әл-Фараби журналында мақала жарияладық [106, б. 84-99].

Қазақстандағы келісім ұғымының генезисі мен мәнін талдау барысында, қазақтың дәстүрлі тәрбиесі сияқты саланы назардан тыс қалдыруға болмайды. Жаңа ұрпақ негізінен халықтық әдет-ғұрыптар мен салт-дәстүрлерде сақталған адамгершілік қасиеттер негізінде тәрбиеленіп, қалыптасуы қажет.

Қазақстан халық педагогикасының мәні: «Сегіз қырлы, бір сырлы» болу. Білімді жастардың бойында мал бағу, еңбексүйгіш, жеті атасын білу, тапқыр, шешен, салт-дәстүрді сақтау сияқты қасиеттер болуы керек.

Қазақ отбасылары, әдетте, көп балалы болған. Отбасындағы басты тәлімгерлер: әке, ана, әже және ата болды. Үлкенді сыйлау, олардың өмірі, үлгі-өнегесі тәрбиенің ең маңызды әдісі ретінде қолданылды. Ал анаға келсек, ол балаларға өмір сыйлап қана қоймай, өз махаббатымен, жан жылуымен балаларының өмірін нұрландырып, тәрбиелеген. Қазақ отбасындағы әке тәрбиесінің алатын орны ерекше еді. Анасы балаларын қорқыту емес, құрмет көрсету арқылы баланы тәрбиелеген, мысалы, «Әкең бұл ісіңе не дейді екен?», «Әкеңе не деп айтамыз?» «Әкең естімесін, ұят болады..» деген сөйлемдерден-ақ түсінуге болады. Әке – балалардың тәлімгері, негізгі асыраушысы. Оның отбасы мүшелерімен жақсы қарым-қатынасы, қабілеті мен білімі балаларға үлгі-өнеге, әсіресе, анасы күйеуін «отағасы» («от иесі») деп құрметпен атағанын байқаймыз.

Қазақтар қыз бала тәрбиесіне ерекше мән берген. Халық өз тәрбиесінде қарапайымдылық, сыпайылық, ұялшақтық, ізгілік, ар-намыс, ізеттілік сияқты қасиеттерді бойына сіңдіруге үлкен мән берген.

Дәстүрлі қазақ педагогикасында үлкенді құрметтеу басты орындардың бірін алады. Бұл қасиет дәстүрлі қоғамдағы табынушылықпен байланыстырылады. Балаға жеті атасын білу қажеттілігі, олардың арасындағы некелік қатынастың алдын алатын тәсіл. Философия институтының зерттеушілері осы мәселе жайында ғылыми жоба орындап, ұжымдық монографияның бөлімдерінде, қазақтың салт-дәстүрі, оның отбасы институты ретінде ерекше орын алатынын келесідей жолдармен «... қазағымызда бір шаңырақ астында тұру мәселесі ежелден келе жатқан үрдіс. Қазақ халқы ата салтын, данышпан-абыздарын, қарияларын қашанда қадірлеген. Ұрпағы өзі тәрбие алған ата-анасымен қатар, ата-әжесінің де абыройын асқақтатуға асыққан. Баладан «кімнің баласысың?» деген сұраққа бірінші кезекте әкесінің емес, атасының есімін атаған болатын. Тымағы мен қолынан таяғы түспейтін шежірелі қариялар мен кең етек көйлекті, ақжаулықты, жүздерінен жылы мейірім төгіліп тұратын әже бейнесі әр қазақ баласы үшін ұлы бейне, орны ерекше әрі қадірлі жандар...» [107, б. 188] – деп көрсетеді.

Қазақ халқының тарихы мен тәрбие беру тәжірибесі малшы мен егінші еңбегінің өскелең ұрпақты тәрбиелеудің басты факторы екендігін көрсетеді. Балаларды үлкендерге мал бағуда, үй шаруасында көмектесуге үйретеді. Қазақ

халқында үлкендер мен балалардың бірлескен еңбегі балаларды еңбексүйгіштікке, адам еңбегін құрметтеуге тәрбиелеудің маңызды шарты ретінде қарастырылды.

Қазақ халқы жас ұрпақтың бойында Отанға деген сүйіспеншілік пен әділеттілік сезімін қалыптастыруда тәрбиесіне ерекше мән берген. Қазақтың халық педагогикасында жетімдерді жебейтін, ата-ананы, үлкенді қадірлейтін адам, нағыз адам болып саналады.

Қазақтың көптеген әдет-ғұрыптары, салт-дәстүрлері, әдет-ғұрыптары тәрбиенің жазылмаған заңдарына, отбасы мен қоғамда ұстануға тиісті өнегелік өсиеттердің бір түріне, моральдық кодекске айналды. Бұл дәстүрлер өз мәнінде жастарды тәрбиелеудің сан ғасырлық тәжірибесін жинақтады. Дәстүрлі халық педагогикасында отбасындағы тәрбие бірінші әлеуметтік қажеттілік ретінде қарастырылады. Осы ретте, Х.А. Арғынбаевтың «Қазақ халқындағы отбасы мен неке» [108, б. 15-65] деген еңбегінде халқымыздың отбасылық ғұрыптарына толыққанды талдау жасалған. Әрине қазақ отбасылық теориялық, педагогикалық және психологиялық негіздерін зерттеген және зерттеп жүрген ғалымдардың саны өте көп. Яғни, қазақ халқының дәстүрінде тәрбиенің орын ерекше деген тоқтамға келуге болады.

Жалпы, біздің диссертациялық жұмысымыздың аясында қазақтар арасындағы халықтық тәрбие мәдениетінің негізгі бағыттарына мыналарды жатқызуға болады:

- үлкенді сыйлау, ата-ананы құрметтеу;
- орынды талаптармен ұштасқан балаларға деген сүйіспеншілік пен қамқорлық;
- мейірімділік, мұқтаж жандарға көмектесуге дайын болу және ұжымдық өзара көмек (асар дәстүрі бойынша);
- қонақжайлылық;
- отбасына деген адалдық, отбасының, қоғамның ережелерін сақтау және әлеуметтік негіздерді құрметтеу.

«Қазіргі елімізде бірегей ұлттық біртұтастықты қалыптастыру үрдісі құндылықтық өмірмәнділік бағдарлар мен жаңғырып отырады және қазақ халқының бай рухани мұрасын игерудің маңызы артуда. Әлем мен адамды қабылдаудың біртұтастығы, әлеуметтің құндылықтық бірлігі, мейірімділік пен әділеттіліктің рухани-адамгершіліктік басымдылықтары, төзімділік пен ізгі ниеттіліктің ерекше түрлері – Ұлы Даланың барлық осындай сабақтарын қазақ философиясы өзінің бойына толықтай сіңірді» [109, б. 96-97].

Диссертациялық жұмыстың осы бөлімшесінде айтылғандарды келесідей **тұжырымдармен қорытындылауға** болады.

Қазақ дәстүрлі қоғамында келісім концептісі ежелгі кезеңдерден бері қалыптасқан. Оның онтологиялық тамыры Әлемнің шығу тегі туралы аңыздар мен мәдени кейіпкерлер туралы мифтерден және т.б. бастау алады. Сонымен қатар, келісім табиғаттың жалпы үйлесімділігі, адам мен табиғаттың бірлігі ретінде түсіндірілді. Демек, келісім концептісінің әлеуметтік-философиялық және этикалық аспектілері осыдан шыққан.

Қазақтың дәстүрлі қоғамындағы келісім концептісі ерекше белгілерге, сипатқа ие болған. Ол бітімгерлік екі ұдайы бірлігін бейнелі-эмоционалды түрде ұсынылды, яғни, рационалды-логикалық коннотацияларға қарағанда, экзистенциалдық-моральдық ренкі басым болды. Келісім кеңейтілген ұғым немесе концепт, ол адамдардың қоғамдық өміріндегі ең жоғарғы игілік ретінде түсінілді.

Абай философиясында Құдайды таныған адам, ар-ұжданы бар адаммен теңдестіріледі, демек ұяты бар адам, ол иманы бар адам, иманы бар адам, рухани бай адам, рухани бай адам міндетті түрде білім мен ғылымға жүгіне отырып, толық адамға айналады, ал толық адам мінсіз қоғамды құрады, мінсіз қоғам шынайы бақытқа жетеді деген тұжырымдаманы алға тартады. Мінсіз қоғамды құру шарттары бірлік пен келісім, ал бұл шарттардың орындалуы білімді қажет етеді. Қоғамдағы ең жоғарғы келісімнің формасы, рационалды келісім. Адами дамудың негізі – рухани келісім.

Қоғамдық келісімді қалыптастыруда қазақ халықтық философиясы мен педагогикасының қағидаттары маңызды рөл атқарды, адамдардың шыққан руына қарамастан құрмет көрсету арқылы бірлікке келу шарты орындалады.

Қазақтың дәстүрлі мәдениетіндегі келісім концептісінің мазмұны келісімнің екі мәдени-тарихи түрінің екіншісіне сәйкес – стихиялы келісім, жылы келісімді көрсетеді. Осылайша, мұндай құрылым сыртқы әсерден ғана емес, ішкі себептерден, жүректен шыққан ниет пен халықтың мәдени дәстүрінен туындайды.

2.3 Қазақстан халқының бірлігін қалыптастырудағы келісім принциптері мен тарихи факторлары

Келісім тұжырымдамасы көптеген қоғамдық және мемлекеттік құрылымдарда анық немесе іске аспай жатқан құбылыс түрінде көрініс табады. Адамдардың, топтардың, халықтың әлеуметтік таптар мен топтардың мүдделерін білдіретін саяси күштерді қажет етеді. Осы ретте қоғамдық өмірде белгілі бір мақсатты көздейтін саяси партиялар, қозғалыстар, парламент, мәжіліс, қоғамдық кеңестер, қоғамдық ұйымдар және т.б. құрылады. Осы ұйымдасудың барлық түрлері келісімге келудің әлеуметтік қиындықтарынан өтеді. Бұл келісім тұжырымдамасы кез келген қоғамның өмірінде, әсіресе бүгінгі күні, адамзат өмірінің өткір жаһандық-сыни кезеңінде өте маңызды, бірінші орынға шығатынын тағы бір рет растайды.

Қазақстан тарихының түрлі кезеңдерінде мәдениет пен қоғамдық өмірде келісім принциптері қалай жүзеге асырылды?

Қазақстанның әлеуметтік-мәдени кеңістігінде ислам философиясының рухани құндылықтық мағынасын зерттеуге жүгінудің мәні бар, өйткені ол еліміздің тарихында біршама біріктіруші рөл атқарды. Бұл тарихи қалыптасқан исламдық диалог стратегиясының әлеуетін іске асырудың арқасында ғана мүмкін болғаны анық.

Ислам Қазақстан аумағындағы жетекші конфессиялардың бірі болып табылады, еліміздің кеңістігіне біздің дәуірімізге дейінгі VIII ғасырдың аяғы

мен IX ғасырдың басында ене бастады. Исламдық ілімнің негізі бір Құдай – Алла Тағалаға, оның барлық шексіз Әлем мен Жердің таңғажайып, тамаша табиғатын адамзат игілігі үшін жаратты деген сенім болып табылады.

«Ислам» ұғымы – араб сөзінен туындайды, ол сөзбе-сөз алғанда «бейбітшілік», «ынтымақшылдық», «бойұсынушылық» деген мағынаны білдіреді. «Бойұсынушылық» ұғымы өзінің әр түрлі туындыларына мүлдем ұқсамайтын, қайталанбас тек бір Құдайға ғана сенетін мұсылмандардың толық мойынсұнуын білдіреді, сондықтан қатаң монотеизм ислам дінінің жүрегі мен негізі болып табылады. Сондықтан «таухид» деп аталатын ұғым – Алланың бірлігі мен бірлігіне деген сенім деп алынып, ислам дінінің тіректерінің біріне жатады.

Политеизмге қарағанда, исламның бір Құдайға сену негізі исламның біріктіруші әлеуетін арттырды. Бұл тұрғыда Құран мен Сүннетке негізделген шариғат – мұсылманның күнделікті өмірдегі мінез-құлық ережелерінің егжей-тегжейлі жиынтығы. Шариғат мұсылманға физикалық, ақыл-ой, адамгершілік және рухани зиян келтіретін барлық нәрсеге тыйым салады, жеке адамның да, жалпы қоғамның да өмірінің барлық салаларын қамтиды. Шариғат сенушілерді жеке емес, сонымен бірге ұжымдық игі істер жасауға шақыра алады. Ол адамның ар-ұждан сезімін, Құдай мен адамдар алдындағы жоғары азаматтық және моральдық парызды тәрбиелеуге үлкен мән беретін, мұсылмандық моральдың негізі болып табылады.

Исламның төрт мазхабтарының өкілдері мұсылмандық салт-дәстүр мен құқықтың әртүрлі мәселелері бойынша бір-бірімен пікірталасқа түсуі мүмкін, алайда ислам бірлігі тұрғысынан алғанда барлық төрт теологиялық және құқықтық мектептер бірдей маңызға ие және догматикалық мәселелер бойынша бір-бірімен елеулі қайшылықтарға түспейді. Сәйкесінше, сунниттік исламның төрт имамы мұсылман теологиясында көпшілік мойындаған мәртебеге ие, олардың барлығы бір-біріне құрметпен қарайды және осы мұраны өзінің ізбасарларына мұра етті. Төрт мазхабтың негізін салушыларға деген құрмет танытпау, осы мазхабтың бірін ұстанушылар мен жақтаушыларға мүлдем рұқсат етілмейді, өйткені, белгілі бір немесе қосалқы мәселелер бойынша әртүрлі пікірлерді ұстана отырып, барлық төрт имамның ізбасарлары «Умма» – біртұтас мұсылман қауымдастығының ажырамас құрамдас бөлігі болып табылады. Сондықтан, олардың барлығы «Ахл ас-Сунна ва-л-Джама'а» деп аталады, бұл «Сунна халқы және қоғамның келісімі» дегенді білдіреді.

Қазақстан тарихына келетін болсақ, қазақтардың дәстүрлі қоғамының өзіндік рухани мәдениеті түпкілікті қалыптасқан кезеңде, бұл салаға сыртқы әсерін негізінен ислам тигізді. Бұл әсер ұзақ уақытқа созылды және белгілі бір кезеңдерде өзіндік ерекшеліктері қалыптасты.

Қазақстан аумағына ислам көрші аймақтан тарала бастады. Самарқанд және Бұқара сияқты мәдени орталықтар тек орналасқан аймақтың ғана емес, бүкіл мұсылман әлемінің «исламдық кітап» ірі ошақтарына айналды. Осы ретте орта ғасырларда ислам ілімдерін уағыздаушылар «пұтқа табынушылар» арасында исламды тарту мақсатын алға тарта отырып, мұсылман әлемінің

шекарасын кеңейтті. Олардың көпшілігі біздің еліміздің аумағында еді, сондықтан көшпелілер дүниетанымының жүйесіне дін көбірек әсерін тигізді. Қазақстандағы ислам дінінің генезисі және табысты орынығуының тарихы жөнінде зерттеу жүргізген қазақстандық ғалым М.С.Орынбековтың пайымдауынша, «12 ғасырға дейін созылған исламизация үрдісі билеушілерге қоғамды көпқұдайшылықты табысты жойған жаңа сенім туының астына біріктіріп, оны саяси топтастыруға байланысты бірқатар мәселелерді шешуге мүмкіндік берді. Дала санасында пұтқа табынушылықтың элементтері ұзақ уақыт сақталса да, қоғам ислам дінінің идеологиялық ықпалында болды, ал молдалар сол ықпалды жүзеге асырушылар қызметін атқарды. Дала билеушілері біртұтас қоғам құруға және бұрынғы наным-сенімдердің бәсекелестік жағдайында қоғамда идеологиялық ауытқулар мен толқуларды жоюға мүмкіндік беретін, жаңа діннің артықшылығын ұғынды...» [96, б. 157].

Егер бір мемлекеттік-саяси бірлестіктің шекараларында орналасқан аумақтың басқару жүйесінде орталықтандыру деңгейі жеткілікті болса, монотеистік ислам діні белгілі бір аумақта таралуы мен шоғырлануы әлдеқайда тез және сәтті болатындығын тарих көрсетеді. Бірақ көшпелі өркениеттер өздерінің бірегей ерекшеліктеріне байланысты, әдетте, үлкен және орталықтандырылған ұзақ мерзімді саяси бірлестіктердің пайда болуына бейім емес еді. Көшпенділер қоғамы өзінің табиғи орта жағдайындағы тұрақты өмірімен және, тиісінше, оның дәстүрлілігі мен ескішілдігі, ру-тайпалық бірлестіктердің саяси өзін-өзі қамтамасыз етуіне байланысты исламға дейінгі нанымдардың сақталуына ықпал етті. Көшпелі қоғамдар тарихындағы жекелеген кезеңдерде ғана, атап айтқанда – ірі және салыстырмалы түрде орталықтандырылған саяси бірлестіктер құрылған кезде дін мәселелері саяси сарынға ие бола бастады. Дәл осындай кезеңдерде сол кездегі ең дамыған және әмбебап діни жүйелер осы көшпелі қоғамдардың аумағында өздерінің неғұрлым табысты таралуына және нығаюына мүмкіндік алды. Көшпенді-қазақтарға келетін болсақ, оларға қатысты жоғарыда айтылғандардың көрінісі ретінде Алтын Орданы алуға болады.

Саяси элитаның исламды қабылдауы және оған қамқорлық жасауы бастапқыда шынайы сенімді бекіту емес, мемлекеттегі тәртіпке, бейбітшілік пен қоғамдық игілікке қол жеткізуге деген ұмтылыс болды. Сонымен қатар, Алтын Орда ұстанымдарының айтарлықтай нығаюына қарамастан, мұндағы исламның ерекшелігі оның басқа нанымдарға, сондай-ақ мұсылман ішіндегі келіспеушіліктерге төзімділігі еді. Орталықтандырылған мемлекеттің даму логикасы бір діннің, бұл жағдайда исламның айтарлықтай нығаюына әкелді. Өзбек хан тұсында (1312-1342 жж.) Алтын Ордада ислам діні ресми мәртебеге ие болды. Исламның нығаюы Орданың ерекше күшейіп, гүлденген кезеңіне тұспа-тұс келуі кездейсоқтық емес.

Кейіннен ислам өзінің таралу географиясын кеңейтті. Қазақ хандары – Қасым, Тәуекел, Абылай және т.б. мұсылман дәстүрлерін қолдауға тырысты. Ал 18 ғасырдың екінші жартысынан бастап исламның Қазақстанда таралуына көбіне қазақ жерінің Ресей империясының құрамына қосылу үдерісімен

байланысты геосаяси факторлар әсер ете бастады.

Қазақ қоғамында келісім мен бірліктің қалыптасуына, қазақ руларының бірігуіне исламның саяси ықпалы ғана емес, оның біртұтас Аллаға деген сенімі ретіндегі ішкі мүмкіндіктері де ықпал етті. Қоғамның бірігу үдерістерінде экономикалық факторлар шешуші рөл атқарды. «Тайпалардың ұлтқа бірігуінің маңызды шарты шаруашылықтың, шаруашылық байланыстардың дамуы болып табылатыны белгілі. Көшпелі және жартылай көшпелі мал шаруашылығындағы аумақтар, көпсалалы шаруашылық табиғатына байланысты отырықшы-егіншілік және қалалық мәдениеттер аралас аумақтарымен ерекше қажеттілікпен экономикалық байланыстар орнатылды. Экономикалық жағынан да, этномәдени, этносаяси жағынан да халықтың тұрақты байланыстары бар біртұтас экономикалық аймақ құрылды, бір-бірімен туыстық қатынастағы этностар өкілдері арасында ғана емес, басқа этникалық топтар арасында да тұрмыстық байланыстар орнатылды» [110, б. 138].

Қазақстанның бірігу тарихында әскери-саяси оқиғалар және олармен байланысты тұлғалар соңғы орында емес. Адамдар, жүздер арасындағы келісім шарттарының бірі, мысал ретінде, ерлік үлгісі, яғни жеке-психологиялық фактор. Халық немесе халықтар арасында келісім орнату үшін көбінесе бойында харизматикалық қасиеттері бар көшбасшы қажет. Мысалы, Абылайхан осындай тұлғалардың бірі болған.

Осы орайда Шәкәрім Құдайбердіұлы былай деп жазды: «Әбілмансұр Әбілмәмбет ханға жақындап, оның жекпе-жекке шығуына рұқсат сұрады. Ханның батасын алған ол жылқысын қамшылай түсіп, «Абылай! Абылай!» деген ұранмен Шарышқа қарай бет алып, оны бірден жеңді. Бір мезетте жаудың басын кесіп, ол: «Жау жеңілді!» деп қазақ жауынгерлерін өз артынан ертті. Қалмақтар қалтырап, қазақтардан жеңіліс тапты. Қуғыннан шаршаған Әбілмәмбет хан, сол жерде шатыр жабуды бұйырады да, Әбілмансұрды өзіне жақын жерге отырғызып, одан: «Сен кім боласың, батыр, неге сенің ұраның «Абылай» болды?» деп сұрайды. Сол кезде ол Қанішер Абылайдың немересі екенін мойындады, сондықтан оның жеңімпаз атын ұран етіп жауға шапқанын айтады. Көңілі босаған хан батырды құшақтап, сүйіп, халыққа былай дейді: «Мен Уәлибектің жалғыз мұрагері қалғанын естігенмін – міне ол сендердің алдарыңда. Егер сендер келіссеңдер, ол заңды түрде барлық қазақтардың ханы болады». Халық келісімін білдірді және үш жүздің тоқсан атақты адамдары оны арғын руынан шыққан, ел қадірлейтін әулие қария Шақшақұлы Жәнібекке алып барады. Ол Әбілмансұрға өз батасын беріп, қазақтың аға ханы етіп сайлады. Шарышпен болған жекпе-жектің құрметіне, халық оған Абылай есімін берді. 1735 жылы Абылай хан үш жүздің ханы болып сайланды» [111, б. 278].

Қазақ мәдениетіндегі келісім концептісінің қалыптасу принциптері мен шарттарын түсіну үшін Абай Құнанбайұлының идеяларын талдау маңызды. Оның «Адам бол!» идеясы және жалпы алғанда Абайдың қара сөздері (Ғақлия) өзінде жоғары күштердің алдында бойұсынуы, діндарлығын қамтитын шығыстық тәжірибе мен адам бойындағы жоғары күштерге деген сенім мен рационалдылықты қолдайтын батыстық тәжірибені біріктіреді.

Қазіргі таңда Абай әскери немесе саяси көшбасшы емес, рухани көсем үлгісіне айналды. Ол қазақ қоғамындағы келісім жолдарын көрсеткен данышпан, гуманист ретінде көрініс табады. Бұл туралы біз диссертацияның алдыңғы бөлімінде жаздық, қазір тағы да бір ойымызды Абайдың идеяларымен толықтыруды жөн көріп отырмыз. Абай қазақ қоғамын бірлікке шақыруда адамның жүрегіне (жанына) және ақылға (ғылымға) жүгінгендіктен, Шығыс және Батыс дәстүрінде қалыптасқан принциптерге сүйенді. Демек, Абайды еуразиялық ойшыл деп атауға болады, яғни ол қазақ философиясының өкілі ғана емес, континенталды және жалпы әлем ауқымындағы философ деп те атай аламыз.

Абайдың жалпыадамзаттық гуманистік идеялар мен принциптері социалистердің идеяларына ұқсас, бірақ толықтай үндескен жоқ. Оған карамастан, Абайдың ілімі гуманистік сипатына байланысты кеңестік кезеңде танымал бола бастады.

Абай малға иелік етудегі бірлікке емес, ақылдағы бірлікке шақырды және де бұл қоғамдық келісімді орнатудағы маңызды принцип болды. Бұл қоғамдағы бірлікке жету үшін біртұтас идеологияның («ақылға бірлік») қажеттілігін меңзейді. Әрине, бұл біртұтас идеология әр түрлі сипатта болуы мүмкін: барлығының шынайы, жүректегі келісім арқылы толықтай біріктіруден, қоғамдағы бірлікті жасанды түрде насихаттап, жазалау шараларына қолдана отырып жүзеге асыруға болады.

Абайдың, Шоқанның, Ыбырайдың ағартушылық дәстүрлерін жалғастырушы жиырмасыншы ғасырдағы қазақ зиялыларын халықтың бытыраңқылығы мен надандығы алаңдатты. Қазақ халқының жоғарғы тап өкілдерінің өзінің тума тарихына деген қызығушылығы он тоғызыншы ғасырдың соңы – жиырмасыншы ғасырдың басында ояна бастады. Осы жылдары өз халқының тағдырына бей-жай қарай алмайтын, жоғары білімді зиялылардың тұтас бірлестігі өркендей бастады. Гуманитарлық бағыттағы қазақ зиялылары А.Байтұрсынов, М.Дулатов, Ә.Бөкейханов, Х.Досмұхамедов, М.Шоқай, Т.Рысқұлов, М.Тынышпаев, С.Сейфуллин, О.Жандосов және т.б., сонымен қатар, ол зиялылардың ішінде технократтар да болды, халықтан шыққан зиялылар халқының игілігі үшін большевиктік үкіметке қызмет етуге мәжбүр болған. Өздеріңіз білетіндей зиялылар Алаш партиясының мүшелері болды. Қазақтың бірегейлігі туралы зерттеу жүргізген М.С.Шайкемелев, «... «Алаш» атауын зиялы қауым ыдыраған қазақ халқының бірігуінің белгісі ретінде қабылдады.....» [29, б. 116-117] - деп жазады. Алаш зиялыларының идеялары жүзеге асқан жоқ, әлеуметтік базаның болмауы, халықтың бытыраңқылығы, толастамайтын әскери шабуылдардың барлығы автономды біртұтас ел болу идеясының жүзеге асуына кедергі жасады.

КСРО билігі қоғамдағы келісім мен бірліктің басты факторы ретінде біртұтас кеңестік, коммунистік идеологияны таратты. Сонымен қатар, бұл идеологиялық насихаттау арқылы халық пен Кеңес Одағының Коммунистік партиясы арасында бірлік орнатуды көздеді. Келісім шарттарының бірі ретінде қарастырылған тағы бір сыртқы фактор болды. Бұл фактор коммунизмнің ортақ

материалдық базасын құру идеясы еді. Бұл, ең алдымен, экономикалық игілікті алға тартты. Бұл материалдық игілікке, бірлік осы игілікке жетудегі теңдік ретінде қарастырылуы, кеңес жүйесі мен кеңес мемлекетінің жойылуына себеп болған қадамдардың бірі деп ойлаймыз. Себебі қоғамдық өмірдегі материалдық игіліктегі бірлікті абсолютке айналдыру тұтынушылық күйге алып келеді, яғни Абай сынға алған «малға бірлік емес» идеясына айналады. Социализм біртіндеп энтузиастар қоғамынан материалдық игілікті тұтынушылар қоғамына айнала бастады.

Сонымен қатар, қоғамдық өнімді бөлудегі ең әділ теңдіктің өзінде де әлеуметтік әділетсіздік сақталады. В.И. Ленин «Мемлекет және революция» деген еңбегінде К.Марксқа сілтеме жасай отырып, келесідей жазба қалдырды: «Адамдар бірдей жұмыс жасағаны үшін бірдей ақы ала алады, бірақ, жасына, денсаулығына, отбасылық жағдайына және т.б. байланысты тең емес бола тұра, олар осы себепті өнімнің тең емес үлесін алады. Коммунизмнің бірінші кезеңі әділеттілік пен теңдікті әлі бере алмайды: байлықты иемденудегі айырмашылықтар болғанындай әділетсіз айырмашылықтар да болады...» [112, б. 93].

Осылайша, сыртқы материалдық шарттар өздігінен қоғамда толық келісімді орната алмайтынын ескерткен Абайдың ақиқаты да расталады.

Ұлы Отан соғысы жылдарында Қазақстанда қалыптасқан келісім принциптері мен оның көріністері анағұрлым терең және адамгершілікке толық болды. Сол кезеңде келісім табиғи түрде ортақ міндет ретінде қалыптасты: бір-біріне көмектесу, ортақ қиындыққа тап болған біртұтас елдің бауырлас халықтарына көмектесу. Жоғарыдан мәжбүрленбейтін игі келісім жалпы мәселені, өмірлік маңызы жоғары, және әр адамға қатысты мәселені шешуді қажет ететін жерде пайда болады. Соғыс жылдарында, осылайша, сыртқы және ішкі – шарттардың екеуі де және жүректен шыққан және ақылға негізделген қоғамдық келісімнің екі түрі де халықтың біртұтас еркіне сәйкес келді.

Осыған байланысты мынаны атап өткен жөн: коммуникативті-рационалды және ерікті келісім түрлері тек қарама-қайшы идеалды-типтік модель ретінде ғана өмір сүрмейді. Нақты өмірде олар бір-біріне жиі сәйкес келеді. Яғни, сыртқы факторлардан туындайтын келісімге келу талаптары кейде адамның ішкі қалауына сәйкес келуі мүмкін. Диалектиканың қарама-қайшылықтардың бірлігі заңына сәйкес келісімнің екі түрінің бірлігі пайда болады. Ұлы Отан соғысы жылдарында дәл осындай келісімнің бірлігі жүзеге асты. Елге жау шабуыл жасап, Отанды қорғаудың шұғыл қажеттілігі туындады. Біреулер майданға мәжбүрлі түрде кетсе, ал кейбіреулер Отанды қорғау тек сыртқы емес, ішкі борыш деп санады.

Сол жылдары Қазақ КСР ірі әскери лагерьге айналды. Мұнда Қызыл армияның жауынгерлік бөлімдері мен құрамдары құрылды: 12 атқыштар дивизиясы, 4 кавалерлік, 7 атқыштар бригадасы және әртүрлі әскер түрлерінің 50-ге жуық полкі мен батальоны. Ұлы Отан соғысындағы деректер бойынша Алматы маңында, Горельник шатқалында орналасқан арнайы мектеп

ұйымдастырылды, бұл жерде соғыстағы әскердің қатарын толықтыру үшін тау атқыштарын даярлау жүргізілді.

Ұлы Отан соғысының барлық кезеңінде Қазақстанның 1 196 164 тұрғыны Қызыл Әскерге шақырту алды. Өнеркәсіптік өндірісте жұмыс істеу үшін 670 мың адам жұмылдырылды. Қазақстан аумағына 1,5 млн. эвакуацияланған және қуғын-сүргінге ұшыраған адамдар көшірілді. Сол тарихи сәтте Қазақстан майдан үшін ғана емес, Кеңес елінің экономикасы үшін де үлкен стратегиялық рөл атқарды.

Қазақстан жауынгерлері Мәскеу үшін болған шайқаста ерлік көрсетті. Бұл шайқасқа генерал-майор И.В.Панфиловтың басқаруымен аты аңызға айналған 316 атқыштар дивизиясы қатысты.

Еске сала кетейік, Мәскеу үшін болған шайқаста аға лейтенант Б.Момышұлының басқаруындағы панфиловшылар батальонынан М. Ғабдуллин, Т. Тоқтаров, Б. Бейсекбаев ерлік көрсетті.

Қазақстанның мыңдаған азаматтары Украина, Белоруссия, Молдова, Балтық елдерін азат ету шайқастарына қатысты. Қазақстандық жауынгерлер партизан қозғалысының, сондай-ақ Еуропаға қарсылық қозғалысының белсенді қатысушылары болды.

500 қазақстандық жерлесіміз Кеңес Одағының Батыры атағына ие болды. Олардың арасында аты аңызға айналған екі қызымыз бар: Мәншүк Мәметова мен Әлия Молдағұлова.

Соғыс жылдарында майданға негізінен ер адамдар аттанды. Осылайша, ауыл шаруашылығындағы қызметкерлер саны айтарлықтай азайды. Майданды азық-түлікпен және қарумен қамтамасыз ету әйелдерге, жасөспірім балаларға және кем дегенде салыстырмалы түрде жұмыс жасай алған қарт адамдардың мойнында еді. Соғыс жылдарындағы осы және басқа да көптеген қиыншылықтарға қарамастан, сол жылдары Қазақ КСР Кеңес Одағының ірі мал шаруашылығы базасына айналды. Шығанақ Берсиев, Ыбырай Жахаев және басқа да ауыл еңбек қайраткерлері ерең еңбектерімен көзге түсті.

Тарихтың сол күрделі кезеңінде қазақтар республикамызға көшірілген КСРО-ның түрлі халықтарының өкілдерін жанашырлықпен, ерекше бауырластық ықыласпен қарсы алды. Қазақстан аумағына бірқатар жалпыодақтық кәсіпорындар мен ұйымдарды орналастырылды. КСРО Ғылым академиясының Қазақ филиалында көптеген ғылыми бөлімшелер ұйымдастырылды. Олардың ішінде: обсерватория, тіл және әдебиет, тарих институты, химия-металлургия институты, ал 1943-1945 жылдары-топырақтану және ботаника институттары, зоология және аймақтық патология институты құрылды. Кеңес үкіметінің шешімімен Қазақ Ғылым академиясы да құрылды. Оның ашылуы көп ұзамай соғыстың аяқталу кезеңіне сәйкес – 1946 жылдың 1 маусымында өтті. Бұл ретте ғылыми ізденістердің көпшілігі көмір, қорғасын, мыс өндірудің тиімділігін арттыруға, қолда бар зауыттардың өндірістік қуатын арттыруға бағытталды. Осы жылдары академиктер тобымен Орал мен Кенді Алтайдың ресурстарын жұмылдыру бойынша жұмыс жүргізілді. Сәтпаев Қаныш Имантайұлы басшылық еткен қазақстандық ғалымдар қара, түсті және

сирек металдарды өндіру бойынша ауқымды жұмыс жүргізді. Олар Орталық Қазақстанда жаңа металлургия комбинатының құрылысын негіздеді.

Эвакуацияланған университеттер арасында Мәскеу авиациялық институты, Ленинград электротехникалық сигнал беру және байланыс институты, Украина мемлекеттік университеті және т.б. болды. Соғыс жылдарында олар 900-ден астам маман дайындады. Осы жылдар ішінде Алматы мемлекеттік шет тілдер институты, Қазақ Мемлекеттік консерватория, Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық институты, дене шынықтыру Институты және басқа да жоғары оқу орындары құрылды.

1941 жылдың Алматы кинохроника студиясы негізінде Алматы көркем фильмдер киностудиясы құрылды, сол жылы қараша айында эвакуациямен келген «Мосфильм», «Ленфильм» киностудиялары мен Алматы көркем фильмдер киностудиясы бірігіп Орталық Біріккен көркем фильмдер киностудиясы (ЦОКС) құрылды. Сол жылдары Қазақстанның сол кездегі астанасы кеңес кинематографының көрнекті қайраткерлері Сергей Эйзенштейн, Николай Черкасов пен композитор Сергей Прокофьевті паналатты. Студия «Иван Грозный», «Абай әндері» және т.б. көркем ленталарды жарыққа шығарды.

Қазақстан өнер қызметкерлерінен құралған 11 концерттік бригада әскери бөлімдер жауынгерлерінің рухын көтеріп, концерттер ұйымдастырды. Қазақстан әдебиетінде жаңа авторлар пайда болды: Сырбай Мәуленов, Жұбан Молдағалиев, Бауыржан Момышұлы. Қоршаудағы Ленинград тұрғындары үшін Жамбыл Жабаевтың «Ленинградтық өренім!» атты өлеңі маңызды оқиғалардың бірі болды.

Ұлы Отан соғысы басталған жылы Қазақстанға Мәскеу, Ленинград, Киев және Кеңес Одағының басқа қалаларынан 23 көркемөнер ұжымы көшірілді. Бұл топтардың труппасына көптеген талантты актерлер кірді. Олар қазақ әріптестерімен ынтымақтаса жұмыс істеді және бұл, әрине, қазақтың төл өнерінің дербес құбылыс ретінде қалыптасуын тездетті.

1941 жылы Абай атындағы мемлекеттік опера және балет театры құрылысының аяқталуы сол күрделі тарихи кезеңнің мәдени өміріндегі үлкен оқиға болды. Театр сахнасында қазақ және орыс тілдеріндегі көптеген туындылар қойыла бастады. Мәселен, 1942 жылы Сәбит Мұқановтың либреттосына жазылған «Гвардия, алға!» батырлық операсының премьерасы өтті. Бұл операның музыкасын Қазақ КСР әнұранының авторы Евгений Брусиловский жазған. Сондай-ақ ол «Амангелді», «Абай» операларына және көптеген сахна өнерінің туындыларына музыка жазған. Сол жылдардағы қазақ театрларында да, көркем әдебиетте де басты тақырып ретінде кеңес халқының фашистік басқыншыларға қарсы күресі негізге алынды. Сол жылдары қазақстандық театрларда, көркем әдебиеттердегідей, басты тақырып кеңес халқының неміс-фашистік агрессорларға қарсы күресі болды. Мысалы, бірқатар театрлардың сахналарында генерал И.В. Панфиловтың атындағы «Намыс гвардиясы», 8-ші гвардиялық дивизияның ерлігі туралы сахналық көріністер қойылды. "Намыс гвардиясы". Моссовет атындағы Мәскеу театры мен Ленин

ордені Украин театрының сахналық қойылымдары көрермендердің үлкен сүйіспеншілігіне бөленді.

Кеңес қоғамындағы келісім халықтар арасындағы достық принципін насихаттау арқылы қол жеткізілді, бұл ережелерді сақтамай көптеген этностар мен қайталанбас ұлттық мәдениеттерден тұратын көп ұлтты кеңес халқын сақтау және дамыту мүмкін емес еді. «Халықтар достығы» – бұл Кеңес Одағының негізгі идеологиялық негіздерінің бірі болды; бұл термин КОКП жариялаған КСРО-ның барлық республикалары халықтарының бауырластық ынтымақтастығы мен өзара көмегі негізінде Кеңес мемлекетінің өмір сүру принципін білдірді.

Интернационализм принципі – ұлттар арасындағы достық пен ынтымақтастықты ұстанатын идеология, халықтар достығы идеясымен тығыз байланысты болды. Интернационализм ұғымы ұлтшылдық ұғымына қарсы ұғым ретінде қарама-қарсы қойылды.

Интернационализм идеясын түсінуде әртүрлі нұсқалары бар. Сонымен, марксизм-ленинизмдегі пролетарлық интернационализм дүние жүзіндегі елдердің пролетариат еңбекшілерінің капиталистік қанауға қарсы күресіндегі ынтымақтастығын білдірді.

Кеңестік идеологияда пролетарлық интернационализмді бір жағынан, ұлтшылдық идеологиясы ретінде түсіндірілетін буржуазиялық ұлтшылдық пен шовинизмге, екінші жағынан, буржуазиялық космополитизмге, яғни кез келген ұлттың ұлттық мәдениет маңызын жоюға бағытталған идеологияға қарама-қарсы қойды.

Маркстік ілім бойынша, капитализм жағдайында интернационализм империалистер бастайтын және жүргізетін соғыстарға қарсы күресте әртүрлі елдердің еңбекшілерінің халықаралық ынтымақтастығы ретінде көрініс табады. Сонымен қатар, интернационализм ұлтшылдық пен шовинизмге қарсы күресте және жалпыадамзаттық құндылықтарды қорғаумен ерекшеленді. Марксистерге социалистік революцияның жеңісінен кейін интернационализм жаңа қоғам идеологиясының коммунистік қоғам, тапсыз қоғам құруда маңызды құрамдас бөлігі ретінде және мемлекеттің ақырына дейін өмір сүреді деген ойда болды.

Марксизм-ленинизмнің теориясы мен практикасындағы интернационализм принципі ең маңызды бөлігі ретінде насихатталды, алайда бұл ұстанымнан айтарлықтай ауытқуларға жиі жол берілді.

Кеңестік дәуірде «интернационализм» термині «пролетарлық» деп анықталды, өйткені берік бірлік тек өзара тұлғаралық жанашырлық немесе бауырластық қарым-қатынастың негізінде ғана емес, сонымен бірге дүниетаным және әлеуметтік жағдайдағы бірлік жүзеге асады деп түсіндірілді. Қатардағы қарапайым жұмысшы мен олигархтың арасында мұндай бірлік жоқ.

Халықтар достығы кеңес халқының ортақ міндеттері мен мақсаттары аясында нығая түсті. Соғыстан кейін кеңес мемлекетінің алдында тұрған жаңа ортақ міндеттердің бірі тың және тыңайған жерлерді игеру болды. Ортақ іс адамдарды біріктірді немесе бір-бірін жақсы тану және түсінісу үшін алғышарттар мен нақты мүмкіндіктер жасады.

Қазақстанда тың жерлерді игеру орасан үлкен жоба болды. Адамдар бұл идеяны жүзеге асыру үшін елеулі қиындықтарды жеңе отырып жұмыс атқарды. 1954-1955 жылдары Қазақстанда 18 миллион гектар жер игерілді. Республикамызға көп мөлшерде ауыл шаруашылық техникалар, машиналар, бензин, қосалқы бөлшектер мен жабдықтар әкелінді; жергілікті, қазақстандық өндірістік кәсіпорындар да дами бастады. Республикадағы байланыс желісі де жетілдірілді; үй құрылыс секторы дамыды, жоғары қарқынмен жаңа ғимараттар мен тұрғын үйлер салынды, дала кеңістігінде тұтас қалалар пайда болды. 1953-1958 жылдары егін шаруашылығы үлкен қарқынмен өсті: егіс алқаптары 9,7 миллионнан 28,7 миллион гектарға дейін, жалпы астық жинау 332 миллионнан 1 343 миллион пұтқа дейін өсті. Тың игеру қатарын өз еркімен толықтырушылар көбейте түсті. Мәселен, 1954 жылдың наурыз айында Қазақстандағы тың игерушілер қатары 250 мың комсомолдармен, сондай-ақ Кеңестік Әскерден қайтарылған 23 мың жауынгерлер санымен толықты.

Елуінші жылдардың басында ел азық-түлік дағдарысына тап болды. Сол жылдары билікке келген КСРО-ның жаңа басшылығы, ең алдымен Коммунистік партияның жетекшісі Н.С. Хрущев қоғамға дағдарыстан шығу жолдары туралы нақты көзқарасын айтуы керек еді. Бұл жағдайда теориялық тұрғыдан жағдай екі нұсқаның біріне сәйкес дамуы мүмкін еді. Олардың біріншісі өндірістік қатынастардың түбегейлі, терең жүйелі түрленуін, басқаша айтқанда, нарықтық механизмдерге көшуді, сонымен қатар жеке мүддені қамтуы керек еді. Бұл тек меншікті, ең алдымен жерге меншікті жекешелендіру және оны жеке меншікке беру жағдайында ғана мүмкін болар еді. Бірақ кеңестік социалистік мемлекеттегі оқиғалардың мұндай даму жолы тіпті талқыланбағаны анық. Сондықтан мәселені шешудің әдеттегі үлгісі таңдалды. Азық-түлік дағдарысын жеңілдету (содан кейін оны жеңу) астық өндірісін көбейту арқылы шешу жолы таңдалды. Дәл осы себепті еліміздің шығысындағы алып жерлерді жырту бағыты, яғни тың және тыңайған жерлерді игеру бағыты белгіленді.

Сол тарихи уақыттан бері тың жерлер Қазақстан бейнесін қабылдаудағы жарқын нышандардың біріне (немесе бүгінгі күні айтылып жүргендей – шынайы брендке), сондай-ақ Республика мен жалпы Кеңес Одағының айрықша назарының нысанасына айналып келеді.

Қазақстанның солтүстігінде тың жерлерді кең көлемде жырту жоспарланған болатын. Осы мақсатта 1962 жылға қарай республикамыздың солтүстік бес облысы Целинный ауданына біріктірілді. Оның орталығы Ақмола, атауы Целиноград деп өзгертілді.

Егер тың игеру жобасын қазіргі әлеуметтік-экономикалық, саяси шындықтың призмасы арқылы қарастыратын болсақ, оның республиканың дамуы үшін маңызы зор екенін мойындар едік. Тың жерлерді игерудің арқасында Қазақстанда тек ішкі сұранысты қанағаттандырып қана қоймай, сонымен қатар жоғары технологиялық астықты экспорттаушы ретінде сыртқы нарыққа шығуға барлық дерлік жағдай жасалды.

Үлкен жобаларды жүзеге асыру сияқты, тың игеру эпопеясының көптеген жағымсыз жақтары да болды: шаңды дауылдардың күшеюі, топырақтың жарылуы және бүкіл экологиялық жүйеге қолайсыз қиындықтарды тудырды. Бірақ адамдар арасындағы қарым-қатынасты кеңейту және өзара түсіністікке, келісім мен бірлікке қол жеткізу тұрғысынан тың игеру бұрын-соңды болмаған маңызды және келешегі зор оқиға болды. Жыл сайын тың игеру өлкесіне Қазақстанның барлық облыстарынан және басқа республикалардан көптеген студенттер, үлкенді-кішілі қалалардың тұрғындары, сонымен қатар, комбайншылар мен механизаторлар келіп жатты. Мысалы, 1956 жылы Қазақстан алғаш рет «қазақстандық миллиардты», яғни миллиард пұт астық жинаған кезде Кеңес Одағының түкпір-түкпірінен он екі мыңға жуық комбайншылар, тиісті техникамен бірге жиырма мың шофер және студенттік жасақтардан құралған ондаған мың білім алушылар келді. Сонымен қатар, жыл сайын тың игеруге ондаған әскери автомобиль батальондары, азаматтық өндірістер мен мекемелерден тартылған мыңдаған мерзімді сарбаздар мен запастағы жауынгерлер аттанды. Кейде астық жинаумен айналысатындардың саны миллион адамға жетті, тіпті одан да көп болды. Мұның бәрі, әрине, астық өндірісінің тиімділігіне және оның өзіндік құнына әсер етті, бірақ ең бастысы, ол бір мезгілде тың игеру кезінде көптеген адамдарды байланыстарды, әрі берік қарым-қатынасты қалыптастырды. Бұл Солтүстік Қазақстан және Целиноград облыстарында кең ауқымды әлеуметтік, ауылдық және өндірістік инфрақұрылымды құруда, жаңа қалалар салуда бірінші кезектегі рөл атқарды. Тың жерлерді игеру үшін еңбек ресурсы тек Қазақстаннан ғана тартылған жоқ, сонымен қатар басқа республикалардан да шақырылды: РСФСР, Украина, Молдова, Беларусь және т.б. Соның нәтижесінде мұнда қоғам өмірінде интернационализация үдерісін айтарлықтай күшейткен кең әлеуметтік-мәдени аймақ қалыптасты. Әрине, бұл үдерістің жағымсыз салдарының бірі қазақ тілінің мәртебесі түсті. Келісімді орнату әрқашан амбивалентті құбылыс: біреуіне артықшылық берілсе, екіншісі өз маңызын жоғалтады. Сөйтіп, Қазақстан территориясы лингвистикалық тұрғыдан алғанда бірполярлы кеңістікке айнала бастағаны айқын еді. Өзінің этникалық тілінен айрылу Сібірдің аз санды ұлттарының басынан өткені жағдай еді.

Бізді диссертациялық зерттеуде кез келген келісімнің жағымды жақтары: оның өзара түсіністікке, іс-әрекеттердің бірлігі мен үйлесімділігіне қол жеткізуге бағытталғандығы қызықтырады. Осыған байланысты тың игеру көптеген құнды материалдар береді. Тың жерлерді игеру – бір ғана себеппен байланыстырылған адамдардың тағдыры. Егер әрбір субъект, мәдениет өкілі (носитель культуры) болса, елдің түкпір-түкпірінен тың игеру жұмыстарына келген әрбір адам, өзімен бірге ұлттық дәстүрін, киімін, тілін қоса ала келді. Ал Отанға деген сүйіспеншілік пен Отанға қажетті ортақ міндет оларды біріктірді деген түсінік басымдық танытты. Дегенмен, тың игерушілердің интернационализм сипаты жалған емес, қарапайым, әрі табиғи сипатта болды. Мысалы, Солтүстік Қазақстанда аралас неке санының көптігі осы үдерістің дәйектемесі болып саналады.

Тың игерушілер өз қолдарымен бұл жерлерді жыртып қана қоймай, қалыпты өмір сүруге жағдай жасады: тұрғын үйлер, жатақханалар, ауруханалар, балабақшалар, жаңа, ескі қалалар мен ауылдарға қажетті барлық инфрақұрылымды ұйымдастырды. Кеңес Одағының барлық ресубликаларынан келген тың игерушілер осындай теңдесі жоқ ерең еңбектері үшін жоғары мемлекеттік наградалармен марапатталды.

Олар тың игеру өлкесінде мәдени мекемелер туралы ұмытпады: бұл идеологиялық-тәрбие жұмысының маңызды бағыты ретінде қарастырылды. Кәсіпорындар мен аудан орталықтарында жыл сайын 50-ге жуық үгіт-насихат жүргізетін топтар құрылды. Мәдениет мекемелерінде 7-8 мың қатысушылардан тұратын 550 көркемөнерпаздар ұжымы жұмыс атқарды. Конференциялар, кітап көрмелері мен жәрмеңкелері кітапты насихаттаудың бір түрі болды. 1957 жылы тұңғыш облыстық ақындар айтысы өтті. Сонымен қатар, қазақ халық шығармашылығының көрмесі өткізілді.

М.С. Горбачев бастаған КОКП ОК жүргізген «Хрущевтің жылымығы» және 1985-1991 жж. қайта құру оқиғалармен байланысты қазақстандық қоғам мен бүкіл Кеңес Одағында келісім принциптерін дамытудағы бетбұрысты кезеңге айналды.

Жылымық сталиндік қуғын-сүргін жылдарында зардап шеккен көпшіліктің рухани күштерін босатуға мүмкіндік берді; ол мәдениет пен өнердің дамуына жаңа серпін берді, зиялы қауымның көптеген өкілдерін біріктірді. Сонымен бірге, жылымық кеңес қоғамындағы келіспеушіліктерге себеп болды. Бұл жеке тұлғаға табынушылықтың құлдырауынан, демек миллиондаған адамдардың иллюзиялары мен мұраттарының жойылуынан туындады. Қоғамда елеулі қайшылықтар орын алды, кейбіреулер үшін Сталиннің тұлғасы әулие ретінде қарастырылса, ал басқалары үшін қатыгездік пен әділетсіздіктің символы ретінде қарастырылды.

Горбачевтің қайта құру саяси бағыты осы келіспеушіліктер мен қайшылықтарды тереңдетіп, одан әрі күшейтті. 1986 жылы Қазақстанда республиканың тәуелсіздігі жолындағы ірі қадам болған Желтоқсан оқиғасы орын алғаны белгілі. Бұл оқиғалар, бір жағынан, біздің еліміздегі жаңа, прогрессивті құбылыстардың катализаторына айналды, ал екінші жағынан, Қазақстанның тәуелсіз даму жолына қарсы шыққандардың теріс және қатаң реакциясын туғызды.

Қайта құру кезеңіндегі идеялар мен ағымдардың күресі: халықтың бір бөлігінің екінші бөлігімен келіспеуі қайшылықты құбылыс болды. Келісім құбылысындағы мұндай бұрмаланулар, үйлесімсіздіктер мен қарама-қайшылықтар жиі кездеседі. Олар әртүрлі әлеуметтік топтар мен қабаттардың идеялары мен мүдделерінің қарама-қайшылығынан туындайды.

Қайта құру жылдарында жариялылық (ашықтық) принципі қоғамдық келісімді бұзуға және тіпті жоюға қабілетті екендігі белгілі болды, себебі бұрынғы биліктің жасырған көптеген жағымсыз фактілерді ашкереледі. Егер адамдар бір-бірімен барлық іс-әрекетке, үдеріске қатысты келісілген шешім қабылдаған болса, онда жасыратын да ештеңесі болмайды. Егер олардың

жасыратыны болса, онда жариялылық пен ашықтықты енгізу адамдарды екіге бөлетін өте қауіпті қару болып көрінуі мүмкін, нәтижесінде оларды теріс және жағымсыз фактілерді одан да сенімді түрде жасыруға мәжбүр етеді.

Қайта құру КСРО-ның жойылуына, демек, қоғамдық келісімнің жаңа формаларының қажеттілігін туындатты.

Кеңес Одағының ыдырауына байланысты посткеңестік кеңістіктегі ынтымақтастықты ұйымдастырудың жаңа нысаны – Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы (ТМД) құрылды. Міне, 1991 жылғы 21 желтоқсандағы Алматы тарихи Декларациясының мәтіні келесідей:

«Тәуелсіз Мемлекеттер

Әзербайжан Республикасы, Армения Республикасы, Беларусь Республикасы, Қазақстан Республикасы, Қырғызстан Республикасы, Молдова Республикасы, Ресей Федерациясы (РСФСР), Тәжікстан Республикасы, Түркіменстан, Өзбекстан Республикасы және Украина арасындағы қатынастар мемлекеттік егемендік пен егемендік теңдігін, оған бөлінбейтін құқықты өзара тану және құрметтеу негізінде дамитын демократиялық құқықтық мемлекеттер құруға ұмтыла отырып өзін-өзі айқындау, тең құқылық принциптері және ішкі істерге араласпау, күш қолданудан бас тарту және күшпен қорқыту, экономикалық және кез келген басқа да қысым жасау әдістерін, дауларды бейбіт жолмен реттеуді, ұлттық азшылықтардың құқықтарын қоса алғанда, адамның құқықтары мен бостандықтарын құрметтеуді, міндеттемелерді және халықаралық құқықтың басқа да жалпыға танылған принциптері мен нормаларын адал орындауды қамтамасыз етеді;

бір-бірінің аумақтық тұтастығын және қолданыстағы шекаралардың мызғымастығын мойындай және құрметтей отырып;

терең тарихи тамыры бар достық, тату көршілік және өзара тиімді ынтымақтастықты нығайту халықтардың түпкі мүдделеріне сай келеді және бейбітшілік пен қауіпсіздік ісіне қызмет етеді деп есептей отырып;

азаматтық бейбітшілік пен ұлтаралық келісімді сақтау үшін өзінің жауапкершілігін сезіне отырып;

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығын құру туралы Келісімнің мақсаттары мен принциптерін ұстана отырып,

төмендегілер туралы мәлімдейді:

Достастық мүшелерінің өзара іс-қимылы теңдік принципі негізінде паритеттік негізде құрылатын үйлестіруші институттар арқылы жүзеге асырылады және мемлекет те, мемлекеттен жоғары құрылым да болып табылмайтын Достастық мүшелері арасындағы келісімдерде айқындалған тәртіпте әрекет етеді.

Халықаралық стратегиялық тұрақтылық пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында әскери-стратегиялық күштердің біріккен қолбасшылығы және ядролық қаруға бірыңғай бақылау сақталады; тараптар бір-бірінің ядролық қарусыз және (немесе) бейтарап мемлекет мәртебесіне қол жеткізуге деген ұмтылысын құрметтейтін болады.

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы оның барлық қатысушыларының келісімімен оған бұрынғы КСРО-ға мүше мемлекеттердің, сондай-ақ Достастықтың мақсаттары мен принциптері ортақ басқа мемлекеттердің қосылуы үшін ашық.

Ортақ экономикалық кеңістікті, жалпыеуропалық және еуразиялық нарықтарды қалыптастыру мен дамытудағы ынтымақтастыққа бұлжымастығы расталады.

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының құрылуымен Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы өз қызметін тоқтатады.

Достастыққа қатысушы мемлекеттер өздерінің конституциялық рәсімдеріне сәйкес бұрынғы КСРО-ның шарттары мен келісімдерінен туындайтын халықаралық міндеттемелердің орындалуына кепілдік береді.

Достастыққа қатысушы мемлекеттер осы Декларацияның принциптерін мүлтіксіз орындауға міндеттеледі» [113].

««Одақтың» орнына «Достастықтың» құрылуы тұжырымдамалық сипаттағы аз ғана өзгешеліктермен байланысты. Адамдар немесе мемлекеттер арасындағы келісім, біз бірнеше рет атап көрсеткеніміздей, екі қарама-қарсы негізде құрылуы мүмкін: рационалистік (пайдаға немесе мәжбүрлеуге байланысты) және стихиялық-рухани (жанашырлықпен, достықпен және т.б. байланысты). Шындығында келісімнің осы екі түрі де бір-бірімен жиі араласып, неғұрлым қатаң немесе неғұрлым жұмсақ түрлерін құрайды. «Одақ» ұғымы неғұрлым қатаң келісімді білдіреді. Ол бір орталыққа бағыну, салмақты және ауыр міндеттемелер, кейде қатал анттармен байланысты саяси сипаттағы бірлікті талап етеді. Ал «Достастық» ұғымына келетін болсақ, ол неғұрлым жұмсақ және тараптардың тәуелсіз болуын жобалайды, олар қажет болған жағдайда бір-біріне көмекке келеді, белгілі бір тікелей қатынастарға түседі. Бірақ тұтастай алғанда, бұл тараптар еркін және егемен болып келеді» [114, б. 62].

Диссертацияның осы бөлімшесінде жүргізілген талдауды келесідей сипатта **қорытындылаймыз.**

Нақты қоғамда барлық мәселелер бойынша толық келісімге қол жеткізу мүмкін емес. Бірақ қоғамның салыстырмалы түрде тұрақты жағдайды қамтамасыз ету үшін адамдар белгілі бір ымыраға келуге және келісуге дайын болуы қажет. Жеке адамдардың бір-бірімен барлық келіспеушіліктеріне қарамастан, ымыраға келіп, мәмілеге келуі олардың қоғамдағы келісімді сақтауға деген ұмтылысын білдіреді. Сәйкесінше, қоғам өмірінің негізгі факторларының бірі (ең маңызды принцип деп айтпағанда) – адамдардың өзара келісімі. Тағы бір мәселе – бұл келісім қандай негізде құрылады: ол мәжбүрлі түрде ме, әлде еркін түрде ме?

Қоғамдық келісімді сақтауда сыртқы факторлардың рөлі, әрине, өте маңызды. Келісімнің сыртқы факторлары нақты тарихи жағдайлармен тығыз байланысты болғандықтан, бұл факторлар тарихи өзгермелі болып табылады. Осылайша, Қазақстанның XX ғасырға дейінгі даму тарихында келісім ұғымы белгілі бір нақты жағдайларда өзінің түрлерін өзгертті. Келісім халық үшін

ортақ жау алдындағы бірлік немесе ортақ міндет тұрғысындағы бірлік ретінде ұсынылды; сонымен қатар, келісімнің идеологиялық («Халық пен партия біртұтас» және т.б.), экзистенциалды-психологиялық (қолбасшылардың, еңбек қайраткерлерінің үлгісі және т. б.), рухани (исламдық факторлар және т. б.) аспектілері орын алды.

Зерттеу барысында Қазақстанның тәуелсіздік алуының алғашқы кадамдарына негіз болған принциптер айқындалды.

Посткеңестік мемлекеттердің әрқайсысы үшін тәуелсіздік жеке, тәуелсіз өмір сүруді білдіреді, бірақ дәл осы бөліну принципі біртұтас негізге айналды, соның арқасында бұрынғы КСРО мемлекеттері ортақ келісімге келді. Дегенмен, бұрынғы одақтас мемлекеттер арасында да біршама іріткілер түскенін де байқаймыз. Ұлтаралық стереотиптер мемлекетаралық қақтығыстарды туындатқанына да куә болудамыз.

Бұл тараптардың бірігуі емес, керісінше, бөлініп шығуы, тәуелсіздік алуы қажет болған жағдайда да келісімді орнату әбден мүмкін екенін көрсетеді. КСРО-дан шығуға келісім беру бұрынғы одақтас республикаларды мекендеген халықтардың еркін жігері болды.

Сондай-ақ, қоғамдағы келісімнің қалыптасуына тарихи факторлар (ортақ жау мен ортақ жеңіс), әлеуметтік-экономикалық (соғыстан кейінгі шаруашылықты қалпына келтіру, тың және тыңайған жерлерді игеру және т.б.) оң әсер еткенін атап өткен жөн.

3 КЕЛІСІМ КОНЦЕПТІСІ: ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТӘЖІРИБЕСІ

3.1 Қазақстан Республикасының зайырлы дамуы қоғамдық келісімнің факторы ретінде

Қазақстан Республикасында қоғамдық келісім демократия, адам құқықтары мен бостандықтары сияқты негізгі құндылықтар жүйесінің өзегін құрайды. Келісім барлық өлшемдері бойынша гуманистік құндылықтарға жатады, өйткені, ол адамдарды этникалық, конфессиялық және басқа да ерекшеліктеріне қарамастан бірге өмір сүруге, ортақ мақсаттарға бір-бірінің есебінен емес, бір-біріне зиян келтіру арқылы емес, бірлескен күш-жігер арқылы конструктивті ынтымақтастықты жүзеге асырады. Қоғамдық келісім құндылықтық қатынастардың белгілі бір жүйесін білдіреді, сыртқы құбылыстардың субъектісі – экономикалық және саяси мазмұндағы элементтер жиынтығы болса, ал ішкі құбылыстардың субъектісі, индивидтердің рухани әлемімен байланысты.

Қазақстан Республикасы тәуелсіз және егеменді мемлекет ретінде адам құқықтары саласындағы халықаралық талаптарды ұстанады, олар адам құқықтарына қатысты көптеген халықаралық құқықтық актілерде: Адам құқықтарының Жалпыға бірдей декларациясында, Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактілерде бекітілген және т.б. Осыған байланысты Қазақстан Республикасы Конституцияда белгіленген азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын бекітуге және дамытуға ұмтылады. Мемлекетіміз Қазақстан халқының тарихи қалыптасқан этномәдени және тілдік әртүрлілігін жан-жақты ескеруге тырысады және осы әрекетіне байланысты бостандыққа, әділдікке және демократияға деген адалдығын растайды.

Қазақстан көп ұлтты мемлекет. Сондықтан ұлтаралық қарым-қатынастар еліміздің демократия жолындағы тұрақтылық пен ілгерілеудің ең маңызды шарты болып табылады. Этносаралық қатынастар қоғамдық келісімнің қажетті бірлігі, елдің аумақтық тұтастығының объективті алғышарты және халықаралық құқықтық актілерді жүзеге асыру тұрғысынан да, сондай-ақ Қазақстанда тұратын этникалық диаспоралардың тарихи отаны болып табылатын елдермен қарым-қатынас орнату және нығайту да мемлекеттің сыртқы саясатының іргелі негізін білдіреді.

1992 жылы Тәуелсіздіктің бірінші жылдығына арналған Қазақстан халықтарының І-ші форумында Қазақстанның Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаев Қазақстан халқы Ассамблеясын құру идеясын көтерді. «Біздің басты байлығымыз халықтар достығын қазақстандықтардың бірнеше ұрпағы қалыптастырды. Бұл байлықты талан-таражға салуға, интернационализмнің жақсы дәстүрлерін сызып тастауға, жоғалтуға біздің құқымыз жоқ. Ол партиялық нұсқаулықпен емес, ондаған жылдардың жемісі» - деп Н.Ә.Назарбаев атап көрсетті [115]. Форумда оның жұмысын тұрақты жүйеге көшіру идеясы айтылды. Форумның тағы бір маңызды шешімі, жаңа қоғамдық институт – Қазақстан халықтары Ассамблеясын құру (2007 жылы оның атауы

Қазақстан халқы Ассамблеясы болып өзгертілді). Әрине, қазіргі тарихи кезеңде елімізде Ассамблеяның жұмысына сыни көзқарастағы азаматтар бар екені шындық. Дегенмен, оның әлеуметтік қызметіне балама болатындай басқа ұйымның жоқ екенін ескерген жөн. Ассамблеяның қызметін трансформациялау қажет екені анық. Әділетті Қазақстан концептісі көптеген саланың біршама өзгергенін қалайды және соның ішінде Ассамблеяда біршама жаңғыруды қажет етеді.

Қазақстан халқы Ассамблеясының стратегиясында төмендегідей тұжырымдар келтірілген: «Қазақстан халықтары Ассамблеясы құрылу барысында алға қойылған міндеттер бүгінде жалпы орындалды деген баға беруге болады. Елімізде барлық этностардың теңдігі, өзіндік мәдениеті мен тілдері жаңғыруы, дамуы қамтамасыз етілді. Қазіргі уақытта Қазақстан халықтары Ассамблеясының қоғамдағы және мемлекеттегі орны мен рөліне жаңаша көзқарас қажет». Қазақстан халқы Ассамблея қызметінің алдағы кезеңдегі басым бағыттары ретінде келесідей мақсаттар мен міндеттер қойды: қайта қалыптасқан мемлекеттілікті нығайту; адам құқықтары мен бостандықтарын, халықтар мен мемлекеттің мүдделерін қорғау; қазіргі өркениетті әлемнің талаптарына жауап беретін дамудың сапалы жаңа деңгейіне көшу» [116].

Осы мақсаттарды жүзеге асыру үшін басқа да шаралар мен жолдардан басқа, біріншіден, Қазақстанда тұратын этностардың бірлігі, оларды қазақ тілі мен қазақ мәдениетінің айқындаушы рөлінде азаматтық және рухани-мәдени ортақтық негізінде біріктіру; екіншіден, республикада үйлесімді этносаралық қатынастарды қамтамасыз ету үшін этномәдени диаспоралардың күш-жігері мен мүмкіндіктерін біріктіру қажет.

Қазақстан халқы Ассамблеясы әлеуметтік институт ретінде этносаралық қатынастарды реттеу тетіктері мен технологияларын қалыптастыруға түбегейлі жаңа көзқарастың прецедентін құрды. Мұндай көзқарастың жаңалығы ұлттық қатынастар саласындағы теңдестірілген саясат бағдарламасын іске асыру мақсатында Қазақстан халқы Ассамблеясын құру еді. Қазақстанның этносаралық қатынастар саласында пайда болған, мемлекет пен азаматтық қоғам арасындағы қарым-қатынастың түрі әлемдік тәжірибедегі алғашқы үлгі ретінде танылды.

Жаңа әлеуметтік институт – Қазақстан халқы Ассамблеясының қызмет кеңістігіне ұлтаралық келісімді сақтау, азаматтық татулық пен қазақстандықтардың бірлігін нығайтуға жан-жақты көмек көрсету ретінде айқындалды. Сәйкесінше, Ассамблея қазақтармен бірге Қазақстан халқын құрайтын аз ұлттардың мүдделерін жүзеге асыруды, оларды қазақтардың – Қазақстан халқының этникалық көпшілігінің мүдделерімен үйлестіруді мақсат етеді. Жалпы, Ассамблея елімізде тұратын барлық этностарды жақындастыруға, жалпыадамзаттық гуманистік құндылықтарды насихаттай отырып, шиеленісті жағдайларды болдырмауға және шешуге, этносаралық қатынастардағы конфронтациялар мен экстремизмге жол бермеуге міндеттеледі.

Осы мақсаттарға сәйкес халық Ассамблеясы:

– тиісті демократиялық рәсімдер мен халықаралық стандарттар негізінде этникалық азшылық топтардың Қазақстан Республикасының қоғамдық және саяси өміріне, әсіресе азшылық топтардың өмірі мен қызметінің барлық салаларда мүдделерін қорғауға қатысты мәселелерді шешуге қатысу құқығын іске асыруға жәрдемдеседі;

– Қазақстан халқын құрайтын этностардың тағдырлары, жолдары мен ұзақ мерзімді мүдделерінің тарихи ортақтығын қоғамдық санада терең түсінікті қалыптастыруға ықпал етеді;

– Ассамблея сессияларында қабылданған шешімдердің орындалуын ұйымдастыруды және бақылауды қамтамасыз етеді;

– елдегі этносаралық қатынастарды, тұрақтылық пен келісімді сақтау және дамыту жөніндегі бірлескен ведомствоаралық және өңіраралық жоспарлар мен жобалар шеңберінде мемлекеттік органдардың жұмысын үйлестіреді;

– этносаралық қатынастар саласындағы мемлекеттік саясаттың тұжырымдамалық негіздерін әзірлеуге қатысады; Ассамблеяның жобалары мен басқа да бағдарламалық құжаттарын, Қазақстанды мекендейтін халықтардың тілдері, мәдениеттері, әдет-ғұрыптары мен дәстүрлерінің көптүрлілігін жаңғырту және сақтау бағдарламаларын жүзеге асыруға қатысады.

Этносаралық келісімнің қазақстандық моделі этникалық азшылықтардың құқықтары мен бостандықтарының сақталуына кепілдік береді; этникалық топтардың әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуындағы теңдікті қамтамасыз ететін мемлекеттік шаралар жүйесі және т.б. бекітеді.

Қазақстандағы этносаралық қатынастардың тұрақтылығы этносаралық қатынастарды үйлесімді дамыту мақсатында жүйелі мониторинг жүргізуді, этникалық шиеленістерді ерте анықтау мен жоюдың ұйымдастырушылық тетіктерін қалыптастыруды, ұлттық-мәдени бірлестіктердің белсенділігін қолдауды, сондай-ақ этно-білім беру бағдарламаларын және ұлттық БАҚ-қа мемлекеттік қолдау көрсетуді жатқызуға болатын шаралар жүйесімен қамтамасыз етіледі.

Этносаралық келісімнің қазақстандық моделі Қазақстан Республикасындағы этносаралық қатынастардың оң тәжірибесін зерделеуді және таратуды, мемлекеттік және жергілікті өзін-өзі басқару органдарына әртүрлі ұлттық топтар өкілдерінің қатысуын қамтамасыз ету мақсатында демократия механизмдері мен институттарын жетілдіруді, сондай-ақ, жергілікті органдар тиісті аумақтарды әлеуметтік-экономикалық дамыту жоспарлары мен бағдарламаларын бекіту кезеңінде, мүмкіндігінше этникалық азшылықтардың құқықтарын қорғау және сақтау мәселелерін енгізу және т.б. ұсынады.

Тәуелсіз Қазақстанның өмір сүрген жылдарында ұлтаралық қатынастар ауқымында бірнеше келеңсіз оқиғалар орын алғанын айтып кетуге болады. Жамбыл облысында орын алған қазақтар мен дүнгендер арасындағы кикілжіндердің тұрмыстық негіздегі қайшылықтардан басталғанмен оның жалғасы екі этникалық жікке бөлінумен жалғасқанын ұмытпауымыз керек. Тәуелсіздік жылдары Қазақстан Республикасы нарықтық экономиканы

дамытуға талапталды, саяси кеңістігін нығайтуға тырысты және шынайы демократиялық құқықтық мемлекет құруға қадамдарын жасады. Бірақ өркениетті қоғамды қалыптастыруға бағытталған талпыныстарды бюрократиялық кілтандар, жемқорлық пен сыбайластық сияқты теріс бағдарлар біршама тежеп отырғаны анық. Әр түрлі әлеуметтік топтар арасындағы материалдық игіліктерді иеленудегі диспропорция, байлар мен кедейлердің аражігінің айқындалуы, олигархтар тобының үстемдігі орын алғаны да тарихи дерек болып табылады.

Қазақстанда тұратын этникалық топтар білім алу мен еңбек қызметіне, ана тілін, төл мәдениеті мен дәстүрлерін ұстануға және дамытуға, тұрғын үй сатып алуда және мүлікті қорғауда тең құқықтар мен тең мүмкіндіктерге ие. Адам және азамат құқықтарын қорғаудың негізгі принциптері Қазақстан Республикасы Конституциясының баптарында бекітілген. Мемлекеттік деңгейде бір халықты екіншісінен жоғары қою еліміздің саяси және қоғамдық кеңістігінде дәріптелмейді. Демек, ұлтшылдық құбылысы алға шыққан емес. Әрине, әрбір мемлекеттің титулды ұлты болатыны белгілі. Ол тұрғыдан алғанда тарихи мағынада Қазақстан қазақ халқының ежелден мекендеп келе жатқан территориясы екендігі дау туғызбауы керек.

Қазақстан халқы Ассамблеясының жанынан қоғамдық келісім кеңестері және ғылыми-сараптамалық орталықтар құрылды. Олардың міндеті – республика облыстары әкімдіктері жанындағы консультативтік-кеңесші орган ретінде міндетін атқару, ал негізгі мақсаты – қоғамдық келісімді, жалпыұлттық бірлікті нығайту үшін азаматтық институттардың, қоғамдық, мемлекеттік және басқа да бірлестіктердің күш-жігерін біріктіру және осыған сәйкес қазақстандық бірегейлікті қалыптастыру және жан-жақты дамыту.

Қоғамдық келісім кеңестері азаматтық қоғам құрылымдары мен саяси биліктің өзара іс-қимылына ықпал ете отырып, мемлекеттік органдардың әлеуметтік-экономикалық даму жөніндегі іс-шаралар жоспарларының қалай жүзеге асырып жатқандығына бақылау жасайды. Сонымен қатар, кеңестер халық арасында туындайтын мәселелерге мониторинг жүргізеді.

Қоғамдық келісім кеңестерінің негізгі міндеттері:

– ортақ мүдделерді іздестіруде конструктивті пікірталас алаңын қамтамасыз ету; әр түрлі әлеуметтік топтарды, үкіметтік емес ұйымдарды, этномәдени бірлестіктерді қоғамдық келісім мен ұлттық бірлікті қалыптастыру үрдісіне тарту;

– талқылауға қатысушылардың ұстанымдарын жинақтау;

– Қазақстан қоғамындағы әлеуметтік шиеленістердің алдын-алу.

Осы міндеттермен қатар, қоғамдық келісім кеңестері жанжалдар мен дауларды шешудің практикалық шараларын жүзеге асырады; Қайырымдылықты, делдалдықты (медиация) және жергілікті қоғамдық бақылау жүйесін дамытуға ықпал етеді.

Қоғамдық кеңестер құру бастамасы 2013 жылы пайда болды. Этномәдени бірлестіктердің тәжірибесі мен еңбек ұжымдарының жұмысын зерделей отырып, барлық күштер мен мүмкіндіктерді бір құрылымға біріктіру туралы

шешім қабылданды. Осылайша, билік пен қоғамның өзара әрекеттесу құралына айналған қоғамдық келісім кеңестері құрылды.

«Қазақстан-2050» стратегиясы: бір халық, бір ел, бір тағдыр» атты Қазақстан халқы Ассамблеясының XX сессиясында 2013 жылдың 24 сәуірінде Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Ә.Н.Назарбаев қоғамдық келісім мен ұлттық бірлікті нығайтуға халықтың барлық топтарының атсалысуын күшейту міндетін қойды. Облыс, Астана және Алматы қалаларының әкімдеріне жылдың аяғына дейін барлық облыстарда Қазақстан халқы Ассамблеясының қолдауымен қоғамдық келісім кеңестерін құру міндеті жүктелді. Сонымен бірге, Қазақстан халқы Ассамблеясының XXIV сессиясында Ә.Н.Назарбаев облыстардың әкімдеріне – аймақтық ассамблеялардың төрағаларына жергілікті өзін-өзі басқаруды дамытуға ҚХА кеңестерінің қатысуын қамтамасыз етуді тапсырды.

Қоғамдық келісім кеңестері ҚХА қоғамдық құрылымында маңызды бірлік ретінде қызмет атқарады. Олар қоғамдағы азаматтардың өзекті мәселелерін шешуде белсенділік танытады, кез келген жанжалдардың алдын алуға қатысады.

Қоғамдық кеңестердің құқықтық мәртебесін, оларды қалыптастыру және қызметін ұйымдастыру тәртібін «Қоғамдық кеңестер туралы» Қазақстан Республикасының Заңы айқындайды. Кеңесті төраға басқарады, оны кеңестің құрылтай жиналысында кеңес мүшелері сайлайды. Кеңес хатшысы кеңес мүшесі болып табылмайды, іс қағаздарды жүргізу, ұйымдастыру мәселелеріне жауап береді. Әдетте, хатшы облыстың «Қоғамдық келісім» КММ-ның ҚХА ҚКК (Қоғамдық келісім кеңестері) қызметін үйлестіретін жауапты қызметкер атқарады. Облыстық, аудандық маңызы бар қалалардың, аудандардың, ауылдық округтердің деңгейіне келетін болсақ, бұл жерде осы әкімшілік-аумақтық бірліктің ішкі саясат бөлімдерінің жауапты қызметкерлері ішінен таңдалады. Кәсіпорындарда хатшы ретінде кәсіподақ ұйымдарының өкілдері тағайындалады.

Кеңестің жұмыс органы ҚКК шешімдері мен ұсыныстарының орындалуына мониторинг жүргізеді, сонымен қатар ол ақпараттық-талдау қызметін жүзеге асырады. Өңірлер деңгейінде ҚХА ҚКК жұмыс органдары тиісті облыстардың, Астана, Алматы, Шымкент қалалары, сондай-ақ өңірлердің «Қоғамдық келісім» КММ Қазақстан халқы Ассамблеясының хатшылықтары қызмет етеді. Облыстық және аудандық маңызы бар аудандар мен қалаларда, сондай-ақ ауылдық округтерде ҚХА ҚКК жұмыс органдары ретінде қала немесе аудан әкімі аппаратының ішкі саясат бөлімдері белгіленген. Кәсіпорындарда әртүрлі бөлімшелер, негізінен әкімшілік кеңселер, сондай-ақ қоғамдық келісім және медиация кабинеттері жұмыс істейді. Кейбір күрделі мәселелерді шешу үшін арнайы комиссия немесе жұмыс тобы құрылады, комиссия мүшелері ретінде мемлекеттік органдардың қызметкерлері, журналистер мен сарапшылар, тәуелсіз сарапшылар және т.б. қатысады.

Жыл сайын Қазақстан халқы Ассамблеясы төрағасының орынбасары басшылығымен қоғамдық кеңестер форумы өткізіледі. Форумға мәжіліс

депутаттары қатысады. Қоғамдық кеңеске мүше болу кез келген азаматқа ашық және барлық топ, тап, этника өкілдері үшін ерікті, атап айтқанда:

- азаматтық және кәсіподақ ұйымдары, оның ішінде мүгедектер қоғамдары, экологиялық қозғалыстар және жастар бірлестіктері;

- этномәдени бірлестіктердің өкілдері;

- саяси партиялардың өкілдері;

- аналар, ақсақалдар, ардагерлер, жастар кеңестерінің мүшелері;

- шығармашылық ұйымдарының мүшелері (суретшілер, композиторлар, жазушылар және т.б.);

- мемлекеттік мекемелердің өкілдері (білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік қорғау және т.б.);

- кәсіпкерлер;

- мәслихат депутаттары;

- кәсіби және кәсіби емес медиаторлар, сонымен қатар, Қазақстан халқы Ассамблеясының өңірлік құрылымындағы өкілдер.

2018 жылға қарай Қазақстанның барлық аймақтарында ҚХА жанынан облыстық, қалалық, аудандық және ауылдық деңгейлерде, сондай-ақ ірі кәсіпорындар ұжымдарында 3014 қоғамдық келісім кеңестері құрылды.

Қоғамдық келісім принциптерін әзірлеу барысында Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаев келесідей атап өтті:

«Қазақстан Тәуелсіздігінің ширек ғасыры топтасқан халықтың ғана дамудың таңғажайып шыңдарына жете алатынын көрсетіп берді.

Біздің еліміз өзінің табысты даму моделімен тұрақтылықтың, бейбітшілік пен келісімнің қаншалықты маңызды екенін көрсетті.

Қазіргі заманғы әлемде барлық дамыған мемлекеттер – біртұтас ұлттар.

Олар бірыңғай экономикалық, саяси және мәдени рет-тәртіппен өмір сүреді, оларды дамудың ортақ мақсаттары, жеке адамның табысы мемлекеттің қуатымен және табыстылығымен ажырағысыз байланысты екендігіне деген бірегей түсінік біріктіреді.

Бүгінде әлемнің барлық дамыған елдері өздерінің жаңғыртушы жобаларын бұрыннан қалыптасқан біртектілік негізінде жүзеге асырады. Қазақстанға келер болсақ, біз де осы жолға түстік.

Әлемдік тәжірибе көрсетіп отырғандай, біртектілік пен біртұтастық саласында әмбебап стандарттар мен ұсынымдамалар жоқ. Әлемде бірде-бір ел осы саладағы сын-қатерлерге дайын рецепттерге, модельдер мен жауаптарға ие емес.

Әлемде әлі ешкім де өмірдің осы саласын өлшеуге қабілетті қандай да бір жалпыға ортақ біртектілік пен біртұтастық индексін немесе формуласын ойлап тапқан жоқ.

Сонымен бірге, біздің біртектілік пен ұлт бірлігі саласындағы жұмыстарымыздың түпкі мақсаттары – немесе технократтық түрде бейнелегенде – күтілетін нәтижелер – ЭЫДҰ елдерімен ортақ.

Біздің жолымыз – ол бірлік жолы және азаматтық біртектілік негізінде ұлтты дәйектілікпен қалыптастыру жолы.

Қазақстандықтардың азаматтық біртектілігі мен біртұтастығын нығайтуға бағытталған төртінші реформаның мәні де дәл осында» [117].

Жоғарыда аталған мақалада жаңғырту қоғамдық және саяси өмірде келісімге жетелеуі қажет деп көрсетілді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2019 жылғы 2 қыркүйектегі «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауында:

«Төртінші. Қоғамдық келісімді нығайту.

Әлеуметтік және этникалық топтар арасындағы келісім – бүкіл қоғамның бірлескен еңбегінің нәтижесі.

Осыған орай, саяси үрдістерді саралап, бірлігімізді нығайта түсу үшін нақты шаралар қабылдау керек.

Қазақ халқының мемлекет құраушы ұлт ретіндегі рөлін бекемдеп, этносаралық татулық пен дінаралық түсіністікті қалыптастыра беруіміз қажет.

Біздің ұстанымымыз: Ел бірлігі – оның әралуандығында!» [5].

Қоғамдық келісімді нығайту қазіргі заманғы тиімді мемлекетті тиімді басқарудың негізгі факторларының бірі болып саналады. Қазақстан Республикасының 1995 жылы 30 тамызда қабылданған Конституциясы анықтайды: «Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы - адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары» (1-бап). Еліміздегі негізгі заң демократияның, егемендіктің принциптерін бекітеді: «Республика қызметінің түбегейлі принциптері: қоғамдық татулық пен саяси тұрақтылық; бүкіл халықтың игілігін көздейтін экономикалық даму; қазақстандық патриотизм; мемлекет өмірінің аса маңызды мәселелерін демократиялық әдістермен, оның ішінде республикалық референдумда немесе Парламентте дауыс беру арқылы шешу» (1-бап) [118].

1997 жылы Қазақстанда қоғамдық келісімді нығайту жолында тағы бір маңызды қадам жасалды: мемлекеттік басқаруда жаңа құрылым – Ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі құрылды. Оның қызметі біртұтас ақпараттық кеңістікті, осы арқылы саяси тұрақтылықты нығайту және қазақстандық қоғамдық консолидацияны (бірлікті) қалыптастыру.

Жаңа министрлік қызметінің негізгі мақсаттары төмендегідей тұжырымдалды:

а) ұлтаралық қатынастарды үйлестіруде ішкі саяси тұрақтылықты, қоғамдық және конфессиялық келісімді нығайту үшін мемлекеттік органдардың жұмысын үйлестіру;

б) азаматтардың сөз бостандығында конституциялық құқығын қамтамасыз ету, елдің ақпараттық қауіпсіздігін қорғайтын, Қазақстан Республикасының ақпараттық кеңістігін кеңейту.

Бұдан басқа, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі жұмысының басым бағыттарына: қазақстандық патриотизм мен азаматтық бірегейлікті қалыптастыру және дамыту; реформаларды моральдық-психологиялық және идеологиялық қолдау үшін қажетті мемлекеттік баспа бағдарламаларын

калыптастыру; БАҚ-ның сапасы мен кәсіби деңгейін арттыру; баспасөз саласындағы және бұқаралық ақпарат құралдарындағы заңнаманың сақталуына мониторинг жүргізу қызметтері кірді.

Кез келген заманауи мемлекеттің дамуында әлеуметтік аспектілер маңызды орын алады. Осыған байланысты Қазақстан Республикасы уақытпен қатар жүруге тырысады. Мемлекет халықтың аз қамтылған топтарын әлеуметтік қорғауға, олардың әлеуметтік мүдделері мен қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған бағдарламалар мен жобаларға ерекше назар аударады. Қоғамдық келісімді сақтау және нығайту, ең алдымен, қазіргі заманның сын-қатерлеріне жауап беретін тиімді мемлекеттің әлеуметтік құрамдас бөліктерін дамытуды білдіреді. Бұл азаматтардың денсаулық сақтау, білім беру, зейнетақы қамсыздандыру және жұмысқа орналасу саласындағы конституциялық құқықтарын қамтамасыз етуге қабілетті әлеуметтік мемлекет.

Халықты әлеуметтік қорғау жүйесінің дамуына мемлекет пен қоғамның тиімді өзара іс-қимылы ықпал етеді. Әртүрлі әлеуметтік топтағы азаматтардың мүдделерін үйлестіру, халыққа лайықты өмір сүру жағдайын жасау, кез келген қоғамда сұранысқа ие, жалпыға бірдей танылған және заңмен бекітілген әлеуметтік стандарттар. Қоғамдық келісімнің, әлеуметтік мемлекеттің функционалдық тиімділігі заңнамалық-құқықтық жүйеге негізделеді. Қазақстандық қоғам өмірінің барлық салаларын жаңғырту, әлеуметтік-экономикалық дамудың тұрақтылығы мен динамизмді қамтамасыз ету «Қазақстан – 2050» стратегиясын іске асырудың негізгі тенденциялары ретінде қарастырылады. Жаһандану дәуірінде әлеуметтік мемлекет адамзат үшін туындаған жаңа мәселелермен қатар, мүмкін болатын сын-қатерлерге, тәуекелдер мен қауіптерге жедел әрекет етуге дайын болуы қажет. Сонымен қатар, ақпараттық қоғам жаңа типтегі әлеуметтік тұлғаның қалыптасуына әсер етеді және бұл қазақстандық жас ұрпақтың тарихи санасын жаңғыртудың теориясы мен тәжірибесін дамытуды көздейді.

Патриотизм – қоғамда келісімге қол жеткізу мен оны сақтаудың жүйе құраушы факторларының бірі, азаматтық моральдың маңызды өлшемі. Қазақстандық патриотизмнің әлеуметтік және мәдени құндылығы, мысалы, Ұлы Даланың тарихи-мәдени мұрасын зерттеуде, жастар білім және шығармашылық қабілеттері арқылы әр түрлі адамдар арасындағы тұрақтылық пен достық қарым-қатынасты сақтауға, өз елінің әл-ауқаты мен дамуына көмектесу қажеттілігінде көрініс табады. Қазіргі әлемде жаһандық үдеріс уақыт өткен сайын белсенді дамып келеді, әлеуметтік желілер жастардың өміріне тереңдей түсті, олардың өмірінің ажырамас бөлігіне айналып, дүниетанымына, мүлде жаңа қызығушылықтар мен іс-әрекеттерінің қалыптасуына әсер етуде. Веб-ресурстардың қолжетімділігі жастарға әлеуметтік қызметтің әртүрлі үлкен мүмкіндіктер ашады. Дәл осы өзгерістер жағдайында жастардың бойына шынайы жалпыадамзаттық құндылықтарға баулу, отансүйгіштік дүниетанымын кеңейту және практикалық патриотизм сезімін дамытуда ынталандыру өте маңызды орын алады. Патриоттық сананы нығайту қазіргі қазақстандық қоғамның демократиялық дамуының ажырамас сипаты мен айрықша белгісі

болып табылады. Сонымен бірге, патриоттық тенденциялар жағдайында өз елінің табиғи ресурстарына ұқыптылықпен қарай отырып, оны қорғау ерекше өзекті.

Патриотизм жастардың әлеуметтік-мәдени кеңістікке қалыпты енуіне ықпал ете отырып, көпұлтты Қазақстандағы қоғамдық келісім қорына айналды. Жастық шақта әлеуметтік белсенділіктің эмоционалды мінез-құлық үлгілері қалыптасады, халықтың өткен тарихы мен халықтық дәстүрлерді қабылдау сипаты, өзіндік дүниеге көқарасы қалыптасады. Әлеуметтік әлеуметтену жастардың мемлекеттілік, азаматтық ұстаным және гуманизм идеяларының мәні мен генезисін түсінудің маңыздылығын айқындайды. Өз отбасының, мектебінің, туған жерінің, аймағының, елінің және тұтастай әлемнің тарихын зерттеу, нәтижесінде әлемдік, оның ішінде интеграциялық үдерістерді жалпы түсінікті қалыптастырады. Патриотизм – тарихи сананы жаңғыртудың қажетті шарттарының бірі, ол ұлттық тарих жетістіктерін игеруде, көп ұлтты қазақ қоғамының мәдениетімен және қаһармандық оқиғаларымен баулуда және сол арқылы өз Отанын дамыту жолында шығармашылық қызметке дайын болуда көрініс табады.

Әрине, бір маңызды ескерту жасау қажет. Біз патриотизм туралы ой қозғағанда, Отанына деген сүйіспеншілік деген кең мағынасын меңзейміз. Кейбіреулер патриотизмды «кіші отан» немесе «туған жеріне: облыс, қала, ауыл» сияқты мағыналық аясын тым тарылтып жібереді. Осы тұрғыдан патриотизм жергілікті идеологияға айналуы мүмкін, оның абсолюттендіру қауіпті келіспеушіліктер мен ашық қақтығыстарға әкелуі мүмкін.

Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін тарихи оқиғаларға объективті көзқарастың негізгі факторлары бекітілді. Осы факторлардың ішінде этносаралық келісімді сақтау, мемлекеттік-патриоттық және тарихи сананы қалыптастыру, республиканың егемендігін, мемлекеттіліктің жаңа басқару формаларын жетілдіру, азаматтық парыз бен азаматтық сана-сезімді тәрбиелеуді бөліп көрсетуге болады. Тиімді мемлекеттің маңызды өлшемдерінің бірі – әлеуметтік жаңғырту. Өз кезегінде әлеуметтік мемлекет әлеуметтік қамтамасыз етудің жеткілікті жоғары деңгейін қамтамасыз етуге қабілетті. Бұл әлеуметтік серіктестік және мемлекеттің, бизнес-қоғамдастық пен азаматтық қоғам арасындағы өзара жауапкершілік сияқты қоғамдық келісімнің осындай формасын (түрін) нығайтуды білдіреді.

Билік пен қоғам арасындағы тұрақты сұхбат арқылы ғана үйлесімді мемлекет құруға болады. Мұндай мемлекет қазіргі геосаясат тұрғысында дамуға мүмкіндік алады. ХХІ ғасырда азаматтарды отансүйгіштікке тәрбиелеу үрдісінде мемлекеттік институттар, отбасы және білім беру мекемелері жетекші рөл атқарады. Сонымен бірге патриоттық тәрбие тарихи білімге негізделеді және тәрбие мен білім беру мекемелері әлеуметтік ортамен өзара әрекеттесуіне бағыттайды. Кешенді түрде бұл принциптер қоғамдағы келісімді нығайтуға арналған.

Қазақстан – зайырлы мемлекет, бұл принцип Конституциямызда бекітілген. Біздің республика көпұлтты ғана емес, сонымен қатар

көпконфессиялы қоғамдардың қатарына жатады, сондықтан діннің моральдық әлеуеті, діни төзімділік қоғам өмірінде біріктіруші рөл атқаруы тиіс.

Дін негізі адамның басқа адамдарды сүюге және оларға қамқорлық көрсетуге үгіттейді. Сондықтан, ол ежелгі дәуірден бері негізгі адами құндылықтардың тасымалдаушысы, сәйкесінше, мәдениеттің бір түрі ретінде қарастыруға болады. Данилевскийдің мәдени-тарихи типтегі адамның діни қызметіне сәйкес бір негіздегі мәдениет деп аталады. Мысалы, еврейлер – діни идеяны, гректер – өнерді, римдіктер – саясатты дамытуда айтарлықтай жетістікке жетті. П.Сорокиннің пікірінше, осындай сараптаулар қоғам дамуындағы идеациональді мәдениеттің ерекше түрі.

Қазақстан Республикасында мемлекет пен дін арасындағы қарым-қатынасы келесі принциптерге негізделеді. Діни бірлестіктер мемлекеттік құрылымдардан бөлінген; мемлекеттің қандай да бір конфессияға артықшылық беруге құқығы жоқ; барлық діндер мен діни бірлестіктер заң алдында тең. Осы принциптерді біршама кеңейте отырып, ешқандай дін мен ешқандай діни бірлестік басқа ұқсас бірлестіктерге артықшылық бермейді деп айтуға болады. Діни ұйымдар мемлекеттік функцияларды орындамайды, ал мемлекет өз тарапынан, әрине, қолданыстағы заңнамаға қайшы келмесе, олардың қызметіне араласпайды. Қазақстан тәуелсіздік алғаннан бері дін саласында теңгерімді мемлекеттік саясатты ұстанып, конфессиялар арасында да, дін мен мемлекет арасында да келісімді сақтауға тырысты.

Біздің республикамызда көптеген діни бірлестіктер бар: дәстүрлі діндер мен жаңалары, және бұл, бір жағынан, Қазақстанның мәдени әртүрлілігін қалыптастырса, екінші жағынан, осы поликонфессиялық кеңістікте келісімді сақтауда белгілі бір қиындық тудырады. Бірақ, мемлекетке конфессияаралық келісімді сақтау мен нығайтуда ұлттық-мәдени орталықтар мен діни бірлестіктердің өздері жан-жақты қолдау көрсетеді.

Конфессияаралық келісім болмаған жерде, ұлтаралық келісім болуы мүмкін емес. Сондықтан, діндер арасындағы сұхбаттың рөлі өте маңызды. Себебі, рухани көшбасшылардың өзара тығыз қарым-қатынастары халықтар мен елдер арасындағы қайшылықтарды жоюға немесе жұмсартуға мүмкіндік береді және қоғамда бейбітшілік пен келісімді орнатуға көмектеседі. Заманауи жаһандық мәселелерді шешуде сұхбат әртүрлі конфессия өкілдерінің бірігуіне ықпал етеді.

Осы тұрғыдан алғанда Қазақстандағы «Рухани келісім конгресі» қоғамдық бірлестігінің тәжірибесі қызық. Оның мақсаты – әртүрлі діндердің сұхбаты мен өзара әрекеттесуі арқылы діни консенсусқа (мәмілеге, ымыраға) келу. 1992 жылы Алматыда Бірінші дүниежүзілік Рухани келісім конгресі өтті, конгреске әлемнің түрлі конфессия өкілдері қатысып, сұхбат арқылы бірі-бірімен таныстық, достық қарым-қатынасты орната алды және тарихта мәдени оқиға ретінде қалды. Дүниежүзілік діндер съезінің әрбір үш жыл сайын өткізілуі және талқыға түсетін мәселелер жөнінде сарапшылар, «... Дүниежүзілік және дәстүрлі діндердің басшыларын бір үстелдің басына жинау айғағының өзі

үлкен халықаралық деңгейдегі баға жетпес прецедент болды деуге болады» [119, б. 327] - деген баға берілді.

Осы съездердің өткізілуіне еліміздің мамандары оң баға беретіні анықталды, мысалы, 2012 жылы Астанада ұйымдастырылған Әлемдік және дәстүрлі дін жетекшілерінің IV съезінің бағдарламасын қарастыра отырып, А.Д.Құрманалиева, Қ.Бағашаров: «Әлемде дін атын жамылып, дін ұғымына кір келтіріп жүрген террористік және экстремистік бағыттағы ұйымдарға, адамзатты құлдыратуға мүдделі теріс пиғылдағы бірлестіктерге төтеп берудің, адамзат игілігі үшін белсенді күрестің, күннен күнге артып бара жатқан діни негіздегі мәселелерге тиімді шешім қабылдауда аталған шараның маңызы зор және осы ретте діни сенімдері әр түрлі бола тұрғанмен, ортақ мәселені шешу мақсатында бірауыздылыққа келу нағыз діндар, рухани дүниесі кең азаматтардың ғана қолынан келетін жетістік екеніне көз жеткізуге болады. Сайын даланың ен төсінде конфессияаралық және ұлысаралық келісімнің үлгісін ұсынып отырған қазақ елінің тәжірибесі әлемде өз жалғасын таба отырып, жаһандық әлемде бейбіт қатар өмір сүру үлгілері арта түседі деген сенімдеміз» - деген қорытындыға келді [120, б. 32].

Дүниежүзіндегі ең бірінші конгресс 1992 жылы 18 қазаннан бастау алады. Конгресте қабылданған манифесте оның қатысушылары 18 қараша күнін «жанжалдар мен қақтығыстарға мораторий, адамдар арасында өзара түсіністік, рақымшылық және жақынына көмек көрсету» күні деп жариялауға шақырды. Сол уақыттан бері 18 қазан елімізде мемлекеттік мереке ретінде тойланып келеді.

«Діни сенімге сыйластық үшін! Іріткісіз айырмашылықтар үшін! Мейірімділік жолында бірге қызмет ету үшін!» - деген ұрандарда Рухани келісім конгресі және оның халықаралық қоғамдық қор ретіндегі қызметінің негізгі принциптері тұжырымдалған.

Рухани келісім күніне арналған ауқымды іс-шаралар тек осы бір күннен асып, кейде бір апта бойы жалғасады. Бұл іс-шараларға салтанатты түрде құдайға құлшылық ету, қайырымдылық акциялары, халықтың әлеуметтік аз қамтылған топтарына көмек көрсету, мемлекеттік құрылымдардың, қоғамдық бірлестіктердің, діни және ұлттық-мәдени орталықтардың, ғылыми институттардың, ғылым және мәдениет қайраткерлерінің қатысуымен «дөңгелек үстелдер», «конференциялар» өткізіледі. Рухани келісім күні классикалық және рухани музыка, кітаптардың тақырыптық көрмелері және өзге де өнер туындыларының көрмелері өткізіледі және т.б.

Этносаралық және конфессияаралық келісімнің қазақстандық үлгісін жетілдіру бағдарламасы туралы дінтанушы, қазақстандық зерттеуші Б.М.Сатершиновтың пікірінше, «республикадағы этносаралық және конфессияаралық қатынастардың үйлесімділігі үшін жағдай туғызылады; ұлттаралық және дінаралық толеранттылықтың ұстындары мен қалыптарын бекітіледі, көпэтносты және көпконфессионалды қазақстандық қоғамдағы азаматтық келісімнің әлеуметтік-психологиялық негізі ретіндегі этномәдени алуантүрлілік құрметтеледі, қабылданады және түсініледі; республиканың діни

бірлестіктері арасында өзара түсіністік пен төзімділік бекітіледі; қоғамдық келісім мен азаматтық татулықты қамтамасыз ету мақсатында сұхбат мәдениеті мен рухани құндылықтарды дамыту ісінде мемлекеттік органдардың, ұлттық, мәдени, діни және өкіметтік емес ұйымдардың ынтымақтастығы күшейеді; этномәдени түзілімнің жүйесі қалыптастырылады деп күтілді» [121, б. 335-337], – деп қорытындылайды.

Әр түрлі мәдениеттер мен діндердің рухани келісімі тұрақтылық пен тұрақты дамудың стратегиялық шарты ретінде қарастыруға болады. Бұл ретте біз тек жекелеген мемлекеттер ішіндегі үрдісті емес, әлемнің деңгейіндегі кеңістік туралы айтып отырмыз. Рухани келісім мәдениеттерді біргегейлендіру, теңестіру және біртекті жасанды сипаттағы ортақ дінді қалыптастыру идеясы ұсынылып отырған жоқ. Әлемдік діндерінің негізінде біртұтас гуманистік принциптер, кез келген адамға түсінікті қарапайым адамгершілік нормалары жатыр: жақыныңды сүй, мұқтаждарға, кедейлерге, науқастарға көмек қолын созу, діндердің рухани көшбасшылары мен негізін қалаушылар: Мұса, Будда, Иса, Мұхаммед және т.б. заманынан бері белгілі болған мәңгілік өсиеттерді ұстану. Бұл рух кеңістігі адамдарды біріктіруге қабілетті мәдени орта ретінде қызмет атқарады.

Әр түрлі мәдениеттердің рухани-мәдени құндылықтарына тәкаппарлық, менсінбеушілік көзқарастың болуы қазіргі дәуірдегі жаһандық дағдарыстың терең себептерінің бірі сияқты көрінеді. Бұл адамның жаттануы үрдісі, яғни өзінің этникалық және мәдени бастауларынан, тарихынан бас тартып, біріктіруші құндылықтардан: бейбітшілік, келісім, мейірімділік, жанашырлық, қоршаған орта мен басқаларға деген мейірімділіктен алшақтаудан көрініс табады.

Осы күрделі жағдайларда рухани келісім – Қазақстан мен бүкіл әлемнің басым бағыттары, экономикасы, интеграциясы, жаңғыруымен қатар әлемдік тарихтың қазіргі кезеңінде аса маңызды рөл атқаратын негізгі құндылық.

Біздің еліміз қазақ халқының дәстүрлі мәдениеті және оның ғасырлар бойғы моральдық кодексі болып табылатын іргелі рухани мұраттарды жаңғырту үшін бар күшін салып жатыр. Сондықтан біздің қоғамдағы рухани келісімнің өзегі – тарихи қалыптасқан халық руханияты, ол оның ділі мен мәдени тәжірибесінде әртүрлі діндерге деген төзімділігінен, әртүрлі діндер мен этникалық топтар өкілдерінің дәстүрлі рухани-адамгершілік және мәдени құндылықтарына деген құрметтен байқалады.

Қазақстандағы рухани келісім ханафилік мазһабтағы ислам дәстүрінің және христиандық мәдениеттің православиелік типінің мәдениетті дамыту мен сақтауда, халықты рухани қасиеттерге тәрбиелеуде, сондай-ақ қазақ халқының рухани дәстүрімен үндес келетін, басқа діндерге құрмет көрсетудегі тарихи рөлін мойындау арқылы өз тірегін табады.

Әрине, діни сұхбат – руханилық мәселелерді шешуде толық ынтымақтың кепілі емес: сұхбат көптеген қиындықтарға тап болатыны белгілі. Алайда, дінаралық салада қиындықтарды жеңу үшін сұхбат қажет. Дінаралық сұхбат аясында төзімділік өте маңызды, тек осындай ізденісте ол нақты мәнге ие

болады. Кейбір діндердің негізгі ережелеріндегі айырмашылықтар неғұрлым күшті болса, соғұрлым адамдардың рухы мен тағдыры үшін үлкен жауапкершілікпен өзара қарым-қатынастарын құруы керек.

Әрине, төзімділікті сақтай отырып, қазіргі таңда қоғамда өмір сүретін діндердің идеялық негіздері мен мазмұнына ашық салыстырмалы талдау жасау үлкен маңызға ие. Шынайы, сындарлы дінаралық сұхбат өзіндік амбициялары мен шамадан тыс эмоцияларды басуға, екінші бір тарапты тыңдау мен есту қабілетін талап етеді. Толеранттылық пен төзімділік туралы барлық пікірталастар кезінде ақиқатты тану ұмтылысы болған жағдайда ғана, оның мән-мағынасы бар.

Төзімділік пікірталастың мазмұнында емес, оның формасында көрініс табуға тиіс. Сіз үшін ақиқат болып көрінбейтін идеялардың мәніне шыдамдылық таныту қиын екені түсінікті, бірақ өз көзқарасыңызды қорғауда сабырлы, ұстамды, дипломатиялық қызметтің моральдық, кәсіби қасиеттерін ұстануды қажет етеді.

Жаһандық дағдарыстар мен өткір идеологиялық қарама-қайшылықтар дәуірінде бір-бірімізге үлкен ұқыптылықпен қарым-қатынас жасауға және өзара түсіністікке ұмтылуымыз қажет. Егер біреуді мәжбүрлі түрде сынға алу қажет болған жағдайда, мысалы, диссертация қорғау барысында оппонент болу сияқты қызмет түрін қарастыруға болады, екі тараптың да көзқарастарын мұқият салыстырып, өз ұстанымыңызды дәлелді аргументтермен нығайтып, бір-біріңізді толық тыңдап және объективті талдау қорытындысын жасауға міндетті боласыз.

Қазақстан Республикасы үлгісі бойынша әртүрлі этностар мен дін өкілдері арасындағы келісім мен бейбіт тіршілігінің нақты мүмкіндігін айқын көрсетіп отыр. Біздің еліміз әлемдік діндердің жаһандық сұхбат алаңына айналуы заңды құбылыс деген баға беруге болады. Еліміздің астанасында әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съездері әр үш жыл сайын өткізіледі. Өркениеттер арасындағы өзара түсінісу мен сұхбатты дамытуда Қазақстанның қосқан үлесі ретінде қарастыруға болады. Осы ірі дінаралық форумдарға әлемнің өкілетті діндердің басшылары, белгілі саяси қайраткерлер, көптеген халықаралық ұйымдардың мүшелері қатысты. 2009 жылы съездерді өткізу үшін еліміздің астанасында арнайы заманауи ғимарат – Бейбітшілік және келісім сарайы салынды. Сарай республикамыздың шынайы рухани орталығына айналды: мұнда маңызды халықаралық форумдар мен конференциялар өткізіледі, Халықаралық мәдениеттер мен діндер орталығы жұмыс істейді. Бұл орталықтың алдында әртүрлі мәдениеттер мен дін өкілдерінің сұхбатын кеңейту, оған зайырлы және діни БАҚ өкілдерін, сондай-ақ жастар ұйымдарын, ғылыми және шығармашылық зиялы қауымды тарту міндеті тұр.

Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының II съезінде діни сұхбатқа негіз бола алатын келесідей принциптер ұсынылды. «Біріншіден, бейтараптық, ғасырлар бойы қалыптасқан өзара қабылдау стереотиптерінен бас тарту. Теріс стереотиптерден бас тартпай сұхбатқа түсудің мәні де, қажеттілігі де жоқ. Екіншіден, басқа елдің киелі жерлеріне, басқа бір халықтың сакралды

саналатын саласына қол сұғудан саналы түрде бас тартуды ұстану. Бір халықтар үшін қасиетті болып саналатын жерлер, екіншілерге келеке болмауы тиіс. Үшіншіден, жаһандық әлемдегі жаңа, стандартты емес сын-қатерлерге әлемдік және дәстүрлі діндердің бірлескен әрекеті қажет екендігі баса айтылды. Әлемдік діндер тасымалдаушы болып табылатын мыңжылдық рухани дәстүрлерден үзіліс дәл осындай қауіптің бір түріне жатады» [122].

Қазақ халқы басқа халықтармен ұзақ тарихи қарым-қатынас жағдайында, этникалық аумақтар шекарасындағы қарым-қатынас барысында, сауда жолдарының тоғысқан жерінде, жаңа жерлерді игеру барысында, соғыстар, сауда, тұлғааралық байланыстар негізінде қалыптасты. Сондықтан қазақтар көптеген этностармен, этностардың мәдениеттерімен тату көршілік қарым-қатынасты сақтай алды. Соның нәтижесінде осы этностардың бірлігінің орталығы болып табылатын ортақ рухани өзек пайда болды, және ол этностардың орталықтандырылған бағыттағы даму тенденциясын тұрақты етті. Қалай болғанда да, осындай рухани өзек арқылы орталыққа бағытталған және оған қарсы даму тенденциялар арасындағы тепе-теңдікті сақтаймыз.

Бұл тұрғыда қазақстандық ақын, қоғам қайраткері, «Мәдениет» қоғамдық қорының президенті Олжас Сүлейменовтің мәдениеттер жақындасуын дамыту идеясын қолдау бастамасы қызықты әрі келешегі зор сияқты. Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының V съезі аясында «Діннің жастарға әсері» атты тақырыпта панельдік пікірталастың екінші секциясында, «Мен бірнеше жыл ЮНЕСКО-ның өкілі болдым, біз 2013 жылдан 2022 жылға дейін «Мәдениеттер жақындасуына 10 жыл» деген ұсынысты мақұлдадық. Мәдениеттердің жақындасуы осы мәдениеттердің мыңдаған жылдар бұрын болған алшақтық себептерін түсінгенде ғана мүмкін болады. Ал бұл қайшылықтар қазірдің өзінде жарықшақтан тұңғыыққа айналды», - дейді О.Сүлейменов. «БҰҰ-да мәдениеттер жақындасуының 10 жылдығын жариялау кезінде Қазақстан жастарға басты назар аударатынын көрсеткенін айтады. «Сондықтан ЮНЕСКО Мәдениеттер жақындасуының онжылдықтағы түпкі мақсаты планеталық сананы тәрбиелеу деп санайды. Жастарға бұл бағытта ғылым мен білім көмегі қажет. Жастарымыз ата-бабамыздың қалай араздасып, кішкентай ұсақ себептерді бөлінісуге түрткі болағанын танығанда түсінгенде ғана мәдениеттер тоғысады. Ал ЮНЕСКО-ның алға қойған міндеті орындалады деп сенемін», - деп түйіндеді сөзін О. Сүлейменов [123].

Осы бастаманың негізінде Алматы қаласында Мәдениеттерді жақындастыру орталығы құрылып, табысты жұмыс істеуде. Мекемеде тарихи-ғылыми сипаттағы мәселелер шешіліп, мұражай және ағарту жұмыстары жүргізіледі.

Егер мәдениетаралық сұхбат үрдісінің ішкі принциптері туралы айтатын болсақ, ең алдымен, адам басқа адамдармен қарым-қатынаста түсе отырып, дамиды. Мәдениетаралық сұхбаттың түпкі негізі, құндылықтармен алмасу – адамның адамгершілік табиғаты басқа адамдардың игілікке жетуіне, олардың толыққанды дамуына бағытталған. Сұхбат басқа бір мәдениеттің құндылығын

түсіну және екінші бір мәдениетке ашыла отырып, өз бойындағы кемшіл тұстарын анықтай отырып, оны еңсеруге көмектеседі.

Әйтпесе, мәдениеттер арасындағы сұхбат тапқырлық жолындағы бәсекелестікке немесе одан да жаманы ашық жанжалға, ашық қақтығысқа және карама-қайшылыққа айналуы мүмкін.

Қазақстан кейде осындай қиындықтарға тап болады, өйткені келісімге апаратын жол көп жағдайда ұзақ және қиын. Қазақстандық қоғамда әртүрлі қажеттіліктері, мұқтаждықтары мен мүдделері сәйкес келмейтін топтар бар. Осы себепті қоғамда кейде даулы жағдайлар туындайды, мысалы, Жаңаөзендегі немесе Масаншы ауылында орын алған оқиғаларды айтуға болады. Кез келген қоғамда әрқашан белгілі бір әлеуметтік теңсіздіктер, этникалық-мәдени айырмашылықтар және әлеуметтік-экономикалық мәселелер болатындықтан, қақтығыстардың болмай қоймайтыны анық. Дегенмен, бұл мәселелерді бақылаудан шығаруға жол бермей, оларды белсенді түрде, тез арада шешуге және мүмкін болатын қақтығыстардың алдын алу шараларын жүргізуге тырысу қажет.

Келісім феномені 2020 жылы Covid-19 коронавирустық пандемиясына және мемлекеттер аумағында төтенше жағдай мен карантин режимдерінің енгізілуіне байланысты қызықты сынықтардан өтті. Сол кезде қазақстандық қоғамда шабыттандыратын "Біз біргеміз" ұраны пайда болды. Бұл келісім құбылысының типке, не түрге ажарытылуынан басқа әр түрлі деңгейлері бар екенін көрсетті. Горизанталды деңгейдегі келісім дегеніміз – халықтың әртүрлі топтары арасындағы өзара түсіністіктің қалыптасуы, ал келісімнің вертикалды деңгейі – карантиндік оқшаулану айларында ерекше айқындылықпен көрініс тапқан халық пен биліктің бірлігі.

Сондай-ақ қоғамда пандемияға байланысты халықты жалпыға бірдей вакцинациялау идеясы талқыланды. Сонымен бірге келісім ерікті түрде де, мәжбүрлі түрде де жүзеге асыруға болатыны анықталды. Заң және адам құқықтары тұрғысынан екпе науқастың немесе оның заңды өкілінің келісімімен жүзеге асуы тиіс. Әйтпесе, демократиялық қоғамда жарияланған бостандық, жеке адамның құқықтары, әділдік принциптері бұзылады. Атақты әділеттілік теориясының авторы Дж. Ролз (J. Rawls) жоғарыдағы тұжырымға ұқсас жазбасына назар аударуға болады: «...Шартты доктринаның қоғамның құндылықтарын түсінуге және оларды жүзеге асыруға ықпал ететін әлеуметтік құрылғыларды таңдау үшін қанағаттанарлық көзқарас болып табыла ма деген сұрақ жауапсыз қалды. Дұрыстық пен игіліктің конгруэнттігі көп жағдайда ретті қоғамның қоғамдық игілікке қол жеткізе алатындығына байланысты деп болжауға болатыны заңды» [7, б. 453].

Әрине, қоғамда келісім қажет емес немесе мүмкін емес дегенді білдірмейді. Оған қол жеткізудегі қиындықтар тепе-теңдікті үнемі іздестіру, қоғамның келісімі мен бірлігі талаптарын барынша қанағаттандыратын нақты тарихи үлгіні іздеу қажеттілігін айтады.

Диссертацияның осы бөлімінен **қорытынды** ретінде келесідей тұжырымдарды жасауға болады.

Келісім тек «консервативті» идея емес, яғни қалыптасқан жағдайды (status quo. – статус.кво) сақтау идеясы ғана емес. Келісім идеясын әлеуметтік дамудың мақсаты ретінде қарастыру керек. Келісім құбылысы тек мақсат ретінде қоғамдағы тұрақтылықты сақтаудың құралы, тәсілі ретінде әрекет ете алады. Егер келісім мақсат ретінде қарастырылмайтын болса, онда ол тұрақтылықты сақтау тәсілі бола алмайды.

Жалпы қоғамдағы келісім – идеалды-типтік үлгі ретінде қабылданады, өйткені қоғам әртүрлі қабаттардан, таптардан және әлеуметтік топтардан тұрады. Сондықтан, келісім құбылысының типке, не түрге ажарытылуынан басқа әр түрлі деңгейлері бар. Горизанталды деңгейдегі келісім дегеніміз – халықтың әртүрлі топтары арасындағы өзара түсіністіктің қалыптасуы, ал келісімнің вертикалды деңгейі – халық пен биліктің, сондай-ақ төменгі және жоғары деңгейлердің бірлігін білдіреді.

Қоғамдағы келісім көбінесе топтық сипаттағы келісім, белгілі бір немесе басқа топтар ішіндегі келісімнен басқа ештеңе емес. Нәтижесінде келісім амбивалентті құбылысқа айналады: бір жағынан жалпы қоғамның бірлігінің негізі болса, екінші жағынан оның бытыраңқылығының негізі. Сәйкесінше, қоғамда үнсіз келісім немесе азаматтық бағынбау пайда болады. Сондықтан, біз диссертациялық зерттеу барысында келісімнің екі түріне ерекше назар аударамыз: сыртқы, шартты (дискурсивті) келісім және ішкі, терең (интуитивті, жүректен шығатын, эмпатикалық) келісім.

Қазақстанға келетін болсақ, біздің еліміз көпұлтты және көпконфессиялы қоғамның бірлігін сақтау мен нығайтудың бірегей тәжірибесін жинақтағанын зерттеу барысында көрсете алдық деп ойлаймыз. Республикамызда қоғамдағы келісімді сақтауға және нығайтуға арналған сан алуан мекемелер мен орталықтар жұмыс жасайды. Олардың ішінде Қазақстан үшін салыстырмалы түрде жаңа құрылымдар да бар: қазақ аудармашыларының конгресі, еріктілер қозғалысы және т.б. Қоғамдағы келісімді сақтау мен нығайтуға бағытталған негізгі институттар мен нысандарға Қазақстан халқы Ассамблеясы, Қоғамдық келісім кеңестері, әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съездері, тұрақты түрде өткізілетін дінаралық сұхбаттар жатады.

3.2 Қазақстанның азаматтық қоғамындағы қоғамдық пікір негізіндегі келісім концептісі

Қазақстан Республикасында тәуелсіздік жылдарында азаматтық сананың, қазақ халқының дәстүрлі менталитетінің және басқа этностардың өзіндік санасының айырықша белгілерін біріктіретін ұлтаралық және конфессияаралық қатынастар жүйесі қалыптасты. Қазақстанның этникалық топтары бір-бірімен қарым-қатынаста жалпыадамзаттық сипаттағы құндылықтар жүйесі: саяси демократия, құқықтық және әлеуметтік әділеттілік нормалары, өнер және дін құндылықтары, адамгершілік мұраттар, ғылыми білім жетістіктері негізінде бірігеді. Қазақстандықтар этномәдени, діни және басқа да ерекшеліктерге қарамастан, руханилық пен мәдениет, адамгершілік пен мемлекеттік заңдарға

бағыну қоғамның қалыпты, тұрақты дамуының міндетті шарттарының бірі екендігін түсінеді.

Жоғарыда келтірілген тұжырымдама Қазақстанда ұзақ уақыт бойы және үнемі жүргізіліп келе жатқан нақты әлеуметтанулық зерттеулердің нәтижелеріне негізделген. Мәселен, 2007 жылы қазақстандық ғалымдар республикамыздағы қоғамдық келісім модельдерін зерттеу жұмыстарын жүргізді. Іріктеме көлемі Астана, Алматы қалаларынан, Шығыс Қазақстан, Қарағанды, Солтүстік Қазақстан, Атырау, Оңтүстік Қазақстан облыстарынан 1150 адамды құрады [124, б. 122-210].

Әлеуметтанулық зерттеу барысында – «Біздің қоғам жалпы қазақстандық азаматтық негізінде біртұтас ұлт бола ала ма?» деген сұраққа – 27,7% ұлты қазақ респонденттері, 32,2% ұлты орыс респонденттері, және 30,4% өзге ұлт өкілдерінен тұратын респонденттер оң көзқарас танытты. Барлық ұлт өкілдерінен тұратын респонденттердің тең жартысына жуығы бұл сұраққа жауап беруге қиналған. Теріс жауап берген респонденттер азшылық топты құрады – 19,3% қазақтар, 17% орыстар және 20,3% басқа ұлт өкілдері. Респонденттердің жартысына жуығы теріс жауабын «адамдар әлі мұндай өзгерістерге дайын емес» деп түсіндірді. Дегенмен, «Қандай да бір идея әртүрлі ұлт өкілдерін біріктіре ала ма?» деген сауалға: сауалнамаға қатысқан барлық ұлт өкілдерінен тұратын респонденттердің жартысынан көбі оң жауап берген: 65,7% қазақтар, 53,2% орыстар, 68,8% өзге ұлттардан құралған респонденттер тобы. Респонденттердің әлдеқайда аз бөлігі – 20,2% қазақтар, 25,3% орыстар және 20,8% өзге де этнос өкілдері елді біріктіруші идеяның мүмкіндігін жоққа шығарды. Ұлттық идеяның негізі ретінде қандай ережелерді алуға болады деген сұраққа респонденттердің тек 10,7%-ы ғана «ұлттық идея – қазақ идеясы» деп жауап берді; және орыстар мен өзгеде этностардың шамамен 3%-ы дәл осы идеяны қолдады. Барлық ұлттық топтағы адамдардың көпшілігі үшін ұлттық идея – «барлық қазақстандық азаматтардың теңдігі», «адам құқықтары мен бостандықтарын қорғаудың кепілдігі» және «Қазақстан азаматтарының барлық жағынан лайықты өмір сүруі» деп жауап берді. Сонымен қатар, өзге ұлт өкілдерінен тұратын респонденттер жауабында айтарлықтай қайшылықтар жоқ.

Осылайша, әлеуметтанулық зерттеу нәтижесі бойынша Қазақстанда тұратын этникалық топтар бөлінушілікке қарағанда оларды біріктіретін құндылықтар әлдеқайда көп екенін көрсетті.

Қазақстан Республикасындағы қоғамдық келісімге қатысты көптеген зерттеулер жүргізілді, кейінгі жылдары жүргізілген зерттеулердің маңызды нәтижелерін де қарастырамыз. Осындай зерттеулердің бірі ретінде ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты «Егемен Қазақстан этносаясатының мақсаты ретінде қоғамдық келісім мен ұлттық бірлік» тақырыбында зерттеу жүргізді. Зерттеу нәтижелері ұжымдық монография түрінде жарық көрді.

Монографияда көрсетілгендей: «Қазақстан Республикасы тәуелсіз ұлттық мемлекеттіліктің өзіндік үлгісін қалыптастырды. Оның негізгі құрамдас бөліктері – қоғамдық келісім мен ұлттық бірлік <...> Қоғамдық келісім мен

ұлттық бірлік мемлекеттік саясаттың және қоғам дамуының негізгі императивіне айналды» [125, б. 252-255].

Қазақстандық қоғамның қоғамдық келісім мен ұлттық бірлік үлгісінің маңызды ерекшеліктері бірқатар факторларға байланысты, соның ішінде қазақстандық қоғамның көпұлтты құрамы – Қазақстанда 130-ға жуық этнос өкілдері тұрады; поликонфессиялық орта – Қазақстанда 17 конфессия өкілдері өмір сүреді.

Сонымен қатар, этносаралық келісімді нығайтуға және ұлттық бірлікті қалыптастыруға ықпал етпейтін қоғамның жекелеген сегменттерінің рөлін жандандыратын субъективті факторлар да бар. Мысал ретінде, халық бірлігінің факторы болып табылатын мемлекеттік тілді жекелеген этнос өкілдерінің нашар меңгеруін жатқызуға болады.

ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты жүргізген әлеуметтанулық зерттеу нәтижесі бойынша «респонденттердің басым бөлігі, яғни қазақстандықтардың 89,8%-ы өздерін елдің патриоты санайды, ал 7,9%-ы өздерін патриот санамайды, 2,3%-ы жауап беруге қиналған. Сауалнама жауаптарын ұлттық тиістілікке қарай талдайтын болсақ, ұлты қазақ респонденттердің 92,8%-ы, ұлты орыс респонденттердің 86,3%-ы, және өзге этнос өкілдерінің 84,5%-ы өздерін Қазақстанның патриоттары қатарына жатқызады. Сауалнамаға қатысқан өзге де этнос өкілдерінің 15,5%-ы өздерін Қазақстанның патриоттары қатарына жатқызбайды» [125, б. 263].

««Ұлттық бірлікті анықтауда қандай сөздер, сөз тіркестері көбірек сәйкес келеді?» деген сұраққа төмендегідей жауаптар алынды:

«Ұлт құрамындағы этникалық қауымдастықтардың өмір сүрудегі тұтастығы» деген жауап нұсқасын жоғары білімі және ғылыми дәрежесі бар респонденттердің 48,6%-ы жиі белгілесе; толық емес орта білімі бар респонденттердің 27,3%-ы аз тобы таңдады.

«Этникалық тиістілігіне қарамастан қоғамдағы барлық азаматтардың тең құқықтары мен міндеттері» деген жауап нұсқасын толық емес орта білімі бар респонденттер – 81,8%-ы, сондай-ақ аяқталмаған жоғары білімі бар респонденттер – 70,0%-ы, көбінесе ғылыми дәрежесі бар респонденттер – 43,1% жиі атап өтті.

«Патриоттық сезім, Отанға деген сүйіспеншілік» деген жауап нұсқасын толық емес жоғары білімі бар респонденттердің 71,3%-ы, толық емес орта білімі бар респонденттердің 63,6%-ы көбірек атап өтті. Ғылыми дәрежесі бар респонденттердің 27,8%-ы аз бөлігі таңдаған.

«Барлық әлеуметтік қабаттардың, этностардың және топтардың біртұтас механизм ретіндегі өзара іс-қимылы» деген жауап нұсқасын толық емес орта білімі бар респонденттердің 72,7%-ы, толық емес жоғары білімі бар респонденттердің 61,3%-ы, жалпы орта білімі бар респонденттердің 56,6%-ы, ғылыми дәрежесі бар респонденттердің 20,8%-ы атап өтті» [125, б. 264].

Сондай-ақ респонденттерден «қоғамдық келісім» анықтау мақсатында қандай ұғымдар көбірек сәйкес келетіні сұралды. Сауалнама нәтижесі бойынша «үш жауап нұсқасы да бірдей дерлік пайызды жинады. «Ұлтаралық, діни

негіздегі қақтығыстардың болмауы» – 47,8%, «Ортақ мәдениет» – 47,6%, «Толеранттылық принциптерін сақтау» – 45,7%. Ал «мәдениетаралық сұхбат» – 38,8%, «қоғамның барлық топтары мен мүшелерінің мүдделері бір» – 33,4% деген жауап нұсқалары аз пайыз көрсеткіштерін ие боды» [125, б. 265].

«Қоғамдық келісімді «толеранттылық принциптерін сақтау» деп түсіну 30 бен 45 жас аралығындағы респонденттердің 52,4%-ы, ал 18 бен 29 жас аралығындағы респонденттердің аз бөлігі үшін қолайлы.

«Ортақ мәдениет» анықтамасын 18 бен 29 жас аралығындағы жастар тобының 49,1%-ы жиі атап өтті. Респонденттің жасы неғұрлым үлкен болған сайын, соғұрлым бұл анықтама сирек таңдалды.

46 мен 60 жас аралығындағы респонденттердің 52,4%-ы қоғамдық келісімді ең алдымен «Ұлтаралық, діни негіздегі қақтығыстардың болмауы» деп түсінеді.

Қоғамдық келісім мәдениетаралық сұхбатты білдіреді деген пікірді 30 бен 45 жас аралығындағы респонденттердің 40,7%-ы жиі қолдайды.

18 бен 29 жас аралығындағы респонденттердің 40,1%-ы қоғамдық келісім «қоғамның барлық топтары мен мүшелерінің мүдделері бір болған кезде» деген пікірді ұстанады. 61 және одан жоғары жастағы респонденттер бұл жауап нұсқасын сирек атап өткен.

«Толеранттылық принциптерін сақтау» деген нұсқаны толық емес орта білімі бар респонденттердің 63,6%-ы, және толық емес жоғары білімі бар респонденттердің 56,3%-ы, ғылыми дәрежесі бар респонденттердің 40,3%-ы және жоғары білімі бар респонденттердің (бакалаврлар) 41,0%-ы сирек атап өтті.

Қоғамдық келісімнің анықтамасы ретінде «ортақ мәдениет» нұсқасын толық емес орта білімі бар респонденттердің 54,5%-ы арасында кеңінен таңдалса, орта білімі бар респонденттердің 51,2%-ы, жоғары білімі бар респонденттердің 51,0%-ы, бұл жауапты ғылыми дәрежесі бар респонденттердің 27,8%-ы арасында ең аз таңдалды.

«Ұлтаралық және діни негіздегі қақтығыстардың болмауы» деген жауапты толық емес орта білімі бар респонденттердің 81,8%-ы арасында ең жоғарғы көрсеткішті жинады, және толық емес жоғары білімі бар респонденттердің 62,5%-ы болса, ең азы – ғылыми дәрежесі бар респонденттердің 30,6%-ы арасында белгіленді.

Толық емес жоғары білімі бар респонденттердің 56,3%-ы басқа топтарға қарағанда «мәдениетаралық сұхбат» нұсқасын жиі таңдады, ал ғылыми дәрежесі бар респонденттердің 20,8%-ды құрайтын аз бөлігі ғана таңдады.

Жалпы орта білімі бар респонденттердің 53,0%-ы «қоғамның барлық топтары мен мүшелерінің мүдделерінің бірлігі» деген жауап нұсқасы қоғамдық келісім мәнін толық ашады деп есептейді, жоғары білімі бар респонденттердің (бакалаврлар) 29,6%-ы және жалпы орта білімі бар респонденттердің 29,8%-ы бұл пікірмен сирек келіседі.

Респонденттердің басқа этникалық топтарына қарағанда қазақтар «толеранттылық принциптерін сақтау» – 48,3%, «ортақ мәдениет» – 49,9%,

«мәдениетаралық диалог» – 41,6%, «қоғамның барлық топтары мен мүшелерінің мүдделері біртұтас» – 38,8% сияқты жауап нұсқаларын атап өтті. Өзге де этнос өкілдері қазақтарға немесе орыстарға қарағанда «этносаралық, діни негіздегі қақтығыстардың болмауы» – 53,4%-ы жиі таңдалды. Ал «ортақ мәдениет» деген жауап нұсқасын респонденттердің 34%-ы басқа нұсқаларға қарағанда сирек таңдалды» [125, б. 265-266].

Әлеуметтанулық зерттеу барысында респонденттердің пікірінше, «Қазақстандағы келісімді сақтау үшін қандай шаралар қолдану керектігі сұралды. Жиі таңдалған үш жауаптың бірінші нұсқасы – «мәдени әртүрлілікті, Қазақстандағы этностардың тілдерін сақтау» деген жауапты респонденттердің 44,6%-ы, яғни жалпы сауалнамаға қатысушылардың жартысына жуығы таңдаған. Қазақтардан басқа өзге де этникалық топтардың өкілдерінің (67%-ы) осы нұсқаны жиі таңдағанын ескеру маңызды. Сәйкесінше, Қазақстанда өмір сүретін өзге де этнос өкілдері барлық этностардың мәдениеті мен тілдерін сақтау, дамыту саясатын қолдай отырып, осындай саясаттың жалғасуына мүдделі екенін көрсетеді.

«Қазақстандық жастарды патриотизм рухында тәрбиелеу» деген жауаптың екінші нұсқасы 43,3%-ды жинады. Ол қазақтардың 46,4%-ы арасында таңдамалы болса, өзге де этнос өкілдерінің 31,1%-ы сирек атап өтті.

«Қазақстандық қоғамның рухани-адамгершілік құндылықтарын сақтауға үлес қосу» деген жауаптың үшінші нұсқасын респонденттердің 42,1%-ы таңдаған. Ол басқа этнос өкілдерінің 46,6%-ы арасында ең көп таңдалғаны болса, қазақтардың 44,8%-ы арасында, ал орыстардың 36,5%-ы арасында қолдау тапты.

Сондай-ақ респонденттердің 37%-ы «қоғамдағы этносаралық және конфессияаралық жанжалдардың алдын алу профилактикасын және болдырмау тетіктерін жетілдіру қажет» деп есептейді. Қазақтар үшін бұл шараларды жүзеге асыру, орыстарға (13,6%-ға аз) және басқа этнос өкілдеріне (11,6%-ға аз) қарағанда маңыздырақ екенін айқындады.

«Отбасы институты және оның тәрбиелік рөлін нығайтуға үлес қосу» деген жауап нұсқасы 27% көрсеткішті жинады, респонденттердің қоғамдық келісімді сақтау жөніндегі шаралар туралы түсініктерін көрсетеді. Бұл шаралар қазақтардың 31,1%-ы арасында жиі таңдалса, ал басқа этнос өкілдерінің 16,5%-ы арасында ең аз таңдалған нұсқа ретінде белгіленді» [125, б. 272-273].

Диалог пен өзара әрекеттестік – қоғамдық келісімді сақтаудың маңызды шараларының бірі. Осы тұжырымға дәлел ретінде, ««тәжірибе алмасу, этносаралық қатынастар саласындағы стандарттарды жетілдіру мақсатында халықаралық ұйымдармен ынтымақтастықты дамыту» деген жауап нұсқасын таңдаған респонденттердің 24,5%-ы және «азаматтар өмірінің барлық салаларын одан әрі дамыту мәселелері бойынша мемлекеттік органдар мен азаматтық қоғам институттарының өзара әрекеттесуі» деген жауаптың респонденттердің 23,5%-ы таңдауы. азаматтар өмірінің барлық жақтарын одан әрі дамыту». Жоғарыда көрсетілген жауап нұсқалары қазақтар (тиісінше 25,4% және 26,1%) арасында жиі таңдалды» [125, б. 273].

Ұлттық бірлікті нығайту үшін, ең алдымен, ««қазақстандық жастарды толеранттылық пен келісім құндылықтары негізінде оқыту және тәрбиелеу қажет» деген пікірді респонденттердің (45,2%-ы) пікірі қолдады. Сондай-ақ, олардың пікірінше, «азаматтарды қазақстандық қоғамның ортақ рухани-мәдени құндылықтар мен дәстүрлермен таныстыру» – 40,6%, «орыс тілінің сұхбаттық қызметін сақтау, басқа этникалық топтардың тілдерін дамыту» – 38,8%, «әлеуметтік-экономикалық даму мәселелерін шешу» – 34,6%, «сыбайлас жемқорлықтың барлық формаларын жою» – 33,4%, «мемлекеттік тілдің әлеуметтік-коммуникативтік қызметін кеңейту және нығайту» – 27,0%, «Қазақстанның имиджін дамыту, насихаттау» – 20,2%, «саяси жүйені жаңғырту» – 10,6% көрсеткіштерден тұрады, яғни қоғамдағы осы шаралар бірлік пен келісімді нығайту жолында үлкен маңызға ие деп қорытындылаймыз» [125, б. 274-275].

«Осы әлеуметтанулық зерттеудің нәтижелері бойынша келесідей қорытындылар жасалған.

1. Қазақстандық көпшіліктің пікірінше, ұлттық бірлік – ең алдымен, этникалық тиістілігіне қарамастан барлық азаматтардың тең құқықтары мен міндеттері; барлық әлеуметтік топтардың, этностар мен топтардың біртұтас механизм ретіндегі өзара іс-қимылы; патриоттық сезім, Отанға деген сүйіспеншілік.

2. Респонденттердің басым бөлігі үшін қоғамдық келісім – ұлтаралық, діни негіздегі қақтығыстардың болмауы, ортақ мәдениет, толеранттылық принциптерін ұстану.

3. Респонденттердің пікірінше, қоғамдық келісімді сақтаудың ең тиімді шаралары мәдени әртүрлілікті, Қазақстанда өмір сүретін этнос өкілдерінің тілдерін сақтау, қазақстандық жастарды патриотизм рухында тәрбиелеу және қазақстандық қоғамның рухани-адамгершілік құндылықтарын сақтауға үлес қосу. Қоғамдағы этносаралық және конфессияаралық жанжалдардың алдын алу профилактикасы мен болдырмау тетіктерін жетілдіру де маңызды; отбасы институты және оның тәрбиелік рөлін нығайтуға үлес қосу; тәжірибе алмасу, этносаралық қатынастар саласындағы стандарттарды жетілдіру мақсатында халықаралық ұйымдармен ынтымақтастықты дамыту; азаматтар өмірінің барлық салаларын одан әрі дамыту мәселелері бойынша мемлекеттік органдар мен азаматтық қоғам институттарының өзара әрекеттесуі.

4. Ұлттық бірлікті нығайтуда қазақстандық жастарды толеранттылық пен келісім құндылықтары негізінде оқыту және тәрбиелеу, сондай-ақ азаматтарды қазақстандық қоғамның ортақ рухани-мәдени құндылықтар мен дәстүрлерімен таныстыру ықпал етеді; мемлекеттік тілдің әлеуметтік-коммуникативтік қызметін кеңейту және нығайту; орыс тілінің сұхбаттық қызметін сақтау, басқа этникалық топтардың тілдерін дамыту; әлеуметтік-экономикалық даму мәселелерін шешу; сыбайлас жемқорлықтың барлық формаларын жою.

5. Респонденттердің басым көпшілігі мемлекеттік этникалық саясатты тиімді деп санайды. Мемлекет саясатының жоғары бағалануының басты себебі

– еліміздегі татулық пен келісім, ұлтаралық қақтығыстардың болмауы, азаматтардың қауіпсіздік сезімі.

6. Бүгінгі таңда респонденттерді толғандыратын мәселелер – әлеуметтік-экономикалық сипаттағы мәселелер. Этносаралық және конфессияаралық қарым-қатынас мәселелері бойынша этникалық азшылық өкілдері айтарлықтай алаңдайды» [125, б. 275-277].

Қазақ әліпбиін латын әліпбиіне көшіру мәселесі де қазақ қоғамында кеңінен талқыланды. Бұл мәселеде қоғамдық келісім міндеттеріне қатысты маңызды аспектілер айқындалды. Әлеуметтік желі қолданушыларының қазақ тілінің латын графикасына көшуі туралы пікірлерге қатысты контент-анализ жүргізу барысында келесідей жағдайлар анықталды.

Facebook әлеуметтік желісінің материалдары негізінде талдау жүргізілді, оның ішінде жалпы жаналықтар лентасы мен жекелеген қолданушылардың, белгілі блогерлердің парақшаларын зерттеу арқылы жүзеге асырылды. Әрине, іріктемеде шындықтың толықтығын талап ете алмайды, өйткені ондағы реципиенттердің саны белгілі себептермен шектелген. Facebook әлеуметтік желісі өте алуан түрлі, шашыраңқы болғанымен, қоғамның әрбір мүшесінің пікірін білдірмейді. Сонымен қатар, әрбір аналитикалық зерттеушінің интернет кеңістігі айтарлықтай тарылған. Сонымен қатар, контент-талдау кезінде әлеуметтік желіде жарияланған мақалалар ғана емес, сонымен қатар осы мақалаларға жазылған комментарийлерді де қарастырамыз.

Бірінші айта кететін жағдай: латын графикасына көшу тақырыбы Facebook-те, тіпті қазақстандық сегментте де басты орын алмайды. Бұл, бәлкім, қазіргі әлемнің өте алуан түрлі, әртүрлілік және даму динамизмі, үлкен ақпарат ағынымен және үлкен әлеуметтік дау сияқты ерекшеленетіндігімен түсіндіріледі. Дегенмен, латын графикасына көшу тақырыбы Facebook әлеуметтік желісінде айтарлықтай талқыланды. Бұл тақырып бойынша турбулентті, кейде шамадан тыс эмоциялық пікірталастар жүргізілген.

Бұл тезисті растау үшін Facebook қолданушыларының осы мәселеге қатысты мәлімдемелерін мысал ретінде келтіргіміз келеді. Facebook қолданушыларының кейбір әдеттегі пікірлерін талдаймыз.

Олардың көпшілігінде кириллицадан бас тарту қазақстандық биліктің тәуелсіз қадамы ретінде емес, жаһандық әлемдегі Қазақстанға сырттан төнген сын-қатерлердің нәтижесінде мәжбүрлі қабылданған шешім деген ой бар: «Бұл тәуелсіз шешім емес. Шетелдік «достардың» әсері».

Қазақстанда өмір сүретін орыс ұлтына тән ойлар келесі мәтінде келтірілген: «Қазақстан Ресейден оқшаулану саясатын жүзеге асыруда, Түріктерге жағыну арқылы Сібірге бармақшы ма? Ресей болмаса, Қазақстан қайта Ордаға айналып, түркі-араб әлемінің ішінде қайшылықтар арасында күн кешеді. Әлде, қандай да бір пайда үшін жасалған қысымның түрі ме?»

Латын әліпбиіне көшу үрдісін экономикалық бағалауда елдің экономикасы мен әлеуметтік өміріне тым қымбатқа түседі деген алаңдаушылық маңызды орын алады. «Латын әліпбиінің жағдайы осындай, – деп жазады Facebook

қолданушысы, – қазақстандық қоғам үшін бірінші кезектегі күттірмейтін міндеттердің бірі емес. Елімізде одан да маңызды мәселелер толып жатыр».

Ең ақырғысы, негізінен латын графикасына көшуге қарсы емес, бірақ мұндай көшудің апострофтық нұсқасына теріс көзқараспен қарайтындар бар (және көпшілікті құрайды). Олар: «Апострофтар – латын әліпбиіне көшудің нағыз қасақаналық әрекет» деп бағалайды. Интернетте тіпті «апострофиялық апат» деген тұрақты тіркес пайда болды. Бұл тіркесті көбінесе жазушылар, ғалымдар қолдайды, және олардың алаңдаушылығы орынды: «кириллица графикасынан бас тарту қазақ жазушыларының, ақындарының, публицистерінің әлемде мойындалған көптеген әдеби шығармаларының тағдырына қауіп төндіреді» деп санайды.

Жалпы қазақ әліпбиін латын әліпбиіне көшіру мәселесінің жағдайы қандай?

Латын графикасына көшуді «жақтайтындар» – 32% (негізінен қазақтардың пікірі).

Латын графикасына көшуге «қарсы» – 40% (негізінен орыс және орыстілді қазақтар).

Латын графикасына көшуге «қарсы емес», бірақ апострофтық графикаға қатысты ескертулерді есепке алғанда - 28%.

Егер барлық көрсеткіштерді салыстырмалы түрде бір ретке келтірсек, апострофтық графикаға қатысты ескертпелері болса да, көшу идеясын оң бағалайтындар мен латын графикасына көшуді жақтайтындардың көрсеткіштерін қоссақ, онда қоғамның көпшілігі, яғни 60%-ы қолдайды дегенді білдіреді. Дегенмен, мәселеге жалпы баға беру қиын, қоғам мүшелерінің пікірі бір мәнді емес.

Бұл үрдіс Қазақстанның билік құрылымдарына үлкен жауапкершілік жүктелетінін көрсетеді. Елдің тұрақты дамуын қамтамасыз ету және ауыр трансформациялық үрдістердің қалыпты режимде, мүмкіндігінше тыныш, қажетсіз эмоциялар мен шектен шығышулыққа бой алдырмай өткізу үшін билікке икемділік, даналық пен саяси көрегенділік қажет.

Диссертациялық жұмысымыздың алдыңғы бөлімдерінде келісімнің екі қарама-қарсы формасының болатынын атап өткен болатынбыз: детерминистік (рационалды-коммуникативті) және стихиялық (иррационалды). Осы тұрғыдан алғанда, жоғарыда келтірілген әлеуметтанулық деректерге шолу жасау негізінде және оған қосымша ретінде төмендегідей жағдайларды атап өткен жөн.

Рационалды емес, стихиялық келісім негізінен тұлғааралық қарым-қатынастарға тән, өйткені ол адамдардың бір-біріне деген ұнату сезімінен, эмоционалдық бейімділіген, сондай-ақ отбасылық дәстүрлер, туысқандық қатынас және басқа өлшемдер бойынша құрылады. Келісімнің бұл түрі өзінің жіптей нәзік тұстары мен күрделілігіне қарамастан, шынайы және тікелей сипатқа ие. Осы сипаттар арқылы келісімге жылдам және елеулі кедергілерсіз қол жеткізуге үлкен мүмкіндіктер тудырады.

Сыртқы жағдайлармен анықталатын келісімнің басқа түріне келетін болсақ, ең алдымен, тұлғааралық емес, белгілі бір ірі форматтағы қоғамдық қатынастарға тән. Қоғамдық топтар (партиялар, дипломатиялық өкілдіктер, билік пен оппозиция және т.б.) арасындағы келісімге қол жеткізу ұмтылысы екі адам немесе екі отбасы арасында келісімге жасауға қарағанда әлдеқайда көп уақытты, күш-жігерді, жұмсақ тәсілдерді, кейде уақытша шешімдер мен басқа да «ақыл-ойдың айла-амалдарын» қажет етеді. Сондықтан, табиғи түрде қоғамда, мемлекет көлемінде келісімнің рационалистік түрі және сәйкесінше қоғамдық келісімге қол жеткізуге бағытталған шаралар кешені басым. Бұл шаралар ішінде: экономикалық, әлеуметтік, саяси, мәдени, психологиялық және т.б. аспектілер кіреді. Жалпы қоғамда келісімге қол жеткізуге ықпал ететін мамандар: дипломаттар, ғалымдар, оқытушылар, мұғалімдер, жазушылар, БАҚ өкілдері және т.б.

Жоғарыда келтірілген әлеуметтанулық деректер ХХІ ғасырдың алғашқы екі онжылдығындағы Қазақстандағы жағдайдың көрінісін баяндайды. Екінші онжылдықтың соңында, 2020 жылы Қазақстанда ғана емес, бүкіл әлемде жаңа және күтілмеген жағдай – коронавирус пандемиясы (Covid-19) орын алды. Бұл жағдайда келісім мәселесі жаңа мазмұн мен өзектілікке, белгісіз өлшемге ие болды. Келісім адамдарды біріктіру күші ғана емес, сонымен бірге бөлінушілікке де негіз бола алады. Әлемнің түрлі халықтары бір-бірінен оқшаулануға келісім берді. Келісім адамдардың бірінен бірі оқшаулануының шарты ретінде қарастырылды, әрине, келісім уақытша, мәжбүрлі сипатқа ие болғанымен, оқшаулануға, бөлінушілікке әкелді. Екінші жағынан, «Біз біргеміз» атты жағымды қоғамдық қозғалыс пайда болды. Бұл қозғалыс эпидемия жағдайында адамдарды оқшауландыру фактісіне қайшы келетін сияқты, бірақ қозғалыс ұранының мәні – ішкі, психологиялық және рухани бірігу еді.

Осы мысал арқылы тағы да келісімнің амбивалентті табиғаты, мәні расталады.

Сонымен қатар, келісім концептісі, дәлірек айтсақ, оның ресми бедері өзгерді. Біздің елімізде пандемия мен мәжбүрлі жалпы карантин жағдайында қоғамдағы адамдардың қарым-қатынасы да өзгеріске ұшырады: бұл қатынастар өте айқын, анық, шынымен бедерлі форманы қабылдады.

Пандемия кезеңінде жалпы шабыттандыратын «Біз біргеміз!» деген ортақ ұран стихиялы түрде пайда болып, азаматтардың қолдауына ие болды, және қоғамдық қатынастарда бірнеше салыстырмалы түрде жаңа векторлар пайда болды.

Бұл векторлар әлеуметтік-психологиялық «желпуіш» формасын қабылдады.

Біріншіден, адамдардың билікке деген көзқарасы екі жақты сипат алды: карантин және өзін-өзі оқшаулау жағдайында азаматтардың бір бөлігі билік қабылдаған шаралармен толық келіссе, екінші бөлігі бұл шараларды шектен тыс деп санап, мүлдем келіскен жоқ. Бірінші топ (билік саясатымен келіскендер) адамдардың, бүкіл қоғамның денсаулығы үшін ең қатал шаралардың да қажеттігін негіздеді. Екінші топ бір жағынан инфекция қаупі мен оны жоюға бағытталған әрекеттердің сәйкес келмейтінін көрсетті. Осындай

тотальды түрде оқшаулану елдің бүкіл экономикалық жүйесі құлдыратып, жұмыссыздар әскері және осыған байланысты қоғамда эксцестердің пайда болатынына сілтемелер жасады.

Осылайша, билікпен келісуге/келіспеуге қатысты екі қарама-қарсы үрдіс пайда болды.

Екіншіден, адамдарда карантинді бұзушыларға деген амбивалентті көзқарас қалыптасты: кейбіреулер оларды ұлттың денсаулығына қауіп төндірді деп айып тақса, ал екіншілері оларды биліктің қатаң бақылауына қарсы тұратын қаһарман ретінде қарастырды.

Үшіншіден, карантин және өзін-өзі оқшаулау кезеңінде халық пен пандемияға қарсы күрескен дәрігерлер және басқа да медицина қызметкерлері арасында толық келісім байқалды.

Әлеуметтік желілер (Facebook, Мой мир, Instagramm, Telegramm, Twitter және т.б.), Youtube арнасы, интернет-басылымдар және БАҚ келісімнің нақты және өткір мәселеге айналып бара жатқанын анық көрсетті. Келісім концептісі жаңа өзектілікке ие бола отырып, сонымен бірге пандемия кезіндегі карантинге байланысты даулы оқиғалар тұрғысынан айтарлықтай тереңдеуді талап етті.

Міне, пандемия және өзін-өзі оқшаулау режиміне қатысты қазақстандық қоғамға тән кейбір пайымдауларды талдап көрейік.

Бірқатар комментаторлар Қазақстан президентінің инфекцияның таралуына қарсы жедел шаралар қабылдауға мүмкіндік берген іс-әрекеттерін дұрыс, уақытылы деп бағалады. Сонымен қатар, кейбір комментаторлар президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың бүкіл елде төтенше жағдай енгізуін қате шешім деп қабылдады, яғни, Түркіменстан, Беларусь және Швеция президенттері ұстанған бағытты қолдады және елімізде осы елдердің тәжірибесін қолдануды ұсынды.

Қазақстандық қоғамның көптеген өкілдері Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының саясатын сынға алды. Олар ДДҰ құпия үкіметтің, олигархтардың, әсіресе Билл Гейтс сияқты адамдардың тапсырмалары мен ұсыныстарын орындайды деп есептеді. Оның үстіне, бұл комментаторлар жасырын зертханалардағы коронавирустың жасанды шығу тегі мен қастандық теориясын (теория заговора) ұстанады.

ДДҰ сынға алушылардың кейбіреулері бұл «шайтандық» ұйымды Америка Құрама Штаттарының көлеңкелі топтары қамтамасыз етеді деп болжады, сондықтан АҚШ президент Дональд Трамп ДДҰ қаржыландырудан бас тарту шешімі дұрыс бағаланды. Дегенмен, осы көзқарасты ұстанушылардың қарсыластары коронавирустың жасандылығына күмән келтірді және Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы – адамдардың денсаулығына қамқорлық жасайтын кәсіпқойлар командасы деп санады.

Қазақстандықтардың көпшілігі біздің еліміздегі дәрігерлердің іс-әрекетін, тынымсыз, қажырлы және күнделікті еңбектерін оң бағалады. Сонымен қатар, скептиктер адамдар инфаркт, инсульт, онкология сияқты ауруларлардан өлуді тоқтатқандай, жыл сайын адам өлімінің статистикаларын салыстыра келе, коронавирустан қарағанда грипптен қайтыс болатын адамдардың саны

әлдеқайда көп екенін, қан қысымының төмендеуінен бастап аяқтың шығуына дейінгі басқа ауруларға коронавирус диагнозы қойылатынын ащы ирониямен жеткізді. Скептиктер, сыншылар болашақ вакцинацияны адамзатқа жасалған қарсы қылмыс деп қабылдаса, келесі бір топ оның қажеттілігін алға тартты.

Карантин кезінде бірқатар комментаторлар жалпы алғанда коронавирустың бар екеніне күмән келтірді немесе оның адамзат үшін қауіп төмендетті, атап айтқанда, олардың достары мен туыстары арасында да, көршілер мен әріптестер арасында да ауру жұқтырған бірде-бір адам болмағанын, тіпті Covid-19 ауруынан қайтыс болған адамды көрмегенін айтты. Дәл, сол комментаторлар тобы карантиндік жағдайға байланысты отбасылардың ыдырап, адамдардың тағдыры өзгеріп жатыр, қашықтан жұмыс жасауға қарағанда мекемеде жұмыс істеу әлдеқайда тиімді және жұмыс орнында бірімізге біріміз жұқтырып, қоғамдық иммунитет қалыптастыру дұрыс деп санады. Бұл пікірге қарсы тұрушылар бұқаралық ақпарат құралдарында келтірілген қорқынышты сандар мен фактілерге сілтеме жасап, карантин кезінде қатаң тәртіп сақтауға шақырды.

Сондай-ақ, полицияға және үйлері мен подъездерінде жұқтыру фактілері туралы құзырлы органдарға хабарлайтын көршілеріне сенімсіздік таныту жағдайлары да кездесті. Комментаторлар орын алған жағдайды отызыншы жылдардағы сталиндік қуғын-сүргінмен салыстырды.

Ал, ашуға булыққан әлеуметтік желі қолданушылары қоғам мүшелерін көтеріліске, бүлікке, төңкеріске немесе, ең болмағанда, билікке бағынбауға, төтенше жағдай мен карантинді саналы түрде бұзуға шақырды.

Әрине, мұндай мәлімдемелер мен үндеулер эмоциялық толқулар ретінде түсіндіріледі. Әдеттен тыс өмірлік жағдай және материалдық, күнделікті мәселелермен байланысты адамдар депрессияға ұшырады. Қоғамдық дисбаланс, карантин кезеңінде қазақстандық саясаттанушылар, психологтар, белгілі қоғам қайраткерлері және т.б. тезистермен жұртшылық алдында сөйледі. Бірақ олардың мәлімдемелері біржақты болды және терең ойдан алыс еді. Саяси жетекшілер, денсаулық сақтау, ішкі істер министрліктерінің өкілдері және т.б. азаматтарды ауру мен оның одан әрі таралуын болдырмаудың бірден-бір құралы ретінде барлық карантин ережелерін сақтауға шақырды. Алайда олардың оппоненттері вируспен күресуге бағытталған шараларды сынға алды.

Мәселен, белгілі экономист, Қазақстан Ұлттық банктің эксбасшысы (1999-2004 жж. және 2009-2013 жж.) Григорий Марченко пандемиядан шығудың әлемдік экономика үшін қаншалықты ауыр болатыны туралы пікірін білдірді. Г. Марченконың көзқарасы бойынша, қазір қандай да бір талдау жүргізу қиынға түседі, өйткені бірқатар мәселелер бойынша әлі нақты жауап жоқ, оның ішінде «биліктің вирусқа және оған қарсы қабылданған шараларынан да жеткілікті деңгейде кері байланысын көре алмай отырмыз». Г.Марченко атап өткендей: «Қазақстанда экономика вице-министрі коронавирустың экономикаға айтарлықтай кері әсер тигізбейтіні туралы баяндама жасады; дегенмен, қазірдің өзінде (2021 жылдың сәуір айының соңында) үкімет жұмыссыз қалған 4 миллионнан астам қазақстандыққа

жәрдемақы тағайындады. Ал егер олар бір ай бойы жұмыс істемесе, бұл жалпы ішкі өнімге міндетті түрде әсер ететінін түсіну қиын емес. Марченко үкіметтің індетке қарсы карантиндік шаралары мен өзін-өзі оқшаулау тәртібі дұрыс емес деп санайды. «Халықты түгелдей карантинге жабуға болмайды. Адам өмірлерін құтқарғаннан гөрі көп нәрсе жоғалтамыз», - деп түйіндеді ол [126].

Белгілі қазақстандық жазушы, сценарист және режиссер Ермек Тұрсыновтың ұстанымы да Марченконың көзқарасымен тұспа-тұс келді. «Аргументтер мен фактілер – Қазақстан» газетінде, сондай-ақ Facebook әлеуметтік желісінде ол карантин мен өзін-өзі оқшаулау жағдайы туралы ащы реңкте сипаттайтын үлкен мақала жариялады.

Ол пандемиямен күресті ерік-жігерді сал ететін, адамды ұтымды талдау қабілетінен айыратын және орынсыз әрекеттерге итермелейтін қорқыныш синдромы деп атады. Сонымен қатар, бұл синдром, Е. Тұрсыновтың пікірінше, пандемиядан кейін де жалғасуы мүмкін, мысалы, әлемнің ыстық нүктелерінен үйіне оралған адамдар бұрынғы қорқыныш, зорлық-зомбылық және қатыгездік әлемінде өмір сүруді жалғастырады. Тұрсынов атап өткендей, «карантиннен кейін психикалық ауытқулары бар халық пайда болады деп қорқамын. Адамдар арасындағы қарым-қатынас тоқтады, олар бір-біріне, барлық іс-әрекеттерге күдікпен қарай бастады. Мен вирусты жеңе алатынымызға күмән келтірмеймін, – деп жалғастырды жазушы. Ең дұрысы, вирус табиғи себептермен өздігінен жойылады. Бірақ қоғамдағы мәселелер шиеленісе түседі: алкоголизм, гипохондрия, жекелеген отбасыларда ажырасу деңгейі өседі және елдің қоғамдық-саяси өміріндегі шешілмейтін мәселелер ушығады» [127].

Қазақстандықтардың пікірлерінің «желпуіштің» орталығында адамдардың дәрігерлер күш-жігерін аямай, азаматтарға қауіпті аурумен күресуге көмектесуіне қатысты бейресми келісімі пайда болды. Осы «желпуіштің» айналасында вирусқа қарсы қабылданған шараларға байланысты екі ішкі қайшылықты бағыт өрбіді. Сонымен қатар, парадоксалды қорытынды шығарамыз: пандемия мәселелеріне қатысты қазақстандықтардың көзқарастары бір ғана мағынада ғана толық келісімге қол жеткізіді. Барлығы коронавирус мәселесі жалпыға түсініксіз болып қалды деген пікірді қолдады: вирустың қайдан пайда болғаны, оның белгілері мен салдары қандай болатыны белгісіздікке ұшырады. Қоғамның қайта үздіксіз даму арнасына түскен кезеңінде байқау мүмкіндігі жоғарылайды. Жеке өмірлік эксперименттер бойынша мысалдарды субъективті пікірдің басымдылығын азайту үшін қолданбаймыз. Бірақ пандемияның салдарын барлығымыз көріп, байқап жатырмыз.

Келісім мәселесі қоғам өмірінің қиын кезеңдерінде алдыңғы орынға шықты. Әлемде орын алатын соғыстар, революциялық сілкіністер және т.б. үрдістер оның мәнін өзектендіре түседі. Мысалы, Ұлы Отан соғысы басталған жылдары кеңес мемлекетінің көптеген азаматтары ерікті түрде майданға аттанса, қалғандары әскер қатарына шақырту алды. Бірақ, отанды қорғауға қатысудың мотивтері де еріктілікпен үйлесетін мәжбүрлі қатысуға айналуы мүмкін. Бүгінгі таңда, пандемия кезеңінде қоғамда адамдар екі топқа бөлінді:

бірі жалпыға бірдей міндетті вакцинацияны қолдаса, екінші тобы – «тек ерікті таңдау үшін» деген ұранды алға тартады. Біріншілер вакцинацияны денсаулықты вирустан қорғайтын жалғыз құрал ретінде қарастырса, екіншілері жұмыстан айырылып қалмаудың амалы ретінде, басқа да шектеулерге байланысты осы процедураға мәжбүрлі ерікті түрде келісім берді. Қазіргі Украина-Ресей арасындағы соғыста та келісім мәселесіне жаңа мазмұн берді, әлемдегі тұрақтылық сақталуының жалғыз жолы барлық мемлекеттер арасындағы бейбіт қарым-қатынастың сақталуы екендігін ұғындырды. Ресейде жүргізіліп жатқан ерікті және мәжбүрлі мобилизация салдары жоғарыда көрсетілген келісімнің мәжбүрлі-ерікті түрі бар екендігін айғақтайды.

Адамдар денсаулығының жай-күйі, ұстанымдары мен сенімдері бойынша ерекшеленді, сонымен қатар олардың отбасылық, тұрмыстық, қаржылық жағдайының әртүрлі деңгейде болуымен түсіндіріледі. Алайда, коронавирусқа қарсы вакцинация мәселесі келесі бір мәселені тудырды: қоғам топтарға бөлініп, әлеуметтік қақтығыс тудырды. Сонымен қатар, вирустың таралуына қарсы шаралар сыбайлас жемқорлыққа жаңа жағдай жасады. Жалған вакцинация паспорттары сатылды, вирусқа қарсы дезинфекциялар жүргізілді, денсаулық сақтау министрілігінің эксбасшысы Е. Біртановтың сотталуы және т.б жағдайлар осы жемқорлықтың көрінісі.

Коронавирустық пандемиямен жағдайды бағалаудағы келіспеушіліктер, Украина-Ресей арасындағы соғыс бір жылдан екінші жылға созылып бара жатқандығы, әлемдегі мемлекеттер арасындағы хаостық жағдайлар, Солтүстік Корея зымырындарын Жапония жеріне ұшыруындағы сес көрсету саясаты әлемдік келісімге қол жеткізудің ұзақ, әрі қиын жол екенін көрсетеді. Ал бір мемлекет ішіндегі қоғамдық келісімге қол жеткізу – бұл барлық азаматтардың ұзақ және тұрақты жұмысын – өндірістің, білімнің, мәдениеттің барлық деңгейлерінде жұмыс істеуді талап ететін өте күрделі үрдіс болса, әлемдік деңгейде күрделілік бірнеше мың есе жоғарылайтыны анық. Ел басшылығына осындай қоғамдық пікірдің кең таралуы жағдайында барынша мүмкін болатын әлеуметтік әділеттілікке қол жеткізу үшін «алтын орта» принципін ұстанып, тежеу және тепе-теңдік жолы, халықтың әртүрлі топтарының мүдделерін үйлестіру шарттарына сүйену керек секілді.

Халықты басқару әлеуметтік және тұлғааралық коммуникативті қатынастарды, үрдістерді, өзара әрекеттесуді ұйымдастыру арқылы жүзеге асырылады. Ол үшін әртүрлі құралдар мен тәсілдер қолданылады. Индивидтер мен әлеуметтік топтар берілген құндылықтар мен қарым-қатынас жүйелерін қабылдайды, ол жүйені теріске шығарса да, санадан тыс сол жүйенің нүктесінен ары қарай өзіндік мағыналары мен бағытын құрады.

Бүгінгі таңда әлемде деструктивті концепциялар, теріс коммуникациялық әсерлер мен қатынастар басым, бұл әлеуметтік жүйенің тұрақсыздығы мен бөлінуіне әкеліп соғады. Коммуникацияны дамыту арқылы адамдар қарым-қатынасқа көбірек түседі, бірақ олар барған сайын үстірт, иллюзорлы бола бастады, сәйкесінше қарым-қатынас пен сындарлы диалогтың мәні жоғалады.

Соңғы ғасырларда коммуникациялар мен ақпарат алмасу ауқымы мен мүмкіндіктері артып, қоғамның құрылымы күрделене түсті, барлық үдістер жеделдеуде, барлығы көп деңгейлі, өзгермелі және тұрақсыз сипатқа ие болды. Бүгінгі таңда қоғамдық өмірде адамдар қарым-қатынастың мазмұнынан гөрі, формалары мен тәсілдеріне көбірек тәуелді. Бұл ретте ұжымдық моральдық-интеллектуалдық қызметті оң, әрі тиімді ұйымдастыру мақсатында қарым-қатынастың құрылымы мен мағынасын өзгертуге күш пен жігерді, сондай-ақ зияткерлікті логикалық тізбекте қолдану қажет.

Қоғамда келісімге келудің оңтайлы формасы мен әдістері тұрғысынан өзара түсіністікті қалыптастыратын пікірталас (дебат) конструктивті рөл атқарады.

ЖОО-ында және мектептерде пікірталас клубтары жұмыс істейді. Көптеген әлеуметтік, саяси, философиялық тақырыптарда пікірталас ұйымдастырылады. Американдық ЛД (Линкольн-Дуглас), АПФ (Американдық парламенттік формат) және БПФ (Британдық парламенттік формат) форматтарында жүргізіледі. Бұл пікірталас жүргізу формасында, бір реттілік пен бірін-бірі күметпен тыңдай отырып, қарсылық білдіріп, өз идеясын қорғайды. Қарсыластың идеясын жай ғана құлату емес, дәйекті түрде сол идеяны қорғаушының санасында күмән ұялату мақсатында антикалық кезеңдегі Сократтың жүзеге асырған маевтикалық әдісіне сәйкес сұрақтар қойылады және жауап алынады.

Пікірталас ойындары өзіндік білімін пайдалану, көзқарасын қорғауға батылдық таныту, сыни ойлауды дамыту және ойды дұрыс жеткізе білуге дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді. Пікірсайыс – жай зияткерлік ойын ғана емес, сонымен бірге сыни тұрғыдан ойлау, топпен жұмыс істеу, туындаған сұрақтарға нақты жауап беру қабілетін қалыптастыратын білім беру технологиясы ретінде қарастыруға болады.

Қазақстанда алғаш рет студенттер арасындағы дебат 1996 жылы сәуірде өткізілді. Ол кезде Қарағанды, Солтүстік Қазақстан облысы, Қостанай, Ақтөбе, Павлодар облыстары, Астана және Алматы қалаларында ұйымдастырылған пікірсайыс ойындарында өзіндік стиль мен бағыттары қалыптасты.

2000 жылдардағы Ұлттық пікірсайыс орталығының жұмысының басым бағыттарының бірі ретінде Қазақстан Республикасы аумағындағы мектептерде пікірталас клубы оқу үрдісінен тыс шара ретінде енгізілді. Пікірталас идеясын дамытуда сөзсіз қиындықтарға қарамастан, аймақтық үйлестірушілер, жаттықтырушылар, клуб үйлестірушілер, ЖОО пікірсайыс клубтарын басқарған ерікті жандар жақсы нәтижеге қол жеткізді. «Хабар» агенттігімен бірлесе жасалған көптеген жобалар халық арасында танымал болды: «Болашақ қаласы», «Азамат» тележобалары және ҚР Парламенті Сенатымен бірлескен «Қазақстан Республикасы Парламентінің қоғамдық көмекшілері» атты студенттердің практикалық тәжірибеден өтуге мүмкіндіктері болған. Пікірсайыс ойындарындағы ең маңыздысы турнирлардың өткізілуі еді, оқушылар және студенттер арасында жыл сайын қалалық, облыстық, республикалық турнирлер өткізіліп, жеңімпаздар қаржылай немесе бағалы

сыйлықтарды иеленетін. Бұрынғы «Азамат» пікірсайыс клубының мүшелері, пікірсайыстың майталмандары қазірде билікте үлкен қызметте жұмыс атқаруда. Қазірде пікірсайыс қозғалысы жоғалып кеткен жоқ, өздігінен өмір сүруді жалғастыруда, мемлекет тарапынан қолдау таппағандықтан, оқушылар мен студенттер арасында хобби ретінде ғана құндылығы қалды.

Диссертация авторы ҚазҰУ «Алтын Сапа» пікірсайыс клубының үйлестірушісі, «Азамат» пікірсайыс клубының мүшесі болған, пікірсайысты ұйымдастыру мен өткізуде де өзіндік тәжірибесі бар. 2012-2018 жыл аралығында пікірсайыс ойындарына қатысып, бірнеше марапаттарды иеленген; пікірсайыста әлеуметтік, саяси, философиялық тақырыптарда өткір мәселелер көтеріліп, оларды шешудің өзіндік тәсілдері қарастырылды. Пікірталас ойындарының ең маңызды сәттерінің бірі оның қорытындысында, үкімет немесе оппозицияның идеясы жеңіске жетеді және екі топ талқыланған мәселе бойынша жалпы келісімге қол жеткізеді. Сонымен қатар, пікірталас барысында белгілі бір күрделі тақырыпты талқылауда бір шешімге келуге мүмкіндік беретін кейбір негізгі принциптер айқындалады. Бұл принциптердің ішінде:

- беделді пікір (аға буын өкілдері, оқытушы немесе ойынға шақырылған белгілі ғалым, қоғам қайраткері болуы мүмкін);
- пікірталас мәдениетін сақтау (пікірсайысқа түсушілерден әдептілік пен өзара сыйластықты сақтау сұралады жеке басына қолсұғушылық пен туризм (діни сеніміне байланысты) тақырыптарын қозғауға тыйым салынады);
- сұрақтарды дұрыс қою немесе нақтылық пен дәлдік сипатын түзету;
- пікірталасқа қатысушы тараптардың аргумент ретінде келтірген дәлелдерді нақты фактілермен салыстыру, сондай-ақ жоғары этикалық, адами құндылықтарының өлшемдеріне сәйкес келуі.

Әрине, пікірталаста келісімге қол жеткізу принциптерінің шағын тізімін ғана ұсындық. Егер пікірталас тараптардың өзін-өзі растауы үшін емес, жалпы түсіністік пен келісімге жетуге деген шынайы ниеттен туындаса, шындық пікірталаста туындауы мүмкін деген қорытынды жасаймыз.

Диссертацияның осы бөлімшесінде жасалған шолу мен талдау **кейбір қорытындылар** жасауға мүмкіндік береді.

Келісімге келудің бірнеше жолдары бар.

Егер дау тікелей агрессияға дейін жетсе, үшінші тараптың сендіру немесе мәжбүрлеу әдісі арқылы дауды тоқтауға араласу қажет. Арбитр рөлі шиеленісті нүктелердегі бітімгершілік әрекеттері кезінде орын алады, бірақ әлемдегі соңғы мемлекетаралық шиеленістерде өз қызметін толық атқара алмай жатқандығы да баршамызға мәлім; ал жас ғалымдардың пікірталас алаңында, әрине, тәжірибелі адамның объективті пікірі маңызды: мысалы, білімі тереңірек және кеңірек профессорлар қауымына жүгінуге тура келеді.

Егер дау ереже шеңберінде жүргізілсе, тараптардың бірі ұсынатын және қарсы тараптың пікірінен асып түсетін салмақты дәлелдердің көмегі арқылы келісімге қол жеткізуге болады.

Егер дау мәдени сұхбат форматында жүргізілсе, онда мұндай сұхбаттың өзі келісім формаларының бірі ретінде әрекет ете алады. Сұхбатқа қатысатын

тараптардың өз еркімен сұхбатқа түсуімен түсіндіріледі, өйткені олар қарсы тараптың дәлелдері мен фактілеріне шынайы қызығушылық танытады.

Келісім құбылысының мазмұнында белгілі бір эволюция, даму бар екені анық. Келісімнің бірінші кезеңі – тараптар өз жоспарларын, мүдделері мен әрекеттерін келіседі. Бірінші кезеңде келісім – үдеріс, келісім үдерісі. Екінші кезең – тараптардың ортақ түсіністікке, келісімге келуі. Екінші кезеңдегі келісім – келісімдердің нәтижесі. Келісімнің үшінші кезеңі – тараптардың келісімі бойынша белгілі бір қоғамда немесе белгілі бір адамдар тобында үйлесімділік пайда болады. Келісімнің ең соңғы кезеңі шынайы әлеуметтік бірлікке әкеледі.

Келісім – келіспеушілік немесе ашық жанжалдың болмауы ғана емес. Келісім экономика, әлеуметтік саясат және әлеуметтік психология саласындағы үлкен және тұрақты жұмысты, сондай-ақ болашақта мүмкін болатын қайшылықтардың алдын алу және оларды болдырмаудың тәжірибелік әдістерін талдауды және дайындауды білдіреді.

Қазақстан Республикасында жүргізіліп жатқан нақты-әлеуметтанулық зерттеулердің нәтижелері бойынша қоғамдық келісімді сақтауға және нығайтуға әсер ететін бірқатар факторларды бөліп көрсетуге болады. Оларға мыналар жатады: халықтың әл-ауқатын арттыру; әділдік пен теңдік принциптерін сақтаудың заңнамалық тетіктері; негізгі саяси бағдарламалық құжаттарда қойылған міндеттерді іске асыру; сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл; этностарды қолдауға бағытталған мемлекеттің инвестициялар; халықаралық аренадағы мемлекеттің имиджін қалыптастыру және т. б.

Қоғамдық келісім принциптерін сақтауға мұндай кешенді көзқарас қоғамдық өмірдің күрделі, көп деңгейлі және көп қырлы сипатымен түсіндіріледі. Әсіресе, көпмәдениетті және көпэтносты қазақстандық қоғам жағдайында келісім принциптерін сақтау қиынға соғады.

Диссертацияның алдыңғы тарауларында қарастырылған келісімнің коммуникативті-рационалды немесе детерминистік деп белгіленген түрі дәл осындай күрделі әлеуметтік жүйеде өзін барынша тиімді көрсете алады.

3.3 Заманауи Қазақстан дамуындағы қоғамдық келісімнің мәдени-өркениеттік әлеуеті

Қоғамдық келісімнің әлеуетін және оны жүзеге асыру тетіктерін зерттеу барысында әлеуметтік конструкционизм мен әлеуметтік конструктивизм әдіснамалары қолданылды.

Жоғарыда келтірілген әдістерді бір-бірінен ажыратып, бір-бірін толықтыратын жүйе құрайтынын да ұмытпауымыз қажет. «Әлеуметтік конструкционизм әлеуметтік контекст тұрғысынан талдауды жүзеге асыратын болса, ал әлеуметтік конструктивизм әлеуметтік үдерістің жеке аспектілерінің мәнін түсіну қажеттілігінен туындайды. Осы себепті әлеуметтік конструкционизм көбінесе әлеуметтік теория, ал әлеуметтік конструктивизм психологиялық концепция ретінде түсіндіріледі. Әлеуметтік конструкционизм әлеуметтік әрекет және әлеуметтік белсенділік сияқты әлеуметтік

құрылымдарды талдайды. Әлеуметтік конструктивизм, керісінше, білімнің, тілдің және т.б. құрылымына мән береді. Баса назар аударатын жайт, екі әдістің айырмашылығы бір үрдістің көрінісі, атап айтқанда, мәдениет әлемі мен адамның ішкі әлемін қалыптастыру» [128, б. 12-13].

Барлық әлеуметтік құбылыстар мен үрдістер қандай да бір жолмен индивидтерден туындайды және оларды индивидтер жүзеге асырады. Қоғам индивидтердің күш-жігері арқылы құрылады, дегенмен, барлық қоғамдық құбылыстар мен үрдістер әрбір қоғам мүшесіне айтарлықтай әсер етеді. Тұлғаның бірегейлігі оның басқа адамдармен бірлігінде көрінеді. Бірақ, бірлік жағдайына келмес бұрын барлық қоғам мүшелері ортақ келісімге келу қажеттілігі туындайды. Диссертацияның алдыңғы бөлімдерінде атап өткеніміздей, тікелей келісімге келудің қарама-қарсы екі жолы арқылы қол жеткіземіз. Бұл екі жол – анықталған келісім, яғни сыртқы факторларға негізделген және еркін жігерден туындайтын стихиялы келісім.

Кез келген қоғамда, оның ішінде қазақстандық қоғамдағы келісімді сақтау және нығайту саясаты жоғарыда көрсетілген келісімнің екі түріне сәйкес құрылуы қажет. Қоғамға оның бірлігін қамтамасыз ететін сыртқы факторларды реттейтін тетіктердің болуы, қоғамдық тұтастықты қалыптастыру мақсатында тікелей оның бірлігіне ықпал ететін әрбір азаматтың бойында ішкі қасиеттерін дамыта тәрбиелеуді қажет етеді.

Танымал зерттеушілер Т.Х. Керімов пен А.В. Перцевтың пікірлерінше: «Қазіргі уақытта ортақтастық (совместность) адамның өмір сүру фактісі ғана емес, сонымен бірге өзекті мәселелердің біріне айналды. Ортақтастық барлық модальдығында барған сайын адам болмысының орталығына қарай жылжуда, адамдардың өмірі мен санасындағы барлық шешуші оқиғаларға еніп, субъективтіліктің жаңа формаларын тудырады, өмірдің кейбір өзіндік стильдері мен тәжірибесінің қалыптасуына және басқалардың маргиналдануына ықпал етеді. Ортақтастық идеясы (болмыстың, мағыналар, ақиқаттар) шешуші экзистенциалды мәнге ие бола бастады. Әлеуметтік-мәдени парадигманың өзгерісі орын алады: билік орталығының айналасында нақты құрылған қоғам иерархиясы, дәстүрлі түрде коммуникация өлшемі мен құралы ретінде анықталған ақиқат, қоғамның сызықтық құрылымы өзінің айқындылығын жоғалтады. Ортақтастық қоғамдық пікір, саяси мотив, әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар парадигмасы ретінде де әрекет етеді» [129, б. 50].

Көпұлтты қазақстандық қоғам бұл міндетті шешуде үлкен әлеуетке ие. Өйткені, қазақстандық қоғам рухани дамуға бағытталған (рухани жаңғыру). Бұл қоғамның барлық деңгейлерінде, оның барлық салалары мен үрдістерінде жұмыс жүргізе отырып, қоғам өмірін үйлесімді дамытуды қажет етеді. Егер қоғамдағы мамандандырылған салалар даму бағыттарында өзін-өзі айқындайтын әлеуметтік тұтастық қасиеттеріне ие болса, қазақстандық қоғам мәдени-өркениеттік құбылыс ретінде айқындалады. Қазақстанға ел өңірлерінің экономикалық деңгейін теңестіру, бизнес бастамалар мен білім алуға тең жағдай жасау міндеті тұр. Қазақстандық қоғамдық дамудың басты бағыты әлеуметтік мемлекет құру.

Осы мақсатты өлшемдер негізінде Қазақстан Республикасында тұрақты және ұзақ мерзімді қоғамдық келісімді қалыптастыруға мүмкіндік беретін келесі практикалық ұсыныстарды бөліп көрсетуге болады. Ең алдымен, экономикалық сипаттағы, сонымен қатар олармен тікелей байланысты шараларды атап өткен жөн. Барлық әлеуметтік қабаттардан тұратын халықтың табысын салыстырмалы түрде теңестіру, байлар мен кедейлер арасындағы алшақтықты айтарлықтай жою арқылы әлеуметтік наразылық пен жанжалдардың алдын алуға болады. Әлеуметтік әділеттіліктің құндылығы нақты қадамдармен нығайтылуы керек. Мысалы, нарықтық қоғамдағы бизнес адам бойындағы жаман қасиеттерді пайдалануға бағытталған салалардың шеңберін барынша тарылту дұрыс болар еді.

Республикада эмансипация деп аталатын идеяларды немесе адам мүмкіндіктерін кеңейту концепциясын практикалық тұрғыда ілгерілету қажет (тұжырымдаманың авторы К.Вельцель). Біріккен Ұлттар Ұйымының даму бағдарламасы (БҰҰДБ) бойынша дайындаған адами әлеуетті дамыту концепциясы ең танымал идеялардың бірі болып табылады. Бұл жобаның басты тақырыптары: адам әлеуетін дамыту концепциясы және осы мәселеге қатысты жаһандық, ұлттық және өңірлік баяндамалар ұсынылды.

1990 жылы БҰҰДБ әлемдегі экономикалық және әлеуметтік дамуды бағалайтын бірінші есебін жариялады. Бұл құжатта адам дамуы туарлы ұғым тұжырымдалды: «Адам дамуы – таңдау аясын кеңейту үрдісінің көрінісі. Таңдаудың ең маңызды элементтері – ұзақ және салауатты өмір сүру, білім алу арқылы лайықты өмір сүру деңгейіне қол жеткізу. Таңдаудың қосымша элементтеріне саяси еркіндік, адам құқықтары мен бостандықтарына кепілдік беру, және өзін-өзі құрметтеу кіреді» [130]. Бұл көзқарастар жүйесі адам өмірінің сапасын жақсартуға, оның мүмкіндіктерін барлық салаларда кеңейтуге және дамытуға бағытталған. Жалпы ұлттық ішкі өнімге негізделген, адамды тек экономикалық дамудың қозғаушы күші ретінде қарастыратын және экономикалық өсуді қоғамдық прогресстің басты мақсаты деп жариялаған «классикалық» экономикалық даму теорияларының орнын адам дамуы концепциясы басты.

2010 жылғы адам дамуы туралы баяндамада «адам дамуы» анықтамасы айтарлықтай кеңейтілді. Жоба авторларының пікірінше, адам дамуының оның таңдау мүмкіндіктерін кеңейтумен байланыстыратын анықтама тұжырымдамасының негізі бола отырып, толықтыруды қажет етеді. Адам дамуы оң нәтижелерді ұзақ мерзімді сақтауды, адамдарды қанауға әкелетін және құрылымдық әділетсіздікті күшейтетін үрдістерге қарсы тұруды қамтиды. Сондықтан әлеуметтік әділеттілік, тұрақтылық және адам құқықтарын құрметтеу сияқты қағидаттар үлкен маңызға ие. Ұйым сарапшылары талқыланған пікірлерді негізге ала отырып, адамның дамуы бойынша тәжірибе мен ғылыми зерттеулерге сәйкес келетін жаңа, нақтыланған анықтаманы ұсынды: «Адам дамуы – адамдардың ұзақ, салауатты және жасампаз өмір сүруі, адамдар үшін құнды саналатын басқа да мақсаттарға қол жеткізу бостандығын

кеңейту үрдісі; ғаламшардағы дамудың теңдігі мен тұрақтылығын қамтамасыз етуге белсенді қатысу» [130].

Дұрыс құндылықтық-семантикалық нұсқаулар мен идеалдарды қалыптастыруда тек экономикалық немесе саяси сипаттағы шараларды жүзеге асыру жеткіліксіз. Рухани қажеттіліктердің басымдылығын сақтау қажет, өйткені олар жауапкершілікті болмыстың мәні туралы сұрақтарды талдауға қабілетті зияткерлік тіршілік иесі ретінде адамның барлық қажеттіліктер иерархиясының негізі болып табылады.

Қазақстан Республикасында «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде біршама жұмыстар атқарылды, және әрі қарай да философия тарихы, көркем әдебиет, ғылыми таным классиктерінің шығармалары мен үзінділерін қазақ және орыс тілдеріне аудару жұмыстарын жалғастыру маңызды. Мемлекет тарапынан жасалған осындай практикалық қадам мәдени тұрғыдан өзекті, өйткені ең көрнекті ойшылдардың ашқан жаңалықтары мен жазушылардың көркемдік шеберлігінің арқасында ғана жоғары құндылықтар мен адамның тұлғалық сипатын қалыптастыруға мүмкіндік беретіні белгілі. Қоғамдық келісімнің шарттары мен мүмкіндіктерінің қатарына «ақпараттандырылған келісім» де кіреді.

Ақпараттандырылған келісім тәртібі Екінші дүниежүзілік соғыс аяқталғаннан кейін әртүрлі әлеуметтік тәжірибелер саласына берік енді. Егер алғашында медициналық зерттеулерге келісім беру тәртібі (пациентке жүргізілетін медициналық зерттеулер туралы хабардар етілген ерікті келісім) енгізілсе, қазіргі кезде әртүрлі қызмет түрлерін пайдалану, жұмысқа орналасу, саяхаттау барысында жеке тұлға туралы маңызды ақпаратқа қол жеткізу үшін ақпараттандырылған келісім алуды қажет етеді. Сәйкесінше, ақпараттандырылған келісім зерттеу басталғанға дейін адам қатысатын зерттеулерге медициналық және басқа да қызмет түрлерін тұтыну, зат сатып алу немесе тұлғаның жеке деректерін өңдеуге және одан әрі пайдалану барысында туындайтын ықтимал салдарлар туралы хабардар ету рәсімі ретінде анықтау дұрыс сияқты.

Ақпараттандырылған келісімді жаңа қырынан түсіну кейбір жаңа философиялық-этикалық аспектілерді ашады. Сонымен, үлкен деректер (big data) ақпараттандырылған келісім алудың әдеттегі тәжірибесін өзгертті. Бұл ретте ақпараттандырылған келісімнің дәстүрлі моделі жұмысын тоқтатады, өйткені ол жиналатын және өңделетін деректердің жылдамдығын, көлемін және әртүрлілігін ескере бермейді. «Дәстүрлі модельде пайдаланушылардан алынған ақпаратты пайдаланудың барлық мүмкін мақсаттарын белгілеу өте қиын, ал деректерді иесіздендіру жағдайында екінші реттік келісім алу қиынға түседі немесе мүмкіндікті толық жояды. Нәтижесінде, ақпараттандырылған келісімге қол қойған адам, мысалы, жеке тұлғаға қамқорлық жасауға бағытталған абсурдтық ережелер қарама-қарсы нәтижелерге әкелетін жағдайды туындатады. Мұнда жеке тұлғаның дербестігін, құпиялылығын неғұрлым тиімді қорғауға және үлкен деректерді жинау, өңдеу, пайдалану субъектілеріне сенім кепілі ретінде қызмет етуге мүмкіндік беретін ақпараттандырылған келісімнің (толық

келісім, динамикалық келісім, нарықтық келісім, кейінге қалдырылған келісім, метакелісім, көп деңгейлі, демократиялық келісім) жаңа модельдерін қалыптастыруға бағытталған норма шығармашылық қызмет қажет» [131, б. 115–116].

Сонымен, ақпараттандырылған келісім – бұл азаматтардың құқықтарын қамтамасыз ететін демократиялық қоғамның маңызды ресурсы және сонымен қатар, ақпаратты таратудың кең әлеуметтік кеңістігі.

Құндылық дағдарысын еңсерудің негізгі тәжірибелік міндеттерінің бірі – білім беру жүйесінің мазмұны мен құрылымын айтарлықтай өзгерту. Адамды тәрбиелеу мен оқытудың басты мақсаты шынайы гуманизм ретінде түсінілетін руханилық болуы қажет. Адам тұлғасын, оның құндылықтарын, көзқарастары мен мақсаттарын тәрбиелеу ерте балалық шақтан басталады. Сондықтан бала кезінен – өнегелі, қызықты, ойын және нақты өмір жағдайлары арқылы – ХХІ ғасырдың сын-қатерлері мен үндеулеріне сәйкес келетін этикалық императивтерді қалыптастыру дұрыс деп ойлаймыз.

Қазақстандық БАҚ мәдени-ағарту саясатын неғұрлым жүйелі жүргізуге міндетті. Бұл қазақстандықтардың санасына жоғары құндылықтарды күштеп енгізу емес, ақпаратты тұтынушыларға жүйелі, шынайы гуманистік қатынас туралы сөз қозғаймыз. Мысалы, қазақ радиосы ұсынған мемлекеттік радиохабарлар тек эстрадалық әндерді ғана емес, сонымен қатар бағдарламаны әртараптандырып, оған әдеби әңгімелер мен кездесулер, музыкалық шоулар мен шеберлік сабақтар, Қазақстанның шығармашылық элитасының өкілдері және қызықты тұлғалармен жүргізілетін сұхбаттарды трансляция жасауы керек. Балалардың бойында ең жақсы адами сезімдер мен қасиеттерді жалықтырмайтын және әртүрлі бағдарламалар арқылы қалыптастыру мен дамыту қажет.

Еліміздің тұрақтылық мен келісім жолындағы ұзақ мерзімді дамуының негізгі бағдарлары мен нұсқамалары осындай. Қоғамда келісімге келудің басқа да, біршама нақты, ерекше формалары мен тәсілдері бар. Олардың ішінде, мысалы, диссертациялық зерттеу жұмысының алдыңғы бөлімдерінде келісу процедураларына талдау жасалды. Енді осы мәселені заманауи келісім процедуралардың формалары – медиация кеңістігінде қарастырып көрейік. Азаматтардың құқықтарын қамтамасыз ету және Қазақстандағы ұлтаралық қақтығыстарды шешуде медиация аса маңызды рөл атқарады. Медиация қоғамдағы келісімді қалыптастыруға және нығайтуға, заңнаманы гуманистік тұрғыдан қолдануға ықпал етеді.

Индустриалды дәуірге дейінгі қазақ қоғамында медиацияның негізін салушылар Ұлы Дала билері: Төле би, Әйтеке би, Қазыбек би. Қазақ даласына билер соты тиімді жұмыс істейтін тарихи қалыптасқан медиация институты ретінде белгілі. Билер сотының құрамын халық сайлады, бұл ретте әрбір адам қай сотқа жүгіну ыңғайлы болатыны жөнінде өз бетінше шешу құқығы мен мүмкіндігі болды. Қазіргі уақытта медиация процедурасы Америка Құрама Штаттарында және Еуропалық Одақ елдерінде кең таралған. Батыс елдерінде медиаторлар әртүрлі жанжалдарды: тұрмыстық, қызметтік, саяси мәселелерді

шешуге қатысады. Әр түрлі мазмұндағы дауларды сотқа дейін шешудің балама әдісі ретінде әр елдегі медиацияның аралық сот немесе бітімгершілік келісім сияқты әлеуметтік институттармен салыстырғанда өзіндік ерекшелігі бар. Алайда, барлық жерде медитация азаматтық қоғам шеңберінде превентивті дипломатияның үлгісі ретінде қабылданады. Себебі, медиатор толеранттылық қағидаттарын – бейбіт келісімдер мен қабылданған шарттарда қамтылған дауларды шешуде маңызды ерекшеліктерді сақтауы тиіс.

Қазақстандағы медиация мәселесіне келетін болсақ, 2011 жылы 5 тамызда «Медиация туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды [132]. Кейін Қазақстан халқы Ассамблеясы қолдауымен «Медиация күні» және «Ашық есік күні» атты республикалық акциялар өткізіле бастады. Бұл шаралардың ұйымдастырушылары: Алматыдағы республикалық Достық үйі қызметі және Қазақстан халқы Ассамблеясының хатшылығы, Алматы қаласы әкімі аппаратының КММ «Қоғамдық келісім».

Осы уақыттан бастап жыл сайын 5 тамызда медиация күні өткізіледі. Осы күні кәсіби және кәсіби емес медиаторлар жеке тұлғаларға тегін көмек пен кеңестерін ұсынады. Мерекелік іс-шараларға медиация орталықтарының өкілдері, Қазақстан халқы Ассамблеясының, Қоғамдық келісім кеңестерінің мүшелері, республикалық және қалалық этномәдени ұйымдардың, аудандық және қалалық соттардың төрағалары, жергілікті атқарушы органдар, сондай-ақ үкіметтік емес ұйымдар мен бұқаралық ақпарат құралдары қатысады.

2015 жылы Алматы қаласындағы Достық үйінде медиация кабинеті ашылды. «Ашық есік күні» мерекесі кезінде медиация кабинеті азаматтарды қабылдауды жүргізіп, түрлі мәселелер бойынша кеңес береді. Осы акцияға қатысушыларға координаттар мен сенім телефондары көрсетілген буклеттер мен флаерлер таратылады. Сонымен қатар, жүргізіліп жатқан іс-шаралар туралы тұрғындардың хабардар болуын бағалау мақсатында сауалнама жүргізіледі. Сауалнамаларда медиаторлар азаматтарды қабылдау барысында жиі кездесетін әдеттегі жағдайларды шешу жолдарын көрсетеді.

Қазақстан халқы Ассамблеясының алматылық Достық үйінде орналасқан медиация кабинеті қызметінің маңызды тақырыбы отбасылық жанжалдар. Әлеуметтік медиация отбасылардың ажырасу үрдісін алдын-алуға бағытталған. Мысалы, жоғарыда көрсетілген жұмыс Қазақстан халқы Ассамблеясының 2025 жылға дейінгі даму концепциясында маңызды бағыттардың бірі ретінде көрсетіліп, жүзеге асыру шеңберінде осы мәселемен айналысады. ҚХА басқа міндеттерден бөлек, ең алдымен ажырасумен күресуде үлкен жұмыстар атқарады, өйткені соңғы жылдары ажырасу процесінде үлкен өсім байқалады. Сонымен қатар, басты назар жас отбасыларға аударылады, өйткені тәжірибесі бар ерлі-зайыптыларға қарағанда жанжалды жағдайды шешу қиынырақ түседі. Қазақстан халқы Ассамблеясының міндеттерінің бірі – адамдарға осындай мәселелерді шешуге көмектесу, сондай-ақ олардың алдын алу шараларымен таныстыру да кіреді. Медиаторлар Қазақстанда тұратын этностардың менталитеті мен мәдениетінің әртүрлілігін ескеруге тырысады.

Таяу жылдарға арналған Қазақстан халқы Ассамблеясы қызметінің негізгі бағыттарының бірі – этносаралық қатынастар саласындағы жарылыс қаупі бар жағдайларға жол бермеу және оларды шешуге белсенді қатысу бойынша жанжалдар мен даулы мәселелерді реттеу бойынша практикалық ұсыныстар әзірлеу және практикалық шаралар қабылдау. Қоғамдық келісімнің өзіндік моделін қалыптастыру, әсіресе жаһандану үрдісінің Қазақстанға елеулі ықпалы, бүкіл әлем шеңберінде конфессияаралық текетірес, көші-қон, өзекті әлеуметтік-экономикалық міндеттер тұрғысынан түбегейлі маңызды бетбұрыс. Көптеген мамандар Қазақстан халқы Ассамблеясы мен оның жұмыс органдарының сөзсіз медиациялық рөлі туралы айтып, аса маңызды аспектіні бөліп көрсетеді: Қазақстандағы этникалық топтар сауатты жүргізіліп жатқан ұлттық саясаттың арқасында жоғары азаматтық, құқықтық және қоғамдық мәртебеге ие.

Біздің еліміздегі этникалық топтар ұлттық азшылық ретінде емес, біртұтас қазақ халқының құрамдас бөлігі ретінде тең дәрежедегі этностар ретінде қарастырылады. Басқа халықтардың мәдениеті мен дәстүрлеріне құрметпен қарайтын қазақ халқының ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрінің арқасында пайда болған ерекше сипаты. Бұл ерекшелік жауапты міндет – Қазақстан азаматтары арасында сұхбат пен өзара түсіністік мәдениетін, адамның айналасындағы адамдарға құрметпен қарауға тәрбиелеудің педагогикалық міндетін білдіреді.

Шәкәрім Құдайбердиев «Мен жетпіс екі жасқа келгенше» атты толғамында «ар ғылымының» қажеттілігі туралы былай деп жазды: «Оларға еңбек өнерін үйрету керек, онымен қабат оқу-білімге жетілдіру қажет. Жоғарғы айтылған жаман әдеттерді жоюға бұлар жеткіліксіз болғандықтан, сол адал еңбек, білім үйренумен қабат «Ар білімі» деген білім оқытылуға керек» [133, б. 544].

Қазіргі заманның көрнекті гуманистері, жаңашыл ұстаздары, атап айтқанда, баланың жеке тұлғасын дамытуға бағытталған гуманитарлық педагогика концепциясын құрастырған белгілі педагог Шалва Амонашвили де осыны жазудан және айтудан жалықпайды.

«Бізге білім беру үрдісі қажет, өйткені нейрондар байланыс құруы керек, адам шығармашыл, ізденімпаз, түсінуші, ойлаушы болмыс сипатына ие болу, адамның ең жақсы қасиеттерін дамыту үшін өз бетінше ойлай алу қабілетіне ие болуы қажет. Мұндай процестерсіз адам – адам емес, өмір – өмір емес. Бала өз жасындағы балалармен кездесіп, олармен сөйлесу барысында құпияларымен бөлісу, біреумен төбелесу, басқамен ұрысуы керек, болмаса өмірдің дәмі жоғалады» [134],– деп атап өтті Ш. Амонашвили.

«Балалар танымға құмар. Есте сақтауға емес, танымға құмар. Затты қолымен ұстауға, сындыруға, жұлып алуға, қарауға бейім <...>

Ұстаздың ар-ожданы, ұстаздың қылығы, ұстаздың келбеті, ұстаздың өмірі, өмірге деген сүйіспеншілігі (жеке өмірі қандай болса да) – өте маңызды ұғымдар. Өмірді сүймейтін адам балаларға өмір сүруді үйрете де, дайындай да алмайды. Мұндай ұстаз балаларды қандай өмірге дайындайды? Өзі сүретін өмірге дайындайды. Өмір сүруді сүймейтін, соның ішінде өзі де сүймейтін

физика пәнінен сабақ беретін ұстаздың тәлімі маған не үшін қажет? Мұндай пән өлі салмаққа айналмақ <...>

Коронавирус пен оқшауланудан кейін біз өз көзқарасымызды өзгертуге, өзімізді түбегейлі өзгертуге тура келеді. Біз кешегі балаларға қайта оралмаймыз. Біз индиго балаларға, жұлдызды балаларға барамыз. Балалардың түсінігі басқа, жаңа, ал педагогика ескі ме? Ұстаз оқшауланудан кейін өзінің дағдысына қайта келе ала ма?... тәрбие – біздің өміріміздің альфасы мен омегасы...

Мемлекетке адамдардың бір-біріне сүйіспеншілік танытуы, құрмет көрсетуі және жоғары деңгейге ұмтылуы қажет емес пе?» – көрнекті педагог өз ойларын осылай аяқтайды [134].

Аудиторияда үйлесімділік атмосферасын қалыптастыру үшін оқытушы, мұғалім оқушылардың құрметіне, сеніміне ие болуы керек. Әрине, олармен сырласу немесе оқуда жеңілдіктер жасау арқылы емес, шынайы адамдық және кәсіби қасиеттер арқылы сенім мен құрметке ие болу қажет. Оқытушы бірнеше міндетті ережелерді есте сақтауы тиіс. Дәріс оқығанда немесе сабақты қағаз бетіне қарап, әсіресе оқулықтағы мәтіндерге сәйкес жүргізуге болмайды. Аудиториямен өзара әрекеттесу маңызды: дәріс тақырыбын немесе баяндаманы презентациялық бағдарламаларда ұсыну, студенттерге қызықты, тартысты сұрақтар қоя отырып, оларды пікірталасқа итермелеу, студенттерге жеке-жеке көңіл бөлу, қажет болған жағдайда үлгерімі төмен оқушыларға көмек көрсету. Оқытушы мен студент арасында сенімді қарым-қатынас қалыптасуы қажет, әйтпесе оқытушы шәкіртінің дарынын байқамай қалуы мүмкін, немесе керісінше. Мысалы, Карл Густав Юнг студенттік жылдарын еске түсіре отырып, осындай әділетсіз, ренішті жағдайды сипаттаған болатын.

Оқытушы мен студенттер арасындағы қарым-қатынастың ережелері тұрғысынан олардың арасындағы келісімді орнатуда оқытушының кәсіби білімі мен оның жеке қасиеттері бірдей маңызды рөл атқаратынын көрсетеді. Тәрбие жөнінде сөз қозғай отырып, бірнеше тәсілді атап өтуге болады.

Оның біріншісі (төменнен жоғарыға қарайтын болсақ) жеке тұлғаны эгоцентризм, эго-доминант рухында қалыптастыру. Мұндай стратегияның логикасы: барлық адамдар әртүрлі, әр адам басқалардың, оған жат атомдық индивидтердің арасында атомдық индивид ретінде өмір сүреді, сәйкесінше, ол тек өзі үшін ғана өмір сүруі қажет. Индивидуализмнің лейтмотиві, кейде оның ең экстремалды формалары, үздіксіз толастамайтын соғыстарда нацизмнің болуы және оның белгілері бүгінге дейін сақталып келе жатыр, осыған ұқсас құбылыстар адамзат тарихына тән.

Екінші, анағұрлым жоғары және адекватты көзқарас – центристік, «теңдестірілген» ұстаным рухында тәрбиелеу. Бұл тәсілдің логикасы: барлық адамдар әртүрлі, сәйкесінше басқа адамды оның ерекшеліктерімен қабылдау. Бұл көзқарас ХХ ғасырдың аяғында «Мен және басқа» концепциясы мен постмодерндік әртүрлілік принципі (шашырау, алшақтық) дами бастаған кезеңде айқын дамыды.

Бүгінгі таңда тәрбиелеудің екінші тәсіліне байланысты көзқарастар алуан түрлі. Амигаи Этциони адамның «Мені» бұйыратын мінез-құлық пен ізгі мінез-құлық арасындағы алшақтықты жоюға бағытталған жаңа «алтын ережені» ұсынады. Ереженің принципі: «Егер қоғам сізді қолдап, дербестігіңізді құрметтесін десеңіз, қоғамдағы адамгершілік тәртіпті құрметтеңіз және сақтаңыз» [135, б. 317].

Бұл детерминистік келісім, коммуникативті рационалдылық рухында тәрбиелеуді ғана білдіреді. Әрине, өте маңызды принциптердің бірі, бірақ ол адамдар арасындағы қарым-қатынасты толық ашпайды. Шын мәнінде, ол әдеттегі сыпайылық пен дипломатияны білдіреді. Бұл тұлғааралық келісім мен осындай келісім рухында тәрбиелеудің сыртқы, формалды қырларын ғана қамтиды. Бұл тұрғыда келісім мәжбүрлі сипат алады. Яғни, бірлік пен әртүрлілік айырмашылық арқылы анықталып, туындайды.

Дегенмен, шартты емес, стихиялы, рационалды емес келісім формасы бар немесе оны жүзеге асыруға болатын сияқты. Ол сыртқы, формалды ережелер мен нұсқаулықтар арқылы тәрбиелеу емес, баланың бойындағы ең жақсы адами қасиеттерді өз бетінше ашуға шығармашылық қабілет арқылы көмектесу: сүйіспеншілік, достық, басқа адамға көмектесуге дайын болу; бұл қасиеттерді іштей, зорлық-зомбылықсыз және мәжбүрлеусіз еркін дамытуына мүмкіндік беру. Осылайша, адамның жаңа әсемдікті адамдар мен барлық шынайы орта атынан жасау қабілеті қалыптасады. «Тек әсемдікке ғана көрінуге, танылуға мүмкіндік беріледі. Ол руханилық пен сезімталдықты біріктіреді... Ойланып көріңізші: әсемдік арқылы құдіретті тануға мүмкіндік аламыз!» – деп жазады Г.Г. Соловьева [136, б. 45].

Қазіргі таңда философияның Басқа феноменіне деген қызығушылығына қарамастан, жалпы алғанда, қазіргі өркениет ұлттық, мәдени ерекшеліктерді теңестіреді, оларды этнографиялық, фольклорлық деректермен ғана байланыстырады. Осыған байланысты келісім философиясының көп қырлары батысшыл, формалды сипатқа ие болады. Бүгінде коммуникативті рационалды келісім эмоционалды-бейнелі, шын жүректен шыққан келісімнен айқын басымдылыққа ие. Бірақ бұл келісу процедураларын теңестіру классикалық тарих пен дәстүрлі қоғамның мәдени үлгілеріне жүгінуді талап етеді. Біз эмоциялық-бейнелі, стихиялы деп көрсеткен қазақтың келісім парадигмасының ерекшелігі қазіргі заманғы технологиялық өркениетке тән емес, дәстүрлі мәдениетке қатысты сипаттарды анықтайды.

Руханилық рационалдылыққа дейін түрленсе, ал ол өз кезегінде эгоизм мен жалаң техникалық дағдылардың шекті формасына жеткен кезде адамзат мәдениеті – техникалық және технологиялық формасындағы жай ғана өркениетке емес, қауіпті құлдырауға апаратын апатты жағдай туындатады. Бүгінде бүкіл жер шарына төнген қауіп бар болғандықтан, адамзаттың ақыл парасатын тұлғааралық этика идеалдарына ғана емес, планетарлық сипаттағы этикаға жүгіну қажеттілігі түсінікті бола бастайды. «...Планетарлық этика әкімшілік-әміршіл, бұйрықтық тәртіптегі жүйеден туындай алмайды. Оны сананың жоғары аспектілерін қозғайтын адамның рухани дамуын ынталандыру

арқылы ғана тәрбиелеуге болады: ішкі тазалық, сұлулық, жанашырлық, барлық тіршілікке деген сүйіспеншілік, үйлесімділік, өзі үшін ғана өмір сүру емес, қоғам мен оның мүшелерінің игілігі үшін жан-тәнімен қызмет ету қабілеті, құрбандыққа бару» [137, б. 25].

Бүгінгі таңда планетарлық қауымдастық, бүкіл адамзат өркениеті және этномәдени, ұлттық қауымдастық үшін негізгі жүйе ретінде қызмет ететін этиканы қалыптастыру және тәрбиелеу үлкен сұранысқа ие, себебі адамдардың гуманитарлық қызметінің саласына құлдырау қаупі төніп тұр. Көптеген авторлар осы қауіпті үрдіс туралы үлкен алаңдаушылықпен жазған болатын. Атап айтқанда, өткен ғасырдың 90-шы жылдарының екінші жартысында АҚШ академиялық пәндердің ең беделді оқытушылары былай деп жазады: «Гуманитарлық ғылымдар білім берудің маңызды бөлігі емес, басқа мамандықтарға қатысты «appendix» (қосымша) пәнге айналғанын атап өткен» [138, б. 148].

Осы қауіп төндіретін жағдайдан шығудың жолы ретінде бүгінде сан алуан ұсыныстар айтылып, ең алдымен білім саласына қатысты барлық инновациялық тәсілдер қолданылуда. Осыған мәселеге байланысты әлеуметтік-эмоционалды оқыту сияқты қызықты тәжірибені атап өтуге болады. Инновациялық тәсілдің атауынан оқушыны таза рационалды қарым-қатынастан туындайтын басқалармен шартты, детерминистік негізде келісімге келу дағдысын емес, жылы эмоционалды қатынас арқылы келісімге келу қабілетін қалыптастыратын тәсіл деп анықтауға болады.

«Әлеуметтік-эмоционалды оқыту» (SEL – social-emotional learning) термині жаңа және көптеген жылдар бойы қолданылып келе жатқанымен, соңғы уақытта өсіп келе жатқан нақты деректер базасына сүйенетін болсақ, бұл сала, әсіресе ата-аналар, оқытушылар және саясаткерлер арасында үлкен қызығушылық тудырды. SEL маңызды нәтижелерге қол жеткізуде үлкен рөл атқарады, соның ішінде мектептегі жетістіктер, колледжге түсу және оны сәтті аяқтау, сонымен қатар, кейінгі табыстардың көрсеткішін қамтиды. Мектептерде SEL жүйесі арқылы оқытуға және тәрбиелеуге болады, сыныптағы жұмыс пен ұйымдастырудың жақсаруына, оқушылардың бір-бірімен тез тіл табысуына және оқу жетістіктеріне айтарлықтай әсер етеді. Әлеуметтік-эмоционалды оқыту жүйесінде жанжалдарды шешу, зейін қою, эмпатия, өзіндік тиімділікті арттыру және сыни ойлау сияқты нақты дағдыларды қалыптастыруға бағытталған және оқыту жүйесінің барлық құрылымдарына осындай қабілеттерді дамыту енгізілген» [139].

Қазақстан Республикасында қоғамдық сананы жаңғырту және қоғамдық келісім идеясын жүзеге асыру тұрғысынан философиялық ойлауды дамыту, оның қағидаттары мен әдістерін қазақстандықтардың жаңа ұрпақ бойына сіңіру қажет сияқты. Философия өз шекарасынан шығып, өзінің кез келген соңғы ой қорытындысын жоққа шығару қабілетін қалыптастыра алатынына байланысты. Философияны меңгеру арқылы теориялар, категориялық және логикалық схемалар мен жүйелерін құру емес, ойлаудың еркіндігін және сонымен бірге қатаңдығын үйретеді. Бұл ретте ұлттық мәдени-тарихи дәстүрдің ағартушылық

рухы маңызды рөл атқаруы тиіс. Қазақстандық қоғамда жеке тұлғаның этникалық тиістілігі тұрғысынан оның әлеуметтік анықталуына және өзін-өзі бірегейлендіруде ешқандай кедергілер жоқ.

Сонымен қатар, философия келісім концептісімен тікелей байланыс құрай алады, өйткені оның ұғымдық арсеналында осы концепті айқындайтын көптеген категориялармен әрекеттеседі. Мұндай категорияларға, мысалы, бірлік, байланыс, өзара әрекеттесу, теңдік, үйлесімділік және т.б. жатады. Философияның осы қабілеті туралы Нысанбаев А.Н. пен Дунаев В.Ю. іргелі мақалаларының бірінде «дүниетанымдық әмбебап жалпылар «бейбітшілік», «еркіндік», «бақыт», «ақиқат», «жақсылық», «мәңгілік» және т.б. «тұлғалық мағыналардың ішкі логикалық формасының онтологиясына сәйкес білім беруді түбегейлі реформалау мүмкін болатын концептіге айналуы тиіс» деп атап өтті [140, б. 103]. Жалпы, талданып отырған мақала авторларының пікірімен толық келісеміз: «...Көпұлтты қауымдастықтың жекелеген интеграция белдеулер орталығы дәл осы білім беру саласында орналасқан ... Білім беру – бұл нарықтық және этатистік-қауымдық интеграцияның макроәлеуметтік схемаларынан түбегейлі басқа негізде құрылған көпэтносты қауымдастықтың бірігу үдерісінің үлгісі. Бірақ осы деңгейде ғана этносаралық интеграцияның үрдістері мен құрылымдары қақтығыс атрибутынан айырылған негізге ие болады» [140, б. 97].

«Көптеген батыстық зерттеушілер, мысалы, Джастин Вайнберг консенсус принципіне негізделген философияның университеттік курсының нақты мүмкіндігі туралы жазады. Ол колледждің бастауыш курстарында жаратылыстану және әлеуметтік ғылымдар бойынша, тіпті тарих сияқты кейбір гуманитарлық ғылымдарда оқытылатын материалдар негізінен нақты бір саланы зерттеушілердің көпшілігінің пікірлері түйсетін базалық мәлімдемелерден, нәтижелерден және идеялардан тұрады деп жазады» [141, б. 93]. Дж. Вайнберг: «консенсус принципіне негізделген философия курсы оқылуы мүмкін бе? деген сұрақ айналасында ой қозғайды. Оның пікірінше, студенттерге философияда келісім мен объективтілік әлдеқайда көп, ал ғылымда олар ойлағаннан әлдеқайда көп қарама-қайшылық пен субъективтілік бар екенін түсіну маңызды деп санайды. Философияда, ғылымдағы сияқты, көптеген мәселелер бойынша қабылданған заңдылықтар бар, сонымен қатар, қайшылық тудыратын философиялық мәселелер де жеткілікті. Бұл идеяны кез келген адам позитивті қабылдамайтыны белгілі, бұл курста логика мен семантиканың негізгі заңдары туралы мәліметтер оқылады деп есептейді; идеяның өзі энтузиазмға негізделген сияқты, өйткені философияның өзінде консенсус жоқ. Ал келісімге негізделген философия курсының идеясын жүзеге асыру үлкен қиындықтарға толы, атап айтқанда, осы немесе басқа ұстанымды толық және түпкілікті дәлелденген деп санау керек пе, жоқ па деген мәселені анықтау маңызды» [142].

Шынында да, Дж. Вайнберг идеясы қызықты болғанымен, утопия болып көрінеді. Бірақ белгілі бір дәрежеде жүзеге асыруға болатын сияқты. Кейбір философиялық сұрақтарды жеке-жеке бөлімдерге бөлу арқылы мысалы, этика,

элеуметтік мәселелер және т.б. Біз қазақ классикалық философиясының ой ауқымы келісім идеясымен біте қайнасып жатқандығын үлкен артықшылық ретінде қарастырамыз. Сондықтан қазақ ойшылдарының өзара келісімде деп есептеуге болады. Батыстың классикалық философиясы шеңберінде объективизм мен субъективизм, рационализм мен иррационализм және т.б. бір-біріне қарсы тұрса, ал классикалық Шығыс философиясында даосизм мен конфуцийшілдік, двайттар мен адвайттар және т.б. сияқты идеялары қайшылықта болса, қазақ философиясында мұндай тартысты бағыттар жоқ. Қазақ философиясының тұтастығы мен этикасы қазақ ойшылдар көзқарастарының принципті бірлігіне байланысты, ал педагогикалық мақсатты жүзеге асыруда қолдануға мүмкіндік бар.

Бөлімшеде жүргізілген талдаудан туындайтын **қорытындылар** келесідей тұжырымдарды қамтиды.

Ежелден келе жатқан философиялық мәселе – біртұтастық пен көптік арасындағы қатынас. Бұл қатынас философия шеңберінен шынайы элеуметтік өмірге ауысады. Кез келген қоғам біртұтастық пен көптіктің арасындағы қарым-қатынастың үлгісіне сәйкес құрылады. Тоталитаризм, авторитаризм, демократия, анархия, және т.б. барлығы элеуметтік біртұтастық принципін немесе әртүрлілік принципін жүзеге асыратын жүйе ретінде қарастырылады. Оның үстіне бұл қоғамдық, саяси жүйелердің ешқайсысы біртұтастық пен көптіктің диалектикасын толық ашпайды. Сондықтан ешбір қоғамда барлық көзқарастар мен мүдделер толық сәйкес келмейді, сәйкесінше қоғам мүшелерінің арасында толық келісім бола алмайды. Осылайша, келісім мәселесі барлық уақытта өзекті мәселелердің бірі және теориялық және практикалық тұрғыдан шешу қиынға түседі.

Қазақ мәдениетіндегі келісім концептісі бірегей, және сол арқылы басқа да бірегей келісім концептілерімен жақындық байланысын аша түседі: шығыстық, батыстық, еуразиялық, философиялық, діни және мифологиялық. Сондықтан, Қазақстанда тұрақты қоғамдық келісімді қалыптастыру келешегінде тұтастай әлем мен республикада тұратын түрлі халықтарының жақындығы мен туыстық идеясын насихаттаған жөн. Әртүрлілік бірлікке қатысты әртүрлілік болып қала береді. Қазақстан Республикасы даму жолында әр мәдениеттің қайталанбас мәртебесін төмендетпей бірлікке баса назар аудару арқылы қоғамымызда өзара түсіністік, келісім және іс-әрекеттегі бірлік атмосферасын сақтау мүмкіндігіне ие болады.

Қазақстандық қоғам рухани дамуға, әділеттілікті орнықтыруға бағытталған (рухани жаңғыру және әділеттілік концептілері). Бұл қоғамның барлық деңгейлерінде, оның барлық салалары мен үрдістерінде үйлесімді жұмыс жүргізе отырып қоғам өмірін дамытуды білдіреді. Егер қоғамдағы мамандандырылған салалар даму бағыттарында өзін-өзі айқындайтын элеуметтік тұтастық қасиеттеріне ие болса, қазақстандық қоғам мәдени-өркениеттік құбылыс ретінде айқындалады.

Қоғамдағы келісім мен тұрақтылықты сақтау жас ұрпаққа лайықты тәрбие беру қажеттілігін көрсетеді. Қазақ мәдениетінде қалыптасқан ерекше, дәстүрлі

келісім концептісінің балалар мен жастарды оқыту мен тәрбиелеу үрдісінде тәрбиелік мәні зор. Қазақ мәдениетіндегі келісім концептісі баланың ішкі жан дүниесіне сезімдік-бейнелі сипатта әсер ете отырып, рационалды-теориялық әсерге қарағанда әлдеқайда ұтымды нәтиже береді.

Әлеуметтік-эмоционалды оқыту (SEL – social-emotional learning) жүйесінде оқушыларды басқа адамдармен эмоционалды жылы қатынас негізінде тіл табысу дағдысын қалыптастыратын тәжірибе зерттеу аясында қызығушылық тудырды.

Сонымен қатар, қазақ ойшылдарының көзқарастарында орын алған келісімді баса назарға ала отырып, қазақ философиясы тарихының бағытын құру практикалық тұрғыда маңызды екені анық.

ҚОРЫТЫНДЫ

Диссертациялық жұмыс аясында жүргізілген зерттеулердің нәтижесінде келесідей негізгі **қорытындылар** жасауға болады:

– келісім құбылысының амбивалентті сипаты, белгілі бір жағдайда келісімнің жағымды мәні (қандай мақсат «үшін» бірігу) немесе жағымсыз мәнінің (кімге немесе неге «қарсы» бірігу) қайсы бірі алдыңғы орынға шығатынына байланысты әрекет ететіні анықталды;

– келісімнің екіұшты сипатына қарамастан, оның маңызды және ұғымдық өзегінде жағымды мәнінде әрекет ететіні, сондықтан келісімнің кез келген көрінісі тұтастықты бұзатын келіспеушілік пен үйлесімсіздік формаларына қарағанда тұтастық пен даму мүмкіндігін беретін белгілі бір форма ретінде айқындалды;

– келісім жалпыға ортақ байланыстың жүйе құраушы қыры, бірліктің ішкі негізі және қайшылықтарды жеңуге бағытталған әрекет ретінде көрініс табатыны айшықталды;

– келісімнің қарама-қарсы екі түрі ажыратылып көрсетілді: коммуникативті-рационалды (немесе шартты, сыртқы жағдайлармен анықталатын) және сезімдік-бейнелі (ішкі, тікелей);

– келісімнің қарама-қарсы екі түрі мәдениет тарихында тиісті көрініс табады: Батыс философиясы мен дүниетанымына негізінен келісімнің коммуникативті-рационалды сипаты тән болса, ал Шығыс философиялық дүниетанымының негізі келісімнің сезімдік-бейнелі түрінен бастау алатыны дәлелденді;

– тарихта Қазақстан алыс-жақын елдермен түрлі қарым-қатынасқа түсу барысында қалыптасқан қазақстандық келісім концептісі дискурсивті коммуникация мен келісімнің стихиялы, сезімдік-бейнелі түрлерін синтездеуге қабілетті екені көрсетілді;

– қоғамдық келісімнің типке, не түрге ажарытылуынан басқа әр түрлі деңгейлері – горизанталды және вертикалды болатыны анықталды;

– қоғамдағы келісім мен тұрақтылықты сақтау жас ұрпаққа лайықты тәрбие беру қажеттілігін талап ететіні, оның үстіне қазақ мәдениетінде қалыптасқан ерекше, дәстүрлі келісім концептісі сезімдік-бейнелі сипатқа ие, ал баланың ішкі жан дүниесіне сезімдік-бейнелі сипатта әсер ете отырып, рационалды-теориялық әсерге қарағанда әлдеқайда ұтымды нәтиже беретіні негізделді;

– қазақ философиялық ой ауқымы тарихынан алынған келісім стратегиясының үлгісін қазіргі егемен Қазақстанның мәдени-өркениеттік даму кезеңінде оның әлеуметтік стратегиясы мен әлеуметтік-философиялық ой ауқымының мүмкіндіктерін кеңейту үшін орынды қолдануға болатындығы анықталды.

Диссертациялық зерттеудің нәтижелері мен қорытындыларын толығырақ тезистер арқылы көрсетуге болады.

1. Келісім – екіұшты құбылыс. Келісім өз көріністерінде екіжақты,

амбивалентті қасиеттермен сипатталады, келісімнің жағымды жағы, немесе жағымсыз жағының қайсы бірі алдыңғы орынға шығуына байланысты айқындалады. Келісімнің осы немесе басқа да сипатын келісім қандай жағдайда, қандай мақсатта жүзеге асырылатынына байланысты анықтауға мүмкіндік беретін нақты көзқарас қажет.

2. Келісімнің екіжақты, амбивалентті сипатына қарамастан, өзінің ұғымдық өзегінде жағымды түрде көрініс табады. Келісімнің кез келген көрінісі, тіпті мағыналық мәнінде теріс реңктері басым, түрленген, өзгертілген және тіпті бұрмаланған түрде болса да, белгілі бір үйлесімділік формасы ретінде әрекет етеді. Келісімнің антиподы – тұтастықты бұзатын келіспеушілік пен үйлесімсіздік, ал келісім тұтастық пен даму мүмкіндігін беретін белгілі бір форма ретінде айқындалды.

3. Келісім жалпыға ортақ байланыстың жағымды қыры және жүйе құраушысы, сол байланысты үйлесімді, берік ететін ішкі негіз ретінде көрініс табады. Келісім бірліктің ішкі негізі, қайшылықтарды жеңуге және жанжалдарды шешуге, қарама-қайшылықтарды біріктіруге бағытталған қызмет атқарады.

4. Логикалық және мәдени-тарихи тұрғыдан келісімнің екі формасы ерекшеленеді: коммуникативті-рационалды (немесе шартты, сыртқы жағдайлармен анықталған) және сезімдік-бейнелі (ішкі, тікелей). Қоғамда келісімнің екі түрі қатар болғанымен, өзара байланыс құрады және идеалды тұрғыда өзара үйлесімділікте болуды қажет етеді. Осы үйлесімді байланыс пен бірлік ішкі-сезімдік, тікелей келісім логикалық және экзистенциалдық біріншілікке негізделген болуы қажет.

Келісім орнатудың рационалды формасы келісімге ұмтылатын тараптардың қаржылық мүдделері, саяси ойлары және т.б. ерекшеліктеріне байланысты негізінен күрделі қоғамдық қатынастарда орын алады. Келісімнің екінші формасы – рухани, сезімдік-бейнелі, тікелей және стихиялы сипаты тұлғааралық қатынастарда орын алады.

5. Келісімнің қарама-қарсы екі түрі мәдениет тарихында лайықты көрініс табады: Батыс философиясы мен дүниетанымына негізінен келісімнің коммуникативті-рационалды сипаты тән болса, ал Шығыс философиялық дүниетаным негізі келісімнің сезімдік-бейнелі түрінен бастау алады. Соңғы жүз жылдық өркениет бұл айырмашылықтарды теңестіреді, алайда классикалық Шығыс пен Батыс мәдениеттерінде екі нақты айырмашылық айқын көрінеді. Келісім концептісі жаһандық-өркениеттік тұрғыдан өркениеттік бірегейлікті сақтай отырып, жаһандық бірлікті қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

6. Тарихта Қазақстан алыс-жақын елдермен түрлі қарым-қатынасқа түсу арқылы келісім концептісі қалыптасты, ал ол өз кезегінде қазақ халқының одан әрі табысты дамуы мен өмір сүруіне елеулі әсерін тигізді. Егер сауда мәдениеттер арасындағы өзара түсіністік пен танымның негізі болса, онда қарым-қатынас жасайтын халықтар арасында берік келісім жасалғанда ғана, мүмкін болатын жанжалдардың алдын алуға және шешуге мүмкіндік туды.

Қазақстанда келісім концептісінің қалыптасуына Ұлы Жібек жолы және қазақ жүздерінің біртұтас мемлекетке бірігу принциптері ерекше рөл атқарды.

Келісім кең ұғым немесе концепт ретінде қазақ халқының дәстүрлі қоғамында адамның қоғамдық өмірінің ең жоғары игілігі ретінде түсінілді. Сонымен қатар, келісімнің коммуникативті рационалдылық пен сезімдік-бейнелі түрлері бір-біріне қарама-қарсы, бірақ осы себепті олар өзіндік үйлесімді синтезді қажет етеді. Мұндай үйлесімді синтез үлгісін қазақ философиясы ауқымындағы ойлардан табуға болады, онда ақыл-ойдың лайықты мәртебесі жағымды ойлау арқылы жоғары адамгершілік принциптерін жүзеге асырғанда ғана танылады.

7. Қоғамдағы келісім біртұтастықтың идеалды-типтік үлгісі ретінде қабылданады, себебі қоғам әртүрлі қабаттардан, таптардан және әлеуметтік топтардан тұрады. Сондықтан, келісім құбылысының типке, не түрге ажарытылуынан басқа әр түрлі деңгейлері бар. Горизанталды деңгейдегі келісім дегеніміз – халықтың әртүрлі топтары арасындағы өзара түсіністіктің қалыптасуы, ал келісімнің вертикалды деңгейі – халық пен биліктің, сондай-ақ төменгі және жоғары деңгейлердің бірлігін білдіреді.

Нақты қоғамда барлық мәселелер бойынша түпкілікті толық келісімге қол жеткізу мүмкін емес: ол принциптер мен шарттарды жасап шығару үрдісін талап ететін ең ұзақ, әрі қиын жолды білдіреді. Келісім субъектілердің мүдделерін толық үйлестіруді білдірмейді, бірақ ол осы мүдделерді іске асыруда зорлық-зомбылықты қолданудан бас тартады және мүдделерді жүзеге асыру жолдарын өзара реттеуге әкеледі.

8. Қоғамдық келісім мен тұрақтылықты сақтау жас ұрпаққа лайықты тәрбие беру қажеттілігін көрсетеді. Қазақ мәдениетінде қалыптасқан ерекше, дәстүрлі келісім концептісінің балаларды оқыту мен тәрбиелеу үрдісінде тәрбиелік мәні зор. Қазақ мәдениетіндегі келісім концептісі ерекше белгілер мен ерекше сипатқа ие. Ол қосбірліктің бітімгершілік қыры бейнелі-эмоционалды сипатта, яғни рационалды-логикалыққа қарағанда экзистенциалды-адамгершілік реңкі басым болған. Қазақ мәдениетіндегі келісім концептісі баланың ішкі жан дүниесіне сезімдік-бейнелі сипатта әсер ете отырып, рационалды-теориялық әсерге қарағанда әлдеқайда ұтымды нәтиже береді.

9. Келісім концептісі өркениеттік бірегейлікті сақтай отырып, жаһандық бірлікті қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Мәдениеттің алуан түрлілігі біріншіден, адамның индивидуалды шексіз әртүрлілігімен байланыстырылады; екіншіден, ландшафттың әртүрлілігімен, яғни, халық пен олардың мәдениеттерінің «шығу тегіне немесе даму орнына» байланысты. Келісім – әртүрліліктің бірлігі.

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, Қазақстан көптеген тарихи сынақтардан өту кезеңінде қоғамдық келісім қалыптасып, нығая түскенін атап өтуге болады. Тайпаралық даулар, соғыстар, саяси қуғын-сүргін жылдары, одан кейін бірігу мен басқа халықтарды қабылдау кезеңі, кеңестік кезең – осының барлығы ХХ ғасырдың екінші жартысына қарай қазақ елі келісімде, тату-тәтті

өмір сүретін этникалық топтар біріккен көп ұлтты қауымдастық ретінде қалыптасуына әкелді.

Қазақ философиясы ауқымындағы ойлар тарихындағы келісім стратегиясының үлгісін қазіргі кезеңдегі мәдени-өркениеттік дамуға әлеуметтік философия мен қоғамдық практиканың әртүрлі салаларындағы мүмкіндіктерді кеңейту үшін қолдану орынды болар еді.

Зерттеу бағытының келешегі туралы айтатын болсақ, қазақ мәдениетіндегі келісім концептісі ерекшелігін, және сол арқылы басқа да ерекше шығыстық, батыстық, еуразиялық, философиялық, діни және мифологиялық келісім концептілерімен жақындық байланысын аша түсетінін атап өткен жөн. Сондықтан, Қазақстанда тұрақты қоғамдық келісімді қалыптастыру келешегі әлем мен республикада тұратын түрлі халықтардың жақындығы мен туыстық идеясын насихаттау бағыты ұтымды деп ойлаймыз. Әртүрлілік бірлікке қатысты әртүрлілік болып қала береді. Қазақстан Республикасы даму жолында әр мәдениеттің қайталанбас мәртебесін төмендетпей бірлікке баса назар аудару арқылы қоғамда өзара түсіністік, келісім және іс-әрекеттегі бірлік атмосферасын сақтау мүмкіндігіне ие болады.

Зерттеу жұмысының теориялық сипаттағы келешегі Қазақстанның даму бағытындағы мәдени-өркениеттік аспектілерін одан әрі жетілдіруді қамтиды. Бұл мәселені тарихты талдау тұрғысынан өркениеттік және формациялық көзқарастар мүмкіндіктерін зерделеу маңызды. Өркениеттік және формациялық көзқарастың айырмашылығы екеуінің бірін абсолюттендіру арқылы біржақты нәтижеге қол жеткізетініміз баршамызға белгілі. Сондықтан, олар өзара келісімді, ұстанымдарды үйлестіруді талап етеді. Дәл осылай адамдар оларды жеке-жеке немесе жалпы даму заңдылықтары тұрғысынан зерттеу жасай алады, бірақ адамдардың өзара қарым-қатынасы, олардың бір-бірімен қандай мақсатта, және қалай араласатыны маңызды өлшемдердің бірі ретінде түсінілуі керек. Бүгінгі таңда зерттеудің келешегінде жүзеге асырылатын өзекті міндеттердің бірі деп есептейміз.

Келісім – қоғамда келісімге қол жеткізу белгілі бір дәрежеде қиын және ұзақ мерзімді талап ететін, бірақ ғұмыры қысқа үдеріс. Қоғамның ішкі құрылымы өте күрделі, алуан түрлі және плюралистік сипатта болғандықтан, көптеген сыртқы факторларға тәуелді. Сондықтан келісім құбылысын одан әрі зерттеуде қоғамдағы келісімді қалыптастыруда туындайтын барлық нақты өзгерістерді барынша толық ашып көрсеткен жөн. Қоғамда қалыптасып жатқан қатынастарды жақсырақ түсінуге және құзырлы органдардың барынша теңгерімді шешімдер қабылдауына ықпал ететіні сөзсіз.

Зерттеу жұмысының практикалық келешегі Қазақстанда тұрақтылық пен қоғамдық келісімді қамтамасыз ету үшін барлық мүмкін болатын нақты, заңды шараларды қолдану қажеттілігі кіреді. Қоғамның әлеуметтік, экономикалық және мәдени жағдайларын жақсартатын механизмдер жатады. Практикалық тұрғыда рухани, тәрбиелік сипаттағы шараларға ерекше назар аударылуы қажет.

Қорытындылай келе, келісім құбылысының көпқырлы сипаты келісім мәселесін философия, әлеуметтану, саясаттану, мәдениеттану, психология, этика ғылымдар аясында пәнаралық кешенді зерттеулерді қажет етеді. Сонымен бірге өзгермелі әлемде келісімнің жаңа түрлерінің, атап айтқанда континенталды қауымдастықтар тарихында туындайтын формацияаралық және өркениетаралық (еуропалық, азиялық, африкалық және т.б.), мемлекеттер мен әскери одақтардың бірлестіктерінің қалыптасуы мен әрекетін бақылау маңызды. Келісім идеясы әлемде туындайтын қайшылықтарды өркениетті түрде шешуге бағытталған және әлеуметтік қауіпті қақтығыстардың алдын алуға мүмкіндік беретін құрал ретінде қарастыруға болады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 De Monticelli R. On pluralism, value disagreement and conflict: A phenomenological argument for axiological universalism. // J. Br. Soc. Phenomenol. – 2018. – №49. – P. 342–355. <https://philpapers.org/rec/DEMOPV> 30.08.2019.

2 Ekmekci P.E., Arda B. Interculturalism and informed consent: Respecting cultural differences without breaching human rights. // Cultura. – 2017. – №14. – P. 159–172. <https://www.ncbi.nlm.nih.gov/pmc/articles/PMC5890951/>. 28.09.2019.

3 Kowalska S. Personal right, protection of integrity of an individual. On the Axiology of Human Rights. // Societas. – 2019. – №7. – P. 98–112. https://www.researchgate.net/publication/338937060_Mental_Health_-_a_Personal_Right_Protection_of_the_Integrity_of_an_Individual_On_the_Axiology_of_Human_Rights 01.10.2019.

4 Абай. Қара сөз. Поэмалар. – Алматы: Ел, 1993. – 271 б.

5 Тоқаев Қ.-Ж.К. Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі. Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына үндеуі // 21 қараша 2019 жыл, Нұр-Сұлтан. https://www.akorda.kz/ru/addresses/addresses_of_president/poslanie-glavy-gosudarstva-kasym-zhomarta-tokaeva-narodu-kazahstana-1-sentyabrya-2020-g 01.09.2020.

6 Kelly E. Gino Siniscalchi: Occupy Wall Street 2.0. <https://www.cNBC.com/2021/01/28/kelly-evans-gino-siniscalchi-occupy-wall-street-2point0.html> 29.01.2021.

7 Ролз Д. Теория справедливости. – Новосибирск: Издательство Новосибирского университета, 1995. – 541 с.

8 Хабермас Ю. Моральное сознание и коммуникативное действие. – СПб.: Наука, 2001. – 380 с.

9 Аллез Г. Размышления о новых перспективах в истории казахов и Казахстана: методологические и тематические подходы в международных исследованиях // Теоретико-методологические основания новых идентификационных подходов статьи «Семь граней Великой степи». Материалы VIII научно-практической конференции Научно-экспертной группы Ассамблеи народа Казахстана. – Алматы: ИФПР КН МОН РК, 2020. – С.10-21.

10 Бакштановский В.И., Согомонов Ю.В. Политическая этика: дух соперничества и сотрудничества // Философские науки. – 1991. – № 12. – С. 3-15.

11 Бахтин М.М. Проблемы поэтики Достоевского. – М.: Советская Россия, 1979. – 4-е изд. – 320 с.

12 Құлсариева А.Т. Қазіргі заман мәдениеті: Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2008. – 123 б.

13 Арсеньев А.С., Лекторский В.А. Духовность и рациональность // Вопросы философии. – 1996. – № 2. – С.31-35.

- 14 Гусейнов А.А. Интервью с академиком РАН Абдусаламом Абдулкеримовичем Гусейновым // Философия и этика: сборник научных трудов. К 70-летию академика А.А. Гусейнова. – М.: Альфа-М, 2009. – С. 7–34.
- 15 Апресяна Р. Беседа с Рубеном Грантовичем Апресяном // Постигая добро: Сборник статей к 60-летию Рубена Грантовича Апресяна. – М.: Альфа, 2013. – С.24-78.
- 16 Степанянц М.Т. Межкультурная философия: истоки, методология, проблематика, перспективы. – М.: Наука, 2020. – 183 с.
- 17 Михайленок О.М. Концепт согласие в российском политическом дискурсе // Согласие в обществе как условие развития России. Вып. 3. Политическое согласие: Стратегии и реальность / Отв. ред. О.М. Михайленок. – М.: ИС РАН, 2013. – С. 9-25.
- 18 Алиев М.Г. Согласие как проблема социальной философии: дисс....док. филос. наук. 09.00.11/ Институт философии, РАН. – М., 2000 – 353 с.
- 19 Нысанбаев А.Н. Философия взаимопонимания. – Алматы, 2001. – 253 с.
- 20 Габитов Т.Х., Диалог и самоидентификация культур в условиях глобализации. – KG LAP Lambert, 2011. – 133 с.
- 21 Байтенова Н.Ж. Межэтническая интеграция: социально-экономический анализ. – Алматы: Санат, 1998. – 208 с.
- 22 Кадыржанов Р.К. Консолидация политической системы Казахстана: проблемы и перспективы. – Алматы: Институт философии и политологии МОН РК, 1999. – 166 с.
- 23 Косиченко А.Г. Қазақстандағы ислам және православие: өзара әрекеті тарихы мен концептуалды мәселелері: монография / Қазақстан халқы Ассамблеясы, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитеті, Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы, А.Г. Косиченко. – Астана, 2016. – 224 б.
- 24 Орынбеков М.С. Духовные основы консолидации казахов. – Алматы: ИД «Аркаим», 2001. – 252 с.
- 25 Масалимова А., Досхожина Ж. Современные проблемы исследования межкультурной коммуникации // Вестник КазНУ. Серия Философия. Серия Культурология. Серия Политология. – 2014. – № 4. – С. 67-75.
- 26 Құрманалиева А. Д., Бағашаров, К. Қазақстан Республикасындағы дінаралық келісім мәдениеті // ҚазҰУ Хабаршысы. Философия сериясы. Мәдениеттану сериясы. Саясаттану сериясы. – 2012. – № 2(39). – б. 30-32.
- 27 Курмангалиева Г.К., Сейтахметова Н.Л. и др. Наследие аль-Фараби и формирование нового интегрального мировоззрения. Коллективная монография / Под общ. ред. З.К. Шаукеновой. – Алматы, 2012. – 323 с.
- 28 Қондыбай С. Қазақ даласы және герман тәңірлері. – Алматы: СаҒа, 2006. – 324 с.
- 29 Шайкемелев М.С-А. Казахская идентичность. – Алматы: Институт философии, политологии и религиоведения КН МОН РК, 2013. – 272 с.

- 30 Nuryshva G., Amrebayeva Zh., Amrebayev A&. The Kazakh Ethical Tradition and Anti-nuclear Ethics // Energy Justice Across Borders. – Springer Link. – 2020. – P. 69-87. https://www.researchgate.net/publication/336670705_The_Kazakh_Ethical_Tradition_and_Anti-nuclear_Ethics 28.02.2020.
- 31 Есім Г. Метафизика человека: Книга философских эссе. – Алматы: Білім, 2012. – 384 с.
- 32 Есім Г. Хакім Абай: (даналық дүниетанымы). – Алматы: Атамұра, 1994. – 200 б.
- 33 Нұрмұратов С.Е. Рухани құндылықтар әлемі: әлеуметтік-философиялық талдау. – Алматы: ФСДИ, 2000. – 180 б.
- 34 Колчигин С.Ю. Бытие и душа (Идеи к философии метасознания). – Алматы: СаГа, 2017. – 192 с.
- 35 Сағиқызы А. Гуманистік дүниетаным: әлеуметтік-мәдени негіздер. – Алматы: ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, 2013. – 292 б.
- 36 Цепкова И.Б. Толерантность: история, сущность, современные реалии. – Алматы: КазАТК им. М. Тынышпаева, 2008. – 204 с.
- 38 Малинин Г.В. Межнациональное согласие в Казахстане: проблемы, противоречия, перспективы. – Алматы: Институт философии и политологии МОН РК, 1997. – 159 с.
- 39 Бахтин М.М. Проблемы поэтики Достоевского. – М.: Советская Россия, 1979. – 320 с.
- 40 Библер В.С. Культура. Диалог культур (Опыт определения) // Вопросы философии. – 1989. – № 6. – С. 31-42.
- 41 Хасанов М.Ш. Целое и часть как категории материалистической диалектики: автореф. ... док. филос. наук. – Алма-Ата, 1987. – 34 с.
- 42 Целое и часть // Диалектическая логика: Категории сферы сущности и целостности. – Алма-Ата: Наука, 1987. – 547 с. – С. 250
- 43 Левинас Э. Время и Другой. Гуманизм Другого человека. – СПб., 1998 – 266 с.
- 44 Есім Г. Метафизика человека. – Алматы: Білім, 2012. – 384 с.
- 45 Формирование установок толерантного сознания в казахстанском обществе: коллективная монография. – Алматы: ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, 2009. – 249 б.
- 46 Souillac G., Fry D.P. Anthropology: Implications for peace. // In The Palgrave Handbook of Disciplinary and Regional Approaches to Peace; Richmond, O.P., Pogodda, S., Ramović, J., Eds.; – Palgrave Macmillan: London, UK. – 2016. – P. 69–81. https://link.springer.com/chapter/10.1007/978-1-137-40761-0_6 29.12.2021.
- 47 Кант И. Сочинения в 6 томах. – Т. 4. – М.: Мысль, 1965. – 544 с.
- 48 Делез Ж., Гваттари Ф. Что такое философия? – М.: Академический проект, 2009. – 261 с.

49 Consensus // Dictionary of Untranslatables: A Philosophical Lexicon. Edited by Barbara Cassin. – Princeton University Press, Princeton and Oxford, 2014. – 1344 p.

50 Бубер М. Я и Ты. – М.: Высшая школа, 1993. – 175 с.

51 Евлампиев И.И. Диалогизм или полифония? Одно из противоречий подхода Бахтина к творчеству Достоевского. <http://dostoevskiy-lit.ru/dostoevskiy/kritika/evlampiev-dialogizm-ili-polifoniya.htm> 28.03.2020.

52 Нысанбаев А.Н. Становление философии взаимопонимания // Собрание избранных научных трудов академика А.Н. Нысанбаева в 10-ти т., посвящ. 25-лет. Независимости Республики Казахстан. – Т. 3. – Алматы: Институт философии, политологии и религиоведения КН МОН РК, 2016. – 388 с.

53 Неогуманизм: декларация светских принципов и ценностей – личных, социальных и планетарных. – Перевод с английского и редакция – В.А. Кувакин, А.Г. Абелев. <http://zadocs.ru/astronomoiya/26250/index.html> 14.05.2020.

54 Идрис Шах. Суфизм. – М.: Клышников, Комаров, 1994. – 446 с.

55 Дунаев В.Ю., Курганская В.Д. Логическая структура и экзистенциальный смысл философской онтологии // Книга II: Онтологические основания социального познания. – Алматы: ИФиП МО РК, 2010. – 384 с.

56 Нуржанов Б.Г. Город и степь // Тамыр – 2003. – № 2 (10). – С. 41-49.

57 Смирнов А.В. Всечеловеческое vs. общечеловеческое. – М.: ООО «Садра», Издательский Дом ЯСК, 2019. – 216 с.

58 Yerzhanova A., Madalieva Zh., Imanmoldayeva B., Rakhimova G. Consent Strategies: Cultural and Civilizational Paradigms for Communicative Rationality and Axiological Identity. // *Philosophies*. – 2022. – Vol.7(6), №129. – P.1-8.

59 Соловьев В.С. Исторические дела философии // Соловьев В.С. Собрание сочинений. – Т. II. – СПб.: Издание Товарищества «Общественная польза», 1901. – 440 с.

60 Радхакришнан С. Индийская философия. – Т. I. – М.: Изд-во иностранной литературы, 1956. – 623 с.

61 Переломов Л. Конфуций. Лунь юй. – М.: Восточная литература, 2001. – 170 с.

62 Гераклит Эфесский: все наследие: на языках оригинала и в рус. пер.: крат. изд. / подгот. С.Н. Муравьев. – М.: ООО «Ад Маргинем Пресс», 2012. – 416 с.

63 Аврелий Августин. Исповедь // История субъективности: Средневековая Европа. – М.: Академический проект, Гаудеамус, 2009. – 565 с.

64 Руссо Ж.-Ж. Об общественном договоре. Трактаты / Пер. с фр. – М.: «КАНОН-пресс», «Кучково поле», 1998. – 416 с.

65 Аль-Фараби. Философские трактаты. – Алма-Ата: «Наука» Казахской ССР, 1970. – 425 с.

66 Құрманғалиева Ғ.К., Ержанова А.Ж. Заманауи пайымдаудағы Әбу Насыр әл-Фарабидің интеллект тұжырымдамасы // Қоғамдық сананы жаңғырту міндеттері аясындағы қазақстандық бірегейлікті қалыптастыру: 3 кітап. Ұжымдық монография. – Алматы: ИФПР КН МОН РК, 2020. – б. 31-47.

67 Әлжан Қ.Ұ. Әл-Фараби философиясындағы әлем мен адам бірлігі мәселесі // Әбу Насыр әл-Фараби. 10 томдық шығармалар жинағы. 10-том. Әл-Фараби мұрасы: қазақстандық философиялық зерттеулер (1991-2008). Библиография. – Астана: ТОО «Лотос – Астана», 2009. – б. 51-60.

68 Бурабаев М.С. Әл-Фараби философиясындағы әсемдік пен пайдалылықтың үйлесімдік бірлігі // Әбу Насыр әл-Фараби. 10 томдық шығармалар жинағы. 10-том. Әл-Фараби мұрасы: қазақстандық философиялық зерттеулер (1991-2008). Библиография. – Астана: ТОО «Лотос – Астана», 2009. – б. 282-308.

69 Құрманалиева А.Д. Әл-Фараби философиясындағы үйлесімділік мәселесі немесе музыкалық эстетика // Әл-Фараби журналы. – 2005. – б. 49-57.

70 Жолмухамедова Н.Х. Идея гармонии в эстетической концепции аль-Фараби // Әл-Фараби журналы. – 2003. – №2 – б. 77-84.

71 Emerson R.W. Society and Solitude. – RWE.org – The Complete Works of Ralph Waldo Emerson, 2005. – Vol. 7. [http: https://www.rwe.org/chapter-vi-farming/](https://www.rwe.org/chapter-vi-farming/) 15.02.2020.

72 Yerzhanova A. Strategies of Consensus: Communicative Rationality and Axiological Identity // Адам әлемі журнал. – 2020. – № 1. – С. 10-17.

73 Хабермас Ю. Вовлечение другого. Очерки политической теории. – СПб.: Наука, 2001. – 417 с.

74 Тойнби А. Цивилизация перед судом истории // Тойнби А. Цивилизация перед судом истории. Мир и Запад. – М.: АСТ: Астрель; Владимир: ВКТ, 2011. – 318 с.

75 Шакарим. Мое время. – Астана: Аударма, 2010. – 408 с.

76 Кабакова М.П. Психологические особенности казахской семьи. – Алматы: Қазақ университеті, 2018. – 288 с.

77 Соловьева Г.Г. Казахстанская семья – оплот общества и государства // Әл-Фараби журнал. – 2013. – № 1(41). – С. 94-101.

78 Шаукенова З.К., Соловьева Г.Г., Бурова Е.Е. Отбасы институты – Қазақстан қоғамы тұрақтылығының факторы / З.К. Шаукенованың жалпы редакциясымен. – Алматы: ҚР БҒМ ҒК ФСДИ, 2014. – 224 б.

79 Назарбаев Н.Ә. Ұлы даланың жеті қыры. http://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/press_conferences/memleket-basshysynyn-uly-dalanyn-zheti-kyry-atty-makalasy 20.09.2021.

80 Раев Д.С. Қазақ шешендік сөз өнері – ұлттық тәрбие мектебі // ҚазХҚжӘТУ Хабаршысы. «Педагогика Ғылымдары» сериясы. – 2015. – №4. – б. 111-126.

81 Раев Д.С. Қазақтың шешендік өнері: философиялық пайымдау. – Алматы: Ценные бумаги, 2001. – 228 б.

82 Қоңырбаева К.М. Би-шешендер шығармашылығындағы интеллектуалды ұлт қалыптастыру мәселелері // Қоғамдық сананы жаңғырту міндеттері аясындағы қазақстандық бірегейлікті қалыптастыру: 3 кітап. Ұжымдық монография. – Алматы: ИФПР КН МОН РК, 2020. – б. 96-114.

83 Раев Д.С. Қазақ шешендігі философиясы: Оқу құралы. – Алматы: Қарасай, 2011. – 264 б.

84 Зиманов С.З. Казахский суд биев – уникальная судебная система. – Алматы: Атамұра, 2008. – 223 с.

85 Ошақбаева Ж.Б. және басқалары. Қазақ шешендік өнерінің әдеп философиясы // Қазақстанның қазіргі жаңғыру кезеңіндегі қазақ халқының философиялық-поэтикалық мұрасының рухани-мәдени әлеуеті. Ұжымдық монография. – Алматы: ҚР ҒЖБМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, 2022. – 376 б.

86 История Казахстана с древнейших времен до наших дней (Очерк). – Алматы: Дәуір, 1993. – 416 с.

87 Трубецкой Н.С. Общевразийский национализм. // Трубецкой Н.С. История. Культура. Язык. – М., 1995. – 799 с.

88 Трубецкой Н.С. Проблема родства между большими языковыми семьями. // Трубецкой Н.С. Избранные труды по филологии: Переводы / Сост. В.А. Виноградова и В.П. Нерознака; Под общ. ред. Т.В. Гамкрелидзе и др.; Послесл. Т.В. Гамкрелидзе и др. – М.: Прогресс, 1987. – 560 с.

89 Сулейменов И.Э. Евразийское единство: геобиофизический аспект. // Медный всадник – Казахстан: Научный и литературно-художественный альманах. – Алматы: LEM, 2006. – 128 с.

90 Абдильдин Ж.М. Великая степь и мировосприятие традиционного казаха. // Абдильдин Ж.М. Собрание сочинений в пяти томах. – Том V. – Алматы: Онер, 2001. – 455 с. – С. 395-406.

91 Гумилев Л.Н. Заметки последнего евразийца (Предисловие Л.Н. Гумилева к сочинениям кн. Н.С. Трубецкого // Гумилев Л.Н. Ритмы Евразии: эпохи и цивилизации. – М.: Экопрос, 1993. – 576 с.

92 Ыбыраев Ш. Қазақ мифтері. – Алматы, 2003. – 256 б.

93 Ошақбаева Ж.Б. Қазақ философиясының қалыптасу үдерісіндегі мифологияның ролі және оның рухани жаңғырумен байланысы // Қазақстанның қазіргі жаңғыру кезеңіндегі қазақ халқының философиялық-поэтикалық мұрасының рухани-мәдени әлеуеті: ұжымдық монография. – Алматы: ҚР ҒЖБМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, 2022. – б. 7-47.

94 Қазақ философиясы тарихы (ежелгі дәуірден қазіргі заманға дейін) XV–XIX ғасырлардағы қазақ философиясының тарихи сипаттамасы / З.К. Шәукенова және С.Е. Нұрмұратовтың жалпы редакциясымен. – II том. – Алматы: ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, 2014. – 304 б.

95 Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет. Хрестоматия. – Алматы, 1993. – 254 б.

96 Қодар Ә. Ұмытылу шеңберлері (өлеңдер, аудармалар, эссе). – I том – Алматы: Алтын ғасыр, 1998. – 243 с.

97 Орынбеков М.С. Генезис религиозности в Казахстане. – 2-е изд., перераб. и доп. – Алматы: ИФПР КН МОН РК, 2013. – 204 с.

- 98 Барлыбаева Г.Г. Философская этика казахов / Под общ. ред. А.Х. Бижанова. – Алматы: Институт философии, политологии и религиоведения КН МОН РК, 2018. – 276 с.
- 99 Касымжанов А.Х. Пространство и время великих традиций. – Алматы: Казак университеті, 2001. – 301 с.
- 100 Хасанов М.Ш., Каракозова Ж.К. Космос казахской культуры. – Издание третье, переработанное. – Алматы: ТОО «Эверо», 2011. – 78 с.
- 101 Асфендияров С.Д. История Казахстана. – Алма-Ата: Қазак университеті, 1993. – 304 с.
- 102 Бекмаханов Е. Присоединение Казахстана к России. – Алма-Ата: АН КазССР, 1957. – 337 с.
- 103 Зиманов С. Политический строй Казахстана в первой половине XIX века и Букеевское ханство. – Алматы: Арыс, 2009. – 496 с.
- 104 Каппелер А. Центр и элиты периферий в Габсбургской, Российской и Османской империях (1700-1918 гг.) // *Ab Imperio*. – 2007. – № 2. – С. 17-58.
- 105 Абай. Қара сөздері. – Алма-Ата: Жалын, 1982. – 160 б.
- 106 Бисенбаев Ф.К. Межрелигиозный диалог: условия возможности // Религия в политике и культуре современного Казахстана. – Астана: Елорда, 2004. – 312 с.
- 107 Ержанова А.Ж., Мадалиева Ж. Қазақ философиясы ауқымындағы келісім концептісі: генезісі және мәні // *Әл-Фараби журнал*. – 2020. – № 4. – б. 84-99.
- 108 Жаңабаева Д.М. «Көргенді бала» үлкеннің тәрбиесінен шығады. // Қазақстандық отбасы қоғамның негізгі құндылығы ретінде: жағдайы және даму үрдістері / З.К. Шәукенованың жалпы редакциясымен. – Алматы: ҚР БҒМ ҒК ФСДИ, 2013. – 196 б.
- 109 Арғынбаев Х. Қазақ отбасы. – Алматы, 1996. – 288 б.
- 110 Нұрмұратов С.Е., Молдағалиев Б. Қазақ философиясының тарихи имманентті әлеуетінің құндылықтық сипаты. // «Этика – қазақ философиясының өзегі»: дөңгелек үстелдің материалдар жинағы. – Алматы: ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, 2020. – б. 95-105.
- 111 История Казахстана с древнейших времен до наших дней. – Алматы: Дәуір, 1993. – 416 с.
- 112 Шакарим. Родословная тюрков, киргизов, казахов и ханских династий. – Астана: Аударма, 2010. – 408 с.
- 113 Ленин В.И. Государство и революция // Ленин В.И. Полное собрание сочинений. – Т. 33. – М.: Издательство политической литературы, 1974. – 433 с.
- 114 Единый реестр правовых актов и других документов Содружества Независимых Государств. Алма-атинская декларация. <http://cis.minsk.by/reestr/ru/index.html#reestr/view/text?doc=4> 24.01.2022.
- 115 Ержанова А.Ж. Принципы и факторы согласия в формировании единства Казахстана: социально-философский анализ // *Аль-Фараби журнал*. – 2021 – №3 – С.50-64.

116 Выступление Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева на Форуме народов Казахстана (Алма-Ата, 13 декабря 1992 года). <https://online.zakon.kz>. 22.04.2022.

117 Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қазақстан халқы Ассамблеясының стратегиясы мен Қазақстан халқы Ассамблеясының ережесі туралы: 2011 жылғы 7 қыркүйектегі № 149 қаулысымен бекітілді. <http://adilet.zan.kz>. 04.05.2022.

118 Назарбаев Н.Ә. Ұлт жоспары – қазақстандық арманға бастайтын жол. https://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/press_conferences/memleket-basshysynyn-ult-zhospary-kazakstandyk-armanga-bastaityn-zhol-makalasy 19.05.2022.

119 Қазақстан Республикасының Конституциясы: 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданды https://www.akorda.kz/kz/official_documents/constitution 21.06.2022.

120 Сатершинов Б.М., Шағырбай А.Д. Рухани құндылықтар жүйесіндегі дінаралық сұхбаттың рөлі мен маңызы (қазақстандық үлгі мысалында). // Қазақстанның тұрақты даму стратегиясы контекстінде қоғамның мәдениеті мен құндылықтарын зерттеу: ұжымдық монография. – Алматы: ИФПР КН МНВО РК, 2022. – б. 316-340.

121 Құрманалиева А.Д., Бағашаров Қ. Қазақстан Республикасындағы дінаралық келісім мәдениеті // Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Хабаршысы. Философия сериясы. Мәдениеттану сериясы. Саясаттану сериясы – 2012. – №2(39) – б. 30-32.

122 Сатершинов Б.М., Әбдіраманова Ә. Қазақстан халқы бірегейлігінің этноконфессионалдық үрдістері // Үлкен Алтай әлемі – Мир Большого Алтая ғылыми журнал. – 2016. – № 4. – б. 335-340.

123 Выступление Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева на II Съезде лидеров мировых и традиционных религий. https://www.akorda.kz/ru/speeches/external_political_affairs/ext_speeches_and_addresses/vystuplenie-prezidenta-respubliki-kazakhstan-n-a-nazarbaeva-na-ii-sezde-liderov-mirovykh-i-traditsionn_1342417707 10.06.2022.

124 Сулейменов О. Сближение культур будет возможно только тогда, когда мы поймем причины их расхождения. https://www.inform.kz/ru/olzhas-suleymenov-sblizhenie-kul-tur-budet-vozmozhno-tol-ko-togda-kogda-my-poymem-prichiny-ih-rashozhdeniya_a2785326 10.06.2022.

125 Казахстанская модель межэтнического и межрелигиозного согласия // Современный Казахстан: стратегия успеха / Под ред. М.Е. Шайхутдинова. – Алматы: Институт мировой экономики и политики при Фонде Первого Президента РК, 2008. – 286 с.

126 Ценности и идеалы независимого Казахстана. Коллективная монография / Под общ. ред. Шаукеновой З.К. – Алматы: Институт философии, политологии и религиоведения КН МОН РК, 2015. – 322 с.

127 Марченко Г. Что делать в ноябре со второй волной коронавируса? – <https://www.youtube.com/watch?v=9TtadFC2jTA&feature=share&fbclid=IwAR0cY>

9obcLZlyU-UkiYODr1mvvio0OGJIX64xP7UocK-U7vOG7UCRR7qhsc
10.03.2022.

128 Турсунов Е. Иная драма.
<https://www.facebook.com/ermek.tursunov.54/posts/262153308120805>. 10.08.2022.

129 Бергер П., Лукман Т. Социальное конструирование реальности: Трактат по социологии знания. / Пер. с англ. Е. Руткевич, Моск. филос. фонд. – М.: Academia-Центр; Медиум, 1995. – 323 с.

130 Керимов Т.Х., Перцев А.В. Koinon: совместность, гетерология, постфундаментализм // Koinon. – 2020. – Т. 1. – № 1-2. – С. 46–61.

131 The Real Wealth of Nations: Pathways to Human Development. // Human Development Report 2010 20th Anniversary Edition. <https://hdr.undp.org/system/files/documents/human-development-report-2010-complete-english.human-development-report-2010-complete-english> 10.09.2022.

132 Коваль Е.А., Мартынова М.Д., Жадунова Н.В. Информированное согласие в эпоху больших данных: необходимость нормативного обновления // Этическая мысль. – 2020. – Т. 20. – № 2. – С. 115–131.

133 Қазақстан Республикасы Үкіметінің Медиация туралы заң: 2011 жылғы 28 қаңтардағы № 401-IV қаулысымен бекітілді. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1100000401> 10.09.2022.

134 Құдайбердиев Ш. Шығармалары: өлеңдер, дастандар, қара сөздер. / Құраст. М. Жармұхамедов, С. Дәуітов, А. Құдайбердиев – Алматы: Жазушы, 1988. – 650 б.

135 Амонашвили Ш. «Мы должны измениться. Новые дети в старой педагогике не умещаются». https://mel.fm/amp/istorii/3254791-shalva_amonashvili 10.10.2022.

136 Этциони А. Новое золотое правило. Сообщество и нравственность в демократическом обществе. // Новая постиндустриальная волна на Западе. Антология. – М.: Academia, 1999. – 640 с.

137 Соловьева Г.Г. Философия прекрасного. – Алматы, 2019. – 222 с.

138 Ицков Д. «Неочеловечество 2045». Глобальная стратегия дальнейшей эволюции человечества в третьем тысячелетии. <http://viamidgard.info>. 10.08.2022.

139 What's Happened to the Humanities? Ed. By Alvin Kernan. – Princeton University Press, 1997. – 268 p.

140 Jones, Stephanie. Analysis: Social-Emotional Learning Is Important. But What Do All Those SEL Terms, Concepts & Ideas Actually Mean for the Classroom? New Online Tool Helps Sort Them Out. <https://www.the74million.org/article/analysis-social-emotional-learning-is-important-but-what-do-all-those-sel-terms-concepts-ideas-actually-mean-for-the-classroom-new-online-tool-helps-sort-them-out/> 10.08.2022.

141 Нысанбаев А.Н., Дунаев В.Ю. Национальная философия образования: задачи, принципы, приоритеты // Адам әлемі. – 2000. – № 3-4. – С. 83-105.

142 Yerzhanova A., Nyssanbek U., Madalieva Zh. Consent Strategy As A Condition For Overcoming World Crises // Адам әлемі журнал. – 2023. – № 1. – С. 84-96.

143 Weinberg, Justin. A Philosophy Course Based On Consensus, Not Conflict. <http://dailynous.com/2017/09/19/philosophy-course-based-consensus-not-onflict/> 10.01.2023.